

Патриция М. Сент-Джон

ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР



ШЫҒЫС
СӘУЛЕСІ

Патриция Сент-Джон
ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР
Повесть
Қазақ тілінде бірінші басылуы
© „Шығыс сәулесі“ 1994

Патриция Сент-Джон

ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР

05.294

АЛҒЫ СӨЗ

Жеті жасар кезімде мен Швейцарияда, Анита мен Даниктің бастарынан өткен оқиғалар болған жерден сәл-пәл жоғарырақта, таудағы ағаш үйде тұрған едім.

Олар сияқты мен де ай жарығымен таудан елді мекенге итшанамен сырғанап түсетінмін. Жазда шөп жинауға көмектестім. Сиырлардың соңында салпақтап жүріп, мен пішен сарайында түнеп қалатынмын. Туылу мейрамының қарсаңында шіркеуге барып, аңдарды бейнелейтін тәтті тоқаштармен және апельсиндермен безендірілген жасыл шыршаға таңырқай қарайтынмын. Мені сондай-ақ көрші қалашықтағы дәрігерге көрсететін. Інім болса, сүт тасушының асыл тұқымды дәу иті жегілген шанасына мінуді ұнататын. Ал Аққаршық деген кішкентай мысықтың иесі өзім едім.

Бірақ мұның бәрі осыдан көп жыл бұрын болған оқиғалар, кейінгі кезде Швейцарияға мен тек қонақ ретінде ғана барамын. Сөз жоқ, осы уақыттар ішінде тұрмыс жағдайы өзгерді, бүгінде бала жылдар бойы мектептегі сабағынан қалды деп ойлаудың өзі қиын. Сірә, денсаулық сақтау ісі де жақсарған болар: мүмкін, әрбір елді мекеннің өз дәрігері де бар шығар — мен мұны білмеймін.

Бірақ бір білетінім, шағын мектеп үйі мен шіркеу бұрынғы орнында тұр, мұнда таудың шүйгін көкорай шалғыны мен жайылымынан әлі күнге дейін табындардың қоңырауларының үні келіп, әрбір көктем сайын алқапта нарцисстің хош иісі аңқиды. Балалар болса, Туылу мейрамында әлі де ән айтып, сол кездегі мен сияқты, қонжықтарды бейнелейтін тәтті тоқашқа қуанатын шығар деп ойлаймын.

Елді мекеннің атын мен әдейі атамай отырмын, өйткені, кейбір нақты мәселелер шындыққа сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен, тек асу арқылы ғана бара алатын қала қазір жоқ. Дегенмен мен өмірді сол жерде болғанындай етіп көрсетуге тырыстым.

Егер сен бір кездері осы өңірге келе қалсаң, онда Монтрада тау электрчкасына отырып, шашырай орналасқан ағаш үйлері бар шағын станцияға арнайы соқ. Онда шалғын тіпті перронға дейін таяп, жан-жақтан жоғары қарай жасыл баурайлар көтеріледі. Темір жолдың оң қапталындағы тау баурайы төменде көбіктене ағып жатқан асау өзенге барып тіреледі, оның екінші жағасын тау қоршаған. Сонау жоғарыда, жасыл беткей мен найзатас арасында асу бар.

Егер сен вокзалдан онша алыс емес жерден аласалау ақ мектеп үйі мен қоңырау соғатын ағаш мұнараның төбесін көрсең, онда осы әңгімеге арқау болған — сол елді мекен деп біл.

Автор

1 – Тарау

ТУЫЛУ МЕЙРАМЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТҮН

Туылу мейрамының алдында үш адам тіке тартылған сүрлеу жолмен тауға көтеріліп бара жатты. Ай жарығымен олардың бұлдыр кейпі қар үстіне түскен көмескі көлеңке болып көрінеді. Ортадағысы — ұзын кең белдемше киіп, үлкен қара бөкебайды иығына жамылған әйел. Ол қасындағы, аузын толтыра шайнап, бірдеңелерді тоқтаусыз әңгімелеп келе жатқан алты жасар шамасындағы ер баланың қолынан қыса ұстап алған. Бұлардан сәл алда жеті жасар қыз бала келе жатты. Ол үн-түнсіз, жымыңдаған жұлдыздарға қарап, ойға берілген. Ол қолдарын айқастыра, бал түстес үлкен қонжық бейнесіндегі тәтті тоқашты көкірегіне қысып алған. Ұлдың да сондай тәтті тоқашы бар еді, бірақ ол оны жолшыбай жеп тауысып үлгерді. Бала қызға тиіскісі келіп:

— Менің қонжығым сенікінен қомақтылау болатын! — деп мақтанды.

— Мейлі, бәрібір мен оны қайтсем де айырбастамаймын, — деп қыз басын да бұрмастан, жай ғана жауап берді.

Ол өзінің тәтті тоқашына аса бір мейіріммен қарап қойды. Өзінің иісі қандай жағымды және ай сәулесімен қалай шағылысады десеңші! Ешқашан мұның шетінен ол тістемейді. Бүгін елді мекеннің сексен баласы осындай тәтті тоқаш алды, алайда оның тоқашы

ең таңдаулысы болғандықтан, қыз оны ескерткіш ретінде қалдыруды ұйғарды. Енді әрдайым оған қараған сайын, Туылу мейрамы қарсаңындағы осы бір тамаша түнді, салқын көгілдір аспанды, мерекелі безендірілген жасыл шыршаны, әндерді, ақырда құндақтаулы жатқан Нәрестені және қызық та қайғылы әңгімені еске түсіретін болады.

Нәресте Исаны жатқызатын орын табылмаған қонақ үй туралы ойлағанда, оның жылағысы келді. Ол өз есігін айқара ашып, жолдан шаршап, қалжыраған жолаушыларды қуанышпен қарсы алған болар еді.

Қыздың үнсіздігі Лұқаның (баланы осылай атайтын) ашуын келтірді.

— Мен өзімдікін жеп бітірдім, — деп мақтанды ол. — Анита, өзіңдікінен бір тістетші, сен тіпті оның дәмін де татпадың ғой.

Алайда Анита басын шайқап, қонжығын бұрынғыдан бетер қыса түсті.

— Мен мұны ешқашан жемеймін, мен оны мәңгібақи сақтаймын.

Олар сөйтіп шана іздері жан-жаққа кететін жол айырығына да жетті. Жолдың оң жағында бірнеше метр жерде шамы жарқырай жанған ағаш үйлер, ал олардың сыртында — қарауытып сиыр қоралары мен пішен сарайлары көрінеді. Анита үйінің тұсына жетіп те қалды. Марель ханым тартыншақтана:

— Анита, әрі қарай өзің бара бересің бе, әлде есікке дейін жеткізіп салайын ба? — деп сұрады.

— Жоға, өзім-ақ барамын ғой, — деді Анита асығыс. — Мені өзіңізбен бірге ерткеніңіз үшін үлкен рақмет. Қайырлы түн, Марель ханым, қайырлы түн, Лұқа.

Оның жалғыз болғысы келгені соншалық, тіпті

Марель ханым айнып қалып, бірге барып қалар деп қорыққан қыз, жүгіре жөнелді. Ол Лұқаның мезі қылған мылжың сөзінен құтылып, түн тыныштығына сүңгудің осы бір сәтін күткен еді. Марель ханым мен Лұқаның сұрақтарына жауап беремін деп, оның ойлауға немесе жұлдыздарға қарауға мұршасы келді ме? Бұған дейін ол түнде қазіргідей көшеде жалғыз қалып көрген жоқ еді. Ал бүгін оған осындай сәт, тіпті, кездейсоқ кездесті.

Ол шешесі және әкесімен бірге шіркеуге шанамен бармақшы еді — олар бұл туралы апта бойы айтып, алдын-ала қуанысқан еді. Бірақ бүгін таңертең шешесі аяқ астынан ауырып қалды да, әкесі қалаға дәрігерге кетті. Дәрігер сағат төрт кезінде келді. Оның кеш келуіне орай, олар шіркеуге бірге бара алмады. Өте қапаланған Анитаның шіркеуге, үйі тау үстінде, жоғарырақта тұратын Марель ханыммен бірге баруына тура келді. Анита шіркеуге кірісімен есіндегінің бәрін ұмытты, өйткені мұнда бәрі де әдемі еді. Безендірілген шырша мен Туылу мейрамының құпиялығы оның бойын әбден билеп алды.

Сиқырлы кеш әлі де жалғасып жатты. Жұлдызды аспан астында, қар үстінде жалғыз тұрған оның үйге тіпті кіргісі келмеді. Ол балкон мен қонақ бөлмеге апаратын баспалдақтың жанында аз-кем аялдап, жан-жағына қарады. Қарсы алдында сиыр қорасы тұр. Малдардың әрбір қимылы мен күйіс қайыруын ол жақсы ести алатын еді. Оған ғажап бір ой келді. Шана ізінен аттап, ол қора қақпасының ілегін көтерді де, ішке енді. Малдың сүті мен шөптің өзіне таныс иістері оны аймалағандай болды. Ол сиырлардың арасынан қысыла-қымтырыла өтіп, ақырға шығып алды.

Сиыр рақаттана күйіс қайыруда. Анита оның мой-

нынан құшақтап еді, ол күйсеген бойы тұра берді. Мәриям жаңа туған Нәрестесімен мал қорасында болғанда да, дәл осындай болған шығар. Анита ақырға қарады, оның көз алдына шөп үстінде жатқан Аспан Нәрестесі елестеді, ал Оның жанында маңғаздана тұрған сиырлар. Төбедегі саңылаудан жымыңдаған жұлдыздарды көрген ол, осындай жұлдыз Бетлехем үстінде де жарқырап, білімпаздарды Исаның туған жеріне бастап барды ғой деп ойлады. Ол даналардың түйе үстінде қалай ырғалып бара жатқанын да көз алдына келтіре алды. Әрине, қазір де есік ашылып, табалдырықтан қолдарына кішкене қошақандарды көтерген бақташылардың кіруі мүмкін ғой.

Бүкіл есіктердің үй-күйсіз Нәрестенің алдынан жабылғаны туралы ойлағанда, Анитаны терең аяушылық сезімі билеп алды.

— Біздің үйден көп орын табылар еді, — деп күбірледі ол, — бірақ соған қарамастан бәрінен де сиыр қора ең қолайлы орын болуы мүмкін. Таза шөп, сиырлардың жылы және жұмсақ демі. Дегенмен Құдайдың Өзі Нәрестесі үшін ең жақсы бесікті таңдап алды.

Егер сиыр қорасының жартылай ашылған қақпасынан фонарь жарығы жылт ете түспегенде, Анитаның осында қанша уақыт отырарын кім біліпті. Анита қарды сықырлата басқан аяқтың дыбысының тақай түскенін және әкесінің мазасызданған дауысын естіді. Ол ақырдан сырғи түсіп, сиырдың арт жағынан сып етіп өтіп, құшағын айқара ашқан қалпында, әкесінің алдынан жүгірді.

— Мен Туылу мейрамының қарсаңында сиырларды көрейін деп едім, — деп күлді ол. — Сен мені іздедің бе?

— Иә, — деп жауап берді әкесі.

Ол күлген жоқ. Оның жүзі қуқыл тартқан және абыржулы еді. Ол Анитаның қолынан ұстап, үйге ертіп келді.

— Сенің бірден үйге келуің керек еді, шешең қатты науқас екенін көрдің ғой. Жарты сағаттан бері ол сен туралы қайта-қайта сұрап жатыр.

Анитаның жүрегі қатты соғып кетті: өзінің аяулы анасы жайлы қалай ғана ұмытып кетті екен? Ол қолын босатып алып, өзін жазықты сезініп, шешесі жатқан бөлмеге қарай басқышпен жүгіре жөнелді.

Анита шешесінің керуетінің қасына барғанша, оны дәрігер де, медбике де байқаған жоқ. Ол бойы кішкене, аяқ басысы естілмейтін, жүрісі жеңіл қыз болатын. Бірақ шешесі оны сол сәтте көре салып, оған қинала қолын созды. Анита шешесіне жүгіріп барып, басын оның иығына салды. Ол дауысын шығармай, кемсеңдей жылады. Шешесінің жастық секілді боп-боз бетін көріп, қыз қорқып кетті. Бірден үйге кірмегеніне ол өзін-өзі кінәлап, өкінді.

— Анита, жылама, — деп сыбырлады анасы, — менің саған деген сыйлығым бар.

Анита лезде қоя қойды. Сыйлық? Әрине, бүгін Туылу мейрамының қарсаңы ғой. Шешесі үнемі бұл күні оған сыйлық беретін еді. Бұл не болды екен? Ол сабырсыздана жан-жағына қарады. Анасы медбикеге ымдап:

— Анитаға берші, — деп сыбырлады.

Медбике көрпені ашып, аққа оралған бірдеңені көтерді. Ол Анитаға жақындап, осы оралғанды оның қолына ұстатты.

— Сенің інішегің, — деп түсіндірді ол, — жүр, біз оны пеш жанындағы бесікке салайық, сен содан соң

оны тербетесің. Шешеннің қазір ұйықтауы керек. Оған қайырлы түнді тіле.

— Сенің інішегің, — деп қайталады шешесі қарлыққан дауыспен, — ол сенікі. Оны тәрбиеле және жақсы көр, менің орныма оған қамқорлық жаса. Мен оны саған сыйлаймын.

Оның үні әлсіреп, ол көзін жұмды. Анита бір ауыз сөз айта алмай, мелшиіп қатып қалды. Медбике оны шешесі жатқан бөлмеден алып шыққанда, қарсылық білдіру деген оның ойында да болмады. Анита қабырғаға тақау тұрған орындыққа отырды. Оның алдында Туылу мейрамының сыйлығы жатқан кішкене кереует тұр. Ол енді інісі болған құндақтаулы жатқан нәрестеге қарап, қозғалмастан көп отырды. Қардың жылтылы қабырғаға шағылысып, ал жанып жатқан шоқтың қызғылт сәулесі төбеде билеп тұрды.

Үйде құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Сыртқы қақпағы жабылмаған терезеден Туылу мейрамының жұлдызы жарқырап көрінеді. Ол дәл осылай Бетлехемдегі сиыр қорасында жатқан Сол Нәрестеге де жымыңдаған шығар-ау. Анита пеш қасында інісін қорып отыр. Мәриям да дәл осындай кішкентай Құдай Ұлының бесігінің қасында отырған

ғой. Анита асқан мейірімділікпен інісінің барқыттай жұмсақ басынан сипап қояды. Содан соң ол қажыған кейіппен күрсіне дем алып, басын бесіктің жақтауына сүйеп, ойға шомды. Жұлдыздар, табын, жаңа туған бүлдіршіндер, жабулы есік, білімпаздар және тәтті тоқаштар — осының бәрі оның кішкене басында араласып кетті де, ол орындықтан сәкіге ақырын сырғып түсті. Арада шамасы бір сағат өткенде, әкесі оны бесікке басын сүйеп, ұйықтап жатқан жерінен тапты.

— Бейшара жетімектерім менің, сендер анасыз қалдыңдар, — деп, қызын көтеруге еңкейе беріп, күрсінді ол. — Онсыз мен сендерді қайтіп тәрбиелемекпін?

Өйткені, Құдай Анитаның шешесін Өзіне шақырып алды, ол Туылу мейрамын періштелермен бірге тойлады.

2 – Тарау

ӘЖЕЙ

Кішкентай Даник Бурни жарық дүниеге келгеннен кейін, үш сағаттан соң анасынан айырылып, жеті жасар апасы Анитаның жеке меншігіне біржолата көшті. Елді мекеннен келген мейірімді медбике тағы да біраз уақытқа Бурни мырзаның үйінде қалып, нәрестені бағып-қақты. Ол кеткеннен кейін, әкесі Даникке қарау үшін, ауыл арасынан бір күтуші әйелді жалдады.

Сонда да сәби Анитаның меншігінде болды. Анасы өліп, алғашқы үлкен қасіретті басынан өткерген Анита, азалы жүрегінің түкпірінен алған ізгілікті бір інісіне арнады.

Ол Даникті шөлмектегі сүтпен тамақтандырып, сағаттар бойы оның бесігінің жанында үн-түнсіз тапжылмай отыра алатын. Түнде жылай қалса, қасында болды; күндіз балконға — таза ауаға алып шығатын. Осындай күтімді көрген сәби, гүл-гүл жайнады. Бұл төңіректе одан әдемі және дені сау бала жоқ еді. Ол тыныш ұйықтады; оянса —

күледі, тамақ ішеді, талпынады, тағы да маужырайды, сөйтіп, ешкімді машақатқа салмай өсіп жатты.

— Ол бақытты жұлдыз астында туған ғой, — деді күтуші әйел.

— Ол Туылу мейрамының жұлдызы астында туды, — деп қарсылық білдірді Анита. — Сондықтан да ол әрдайым қайырымды және бақытты болады деп ойлаймын.

Ал ол қалай тез өсті десеңші! Күн көзі қарды жібітіп, сарғылт шалғын арасынан жауқазын қылтия бастаған шақта, оған жаңа итжейде тігуге тура келді. Сиырлар тау жайылымына шыққанда, оның алғашқы тісі жарып шықты. Анита тістің қалай жарып шығатынынан бейхабар болғандықтан, ешқандай әбігершілік туындай қойған жоқ, сондықтан сәби де мазаны алмады. Ол жылап, бақырудың орнына, жұдырығын сорып, гуілдеп, күлімсіреді.

Күзде, шамшат жапырағы шырша арасынан жалтырай көрініп, қыркүйектің алғашқы желі ескенде, Даниктің бесігі оған тар болып қалды. Даник еденде еңбектей бастады. Ол өзінің айналасында — пештен бастап, балконның басқышына дейін не болып жатқанын білгісі, танығысы келді, сондықтан оны қарау, кездейсоқ қатерден сақтау Анитаға қиынға соқты. Ақырында ол оған да ақыл-айла тапты. Ол ас үйдегі үлкен столдың сирағына інісінің аяғынан жіппен байлап қойды. Енді ол қауіп-қатерден аулақ болып, столды айнала еңбектей алатын болды. Сөйтіп, үйде аз-кем жеңілдік орнады.

Кештердің бірінде Анита Даникті төсегіне жатқызып, үлкен бөлмеге барған еді. Әкесі қолдарымен басын тіреп, пеш алдында отыр екен. Ол шаршаған және қартайып кеткен секілді болып көрінді. Әйелі

өлгеннен кейін ол осындай қалыпқа жиі түсетін, ал бүгінгісі әдеттегіден де мүлдем өзгеше сияқты. Үйдегі бар шаруаны атқаруға тырысқан Анита, әкесінің тізесіне отырып, өзінің жұмсақ бетін оның әжімденген бетіне тақады.

— Әке, саған не болды? — деп сұрады қызы. — Сен бүгін өте шаршағаның ба? Кофе қайнатып әкелейін бе?

Әкесі қызының жүзіне елжірей қарады. Ол оған алтын шашты кішкене де нәзік перизат секілді болып көрінді. Жастығына қарамай ол өте ақылды және есті қыз болды. Қалай болғанын өзі де білмеген әкесі, былтыр басына түскен қиыншылық жөнінде қызымен жиі ақылдасып, тіпті, оның айтқан ақылына құлақ асушы еді. Міне, қазір де ол Анитаның басын өзінің иығына сүйеп, мұңая отырып, ақылдасты:

— Қызым, біз бір сиырды сатуымыз керек. Бізге ақша қажет болып тұр. Әйтпесе, мен саған қысқы аяқ киім ала алатын емеспін.

Анита басын көтеріп алып, әкесіне таңырқай қарады. Бұлардың он сиыры ғана бар еді және олардың әрқайсысы өздеріне достарындай жақын болып кеткен. Жоқ, ешқашан сатуға болмайды! Ақша табудың басқа бір амалын қарастыру керек.

— Қарашы, — деді әкесі, — өзгелердің балаларына қамқорлық жасайтын шешелері бар. Ал мен болсам, Даникті күтетін әйелге ақы төлеуім керек. Бұл өте қымбатқа түсіп тұр. Сөйтсе де, байғұс балақайды күтетін біреу керек қой.

Анита кеудесін көтеріп, бұрымын артқа қарай қатты серпіп тастады.

— Әке, — деді ол ақырын, бірақ нықтап сөйлеп, — бізге енді күтуші әйелдің қажеті жоқ. Мен енді сегіз

жасқа келіп қалдым, Даникті өзім-ақ баға аламын. Маған ешқандай шығының шықпайды, сөйтіп біз сиырларды сақтап қаламыз. Мынаны ойлашы, сиырдың біреуі кететін болса, қалғандары оны іздейді ғой.

— Сенің мектепке баруың керек қой, — деп қарсылық білдірді әкесі, — сені оқудан қол үздіруге құқымы жоқ. Бұл заңға қайшы келетін іс. Мұғалім сенің мектепке неге бармай жүргенің туралы міндетті түрде сұрайды. Ол бұл жөнінде өкімет орнына мәлімдейді, сонда не болғаны?

— Даникке қамқорлық жасау одан маңыздырақ, — деді Анита қабағын түйе сөйлеп. — Егер сен бәрін мұғалімге түсіндіріп айтсаң ол бәрін ұғады, ол өте мейірімді кісі және сенің бірге оқыған досың ғой. Кәне, не болар екен, осылай бір істеп көрейікші. Әке, мен таңертең ас үйде сабақ әзірлеймін, ал Даник онда еденде ойнайды. Оған небәрі тоғыз ай ғана ғой. Даник беске келгенде, ол балабақшаға барады, оны мен мектепке бара жатқанда жолшыбай апарып тастаймын.

Әкесі бір шешімге келе алған жоқ. Анита бала болса да, үлкендерше ойлап, ақыл қосты. Ол сәбиге қарап, бөлмелерді жинастыра алады. Бірақ тамақ пісіру, жамап-жасқау, тоқу, үйдің басқа да шаруалары оның қолынан келе қоймайтын еді. Сонымен бірге оның оқуы керек қой! Әкесі бес минут үн-түнсіз тұнжырап отырды. Бір кезде оның ойына тамаша бір ақыл сап ете түсті.

— Сенің әжең бізге келуге келісе қояр ма екен, сірә? — деді ол аяқ астынан. — Ол қартайды, оның үстіне сарыппен ауырады, көзі де көмескі көреді. Алайда әжең тамақ пісіріп, кешке таман саған сабақ оқуға көмектесер еді. Мен сиырларды тауға айдап

кеткенде, сен үйде жалғыз қалмас та едің. Сен, Анита, күні бойы үйде жалғыз өзің қалуға әлі тым жасың. Мүмкін, әжең саған оқуыңа көмектеседі деп жазсам, мұғалімнің келісер ме еді? Бір немесе екі жылдан кейін сен мектепке қайтып барар едің. Даник ол кезде есейіп те қалады емес пе?

Анита әкесінің тізесінен тұрып, қағаз бен сия әкеліп берді.

— Өтінемін, қазір екеуіне де хат жаз, — деді қыз. — Ертең таңертең нанға барғанда, оларды салып жіберемін. Мүмкін, бірден жауап та алармыз.

Анитаның айтқаны дұрыс келді. Араға бірнеше күн салып, олар екі хатқа да жауап алды. Әжесі бірінші болып хат жазды. Ол поездбен келетінін айтқан екен.

Тағайындалған күні Анита әжесін вокзалдан қарсы алды. Поезд кешігіп келіп, тұру уақыты қысқартылғандықтан, бүкірейіп, бүкшендеген, оның үстіне сарып ауруы меңдеген байғұс кемпір вагоннан әзер-мәзер түсіп үлгерді. Оның ағаш сандықшасын қалай болса солай тастай салысымен, поезд жүріп кетті. Бірақ оған кемпір қабақ та шытқан жоқ. Ол таяғына сүйеніп, Анитадан тауға қалай көтерілуге болатынын сұрады. Сарыптың не екенінен бейхабар немересі, жаяу жүруді ұсынды.

— Жаяу мен ешқашан да жете алмаймын, — деді әжесі.

Таудағы бір лашықтың иесі вокзалға ірімшік әкеліп, енді қайтып бара жатыр екен. Ол бұларды ала кетуге келісті. Жол дегенің ойлы-қырлы, ағаш доңғалақ, оның үстіне қашырдың жүрісі де өнер емес. Бұдан артық азап бар ма жолаушыға, бірақ қария бәріне де шыдап бақты. Бөлмедегі диван үстіне жай-

ғасқаннан соң ғана, ол жеңілдене дем алды. Стол астында еңбектеп жүрген Даник бірдеңе деп былдырлап, бейтаныс қарияға таңырқай қарап қояды. Оны анығырақ көру үшін көзәйнегін киіп, оның бетіне үңілген әжесіне қарап, ол саусақтарын аузына салып, жымыды. Бірнеше қас қағым сәт екеуі бір-бірінен көз алған жоқ: нұры тайған көз бен сәбидің көгілдір көзі. Осы кезде Даник басын шалқайтып, тағы да күлді.

— Егер осылай еңбектей берсе, баланың шалбарының тізесінен не қалады? — деді әжесі де оған жауап бере жымыып. Ол таяғына сүйене әрең орнынан тұрды. — Міне, мен сендерге келдім. Қолымнан келгенін істеймін. Егер қолымнан келмегені болса, оны сен істейсің, Анита. Енді маған ас үйді көрсет, — деді.

Сол сәттен бастап әжесі қолынан келгенінің бәрін жасады, ал өзгесін Анита тындыратын болды, сөйтіп үйдің сәні кірді. Әжесінің ас үйде болғаны Даникке кедергі болған жоқ, ол да столды айнала еңбектеуден шаршамады.

Араға бірнеше күн салып, әжесі Анитаны дүкенге мықты мата сатып әкелуге жіберді. Содан соң ол одан Даниктің шалбарының тізесіне жамау салып берді. Әрине, Даник бұдан кейін біртүрлі оғаш болып көрінді, бірақ мақсат орындалды: Даниктің енді шалбарына зиян келтірместен еңбектей беруіне жол ашылды.

Бурни мырзадан хат алған мұғалім, бұл үйге өзі арнайы келіп, қыздың әкесімен сөйлесуді жөн көрді. Әкесі үйде жоқ еді, Анита мұғалімді үйге шақырып, оған ең жақсы орындықты ұсынды.

— Мен сенің мектепке неге бармай жүргенің туралы әкеңмен сөйлесуге келдім, — деді мұғалім. — Сенің жасыңда бұл — жарамсыз қылық және еліміздің заңына қайшы келетін іс.

— Егер сіз тісіңізден шығармасаңыз, ел Анита туралы қайдан біледі? — деді кемпір. — Оны мен өзім оқытамын. Кішкентай Даникті әпкесінің қарауынсыз қалдыруға болмайды.

— Жақсы, — деп күлімсіреді мұғалім, — мен үндемейін, бірақ қояр бір шартым бар: әрбір сенбіде Анита нанға барғанда, маған соқсын, сөйтіп мен оның үй тапсырмасын тексерейін. Егер оқуда алға жылжушылық болса, мен үндемей-ақ қояйын. Ал Анита үйде оқымаса, онда мен оның мектепке баруы туралы қатаң талап қоямын.

Сол күннен бастап әр сенбі сайын Анита мұғалім тұратын ақ үйдің есігін қағатын болды. Оның арқасында үлкен себет, қолында тозығы жеткен оқулық болатын. Мұғалім әрдайым оны жылы шыраймен қарсы алды. Қыста олар пеш алдында жайғасып, алмадан жасалған бәліш жеп, какао ішетін; жазда балконда отырып, шие жеп, лимонад ішетін. Содан соң мұғалім үй тапсырмасын тексеретін. Соңында олар Киелі кітапты оқитын. Әжесі өздерімен бірге тұрғалы, Анита Киелі кітаппен жақсы танысып алды. Әр кеш сайын ол Киелі кітапты дауыстап оқып, оны өте жақсы көріп кетті.

3 – Тарау

ТУЫЛУ МЕЙРАМЫҢДАҒЫ СЫЙЛЫҚ

Арада бес жыл өтті. Тағы да жиырма төртінші желтоқсан келіп жетті. Бұл — Даник үшін ерекше күн болды. Ол бес жасқа толды. Сөйтіп, ол өз өмірінде алғашқы рет Анитамен бірге шіркеуге — Туылу мейрамының кешіне баруға мүмкіндік алды.

Ал кешке Даник өз кереуетінде отырып, картоп сорпасын ішті. Оның ақ сары басы мамық құс төсектен тіпті көрінбейді деуге болады. Анита оның қасында қолына қонжық бейнелі үлкен тәтті тоқашты ұстап отыр. Даник бұл тәтті тоқашты Туылу мейрамы қарсаңындағы кеште алған болатын.

— Даник, — деп иландыра түсіндірді Анита, — егер сен тәтті тоқашты төсегіңе алып жатсаң, онда таң атқанша оның үгіндісі ғана қалады. Қарашы, мен оны сенің қасыңдағы комодтың үстіне қоямын. Ай жарығы комодқа түседі де, ол саған жақсы көрінетін болады.

Даник қарсылық білдірейін деді де, қайта ойланып, аузын картоп сорпасымен толтырды. Анитаның неліктен қонжықты құшақтап жатуға рұқсат бермегенін ол түсіне алмады. Ал екінші жағынан, ол — өкінуге тұрмайтын жағдай. Ол әрқашан бақытты және шат көңілді бала болды. Бүгін ол өзін бұрынғыдан да бетер бақытты сезінді: ол шіркеу қоңырауының үнін естіді, жалтылдаған жасыл шыршаны көрді, аспандағы саныз жұлдыздарға қарап, сықырлаған қар үстінде

шана тебу мүмкіндігіне ие болды. Даник босаған тарелканы апасына беріп, төсегіне қисайып жатты да, мамық көрпені жамылды.

— Егер мен терезе алдына кебісімді қойсам, Аяз Ата келеді дегенге сен сенесің бе, Анита? — деп сыбырлады ол құпия түрмен.

Анита оған таңғала қарады. Оған бұл ой қайдан келді? Өзі кітаптан көрген Аяз Ата туралы ол оған ешқашан айтқан емес еді ғой. Аяз Ата Швейцарияда басқа елдердегідей кеңінен таныла қоймаған.

Даник ойын одан әрі жалғастырды:

— Ол бұғы жегілген шанамен келіп, жақсы балалардың аяқ киіміне сыйлық салып кетеді дейді ғой. Айтшы, мен жақсы баламын ба?

— Иә, — деп жауап берді Анита оны сүйіп, — сен өте жақсы баласың, бірақ сен Аяз Атадан сыйлық алмайсың. Ол тек байдың балаларына барады, ал біз кедейміз.

— Сонда мен бай бала болмағаным ба? — деп сұрады Даник.

Өмірден өзінде барынан басқаны қалау оның миына да кіріп шықпады.

— Жоқ, — деп нық жауап берді Анита, — сен бай емессің. Біз кедейміз. Әкемізге ауыр жұмыс істеуге тура келеді; жаңа киім сатып алуға шама болмағандықтан, әжем екеуіміз сенің киіміңді жамап-жасқаймыз.

Даник күліп жіберді.

— Кедей болсақ болайық, маған бәрі-бір, өзіміздің жағдай маған ұнайды. Ал енді маған Туылу мейрамы туралы, Нәресте жөнінде, сиырлар жайында, жалт-жұлт еткен үлкен жұлдыз туралы айтып берші.

Анита айта бастады, ал бұрын әлдеқашан ұйықтап қалатын Даник болса, қазір аузын аша тыңдап отыр.

— Мен қонақ үйден гөрі пішен сарайында ұйықтаған болар едім, — деді ол, Анита әңгімесін аяқтаған сәтте. — Мен сиырымның қасында ұйықтар едім. Мұның өзі тамаша ғой!

Анита басын шайқады.

— Бұл әсіресе қыста, мамық көрпе жоқ кезде, саған тіпті де ұнамаған болар еді. Сен тоңып, өзіңнің жылы төсегіңді аңсар едің. Адамдар жаңа туған Нәрестеге қонақ үйден орын бермей, Оған қаталдық жасады. Олардың қайдан болса да Оған орын тауып беруіне болар еді ғой.

Сағат тоғызды соқты. Анита орнынан атып тұрды.

— Даник, енді сенің ұйықтауың керек. Ал мен әкеме какао әзірлеуге барайын.

Ол інісін құшақтап сүйді, қымтап жапты да, жарықты өшіріп, баланы жалғыз қалдырды. Бірақ Даниктің көзі ілінер емес. Ол қараңғыға қадала қарап, бар ынтасымен ойлап жатыр. Даник сараң бала емес еді, сонда да, оның Аяз Атадан сыйлық алғысы сондай келді! Айтпақшы, ол кедей екен ғой, сондықтан оған Аяз Ата жолай қоймас. Бірақ кім білсін, қалай екенін? Мүмкін, Аяз Ата келетін де шығар? Қайткен күнде де, далаға кебісін қойып қойғаны артық болмас. Бірақ мәселе — қайда? Терезе алдына қоя алмайды, өйткені, ауыр қақпақты ашуға оның күші жетпейді. Дәліздің балконына да қоюға болмайды, өйткені, отбасындағылардың бәрі залда отыр. Бір ғана мүмкіндік — ас үйдің артқы есігін ашып, кебісті қар үстіне қою. Мұнда тағы бір сұрақ туындады: үй артында тұрған кебісті Аяз Ата байқай қойар ма екен? Дегенмен тәуекел етіп көру керек.

Даник кереуеттен түсіп, ешкім естіп қалмас үшін, аяғының ұшымен баспалдақпен төменге түсіп, жалаң-

аяқ кетті. Ол қолына қоян терісінен тігілген кішкене қызыл кебісін ұстады. „Әдемі кебісті Аяз Атаның көрмеуі мүмкін емес“, — деп ойлады Даник. Суық орындыққа шығып, ол есіктің ауыр сырмасын әрең дегенде сырғытты. Есік кенет ашылып кеткенде, ол өзі құлап қала жаздады, ал кебісті қарға түсіріп алды. Ол тез секіріп түсіп, кебісін түп-тура шыға беріске қойды да, есікті жапты. Ешкім мұны байқаған жоқ.

Ол көңілі жай тауып, бөлмеге келіп, кереуетіне аяғын бауырына қысып, бүк түсіп жатып қалды. Жатарда Анита екеуі Құдайға сиынған еді, дегенмен енді тағы да оған бірдеңелерді қосып айтқысы келді.

— Қымбатты Тәңірім, — деп сыбырлады ол, — маған бұғы жеккен Аяз Атаны келтіре гөр, ол менің кебісімді көріп, мен кедей бала болсам да, маған кішкене болсын, сыйлық сыйлайтындай ет.

Осы сиынудан кейін ол бір бүйіріне аунап түсті де, қалың ұйқыға кетті. Мыңдаған басқа балалар сияқты, оның да түсіне үлкен қызыл тұлып киген, бұғы қоңырауын сылдыратып, қар үстінде шанамен ызғытып келе жатқан Аяз Ата кірді.

Даник ерте оянды — Туылу мейрамы күні балалар-

дың ерте тұратын әдеті — әрине, ол бірден қызыл келісі туралы ойлады. Оның жүрегі қатты соғып кетті. Ол орнынан тұрды. Анита әлі ұйықтап жатыр екен. Сонда әлі де түн болғаны ма? Бірақ бір кезде әкесінің ас үйде шелекті салдырлатып жүргенін естіді. Түн түндігі түріліп, әкесі сиыр саууға жиналып жатыр. Демек, Туылу мейрамының таңы да атқан ғой. Енді әкесі көрмей тұрғанда, тез сыйлықты барып алуы керек. Түні бойы Даниктің бар күдігі кеткен еді.

Анитаны оятып алмау үшін, Даник аяғын ақырын басып, жатар бөлмеден шығып, ас үйге беттеді. Әкесі бірдеңемен айналысып жатып, мұны байқамай да қалды. Ол сүт құятын шелектерді жуып жатыр екен. Даник оның арт жағынан келіп, әкесінің аяғын қатты қыса құшақтады. Әкесі бұрылып қарады. Беті қызыл шырайлы ұлының көзі от шашып, оған қарап тұр екен.

— Аяз Ата келді ме? — деп сұрады Даник.

Әкесі кеш жатып, ерте тұрғандықтан, қоңырау дауысын, бұғының тұяғы тиген қар сықырын естуі әбден ықтимал ғой.

— Аяз Ата? — деп таңдана сұрады әкесі. — Жоқ, ол мұнда соққан жоқ. Біз тым биікте тұрамыз ғой.

Даник басын шайқады.

— Біз тіпті де тым биікте тұрмаймыз, — деп, сеніммен айтты ол. — Оның бұғысы кез келген жерге бара алады. Сен, мүмкін, қатты ұйықтап, ештеңені естімеген боларсың. Әкетайым, қымбаттым, есікті ашшы, мүмкін ол маған тартуын тастап кеткен болар.

„Мен мұны бұрынырақ білсем ғой, — деп іштей күйінді әкесі, — мен басқышқа ең болмаса шоколад қойып қоятын едім ғой“. Ол баласының көңілін қалдырып алатынына өте өкінді. Бірақ амал не, кешігіп

қалды. Даник есікке тағатсыздана қарады. Бұған тек кездейсоқтық қана көмектесуі мүмкін. Әкесі баласының иығына пальтосын жауып, есікті ашты. Даник далаға шығып, кебісіне еңкейді. Содан соң ол өзіне тән емес дауыспен айқайлап жіберді де, қолына ұстаған кебісімен ас үйге жүгіріп кірді. Шын мәнінде керемет болды: Аяз Ата келіп, кебістің ішіне сыйлық тастап кетіпті. Даник дүниеге келген осы бес жылдың ішінде, мұндай қымбат сыйлықты алмаған шығар. Кебістің ішінде көк көзді, мұрнының ұшында ғана қара дағы бар кішкене аппақ мысықтың баласы бүк түсіп жатыр екен. Мысық өте жүдеу, әрі өте тоңған. Алайда қоянның жылы терісінен тігілген кебіс оны аяздан сақтап қалды.

Әкесі шелектерін ұмытып, ұлымен қатарласа отырып, мысықты күтуге кірісті. Ол оны жұмсақ шүберекке орап, жылы пештің қасына жатқызды. Содан соң сүтті жылытып, шай қасықпен мысықтың аузына ептеп тамызды. Алғашында аузындағысын бүркіп жіберген мысық, бірте-бірте көзі жайнап, қызыл тілімен сүтті өзі жалай бастады. Бір уақытта ол құйрығын бұлғаңдатып, керілді. Әбден тойып алған соң, ол тағы да бүк түсіп, пырылдап, көзін жұмды. Әкесі мен ұлының мысықпен айналысқаны соншалық, тіпті бір-біріне тіл де қатқан жоқ. Енді көңілдері қош екеуі бір-біріне қарасты. Даниктің екі беті дуылдай қызарып, көздері қос жұлдыздай жалт-жұлт етті.

— Мен оның келетінін білдім ғой, — деп сыбырлай сөйледі ол, — бірақ ол маған мынандай таңғаларлық сыйлық әкеледі деп ойлағаным жоқ. Мен ешқашан мұндай жақсы сыйлық алған жоқпын. Әке, мұны қалай атайын?

— Аққаршық деп ата, өйткені, ол қар секілді аппақ қой, — деді әкесі.

Ол Даникке сынай да, сүйсіне қарады. Шын мәнінде ғажап оқиға болды емес пе!

Әкесі ұлы мен ұйықтап жатқан мысықты жөндегіне қалдырып, өзі сиыр саууға кетті. Сиыр қасында кішкене орындық үстінде отырып, ол болған іске өзінше түсінік беруге тырысты. Әрине, мысық адасып келген. Бір ғажабы, Даниктің кебісіне кіруін қарашы!

Шын мәнінде, Өзінің Жалғыз Ұлы туралы ойлаған Аспандағы Әке, жердегі шешесі жоқ кішкене жетімек баланы ренжіткісі келмегені ғой. Әрине, ақ мысықтың баласын кебіске жіберген Соның Өзі, мұның бәрі Бетлехемде туған Нәрестенің атынан болып отыр. Әкесі бір мезет сиыр саууды тоқтата тұрып, Құдайға қайырымдылығы үшін, өзінің кішкене ұлының атынан рақметін жаудырды.

Көп кешікпей Анита ас үйге тағам дайындауға кірген еді. Үстінен жатқанда киетін жейдесін шешпей, пальтосын жамылып алып, ақ мысықтан көз алмай отырған Даникті көрген ол, еденге жабысып қалғандай, таңғала тұрып қалды. Ол бірдеңе сұрауға ыңғайланғаны сол еді, оны байқап қалған Даник саусағын аузына апарып:

— Ақырын, ақырын, әйтпесе оятып аласың, — деді.

Ол аяғының ұшымен Анитаға барып, оны орындықтың үстіне отырғызып, өзі оның тізесіне отырды да, болған оқиғаны сыбырлай айтып шықты. Анитаның бұл жайды түсінуі қиынға соқпады. Ол он екіде болатын, сондықтан ол Аяз Атаның келетініне сенбесе де, Туылу мейрамының жебеуші Періштесіне сенетін. Әрине, осы бір ақ қар түстес мысық баласының аспан сыйлығы болуы әбден мүмкін.

Анита еденге отырып, інісі мен мысықты алдына алды. Араға жарты сағат салғанда, буы бұрқыраған кофе ішуге дәмеленіп келген әжелері, олардың осы қалыпта отырғандарының үстінен түсті.

4 – Тарау

АРАЗДАСУ

Лұқа мамық көрпенің астында жатты. Оның орнынан тұрғысы келер емес. Төсекте жылы әрі жайлы, ал дала болса, өте суық. Демін ішіне тартып, ол көрпенің астына тығыла түсті.

— Лұқа! — шешесінің үні қатқыл естілді.

Ол орнынан атып тұрды. Шешесі үш рет шақырса да, ол естімегендей сыңай танытқан еді. Өйткені, мектепке баруға әлі уақыты жеткілікті болды. Ал сиыр саууға — бұған оның уақыты жетпеуі мүмкін. Алайда сиырды анасы да сауа алады ғой. Соңғы кездері шешесі мұны жиірек атқарып жүрді.

— Басқа балалар мектепке барар алдында сиыр саумайды, — деп міңгірледі ұлы пиджагын киіп жатып. — Осы, басқалардан менің неге көп жұмыс істеуім керек екенін мен тіпті түсінбеймін. Тек әкемнің жоқтығы үшін бе?

Ол ас үйге кіріп, тамақ ішуге отырғанда, оның көз қарасынан қиқарлық сезіліп тұрды. Бутербродының жартысын жеп бола бергенде, ас үйге шешесі келді.

— Лұқа, — деді ол қатуланып, — мен сені шақырғанда, неге тұрмайсың осы? Күн сайын солай. Таңертең маған көмектесуді сен мүлде қойдың. Әпкең де ерте тұрып, ешқандай әуре сарсаңға түспей, жұмысына кетеді. Өзге балалардың әкесі бар екенін мен түсінемін. Сен енді естияр, ақылды баласың ғой, үш сиырсыз біздің өмір сүре алмайтынымызды сенің

жақсы түсінуің керек. Таңертеңгі бүкіл жұмысты маған қалдырып кетуің — не деген ұятсыздық!

Лұқа қабағын түйді.

— Мен саған кешкісін көмектесіп жүрмін ғой. Тіпті ойнауға да уақытым қалмайды. Отын тасимын, тауға да өзгеден көбірек шығуыма тура келеді. Мал азығын әкелемін, сенбіде қора тазалаймын...

Шешесі ашуланып қабағын түйді.

— Сен мектептен келгенше, мен бәрін өзім істеп қоямын. Сенің қыста өзге балалардай көп уақытыңның жоғын да білемін. Алайда қолымнан келгенінше бәрін атқаруға тырысамын ғой. Осы бір таңғы сиыр сауу әбден титығыма жетті. Сен кәдімгідей ер жетіп қалдың, сондықтан осы жұмысты өз мойныңа алуыңа әбден болады. Мен сенің уақытыңда төсектен тұруыңды қалаймын. Ал енді тездет, әйтпесе, мектептен де кешігіп қаларсың.

Лұқа күртешесін киіп, шешесімен көңілсіз қоштасты да, шанасын алып, далаға, аязды қаракөлеңкеге сүңгіп кетті.

Шананың табаны таңертеңгілік тыныштықты бұзғандай. Таң атар алдындағы осы бір тылсым бүкіл әлем тынысын ұстап тұрғандай. Басқа күндері болса, Лұқа мұндай керемет көрініске көңіл аударар еді. Ал бүгін оның қапаланғаны соншалық, тіпті табиғат тамашасын да байқай қойған жоқ.

— Бұл әділетсіздік, — деп күбірледі ол. — Барлығы маған қарсы. Үйге берілген тапсырманың орындалмағанына мен кінәлымын ба? Менің шешеме көмектесуім керек қой. Бүгін кітап оқудан бізге баға қояды. Мен ең нашары болатын шығармын. Ал мына мақтаншақ Анита Бурни ең таңдаулысы. Оның таңертең сиыр саумайтынына менің сенімім мол. О-о-о!...

Осылай ашынып келе жатып, шананы тежеп еді, бірақ кешігіңкіреп қалды.

Лұқаның ашуланғаны соншалық, тіпті қайда кетіп бара жатқанын да байқамады. Сондықтан оның шанасы жол айырығына қатты сырғанап келіп, Анитаның шанасын бүйірден соғып, қызды қалың қарға аударып тастады. Бұл енді ер баланың нағыз шектен шыққан тентектігі еді. Лұқа қызарып кетті, шын мәнінде де ол өте ыңғайсызданып қалды. Ол шанасынан тез түсіп, Анитаға көмектесейін деп еді, бірақ қыз бұрынырақ тұрды. Анита Лұқаға ешқашан құрмет сезімін білдірген емес, енді міне, оған қатты ашуланып тұр. Көзінен кек ұшқыны атып, белінен қарға көмілген бойы, Лұқаға тарпа бас салды.

— Есексің сен! — деп, айқай салды ол жыламсырап. — Қайда бара жатқаныңды көрмейсің бе? Міне, дәптеріме қарашы, бәрі су болып, умаждалған. Тоқтай тұр, бәлем, мұғалімге айтамын. Сен кінәлысың осының бәріне.

Әрқашан тыныштық сақтауға тырысып жүретін Лұқаның қаны қайнап кетті.

— Жетер енді, — деп бұл да айқай салды, — осы үшін әуре-сарсаңға түспе. Мен сенің шанаңа әдейі соқтыққан жоқпын ғой. Сенің дәптеріңнің умаждалғанына, сені өлтіруге әрекет етті деп ойлап қалып жүрмесін. Бір рет жақсы баға алмасаң, ештеңе етпес. Ал мен одан әрі кеттім.

Ол шанасына мінді де, ызғыта жөнелді.

* * *

Лұқа мектепке уақытында жетіп үлгерді. Алайда оны өзінің ар-ұжданы мазалап, тынышсыздандыра

берді. Бірақ ойлап қараса, оның мұндай әдепсіздік істеуі жиі қайталанып тұратындықтан, ол манағы қылығын ұмытуға тырысып бақты.

— Күртiк қардан шыға алса игі, — деп мiңгiрледi ол өзiне-өзi, — ол бәрi-бiр көмектен бас тартар едi. Құдайға шүкiр, әйтеуiр мектепке уақытында келiп үлгердiм. Осы аптада менiң мектепке екi мәрте кешiккенiм де жетер.

Күртiк қарға күмп ету оңай болғанымен, одан шығу онша жеңiл болмады. Анита бiраз әуреге түсiп, әйтеуiр, зорға дегенде қалың қардан тырмысып шықты да, дәптерлерi мен кiтаптарын жинап алды. Бірақ көз жасын тыя алар емес. Ол суықтан, қорқыныштан, тiзесiн ауыртып алғанына, ең бастысы — көрген зәбiрiне жылады. Анита сабаққа он бес минут кешiгiп келдi. Көздерi қызарып кеткен, мұрны көгерген, жараланған қолдары мен тiзесiнен қан ағып тұр. Осы кейпi мен су болып қалған кiтаптары және дәптерлерi — бәрi-бәрi оның түрiн аянышты көрсетiп тұр.

— Анита, — дедi шошып кеткен мұғалiм, — саған не болған?

Анита жолдасының қылығын айтсам ба, айтпасам ба екен деп, бiрнеше секунд бойы iштей екi ойлы болып тұрды. Бірақ Лұқаның жылы класста құп-құрғақ болып отырғанын көргенде, оның екi ойлылығы мүлдем ғайып болды.

— Бәрiне кiнәлы Лұқа, — деп айтып салды ол ашулана. — Ол менi омбы қарға құлатып, айдалаға тастады да, өзi кетiп қалды. Мен әзер дегенде шықтым, — ол жұдырығымен көзiн басып, тағы да жылады.

Анитаның долданғаны соншалық, ашуын баса алар емес.

Зығырданы қайнаған оқушылар демдерiн iштерiнен

алып отыр. Ал қиянатшыл Лұқа болса, басын төмен салбыратып, жабырқау түрмен бір нүктеге шұқшиып қалды.

Мұғалім жаман қылығы үшін Лұқаны жазалады, айта кету керек, бұл Анитаны қуантып, сергітіп жіберді. Содан соң мұғалім бағаларды жариялады. Анита ең жоғары бағаға ие болды, бұл оның еңсесін көтеріп жіберді. Лұқа болса, ең жаман баға алып, сабақ артынан қалды.

Міне, ол жападан-жалғыз класста отыр. Онымен бірге оқитындар әлдеқашан-ақ үйлеріне оралған болар. Кек, ыза, ашу бойын кернеп барады. Зығырданы қайнағаны соншалық, ашудан міне-міне жарылып кетердей болып отыр. Әйтеуір, ақырында үйге кетуіне рұқсат берілді-ау.

Ол шанасын сүйреп, тауға көтеріліп келеді. Бүгін не деген қырсық күн болды өзі?! Ертемен оған шешесі ашуланды, Анита шағым жасап, мұғалім жазалады. Оқу жағынан класстағы үлгермеуші атанды. Жарық дүниеде халы мұныкінен жаман бірде-бір бала бар ма екен десеңізші?...

* * *

Тау беткейінің көлеңкесі осы кеште ерекше көгiлдiр тартқан. Бұл ерекше көкшiлдiк едi, алыс алқаптағы көкше ну орман кептерiнiң көкiрегiндегi көк түстi еске салады. Күн шұғыласы әлi де таудың ең ұшар басын жарқыратып тұр, сәл төменiректе мақта бұлттар жөңкiле көшуде. Таудың тамаша пейзажы Лұқаны аймалап алғысы келгендей қол созады. Табиғат пен балалар — жақын достар. Табиғат тылсымы баланың мұңды жүрегiн кез келген адамның сөзiнен гөрi жақсы тыныштандыра алады.

Лұқаның бойындағы ашу бiртiндеп мойыған сезiмге ауысып, ол өзiнiң жалғыз екенiн ойлап, жұдырығымен көзiн жауып, үнiн шығармай жылады. Бiрақ кенет ол далада өзiнiң жалғыз емес екенiн байқады. Жол түйiсiнде тұрған кiшкене бала Лұқаға таңырқай қарап қалған екен. Бұл баланың денi сау және бақытты сыңай танытады. Оның бетi албырап, көзi жайнап тұр. Жүннен тоқылған бас киiмiнiң астынан ақ сары шашының тұлымы көрiнедi. Бұл Даник болатын. Ол аққала соғып жатты. Бүгiн онысы тiптi жақсы жасалуда. Ол Анитаны шақырып, оған аққаласын көрсеткiсi келдi.

— Сен неге еңiрейсiң? — деп сұрады ол.

— Мен жылаған жоқпын, — деп ашулана жауап бердi Лұқа.

— Иә, иә, сен жылап тұрсың. Неге жылағаныңды бiлемiн: сенi мұғалiм мектепте жазалады ғой. Оны бiзге Анита айтты.

Даник задында мейiрiмсiз емес едi, қайта ол жайдары, рақымы мол бала болатын. Бiрақ Лұқаның Анитаға жасаған жексұрын қылығын Даник кешiре алмады.

Лұқа аяқ астынан ашуға булықты. Ол аққалаға

жақындап келді де, оны аяғымен теуіп, күл-талқанын шығарды. Даник қорқып және сасқалақтап қалғандықтан, қатты айқайлап жіберді. Анита сиыр қорадан жүгіріп шықты. Ол не болғанын сол арада түсінді де, жолбарысша атылып, Лұқаның бетінен шапалақпен тартып қалды. Лұқа да Анитаны ұруға ыңғайлана беріп, үйден шелекпен шыққан Бурни мырзаны көріп қалды. Сөйтіп оның ыңғайы болмай қалды.

— Сен өсекшісің, қорқақсың, — деп айқайлады ол. — Мектепке сәби құсап, өкіріп барасың.

— Рақымы жоқ дөрекі! — деп айқайлады оның соңынан Анита. — Таңертең омбы қардан маған шығуға көмектескен жоқсың, ал міне, енді Даниктің аққаласын қираттың. Ол саған жамандық жасаған жоқ қой, сен неге оған тиістің? Мұғалімнің сені жаза лағаны әбден дұрыс. Даник, жүр, үйге барайық!

Әбден зығырданы қайнаған қыз жалғыз аяқ жолмен үйіне беттеді. Оның соңында Даник келе жатты. Бірақ есік алдында Анита аз-кем аялдап, жан-жағына қарады. Алыста таудың ұшар басында қызғылт тартқан аспан көрінді. Осы мезетте ол Киелі кітаптағы әжесі үйреткен: „Ашуланамын деп күнәға қалма, күн сенің ашуыңды көріп тұрып батпасын“, — деген аятты есіне түсірді. Дәл қазір осы шумақ оның ойына келгенін қарашы. Несі бар, әлі де кеш емес, Лұқа да ұзай қоймаған болар. Өзі де дұрыс істемеді ғой: жолдасына жала жапты. Анита қобалжи бастады. Жоқ, Лұқаның айыбы басымдау, сондықтан оның кешірім сұрауы керек еді. Егер бұл кешірім сұраса, онда өзі кінәлы болып саналады ғой. Шынында олай емес қой. Жоқ-жоқ, Анитаның титтей де кінәсы жоқ.

Анита үйге кірді де, артындағы есікті серпе жапты.

Лұқа үйіне ілби басып бара жатты. Оның беті шапалақтан дуылдап, зығырданы бұрынғыдан бетер қайнай түсті. Жүріп келе жатып, ол жоғарыға қарап еді, ғажайып нәрсені көрді. Бұлттар бір жерге жиналып, тұтасып, тауды тұмшалап алыпты. Тек бір жерде ғана саңылау бар екен, сол саңылаудан Лұқа күн нұрымен жарқыраған қарлы шыңды көрді. Ол жерде Құдай құдіретінің даңқына бөленген аспан қамалы бір сәт елес бергендей болды. Лұқаның күн батып бара жатқанда көрінетін тамаша көріністерге көзі үйренгенімен, ол аялдап, кеудесін кере таза ауаны жұтты. Мына мөлдір де таза табиғат таңғажайыбымен салыстырғанда, оның ашуы оған түкке де тұрмайтын нәрсе секілді болып көрінді. Оған көңіл бөлуге де болмайды. Бәрін басынан бастаса ғой, шіркін!

Егер ол жүгірсе, онда Анитаны қуып жетер де еді. Жоқ, болмайды, Анита мақтаншақ және жаттампаз. Ол тіпті бұған қарамас та еді. Жалпы алғанда, оның қыздан неліктен кешірім сұрауы керек?

Осы кезде бұлт әлгі саңылауды да бітеп үлгерді. Аспан қамалы көзден таса болды.

Сөйтіп, екі жақ та келісуге алғашқы қадамды жасағылары келмегендіктен, кикілжің, жанжал, араздық басталып, көпке дейін созылды және екеуіне де көп қасірет әкелді.

5 – Тарау

СӘТСІЗ ОҚИҒА

Сәуірде Анитаның туған күні болды. Бұл күнге Даник күні бұрын сыйлықтар даярлады. Оған сыйлық жасаудан артық қуаныш жоқ болатын. Сырт адамдарға бұл сыйлықтар көзге қораш болғанымен, бірақ Даник үшін олар өте құнды көрінді. Ол сыйлықтарын отын жататын жердегі жәшікте сақтады. Анита өзінің ол жәшікке көз жіберуіне болмайтынын білетін, сондықтан ол онда отыннан басқа еш нәрсе жоқ екеніне сенетін сыңай танытты.

Жәшікте қарағай бүршігінің неше түрлісі бар еді. Олар түрлі-түске боялып, қатар-қатар қойылған. Әке — қызыл бүршік, ана — жасыл бүршік, ал олардың қасында қатарлана ашық сары түсті бес — „баласы“ тұрды. Қоңыр сиырдың суреті де сонда сақталды. Даник оның суретін өзі салды. Суретте сиыр биік көк түсті гүлдер өскен шалғында жайылып жүр екен. Сиыр құйрығының қылынан өрілген білезік пен таза ақ тас та осында.

Кейде осы сыйлықтардың қасына Даник кішкене шоколадтарды да қойып жүрді. Бірақ өзі шоколадты ұнатқандықтан, араға күн немесе екі күн салып, оны өзі жеп қоятын.

Тағатсыз тосқан күн жақындады. Ертең Анитаның туған күні. Даник оның қуанышын қазір-ақ сезінуде. Анита мектепке кетісімен, Даник өз жоспарын әжесінің алдына жайып салды. Әжесі балконда көктемгі

күнге қыздырынып, кешкі тамаққа салатын бақбақ жапырағын тазалап отырған. Даник оған жақындап:

— Әже, мен беткейге барамын. Онда кейбір жерлердің қары еріпті. Мен сол жерлерден сарданелл мен запран гүлдерін тергім келеді. Олардан жақсы гүл шоғын жасап, мен оны Анитаға арналған басқа сыйлықтарыммен бірге қоямын.

Әжесі оны бір жаққа жалғыз жібергенді онша ұната қоймаушы еді. Ол сенімсіздікпен оның бетіне қарады.

— Сен әлі кішкентайсың, онда саған жалғыз баруға әсте болмайды. Беткей тайғанақ болуы мүмкін, сенің аяғың тайып кетіп, құлап түсерсің.

— Аққаршық менімен бірге барады, — деп сеніммен жауап берді Даник.

Әжесі миығынан күлді.

— Ол саған көмектесе алмайды ғой, — деді де, әжесі селк ете түсті: мысық оның тізесіне секіріп шығып, пырылдап, өзінің ақ басын кемпірдің көкірегіне сүйкей бастады.

— Біздің ол туралы айтқанымызды Аққаршық байқап қалды, — деп сендіре сөйледі Даник. — Ол бәрін түсінеді, қазір ол саған өзі жоғарыдан, таудан мені қарап тұратыны жайлы айтып жатыр.

Даник мысықты қолына алып, әжесінің бетінен сүйді де, өлеңдете басқышпен төмен түсіп кетті.

Оның ағаш кебісі бала аяқ басқан сайын „топ-топ“ етіп дыбыс берді. Бала таза дауыспен өлең айтып кетіп қалды. Әжесі оның артынан көпке дейін қарап тұрды да, тағы да бақбақ жапырағын тазалауға кірісті. Бала өсті, өз бетімен іс қылатын халге жетті, көп кешікпей балабақшасына барады. Иә, ол шын мәнінде үлкейді.

Даник шоқыға жанын сала өрмеледі. Мысығы артынан ақырын басып келеді. Туылу мейрамының мысығы болғанымен, ол қарды ұнатпады.

Күн ашық. Жақындап қалған көктем өз өктемдігін жүргізуде, қары еріген таулар жаңа түрге ене бастады. Өзен бойындағы алқаптарда жайылымдар әжептәуір көгеріп қалды, мұнда сиырлар жайылып жүр. Осында, беткейден жоғары жақтың да қары кете бастады, кей жерлерде былтырғы қураған шөп ойдым-ойдым болып көрінеді, ал жылғалар тұнық мұздай суға толған. Даник сәлден соң жайылымдықты қоршаған тапал тас қабырғаға жетті. Қабырғаның екінші жағында тіп-тік жартасты құлама жар, сонау төменде толқынды тау тасқыны гүрілдейді.

Жазда бұл жартастар тамаша арман бағына айналады, оларды тасжарған, қоңыраугүлдер, күлгін қызыл сылдыр шөптер кілем секілді жабады. Алайда көктемнің осы шағында тастар әлі жалаңаш, сүп-сүр болып жатыр. Аққаршық дуалға шығып алып, әбден жаланып, жуына бастады. Қар сияқты аппақ мысыққа жуынудың керегінің өзі де шамалы ғой.

Даник бір сары жолақтан екіншісіне жүгіріп жүрді. Күлгін запрандар мен бәйшешек гүлдері араласа өсіп тұр. Даник бәрінен де сарданелланы ұнататын. Бұл нәзік гүлдер қар еріп болуын күтпей, сабақтары мұз құрсаңса да, тоң жерді тесе сыртқа өсіп шығады. Даниктің әдемілікке жаны құштар еді, сондықтан ол өзін гүлдер арасында бақытты сезінді. Күн шуағын мол төгіп, гүлдер оған езу тартқандай болды. Бала осында қарлы үңгірде тұратын ертегідегі ергежейлілер туралы ойлады. Ол тіпті олардың ақ сақалдары мен қызыл қалпақтарына дейін көрді, сондықтан бұлардың кішкентай көңілді тентектер — гномдар екеніне

күмән келтірмеді. Кейде, маңда ешкім болмаса, олар үңгірден шығып сарданелла жапырақтарына шығып тербеледі екен. Оған бұл туралы Анита айтқан болатын.

Даник аяғының ұшымен ақырын басып, гүлдерге жақындады да, еңкейіп, оларды тамашалап тұрды. Оның беріле ынта қойғаны соншалық, тіпті артынан келген адамның аяқ дыбысын да естіген жоқ. Даник кенет жалт қарады да, селк ете түсті: арт жағында көзі отша жайнап, демін ішіне тарта, сұрлана, оның қимылын бағып, Лұқа тұр екен. Ол Даник көмекке шақырғанда, өзінің бетінен Анитаның шапалақпен тартып жібергенін ұмыта қойған жоқ. Сол күннен бастап Лұқа кек қайтарудың қолайлы бір сәтін тосты. Сөйтіп, Даник биік таудағы шалғынға бет алғанын көріп, ол соңынан жүріп отырды. Әрине, ол оған зиян келтірмесе де, аз-кем әурелеп, өткендегіні есіне салып, өкініші үшін кек қайтармақ еді.

— Мына гүлдерді кімге жинап жүрсің? — деді ол.

— Анита үшін, — деп шапшаң жауап берді Даник.

Ол Лұқаға мұндай жауаптың ұнамайтынын жақсы білді, бірақ Анита қорқыныш туған күннің өзінде де ақиқатты айт деп үйреткен еді.

Лұқа мысқылдай күлді.

— Мен Анитаны жек көремін, — деді ол. — Ол өте тәкаппар және мақтаншақ қыз. Мектепте ол — ақылсыз неме. Оған қарағанда балабақшадағы балалар есепті жақсы шығарады. Оның ақылы сендердің сиырларыңның ақылынан артық емес. Гүлдеріңді маған бер, ол бұл сыйлыққа лайық емес.

Мұны естіген Даникті ашу кернеп, ол тіпті қызарып кетті. Ол гүлдерді артына жасырды. Анитаны жек көруге бола ма? Ол әдемі де жақсы, оның

қолынан бәрі де келеді. Күншілдіктің не екенінен бей-хабар Даник ештеңенің байыбына бара алмады.

— Жоқ, сен бұл гүлдерді ала алмайсың — деп, қыса түсті ол артына ұстап тұрған гүлдерін. — Гүлдер менікі.

— Ал мен оны тартып аламын, — деп ызаландырды оны Лұқа. — Сен кішкентайсың ғой, қалайша сен менімен күш сынаспақсың? Ал мен сенімен не істегім келсе, соны істей аламын. Сен кішкентай мақтаншақ, ақымақсың. Сенің аққалаңды қиратты деп Анитаға шағынғаның үшін, мен сенен өшімді аламын.

Лұқа Даниктің қолындағы гүлдерді долдана тартып алып, оларды қар үстіне тастады да, аяғымен езгілей бастады. Жаншылған сарданелла мен запран гүлін көрген Даник, бұған шыдай алмай, бақырып жылап қоя берді. Ол бұл гүлдерді сондай сүйіспеншілікпен терген еді, енді міне олар аяқ астында жатыр. Даник Лұқаны бас салып, кішкене жұдырықтарымен оны түйгіштей бастады.

— Мен осының бәрін әкеме айтамын, — деп айқайлады ол. — Қазір мен үйге барып, бәрін айтамын. Ол сенің үйіңе барып, сені ұрады. Сен мейірімсіз баласың.

Лұқа мұндайды күтпеген еді. Барлық дөкір балалар сияқты ол да су жүрек болатын және Даниктің ірі денелі күшті әкесінен қорқатын. Даникті ренжіткені үшін, ол оның маңдайынан сипай қоймайтыны хақ. Лұқа Даниктің қолынан мықтап ұстап алды, қайтсем қорқытып, аузын жабамын деп, жан-жағына қарады. Осы кезде оның көзі күнге қыздырынып, тас қабырға үстінде отырған Аққаршықты шалып қалды. Аяқ астынан оның жоспары табыла кетті. Ол Даникті итеріп жіберіп, тез тас қоршауға қарай жүгірді.

Даник азап көрсетуші енді кетті деп ойлап, тағы да гүл теруге кірісті. „Лұқаға ненің ұнамайтынында менің жұмысым қанша? — деп ойлады ол. — Ең бастысы, Анитаның туған күніне өте әдемі әртүрлі гүл шоғы керек“.

Аяқ астынан Лұқаның алқапты жаңғыртып, айқайлаған даусы естілді. Даник сол жаққа бұрылып қарап еді, оның бойын үрей билеп кетті: Лұқа тас қабырға үстінде тұр екен. Аққаршықты мойнынан қатты қыса ұстап, асау ағын ағып жатқан шатқалдың үстінде көтеріп тұр.

— Егер сен әкеңе ештеңе де айтпаймын деп уәде бермесең, қазір мысығыңды суға лақтырамын!

Даник өкпесі өше оған қарай жүгірді. Оның аяғы әрнәрсеге шалынып, тізесі дірілдеп, көзі жоқ адамша әрең дегенде келе жатыр. Аққаршығы суық суға құлап өледі-ау деген ой мазалап, баланың аузы құрғап, айқайлайын десе, үні де шықпады. Бар мақсаты: Лұқаға тезірек жетіп, жексұрынның қолынан мысықты тартып алып, ендігері оны жалғыз қалдырмау.

Айта кету керек, Лұқа

мысықты шатқалға тастаймын-ау деп тіпті де ойлаған жоқ. Қаншама сотқар, сотанақ болғанымен, ол мейірімсіз емес еді. Алайда мойнынан ұстағанды жаратпаған мысық, жанталаса тырмысып бақты. Өзін ұстаған қолдың оны босата қоймағанын байқаған мысық, бұрынғыдан бетер бұлқынды. Үрей бұрын жасап көрмеген іске мәжбүр етіп, алдыңғы аяғының тырнағымен ол Лұқаны тырнап алды. Өзіне жүгіріп келе жатқан Даниктің әрекетін бақылап, қаннен-қаперсіз тұрған Лұқа шошып кетіп, мысықты қолынан шығарып алды. Боп-боз болған Даник тас қабырғаға жүгіріп жеткенде, мысық төмен қарай терең құзға құлап бара жатты.

Даник шырылдап, бір сәт те аялдамай қабырға арқылы төменге түсе бастады. Өзінің қылығынан үрейі ұшқан Лұқа бір орнында тас болып қатып қалғандай, Даникті ұстап алып, кейін шығаруға да үлгермеді. Қалған оқиға қас қағым сәтте өрбіді.

Аққаршық суға құлаған жоқ, жартастың шығыңқы жеріне тырнағы ілігіп, соған жабысты да, жалбарына мияулай бастады. Жасөспірім бала болса, ешбір қауіпсіз мысық тұрған жерге жетіп, оны алып шыға алар еді. Бірақ Даник не бәрі бесте ғана ғой. Құз ылғал еді, мысықты енді ұстаймын дегенде, оның аяғы тайып кетті. Қатты шыңғырған дауыс шықты, бұл дауыс көп жылдар бойы Лұқаның құлағынан кетпеді, сөйтіп Даник шатқалдың шетінен көрінбей кетті.

Лұқа сасқалақтап, ақылынан адасып қалмағанда, қабырғадан еңкейіп, сайға қарар еді. Бірақ, Даник бұдан аман қалады-ау деген ой оның есіне кірген де жоқ. Өзеннің өлі денені құлама суға ағызып апара жатқанын көруге оның батылы жетпеді. Қапылыста аңырып қалған ол, шөпке етбетінен құлай кетіп, көзін

қолдарымен басты. Егер осы кезде Анита оның осы күйін көрген болса, ол енді шын мәнінде жазаланды деп ойлар еді.

— Даник суға кетті, — деп ыңырси қайталай берді ол осы сөздерді ішінен. — Оны өлтірген мен, енді менің не істеуім керек? Ау, менің не істеуім керек?!

Біраздан соң оның басына үрейлі ой келді. Ол орнынан атып тұрып, жан-жағына қарады. Уақыт өтіп барады. Олар көп кешікпей осында келіп, Даникті іздестіре бастайды. Егер олар осы арадан Лұқаны кездестірсе, онда бәріне өзі кінәлы екенін біліп қоймай ма? Осы бір оқыс оқиғаға өзінің қатысы бар екенін әзір ешкім білмейді. Сондықтан да қазір, тез арада үйіне жетіп, ештеңе болмағандай сыңай танытса, онда ешкім де одан секем алмайды.

Ол қарағайлы орманнан пана іздеп, қашқан қоянша орғи жөнелді. Бұрма жолмен аздап жүрді де, ақыр аяғында үйіне келіп, артқы есік алдына аялдады. Оның үйге кіруге батылы бармады, өйткені шешесінің көзінен тайсақтай берді. Тығылу керек, бірақ қайда жасырынбақ? Сиыр қорасының жанынан пішен сарайға апаратын сатыны көрді. Лұқа саты арқылы жоғары көтеріліп, шөпке бетін тықты да, жүрегі жарылып кетердей, еңіреп тұрып жылады.

6 – Тарау

ІЗДЕСТІРУ

Әжей дәліздегі жұмысын бітірді. Таяғына күшін сала таянып, орнынан көтерілді де, өз креслосына жайғасты. Шаршап қалыпты! Көп кешікпей басы кеудесіне салбырап, ол қалғып кетті.

Әжейдің денсаулығы мүлдем бұзылды: көзі бұлдырап, нашар көретін болды, бұрынғы үйреншікті жұмысын атқарудың өзі қиынға соқты. Амал не, немерелерін жақсы көргендіктен, жатып қалмайынша солар үшін еңбек етермін деп ойлады. Сондықтан да зақымданған қолдарымен тамақ пісіріп, ауру көздерін сығырайта отырып жамау-жасқаумен айналысып, торлап отырғаны. Анита әлі жас, он екіде ғана болғандықтан ештеңені біле алмады, ал әжей болса шағым жасап көрген жоқ. Өйткені, шын көңілмен атқарсаң, ауыр жұмыстың өзі жеңіл болып көрінеді ғой.

Әжей әдеттегіден ұзағырақ ұйықтады. Анита елді мекендегі дүкенге нанға кеткен еді, ал әкесі орманда: бөренелерді кесіп, үйіп жатты. Әжесі Даниктің жүннен тоқылған ақ ұйығының (шұлығының) өкшесін торлап, күртешесінің жеңіне жамау салуы керек еді. Бірақ қатты шаршап қалыпты. Ол қолын тізесіне салып, қаннен-қаперсіз ұйықтап отырды. Тіпті қабырғадағы сағаттың көкегінің үш мәрте көкектегені де оны оята алған жоқ.

Әжей оянып, сағатқа қарағанда төрт болып қалған екен. Ол мазасызданып және аздап таңданған пішін-

мен үйілеп қойды. Даник мана екі жарымда үйден далаға шығып кетіп еді, әлі оралмаған. Оның қайда жүргені, сонда?

— Даник! — деп шақырды әжей, ол бір жерге тығылып қалған шығар деп ойлап.

Ол ас үйдегі шкаф астынан қуақылана шыға келуі мүмкін.

Бірақ жауап бола қойған жоқ. Әжей мүмкін оны осында көрермін деген оймен дәлізге шықты. Қора сыртынан бір бейне қараңдап көрінді, бірақ ол Даник болмай шықты. Бұл себет арқалаған Анита екен. Себеттен сап-сары болып піскен үлкен бөлке нан көрінді. Бүгін түстен кейін мектепте оқу болмағандықтан, ол біраз дүкендерді қыдырды. Анита әжесіне қолын бұлғап, дәлізге жүгіріп келді.

— Анита, — деді әжесі, — себетті тез қой да, барып, ініңді іздеші. Ол осыдан бір жарым сағат бұрын гүл теремін деп кетіп еді, әлі оралған жоқ.

Анита себетті еденге қойды. Әжесі Даник туралы бекерге әуре-сарсаңға түсе береді деп ойлады ол ішінен. Өзін әркім танитын және жақсы көретін оған, далада не кездесе қояр дейсің.

— Мүмкін, ол әкесімен орманда жүрген шығар, — деп жауап берді Анита. — Мен барып қарайын. Ең алдымен маған повидло жағылған нан берші, қарным сондай ашып тұр.

Ол бөлкеден үлкен кесек нан үзіп алып, оған май мен повидло жақты. Әжей тағы да дәлізге шығып, жолға дегбірсіздене қарады. Әкесінің аяқ тысыры мен әжесінің үрейлене айтқан:

— Даник қайда? Петр, ол сенімен бірге тауда болған жоқ па? — деген сөзін естіген кезде, Анитаның аузы әлі шайнап тұрған бутербродынан босаған жоқ еді.

— Даник? — деп таңырқай қайталады әкесі. — Ол менімен тіпті де болған жоқ. Ол үйден қашан шығып еді?

Әжей өзінің әбігерге түскенін ендігәрі жасырған жоқ.

— Ол шамамен бір жарым сағат бұрын кетті, мысығы да бірге шыққан. Олар даладан гүл термек болатын. Бірдеңеге ұшырап қалмаса игі еді.

Анита мен әкесі бір-біріне аңырып қарап қалды. Олардың жүздерінде абыржушылық бар. Әкесі жұмыс істеген орманнан шығатын сүрлеу Даник гүл теремін деген алқап арқылы өтетін. Олай болса, әкесі Даниктің өзін тұрмақ, ізін де көрмегені жақсылық емес. Анита әкесінің қолын ұстай алды.

— Мүмкін, ол орманға саған кеткен шығар? — деді ол жұбатқан пішінмен. — Жүр, іздейік оны. Аққаршық бір жерде жүрген болар, ол бізге бағытты көрсетеді. Ол алысқа ұзай қоймаушы еді ғой.

Олар екеуі орманды бетке алып, шоқыға қарай кетті. Олар үн-түнсіз келе жатты, өйткені әкесі өз ойын айтуға қорқып келеді. Швейцария тауларындағы көктем жыл сайын қауіп-қатер төндіретін — арнасынан шыққан тау өзендері және еріген қар көшкіні қатерлі еді, оның үстіне Даник болса, әлі кішкентай.

* * *

Үйде жалғыз қалған әжей құлшылық етіп, дұға оқи бастады. Ол дұға еткен кезде көз алдынан елестер тізбегі өткендей болды. Қос жанарымен көре алмаған сайын, әжей жүрегімен сезініп, рухты көкірек көзімен көре алатын болды. Оның көз алдына тау өзені екіге бөлген қалың жынысты орман келді. Ор-

мандағы сүрлеуді қар көшкіні мен тастар жауып тастаған. Осындай сүрлеумен қолында гүлі бар Даник жүгіріп келеді. Ал оның қасында ақ қанатты Періште келеді, оның қанаттарының астында жылы да, қауіпсіз пана бар.

„Олардың аспандағы періштелері әрқашан Аспандағы Әкенің жүзін көреді“, — деп күбірледі әжей, тізерлеп отырған орнынан әрең тұрып жатып. Енді ол өзін мүлдем жайбарақат сезініп, кешкі асты әзірлеуге кірісті.

Бұл кезде әкесі мен Анита Даник пен Аққаршықтың ешқандай ізін кездестіре алмай жүрді. Олар ілгері-кейінді жүгіріп, Даникті дауыстап шақырды, бірақ бұлардың дауысына тау жаңғырығы мен адуынды өзен гүрілі ғана жауап берді. Күн тау асып бата бастады да, алқаптағы көлеңкелер ұзара берді.

— Әке, — аяқ астынан Анитаға бір ой келді. — Мүмкін, ол үйге өзі кеткен шығар? Лұқаның онымен бірнеше рет әңгімелесіп тұрғанын өз көзіммен көргенмін. Мен соларға барып, сұрап келейін.

Анита бар пәрменімен жүгіріп, бес минут өтпей-ақ Марель ханымның үйіне жетті. Үйдің артқы есігі жартылай ашық екен, оған басын сұғып, Анита қатты дауыспен:

— Марель ханым, Лұқа! Сіздер осындасыздар ма? Біздің Даникті көрген жоқсыздар ма? — деп сұрады.

Үйден ешкім үн қата қойған жоқ. Есікті ашық қалдырғандарына қарағанда, олар алысқа ұзай қоймаған болар. Анита енді сиыр қорасына барайын деп ыңғайлана бергенде, Марель ханымды көріп қалды. Ол екі үйді жалғастыратын жолмен келе жатыр екен. Анита оның алдынан жүгіре шықты.

— Ханым, — деп дауыстады Анита демін әрең

алып, әйелдің жеңінен тарта. — Сіз біздің кішкене Даникті көрген жоқсыз ба? Оның кеткеніне міне, екі сағат болды, бірақ әлі оралған жоқ. Мүмкін ол Лұқамен бірге шығар? Лұқаның қайда екенін білесіз бе?

— Солай болуы да ғажап емес, — деп, тұнжырай жауап берді Марель ханым. — Мен Лұқаның қайда екенін білейін деп, жаңа ғана сендердікіне бардым. Ол жалқау неме әлдеқашан-ақ үйде болуы керек еді. Сиырлар мөңіреп тұр, мен жоқта ол үйге келген де шығар. Егер келсе, онда қорада жүруі керек. Жүр, көрейік.

Бұлар сиыр қорасына қарай бұрылып, қораның ауыр ағаш қақпасын ашты. Қызыл сиыр бір орнында тұрмай тыпыршып, құйрығын бұлғаңдатып қояды, бірақ Лұқа мұнда болмай шықты. Марель ханым ауыр күрсініп, кейін бұрылды да, қақпаны жабуға ыңғайлана бергені сол еді, Анита оның жеңінен тартып, саусағымен жоғары жақты нұсқады.

— Тыңдаңызшы, — деп сыбырлады ол, — жоғарыдағы бұл не сыбдыр?

Екеуі де тоқтай қалып, бір минуттай демдерін іштеріне тартып, құлақтарын сыбырға тосты. Сиыр қорасының шатырында шөп үйілген болатын, содан солқылдап жылаған дауыс естілді. Анита жабайы мысық секілді тез шатырға шығып алды. Марель ханым да оның соңынан шатырға көтерілді. Екеуі де бір істің болғанын сезді: Анита болса, тек Даник жөнінде ғана, ал Марель ханым тек Лұқа туралы ғана ойлады.

— Лұқа! — деп дауыстады Марель ханым. — Менің байғұс балам, не болды саған? Жарақаттанғаннан сауымысың өзің?

— Даник қайда, сен оған не істедің? Дереу оны

тауып бер! — деп Анита Лұқаның иығынан ұстап, сілкілей бастады.

Лұқа шөпке кіре түсіп, тек басын шайқаумен болды. Ол мүлдем есінен адасып қалғандай.

— Мен оның қайда екенін білмеймін, — деп бақырды ол. — Оған мен тіпті де кінәлы емеспін!...

— Кінәлы емесінің қалай?! — деп Анита бұрынғыдан бетер жұлмалай түсті. — Оның қайда екенін білесің, шынықты айт. Ханым, — деді ол әйелге, — мынаған шындықты айтқызыңызшы.

Марель ханым Анитаны былай қарай шеттетіп, Лұқаның бетіне үңілді. Оның өңі боп-боз болып кеткен екен. Даникпен жазатайым оқиға болғанын, мұны Лұқаның білетініне енді оның көзі жетіп тұр. Ол ұлының жүзін өзіне қарай бұрды.

— Лұқа, — деді ол байыппен, — Даниктің қайда екенін жаныңның барында айт!

Лұқа шешесінің бетіне шошына қарап, ендігі жерде жалтаруға болмайтынын түсінді.

— Ол өлді, — деді де, басын шөпке тығып қайтадан жылады. — Ол жардан құлап, мерт болды.

Анита қаққан қазықтай сілейіп тұрып қалды. Біразға дейін ол орнынан қозғала алмады. Оның жүзінің қуқыл тартқаны соншалық, тіпті ол есінен танып құлайды-ау деп қорыққан Марель ханым, оны сүйегісі келді. Бірақ Анита бірдеңе шағып алғандай, оның жанынан секіріп кетті. Содан кейін ол бөгде бір қарлыққан дауыспен былай деп үн қатты:

— Ол бізбен барып, оның құлаған орнын көрсетсін, тым болмаса әкем оны іздеп тауып, денесін үйге әкелсін. Содан кейін ол сыбырлай сөйлеп: — Мен Лұқаны өлтіремін, — деді.

Марель ханым оның соңғы сөздерін естіген жоқ,

ал оның алғашқы айтқан сөздері көңілге қонымды болды. Ол ұлының қолынан мықтап ұстап, орнынан тұрғызды да, басқышпен сүйреп төмен түсірді.

— Жүр, Лұқа, — деді ол жерге түскен соң оны тездете жетелеп. — Сен бізге Даниктің қай жерде екенін көрсетуің керек. Тездет, әйтпесе, Бурни мырза осында полицияны ертіп келіп, олар сені еріксіз апарды.

Бұл қорқыту әсер еткендіктен, Лұқа жазатайым оқиға болған жерге жүгіре жөнелді. Жолшыбай ол өзінің кінәлы емес екенін айтып, жылаумен болды.

Марель ханым мен Анита оның артынан еруде. Марель ханым да жылады, бірақ Анитаның көзінен бір тамшы жас та шықпады. Оның көз жасын қайғымұң мен ашу құрғатқан секілді. Қабырғаға жеткенде, Лұқа саусағымен төменді, шатқалды нұсқады.

— Ол анау жерде, суға ағып кетті, — деп күбірледі де, жерге жата қалып, шөпке бетін басып, тағы да өкірді.

Осы сәтте тоғай шетінен Бурни мырза көрінді. Ол шағын топқа тез қосылды. Ол Лұқаға көңіл де аударған жоқ, тек қызына көз қиығын бір салып, тар құламалы шатқалға тесірейе қарады. Ол жерден ол басқа ешкім байқамаған нәрсені байқады: мысықтың ақ баласы жартасқа жабыса жоғары өрмелеп келеді. Мысықтың баласын көргенде, оған ешнәрсені баяндаудың қажеті болмады, оның тек бар айтқаны:

— Арқан әкелу керек! — болды, содан соң оны біреу қуып келе жатқандай, төменге қарай жүгіре жөнелді.

Есік алдында тұрған әжей болған оқиғаны сөзсіз-ақ оның өңінен түсінді. Қабырғада ілулі тұрған арқанды алып, үйден шыға жүгірген әкенің қимылын ол үн-түнсіз бақылап тұрды.

— Шатқалға! — деп артына қарап дауыстаған Бурни, қараңғыға сүңгіп кетті.

Жалғыз қалған әжей шайнекті плитаға қойып, көне кенеп алды да, үлкен қыздырғышқа ыстық су құйды. Содан соң отырып көзін жұмды да, қолдарын қусырды. Тағы да оның көз алдынан елес жүріп өтті: Даник қара су ағынының құшағында, алайда періштенің ақ қанаттары қатты ағысты бөгеп, баланың өмірін қауіпсіз етуде. „Өйткені, Ол Өз періштелеріне сен жөнінде өсиет айтты: сені өзіңнің бүкіл жолыңда қорғауға әмір етті“, — деп дұға оқыды әже.

* * *

Әкесі тез-ақ оралды, бірақ оны күткендер үшін көп уақыт өткендей болып көрінді. Ешкім де үн қатқан жоқ. Ол арқанның бір ұшын ағашқа байлап, екінші жағын шатқалға тастады. Содан соң арқанды қолымен және тізесімен қысып, төменге қарай сырғи жөнелді де, жардың астына түсіп, көрінбей кетті. Асылып тұрып, төменге, баланы ағызып кетті-ау деген оймен қатты ағысты өзенге қарады. Бірақ содан кейін көргені оның жігеріне жігер қосып, сенім берді.

— Ол мында! — деп айқай салды ол төменнен.

Әжейдің айтқаны келді: Даник құлағанда періштелер оны суға жеткізбей қағып алған. Ол алға шығып тұрған жартасқа келіп түсті. Шалқасынан құлаған Даник аяғын қайырып алып, құтқарушылар қашан келер екен деп, тосып жатты. Ол қозғала алмағанына жылады. Уақыт әбден шабан жылжыды. Аз-кем уақыт ол есінен де айырылған болуы керек, өйткені осында екі сағат жатқанда не болғанын есіне түсіре алмады. Тек құлаған сәтін ғана біледі.

Әкесі оның үстінде үлкен құсша қалықтап тұрды. Содан кейін ол төмен түсіп, ұлының үстіне еңкейді.

— Әке, — деді әрең сыбырлаған Даник, — Аққаршық қайда?

— Әне, анда. Сенің тура үстіңде, — деп әкесі тыныштандыра жауап берді де, ұлының аппақ құдай болған кішкене бетіне үңілді. Біз оны жоғары көтерілгенде ала кетеміз.

— Әке, — деді Даник, — аяғым қатты ауырып тұр, мен қозғала алатын емеспін. Мені үйге көтеріп апарасың ба?

— Әрине, — деп жауап берді әкесі, — мен сол үшін осында келдім ғой. Мен сені қазір-ақ үйге апарамын.

Ол осы сөздерден кейін кішкене ұлын қолына алды.

— Дегенмен, әке, — деді ол уайым жеген әлсіз дауыспен, — сен мені мен Аққаршықты бірге алып жүре аласың ба? Аққаршықты тастамайсың ғой, иә?

— Аққаршықты қалтама салып аламын, — деп уәде берді әкесі ұлын ақырын көтеріп жатып.

Даник ыңырсыды, өйткені денесіне қолдың сәл қатты тиіп кетуі оны қатты ауыртты. Ол әкесінің жүзінен көзін алмай қарауға тырысып, шын мәнінде бес жастағы сәбиге тән емес үлкен ерлік көрсетті.

Жоғары көтерілу ұзақ та, қиын болды. Әкесі Даникпен бірге арқанмен жоғары өрмелей алмады. Сондықтан оған ағынға дейін төмен түсіп, тасты жағаны бойлай отырып, тік жартасы жоқ арамен көтерілуге тура келді. Даник бір мезет қайтадан есінен танып, әкесі оны Анитаның қасындағы шөпке жатқызғанда ғана есін жиды.

— Аққаршық қалтаңда ма? — деп сұрады көзін дереу ашып алған Даник.

— Қазір мен оны алып шығамын, — деп, әкесі ар-

қанмен мысық отырған тасқа түсті. Даник қолын созып еді, мысық оның кеудесіне шығып, жүрек тұсына барып пырылдап жата қалды. Анита осы бір сұмдық көңілсіз кеште алғашқы рет ағыл-тегіл көз жасын төкті.

Даникті пальтоға жатқызды. Марель ханым мен Бурни мырза оны ақырын көтеріп, таудан үйге алып келді. Анита олардың арттарында Аққаршықты көтеріп келеді. Даниктің тірі қалып, сөйлеуі осы бір шағын қамыққан топтың жүректерін қуанышқа бөледі. Бұл қуаныш олардың қабырға іргесіндегі шөпте жатқан Лұқаны ұмытуына себеп болды. Тіпті оның шешесі де ол туралы ойламады.

Лұқа басын көтеріп қараса, түн құшағында бір өзі қалған екен, сондықтан оған өзінен бүкіл дүние безінгендей болып көрінді. Ол орнынан тұрып, сүйретіле басып, үйге беттеді. Денесі дірілдеп төсекке жатқан ол, өзін жарық дүниедегі жалғыз қалған ең бақытсыз жандай сезінді.

7 – Тарау

КЕШІРЕ АЛМАЙМЫН

Даник жылы көрпенің астында жатып, өзін бір маңғаз мырзадай сезінді, сөйтіп, ойлағанының бәрін талап етуіне болатынын түсінді. Осыған дейінгі оның өмірінде мұндай мүмкіншілік болған жоқ еді, сондықтан ол мұндай жағдайды мүмкіндігінше пайдаланып қалу керек деп шешті.

Әкесі кереуеттің қасында тұрып, ұлына зер сала қарап, оған неше түрлі күлкілі оқиғаларды айтуда, ал ол оларды бар ықыласымен тыңдап жатыр. Анита Даниктің қасында қолына шоколад ұстап отыр, ал әжесі — екінші жағындағы орындыққа жайғасып, шие вареньесі бар ыдысты ұстап отыр. Даник сұраған сайын бір қасық вареньені оның аузына тосып отырды. Әттең аяғы қатты ауырмағанда, ол өзін жұмақта отырмын деп ойлар еді.

— Әке, — деп Даниктің оныншы рет сұрағаны болар, — Аққаршықтың еш жері жараланбағанына сенімдісің бе?

— Иә, толықтай сенімдімін, — деп жауап берді әкесі. — Ол бір тостаған сүтті жалап алып, содан соң құйрығын бұлғаңдатып, басқышпен екінші қабатқа жүгіріп көтерілді. Тек дені сау мысық қана осылай жасай алады.

— Әке, — деді тағы да Даник варенье сұрап, балапанша аузын ашып, — мысықты дуалдан Лұқа тастап жіберді. Ол дұрыс істеген жоқ қой, иә, солай емес пе?

— Иә, ол өте ағаттық жасаған, — деді әкесі қуаттай сөйлеп. — Бірақ ол әлі-ақ өз жазасын алады.

Шын мәнінде әкесі баласының тірі қалғанына қуанып, өзін бақытты санағандықтан, Лұқа туралы тіпті ойлаған да жоқ.

Қолына шоколадтың кішкене кесегін ұстап отырған Анита ғана оны есінен шығармай, ол туралы зығырданы қайнап, былай деп ойлап отырды: „Оған не істейтінімді мен әлі ойланамын. Бірақ мен ешқашан да оны кешірмеймін. Тірі болып жүрсем, кешірмеймін. Бір кезде бәрін оның алдына келтіремін әлі. Мен ешқашан да кешірмеймін, ешқашан да“.

— Анита, — деді Даник, — шоколадтан тағы бір тістетші. Содан соң мен ұйықтайын. Бірақ сен осы арадан кетпе, аяғым қатты ауырып тұр.

— Иә, жарқыным менің, — деді әпкесі оған шоколадты беріп жатып, — сен ұйықтағанға дейін мен сенімен бірге боламын.

Әкесі мен әжесі Даникті сүйіп, балаларды оңаша қалдырды. Анита Даникті құшақтады.

— Маған өлең айтып берші, — деп сұрады Даник, — әжем ылағи әндететін еді ғой.

Бұл Аспандағы Әкеге айтылған дұға-жыр еді. Бұл Аспандағы Әкенің түні бойы кішкене балаларды қанатының астына алып, қорғайтыны жайлы және бүкіл күнәларын кешіруді сұрап айтатын жыр болатын. Анита бұл жырды Даникке жиі айтатын еді. Бірақ бүгін кешке оны айтқысы келмей отыр, өйткені көкірегін Лұқаға деген өшпенділік кернеп тұрғанда, күнәны кешіру туралы өлеңді ол тіпті мүлдем аузына ала алмайды. Ол тек кек қайтарудан басқаны ойлай алмады.

— Жоқ, оны емес, Даник, мен саған көктем тура-

лы, гүл туралы басқа әнді айтайын, жақсы ма? — деп сұрады Анита.

Бірақ Даник тұнжырай қабағын түйді. Өйтпегенде ше? Бүгін ол не айтса, Анита соны орындауы керек.

— Басқаның маған керегі жоқ, мен осы дұғаны ғана естігім келеді!

— Жарайды онда, соны айтайын, — деп, Анита күрсіне демін алды да, әндете бастады:

„Шаршадым ғой, дем алайын,
Көзімді жұмшы, Құдайым!
Сүйішпеншілікпен қасымда бол
Сенімімді менің сақтаушым.

Шүбәсіз бүгін айтамын:

Айыптымын алдыңда.

Бар күнәмды кеш: бер тағы

Тәнге — ұйқы, жанға — шипа“.

Анита әнді ақырын, мұңая отырып айтты. Даник жырдың аяқталуын күтпей, ұйықтап қалды. Анита басын көрпеге тығып, жылап жіберді. Ол бүгін өзінің басынан өткен барлық қорқыныштардан кейін өте шаршаған еді, енді міне жаңа ғана көңілі жай тапты. Бірақ бұл қуаныштың көз жасы емес еді. Жоқ, біреуді жек көре тұрып, біз ешқашан да шынайы бақытқа ие бола алмаймыз. Ол күрсініп алды да, орнынан тұрып, төменге түсті. Әкесі сиырларды сауып болды. Мұндай кеш сауу бұрын мүлдем болмаған жай еді. Сондықтан сиырлар тықыршып, тыпырлай берді.

Әжей кешкі асты әзірледі, өйткені түстен бері ешкім тамақтанған жоқ болатын. Бәрі де Даниктің қасында абыржумен болды.

— Ол ұйықтап жатыр, — деді Анита.

Ол отырды да, жалыннан көз алмай қарап қалды.

— Көп кешікпей дәрігер келеді, — деп күрсінді әжесі, — сонда байғұс баланы тағы да ояту керек болады — ау. Енді қанша ұйықтаса да, ұйықтасыншы.

Анита үндемей отырды да, одан әрі шыдамы таусылып:

— Әже, Лұқа сазайын тартуы тиісті. Лұқадан кекті қалай қайтарамыз. Оның осындай ауыр айыбы үшін жазаның қандай түрін қолдану керек екенін білмей отырмын, — деді.

Әжесі бірден жауап бере қойған жоқ, үндемей отырды да:

— Анита, жауыздық жасаған жан өзін-өзі жазалайтынын білмеуші ме едің? — деді.

Жоқ, бұл туралы Анита ешқашан ойламаған еді.

— Даник төменге құлап бара жатқанда, — деп жалғастырды әжесі сөзін, — Лұқаның қорыққанын қайда қоясың? Оның енді уайымнан өзіне-өзі келе алмай отырғанын ойлашы. Оның не істегенін көп кешікпей бәрі еститінін есіне түсіріп, оның қорқып және ұялатынын ойлашы. Оның қазірдің өзінде осылай жазаланғанының өзі жетпей ме? Мүмкін біздің оны кешіріп, оған көмектесуіміз қажет шығар?

Анита әжесінің айтқан ақылының тек біреуіне: „Оның не істегенін көп кешікпей бәрі еститінін ойлап, оның сұмдық қорқатынын ойлашы“, — дегеніне ерекше көңіл бөлді. Бұл тамаша ой ғой! Лұқаның не істегенін адамдардың түгел білуіне енді өзі барлық шараларды жасайды. Қайда бармасын — мектепке ме, әлде елді мекенге ме — ол бәріне де осы туралы айтады. Сөйтіп, әрбір адам Лұқаны жек көретін болады.

Анитаның ойын есікті тырсылдатқан дыбыс бөліп жіберді, табалдырықта Лұқаның әпкесі тұр екен. Бүгін жұмыстан оралған сәтте, таудан түсіп келе жатқан

бұларды көріп, өздерінен сегіз шақырым қашықтықта тұратын дәрігерге телефон соғу үшін, ол елді мекендегі почтаға жүгірген еді.

— Дәрігер Пилияр бүгін келе алмайды, басқа бір елді мекендегі науқас әйелге кеткен екен. Ол үйіне тек түн ортасынан ауа оралады. Маған Даникті ертең таңертең көлікпен ауруханаға жеткізу керек екенін айтты. Дәрігер оны сол жерде қарайды.

— Рақмет Мариям. Біздің атымыздан телефон соққаның өте жақсы болды, — деп әжей алғысын жаудырып, ас үйге беттеді.

Мариям есік алдында аялдап:

— Анита, айтшы, қалай болды өзі? Шешемнің тұнжырап, үндемеуінің себебі неліктен екен? — деп сұрады.

— Бұл тауда болды, — деп қысқаша айтты Анита. — Лұқа мысықты жартастан лақтырып жіберді, ал Даник оны құтқармақшы болды. Лұқа сол кезде оны тоқтатуға тырыспады да. Егер Лұқа Даникті таудан итеріп жіберсе, мен оған таңғалмас едім. Даник аяғын сындырып алғанға ұқсайды. Лұқа ешкімге айтпағандықтан, Даник бірнеше сағат сонда жатып қалды.

Мариямның өңі осы сөздерді естігенде боп-боз болып кетті, — оның ешқашан інісіне деген ерекше сезімі болмаған еді. Егер ол оған жаны аши қараса, Лұқа мүмкін жақсы да, мейірімді болар ма еді, қалай? Айналасындағы адамдардың өздерін жақсы көрмейтінін сезінген балалардың басқаларға деген жүрек жылуының болуы да екіталай емес пе?

— Оны қатаң жазалау керек, оны енді өзім қадағалап жүретін боламын, — деді де, ол үйден жүгіре шықты.

Анита күлімсіреді. Лұқаның туыстарын оған қар-

сы қою — оның іздегені де сол еді. Анита кек қайтарудың басталғанын сезді. Енді бір нәрсені күтудің жөні жоқ, кешкі асты үн-түнсіз ішкеннен кейін, Анита жабырқаңқы қалыппен өз бөлмесіне келді. Қолында шырақ, көзінде жас, ол інісінің бетіне ұзақ үңіле қарап тұрды. Даник қолдарын басынан асыра созып жатыр екен. Маңдайын тыржитып, әлсін-әлсін басын екі жаққа алма-кезек бұрып, ол түсініксіз бірдеңелерді сөйлеп қояды. Анита өз төсегіне қисайды. Шаршағанына қарамастан көзі жуық маңда ілінер емес және өзінің жалғызсырағанын сезіп жатыр.

Бір уақытта аяғын ептеп басып, біреудің келе жатқанын естіп қалды. Бұл — немерелерін көріп кетейін деп, басқышпен ақырын көтеріліп келе жатқан әжесі еді. Басқышпен көтерілу өзіне ауыр тигендіктен, бұл бөлмеге сирек келетін.

— Әже! — деп айқайлап қолын созған Анита, өксіп жылап жіберді.

Әжесі көп уақытқа дейін үндеген жоқ. Анитаның қасына отырып, немересінің басынан сипап, өксігінің басылуына мүмкіндік берді.

— Мынаны тыңдашы, Анита, — деді ақыр аяғында әжесі, — Даник әлі кішкентай болғанда, біз оны шіркеуге апарып, ол үшін Құдайға құлшылық еткенбіз.

Содан бері біз күн сайын Тәңірден оны сақта деп сұрадық емес пе! Тіпті, Даник құздан құлағанда да, Құтқарушы оны құлатпай, қағып алды. Оның алақаны ылағи да Даниктің астында болды. Жаман айтпай, жақсы жоқ, өліп қалғанның өзінде, ол бірден аспанға алынған болар еді. Сондықтан жасыңды сұрт, Даник Құдайдың қолында екеніне одан әрі сенейік, сөйтіп Ол оған жақсылықтарын сыйлай берсін.

— Бірақ Тәңір осы бақытсыздықты неге әкелді? Әже, мен Лұқаны жек көремін. Мен оны өлтірер де едім.

— Онда сен Даник үшін құлшылық ете алмас едің, — деді әжесі жәй ғана. — Құдай сүйіспеншілікті жақсы көреді, біз дұға еткенімізде, осы Сүйіспеншілікке бір табан жақындаймыз. Жүрегіміздегі барлық кек пен күншілдік көктемгі күннен еріген қар сияқты кетуі, тазаруы тиісті. Анита, Лұқаны Құдайға тапсыр, Ол жақсылыққа да, жамандыққа да керегін береді. Бірақ есінде болсын, Құдай Даникті қалай жақсы көрсе, Лұқаны да солай жақсы көреді.

Әжесі Анитаны сүйіп, өз бөлмесіне кетті. Анита әжесінің әр сөзіне өзінше баға беріп, көпке дейін ояу жатты. Соңғы сөздерге ол сенбеді. Оған Құдайдың сүйкімді де, ақжарқын Даникті сүйгеніндей, дөрекі, ұсқынсыз, ақымақ Лұқаны да жақсы көретіні мүмкін емес болып көрінді. Бірақ әжесінің алғашқы сөзі шындық, оны өзі де біледі. Бұл сөздер оны мазалады. Ол шынында да бір жағынан кек қайтаруды жоспарлап, екіншіден, Даник үшін құлшылық етсе, бұл — орынсыз болар еді. Бұл екеуі бір-бірімен сиыспайтын ұғым. Даник үшін құлшылық еткісі келіп еді, бірақ онда Лұқаға деген өшпенділігінің оты өшіп қалады ма деп тағы да қауіптенді, ал ол қайтсе де кек

алмақ! Әзірше Даник үшін әжесі дұғасын оқи тұрсын, ал ол өзі, әділ жаза жоспарын ойластырады.

Ол осы шешімге келген сәтте, Даник кереуетіне отырып, ұйқылы көзбен шошына жылады:

— Аққаршық, аққаршық қайда? Ол ағынға құлап түсті ме?

Анита Даниктің қасына жүгіріп келді.

— Жоқ, жоқ, Аққаршық осында.

Ол мамық жүнді ақ мысықты кереуеттің шетіне көтеріп, Даниктің қолына салды. Даник мысықты кеудесіне қысты да, қатты ұйқыға кетті.

Анита тағы да інісінің демі дұрыс шыққанша біраз уақыт кереуеттің қасында тұрды. Содан кейін төсегіне барып жатты да, ол да ұйықтады.

8 – Тарау

ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАН

Лұқа төсегінде көпке дейін көз ілмей жатты. Басы ауырып, көзі ілінбей жатыр; көзін жұмса болды — көз алдына тұңғиыққа құлап бара жатқан Даник елестейді. Бұл манағы тас қабырғаның жанындағы жардан бөлек, тіп-тік шыңырау құз, ал Даник сол түпсіз тереңге құлап бара жатқандай. Анда-санда Лұқа қалғып кетеді, бірақ сол сәтте шыңғыра шыққан дауыстан жүрегі қатты-қатты дүрсілдеп, шошып ояна береді, өйткені оның түстері шындықтан әлде қайда қорқынышты болды. Шіркін, біреу-міреу осындайда келсе ғой. Оған қараңғыда жападан-жалғыз жату сондай қорқынышты болды. Ол шешесін сағынды. Оның үйде екенін ол білді, өйткені төменгі жақтағы ас үйден оның жүргендегі аяқ дыбысы естіліп жатты. Бірақ оны шақыруға батылы жетпеді. Мүмкін, оның бұған келгісі келмейтін шығар. Соған қоса оның шақырған дауысына әпкесі келетін шығар, ал оны бұл тіпті де көргісі келмейді. Тіпті әпкесінің өзіне айтатын сөзі жайлы ойлағысы да келмеді.

Лұқа ертеңгі күнді ойлай бастады. Оның мектепке баруы керек, ал Анита ондағыларға бәрін айтады. Оны онсыз да жақсы көрмейтіндер көп еді. Енді оны тіпті жек көретін болады ғой. Енді ешкімнің онымен қатар отырғысы да, ойнағысы да, мектепке бірге барғысы да келмес.

Бір кезде басқышпен көтеріліп келе жатқан аяқ

тықырын құлағы шалып қалды, бөлмеге шешесі кірді. Лұқа төсегінен көтеріліп, жылап қоя берді де, қолын шешесіне созды. Бірақ шешесі оған жақындай қоймады, тек кереуеттің шетіне отырып, ұлына түнеріңкі қабақпен қарады. Баласын жұбатқысы келген шешесінің жүрегі сыздады. Бірақ сонымен бірге оның жүрегінде қорқыныш бар еді. Егер Даник ауыр жарақаттанса, Бурни не істер екен? Сотқа берер ме екен? Ал дәрігерге беретін ақы ше? Оған несін төлейді? Байғұс Марель ханым ұлының қайғысына ортақтас екендігін көрсетуден тайсалды. Аяқ астынан олар: „Ұлыңа ара түстің“, — деп жазғырса ше? Оның үстіне ұлын жазалауды ол өз міндеті деп есептеді. Егер ол ақылды ана болса, онда өзінің ұлына жазалаудың көмек бермейтінін түсінер еді. Ол ұлының алдында тұрған көп апталарға созылатын қорқыныш сезімін, жалғыздықты, өзін-өзі кінәлау жазасын алдын-ала сезінер еді. Оның мақсаты — баласын тыныштандыру, мүмкіндігі болғанынша оған көмектесу керек екенін түсінсе ғой. Бірақ оған осы бір сезім жетіспегені өкінішті-ақ.

— Мен сенен мұндайды күтпеген едім, — деді ол ұлына шаршаған кейіппен. — Алда не болары белгісіз. Егер Даник ауыр жарақаттанса, біз кедейленеміз, өйткені емделуі — біздің есебімізден болады. Ал біз оның бәрін төлей алмаймыз. Полицияның араласпасына кім кепіл? Сенің бұл ісің тым сұмдық болды, бұған өзің де шын ұялатын шығарсың деп ойлаймын.

Лұқаның ұялғаны соншалық, ештеңе деп жауап бере алмады. Бұл шешесін әжептәуір ойландырды, өйткені, Лұқа ылғи да сөз қайтарып, өзін-өзі арасалап шыға келуші еді. Лұқаның үндемей қалуы — әдеттегіден өзгеше жағдай.

— Бәрі де жақсы болар деп сенейік, — деді шешесі ақырында жұмсағырақ дауыспен. — Ертең сен Бурниге барып, кешірім сұрауға тиістісің. Мүмкін олар сені кешірер.

Шешесі жауап күтіп еді, бірақ ұлы үндемеді. Ол да үн-түнсіз, абыржыған қалыппен бөлмеден шықты. Көп кешікпей бір тостаған ыстық сорпамен қайтып оралды. Ұлын жұбатуды қаламаса да, тамақтандыруды міндетім деп білді. Лұқа тостағанды алдына алып, сорпаны іше бастады. Бірақ үшінші қасықтан соң шашалып, сорпаны шешесіне қайтып берді. Содан соң жастыққа етпетінен құлады да, еңіреп жылады. Шешесі не айтарын білмегендіктен үнсіз қалды. Бірақ ұлының басын ақырын мейірімдене сипағаннан кейін, баланың өксігі басылды да, шешесі оны жалғыз қалдырып, шығып кетті.

Таңертең оянғаннан соң басы неліктен қатты ауырып, көзі қанталап тұрғанын Лұқа бірден есіне түсіре алмады. Содан барып, ойлар бұлтша бірінен соң бірі оралды да, еңсесін басып тастады. Бүгін ол мектепке барып, басқа балалармен кездеседі. Мүмкін, Даник түнде өліп қалған шығар, оған кінәлы бұл екенін бәрі де біледі. Жоқ, ол мектепке бармайды, күні бойы бір жерде бой тасалай тұрады. Бұл қиын шаруа емес. Ол қарағайлы орманға барып, үйіне тек түстен кейін ғана оралады. Ешкім ештеңені аңғармай қалады. Шешесі оны мектепке барды деп ойлайды, ал мектептен ешкім оны іздеп келе қоймайды: өйткені ол биік таудағы аңғарда тұрады, шындап келгенде, кімнің онда қандай жұмысы бар? Әрине, оның өтірігі шығып қалуы да мүмкін, бірақ оның бар ойы бүгінгі күн туралы болды. Ертең мүмкін, оның көңіл-күйі басқа болуы ғажап емес, немесе Даниктің денсаулығы түзелер.

Одан кейін не болса да мейлі. Ал бүгін оған қашып кетіп, бас сауғалауы керек.

Ол төсегінен тұрып, төменге кетті. Мариям ас үйде екен. Ол тамағын ішіп болып, енді вокзалға баруға жиналып жатқанға ұқсайды. Лұқа ішке енгенде, әпкесі тек басын шайқап, одан теріс бұрылып кетті. Бірақ Лұқа оған қараған да жоқ, ас үйді басып өтіп, шешесіне сиыр саууға көмектесу үшін қораға беттеді. Ол қораға кіргенде шешесі оған таңғала қарады, бірақ ұлы оған ештеңе деген жоқ. Ол тамақты да үндемей отырып ішті. Содан кейін орнынан тұрып, үнсіз шешесінің бетінен сүйді де, шығып кетті.

Шешесі де үйден дәлізге шығып, қақпаға дейін оны көзімен ұзатып салды. Ол ұлына қолын бұлғап еді, ол да бұған қолын бұлғады. Содан кейін шешесінің үйге енгеніне көзі жеткенше, ол аз-кем бұрышта тығылып тұрды. Содан соң тауға ентелей жүгіре жөнелді.

Тымық салқын қарағайлы орманға ентігіп, әзер жетті. Бұл жер ол үшін қауіпсіз еді. Әлі ерте. Ол жерге отырып, көп ойланды. Орман бұл сәтте керемет сұлу еді. Көктемнің хабаршысындай ағаштар бүршік жарып келеді. Қарағайдың діңгегінен шайырлы шы-

рын шығып тұр, оның иісі ауаны хош иіске бөлеп тұр. Бұл жанға жайлы хош иіс жерден де көтеріліп, бұтақтар арасынан сығалаған күн алтын нұрын жерге төгуде. Орман іші тыныштық пен жаңару құшағына енген. Күн нұры ағаш бұталарының арасынан оның жүрегіне жеткендей, Лұқа өзін сенімді сезіне бастады.

Ол күні бойы не істейтіні жайлы әлі ойлаған жоқ. Мектеп асханасынан тамақтанып жүргендіктен, ол тамақ та алып шықпаған еді. Оны керемет тыныштық сезімі билеп алды. Түнді тынышсыз өткізгендіктен, ол жерге созыла жата кетті де, көзі ілініп, ұйықтап кетті. Қара бүлдіргеннің арасында, өзгелердің көзінен таса жерде Лұқа қатты ұйықтап қалды.

Көктемнің жылы желі оның шашынан сипап, анданда бұталар арасынан бетине кын сәулеси түсіп қояды. Еңбек сүйгіш тиіндер бұтадан бұтаға секіріп, тыным табар емес, жақын маңда сылдыр қаға, тастан тасқа секіре өзен ағып жатыр, бірақ Лұқа бұлардың біреуін де естіген жоқ. Ол күн дәл төбеге келгенше тұяқ серіппей ұйықтады. Бұл кезде оқушылар асханадағы ұзын столдың айналасында отыратын, сөйтіп қарны ашқан Лұқа оянып кетті. Бірақ мұнда, орманда, тамақ жоқ еді.

Лұқа орнынан тұрып, әріректегі тауға қарай жүрді. Ол өз-өзінен: „Қайырымды шаруалардың бірі маған бір жұтым сүт берер ме еді?“ — деп сұрады. Осылай келе жатып, ол қолын қалтасына салып еді, бәкісін тауып алды. Ол оны қалтасынан шығарды. Осы кезде ол орманның жоғарғы шетіне жеткен еді, алда шырша мен шамшат өскен жасыл беткей жатыр. Бүршіктер ісініп, енді-енді жарылуға дайын тұр. Кей жерлерде жас жапырақ бүршіктен шығып та үлгерген. Көп кешікпей барлық ағаштар жасыл желекке бөленеді.

Лұқа бөрене үстіне жайғасып, жерден бір ағаш кесіндісін алды да, оны бәкісімен жона бастады. Ол бұрын да ағаштан бірдеңе жонуды ойлап жүретін, бірақ онысынан әлі ешнәрсе шыға қойған жоқ. Бүгін оның қолы бос болғандықтан, оның уақыты да мол болды, сондықтан ол еліктің бейнесін жонып жасауды ұйғарды. Өйткені тауда елік көп болатын.

Ол ағаш кесіндісін селқостана жона бастады. Бара-бара қолындағы ағаш кесіндісінен бір бейне шыға бастады, бұл оның қызығушылығын тудырып еріксіз толғандырды. Ол бірінші рет өз уайымын ұмытып, барлық жан-тәнімен ісіне берілді. Ол көз алдына еліктің бейнесін әкелді, ал саусақтары оның ойын жүзеге асыра бастады. Ең әуелі мүйізді басы мен таңқы мұрны; одан әрі — жақын маңдағы аңшыны аңдыған тік құлағы; жүгіруге дайын — төрт жіңішке сидіған аяғы мен денесі шықты.

Лұқа елік бейнесін жақсылап көру үшін қолын алға соза қарады. Әрине, бейненің кейбір олқылықтары болғанымен, бірақ ол елікке өте ұқсас болды. Оның жақсы шыққан-шықпағанын Лұқаның өзі де білмеді. Бірақ осы бір күйінішті күндерде ол өзін бірінші рет бақытты сезінді. Ол енді немен айналысу керек екенін білді. Қаншама жалқау болса да, қолынан ағаш жону келеді екен! Енді оған жалғыздық түк те емес. Егер өзге балалар онымен ойнағысы келмесе, онда ол осы орман арасына келіп, ағаштан түйін түйеді. Ағаш жонып отырып, ол бәрін де ұмытты, ал оған керегінің өзі де осы еді. Қалай болған күнде де, ол енді осында келіп, өзінің басына түскен күйінішін ұмытуға тырысады.

Ол жоғарырақ шоқыға көтеріліп, төмендегі алқапқа көз салды. Күн тау басына таяп қалыпты. Сонау

алыстағы алқаптан ол жан жаққа кетіп жатқан кішке-не қара нүктелерді көрді. Балалар мектептен шықты. Енді он бес минуттан кейін ол да төмен түсіп, үйіне барады. Лұқа ақырын басып қарағайлы орман арқылы кейін қайтты: үйге шамадан тыс ерте келуге де болмайды.

Күн сәулесі енді алқаптың екінші жағына түсіп тұрды. Тоғай іші салқын және бұлыңғыр тартып, түрлі дыбысқа толды. Лұқа қолын қалтасына салып, еліктің денесін қаттырақ қысып ұстады. Ол оның көңіліне қанағаттанғандық сезімін ұялатты. Ал жүрегі болса, қобалжулы: үйде не естиді екен? Мүмкін, Даник өлген шығар? Бірақ Лұқа дереу бұл ойды аулақ серпіп тастады. Ол бұл туралы тіпті де ойлағысы келмеді. Даник қатты жараланған болар. Лұқа шөп үстінде жатқан баланың аппақ қудай болған бетін тағы да көз алдына елестетті. Бәрін түзетерлік бірдеңе қолынан келсе ғой, шіркін. Амал не, ештеңенің ретін таба алар емес.

Лұқа үйге имене кірді, қол жуғыш жанында тұрған шешесі ұлының бетіне қам жеген кейіппен қарады. Ол ұлы үндер ме екен деп біршама тосты. Ақыр аяғында өзінің әуестігін жасыра алмай, сөз бастады:

— Мектепте қалай екен?

— Жақсы, рақмет, — деп жауап берді Лұқа.

— Даникті білмек болып, Бурнидікіне бардым, — деп сөзін жалғастырды шешесі. — Бурни мырза мен Анита Даникті дәрігерге алып кетті. Олар тек қас қарая қайтпақ. Әжесі өте жұмсақ сөйлесті менімен, Лұқа. Олар жақсы жандар ғой, менімше, кек сақтамай, сені кешіреді деп ойлаймын.

Бұған Лұқа ешқандай жауап қайтарған жоқ. Әжесі мүмкін кешірер, ал Анита — ешқашан! Лұқа оны жақсы білетін.

— Мұғалім болған оқиганы біле ме екен? — деп сұрады шешесі аз-кем үнсіздіктен соң.

— Иә, — деді Лұқа.

— Ол бұл туралы бірдеңе айтты ма? — деп білмек болды Марель ханым.

— Жоқ, — деп қысқа қайырды Лұқа.

Шешесі абдырап қалды. Күні бойы мектепте Лұқаға не болар екен деп ойлаумен болды емес пе? Сөйтсе ештеңе де болмапты. Қайта Лұқа таңертеңгіге қарағанда сенімдірек және көңілдірек болып көрінді.

— Мен сиыр саууға барамын, — деп ұлы ас үйден шықты да, сиыр қораға беттеді.

Оған қора — шешесінің сұрақтарынан құтқаратын баспана болып көрінді. Әйтеуір сиырлардың ол туралы пікірлері жақсы болғанына шүкір! Ол бірден іске кірісті. Содан соң шелекті қисайтып, жарты литр жылы да көпіршіген сүтті сіміріп алып, өзін сергек сезінді. Өйткені, таңертеңгі астан кейін аузына нәр алған жоқ қой. Ештеңе етпейді, бүгін кешкі тамағынан аздап алып қалады да, ертең тағы да тоғайға барып, күнді тыныштық пен қауіпсіздікте өткізеді. Қашан біліп қойғанша, әр күн сайын ол осылай істейді. Ал бұл жағдай тез арада біліне қоймас, өйткені ол елді мекеннен алыста тұрады ғой.

Лұқа сиырды ұзағырақ саууға тырысты. Содан соң сүтпен толы шелектерді алып, үйіне беттеді. Дәлізде ол жұмыстан ентігіп оралған әпкесін жолықтырды.

— Сен кішкентай су жүрексің, Лұқа, — деп дауыстады інісіне сәлемдесудің орнына ол. — Мектепке бармай, бекерден-бекер сенделуін қарашы! Мама, ол күні бойы қайда жүрді екен? Сен оны мектепке баруға мәжбүр етуің керек еді!

Шешесі ашулана жалт бұрылды.

— Сен бос сөзді айтып тұрсың, Мариям! Оның мектепте болғаны рас. Ол үйге жаңа ғана оралды. Байғұс баланы жайына қалдырып, өз ісіңмен шұғылдансаңшы.

— Тағы не дейсің? — деп ашына сөйледі Мариям. — Егер ол жаңа ғана үйге келсе, күнімен қайда жүргенін менің білгім келеді. Вокзалдан келе жатқан жолда, егістігінде жұмыс істеп жүрген мұғалімді жолықтырдым, ол менен: „Лұқаға не болды, ол мектепке неге келмеді? Ауырып қалған жоқ па?“ — деп сұрады. Мен: „Лұқа тым ширақ болатын, — деп жауап бердім. — Ол ертең келеді, ал егер келмесе, мен оны мектепке құлағынан сүйреп әкелемін дедім. Сонымен, Лұқа, тыңдап тұрсың ба? Сенің сенделіп қайда жүргенінді кім біледі? Қалай болғанда да, ертең сені мектепке өзім апарамын“.

— Лұқа, қалай ғана сен мені алдадың? — деп ызалы дауыспен айқай салды шешесі. — Сен шынында да қаныпезер бала екенсің! Саған енді не істеу керек екенін білмей тұрмын.

Абыржу мен ұлының өтірік айтқаны оның соңғы шыдамын шығарып жіберді. Ол алжапқышымен бетін жауып, жылап жіберді.

Лұқа қатты күйінген қалпында пеш алдына отыра кетті. Енді бәрі де оған қарсы. Оның оңаша кетемін деген үміті де сөнді. Ертең оның мектепке баруы керек, ал онда алдынан Анита шығады! Егер ол бүгін барғанында, оны кездестірмеген болар еді. Ол үлкен жаңқаны алып, бәкісімен жона бастады. Содан соң қолын қалтасына салып, ағаш елікті саусақтарымен сипап қойды.

9 – Тарау

ДӘРИГЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА

Арбадағы шөптен салынған төсек үстінде жатқан Даник шарбы бұлттарға қарауда. Олар жасыл алқапта күйіс қайырып жатқан қозыларға ұқсайды. Ол арбаның жақтауынан айналаға көз салғысы келіп еді, бірақ орнынан қозғала алмады. Сондықтан ол аспанға қарап қызықтауда, ал Анита болса, олар жүріп келе жатқан жерлерге сипаттама беруде. Даниктің аяғы аздап ауыра бастағандықтан, ол қабағын түйіп, сіркесі су көтермей келеді. Арба селкілдеген сайын, ол дауыстап жібереді. Ондайда Анита оны сөзге айналдырып, тыныштандыруға тырысатын, ал Даникке өзін осындай маңғаз сезіну ұнап келеді.

— Біз енді елді мекеннің жоғарғы шетіне келдік, Даник, — деді Анита. Біз шіркеудің жанынан өтіп барамыз. Аула тазалаушының ұлы Эмит шіркеу қорасынан сиырларды айдап шығаруда: біреулер қақпаны ашық қалдырыпты.

— Сиырлар шіркеуге кірген бе? — деп сұрады Даник.

— Жоқ, — деп жауап берді Анита. — Олар дуалдың үстімен секіргісі келді, бірақ ол биік емес пе. Енді біз мектептің тұсындамыз, Даник. Оның алдында балабақшаның тәрбиешісі дәліздің еденін жуып жатыр. Бүгін бөлмелерді жинау соның кезегіне тиген ғой, сондықтан барлық балаларды үйлеріне қайтарып жібергенге ұқсайды. Әне, ол бізге қарай келе жатыр! Ол

бізді көріп, сенің жағдайыңды білгісі келген шығар. Ал анда Пиллет ханым мен Ленуар ханым құдық басында кір жуып жатыр. Енді олар да бізге қарай бет алды.

Анита рас айтқан екен. Бәрі де Даниктің денсаулығын білгісі келді. Кішкене елді мекенде бір жағдай бола қалса, жаңалық өте тез тарайтын әдеті емес пе! Мұнда әрбір оқиға туралы көп айтып, ұзақ уақыт ұмытпайды. Лұқаның әпкесі Мариям дәрігермен телефон арқылы сөйлесіп жатқанда, почташының әйелінің құлағы болған оқиға жайлы еміс-еміс бірдеңені шалып қалған болатын. Ал вокзал бастығының әйелі қалғанын таңертеңгі поезды тосып отырған Мариямның өз аузынан естіді. Енді міне, бүкіл елді мекеннің айтатыны осы оқиға туралы, әрқайсысы бұл туралы толығырақ білуге құштар.

Пиллет ханым мен Ленуар ханым күйеулерінің жейделерін құдықтың басында қалдырды, ал дүкен меңгерушісі Даурит ханым екі сатып алушымен бірге далаға жүгіріп шықты. Тәрбиеші шелегін дәлізге тастап кетті. Бәрі де Даник мінген арбаға жеткенше асықты. Әйелдер Даник мінген арбаны қоршап алып, шөп үстінде жатқан Даникті көру үшін аяқтарының ұшына тұрып қарауда. Даниктің жүзі әдеттегіден ептеп солғын көрінгенімен, бірақ бәрін көргеніне мәз болып көңілденді.

— Байғұс бала, — деп дауыстап жіберді тәрбиеші әйел екі қолын жая. — Анита, сен бізге бәрін айтуға тиістісің.

Бұл оқиға туралы бәрі естісе де, оны тағы тыңдауға дайын еді. Анита не болғанын тәптіштеп айтып берді. Әйелдер болса, бастарын шайқап, өкініш білдіріп жатты. Олардың қырсық бала Лұқаға деген ашуызаларында шек болмады.

— Қандай жексұрын бала еді өзі, — деді тәрбиеші. — Мен сәбилеріме енді оның қасына жоламаңдар дейін.

— Мен Петіріме онымен ойнауға тыйым саламын, — деп іліп әкетті почташының әйелі, — жүрегінің қатып қалғаны, оның көзінен-ақ көрініп тұрған жоқ па? Мен оның байғұс шешесін аяймын, — ол бұл сөзді тәкаппарлықпен айтты және бүкіл елді мекеннің сүйіктісіне айналған өзінің беті секпіл күлдіргі ұлы туралы мақтана ойлап қойды.

Даниктің әкесі бұларды дәрігер күтіп отырғанын айтып, асығыс қамшысын үйіріп, делбені қағып жіберді! Әйелдер жол берісіп, арбадағылар жолдың үстімен одан әрі кетіп қалды. Бұдан кейін де әйелдер бастарын қосып, сөйлесе берді. Олар көшенің ортасында тұрып алып, болған оқиғаны талқылай бастады.

Көлік әрі қарай ақырын жылжып келе жатты. Анита асықпай отырып, бәрін түп-түгел Даникке айтуда. Жолдың сол қапталында тау тіп-тік көтеріліп тұр. Оң жақта аласа тас дуал жолды көмкерген, ал қабырғаның сыртында түп-тура өзенге тірелген тік жар.

— Өзеннің суы көбеюде, — деді Анита. — Мынандай жақсы күнде қар тез ериді. Су қарағай тамырын жауып үлгеріпті. Ана бір жердегі құлаған ағаш өзенге салынған көпір секілді. Ой, Даник, оның үстінде кішкене тиін тұр, ол жүгірерін де, жүгірмесін де білмей аңырып тұр.

— Кәне? — деп айқай салды Даник.

Ол жарақаттанғанын ұмытып, орнынан тұрғысы келіп еді, аяғы ауырып кеткендіктен, айқайлап жіберіп, қайта жатты.

— Абайла, — деп ескертті Анита. — Бәрібір тиін тоғайға кіріп кетті. Даник, біз вокзалға келіп қалдық. Ана бір жерде вагонға тиелуін тосып, үш сиыр тұр.

Көп кешікпей үш жолаушы маңайын шуға бөлеген құлама суды артқа қалдырып, екі қапталында жас шетен ағашы қаптай өскен кең жолға түсті. Олар тақтай кесетін жерге жақындағанда, ағаш жаңқасының иісі аңқып тұрды, содан соң заңған гүлі шашырай өскен шалғын арқылы одан әрі жылжыды. Алыстан тағы да үйлер көрінгенде, Анита Даникке қалаға жақындап қалғандары туралы айтты.

— Маған дүкендер туралы айтып берші, — деп сұрады Даник жандана түсіп.

Ол өз өмірінде қалада бір-ақ рет болып, дүкендер жер бетіндегі ең бір тамаша орын болар деп түйгені бар. Былайша қарағанда бұл қаланың қызықтырар ештеңесі де жоқ. Барлық дүкендер тек бір көшенің бойында қаз-қатар орналасқан. Бірақ бұлар өте әдемі дүкендер болатын. Бұл жерде сөрелері нәрлі жеміс қосып пісірген бәлішке, түрлі пішінді тәтті тоқаштарға самсып тұрған нан дүкені бар. Одан әрі киім дүкенінде әдемі тігілген кестелі ұлт костюмдері ілулі тұр. Ең әдемі дүкен — ағаштан ойып жасалған бұйымдар қойылған дүкен еді. Оның сөрелерінде — көкегі бар ағаш сағаттардың неше түрі, сондай-ақ ағаштан ойып жасалған ергежейлілердің бастары, оның тістерімен жаңғақ шағуға болады. Анитаның осы дүкен туралы көп айтқаны соншалық, тіпті көлік ауруханаға жақындағанда, сөйлеуден оның жағы шаршап та қалды.

Қала секілді, аурухана да кішірек әрі жұпыны еді. Бірақ Даник пен Анитаның көздеріне ол үлкен болып көрінді. Бүкіл дерлік сырқаттар балконда күнге қыздырынып жатыр. Кіретін есік айқара ашылған. Әке-

лері арбадан секіріп түсіп, делбені Анитаға ұстатып, өзі ауруханаға кірді. Арада бірнеше минут өткенде, ол зембілі бар екі санитарды ертіп шықты. Олар Даникті ауру қабылдайтын бөлмеге әкеліп, ұзын орындыққа жатқызды. Әкесі оның бас жағына, Анита аяқ жағына отырды. Әдеттен тыс тыныштық және ауруханаға тән иіс үшеуіне де өзіндік әсер етіп, олар үн-түнсіз отырды.

Даник әрлі-берлі өткен медбикелерге қарауда. Олар үстілеріне ұзын ақ желең және бастарына тоқылған телпек киіпті. Бұлар Даникке әжесінің Киелі кітабындағы Періштелердей көрінді.

Олардың көп тосуына тура келді. Әкесі мен Анита бастарын төмен салбыратып, қалғи бастады, ал Даник болса, қатты ұйқыға кетті. Оны кенет қастарына келген дәрігер оятты. Бұл — ұзын қара сақалды, дөрекілеу, жуан дауысты мосқал адам екен. Анита одан ептеп қорқыңқырап та қалды.

Оның келуімен оқиға тез өрбіді. Аяғын рентгенге түсіру үшін, Даникті жеңіл арбамен алып кетті. Бұл оған өте қызық болып көрінді, ол тіпті батылданып, дәрігерден осы рентген суретін үйде өз тұсына іліп қою үшін бермес пе екен деп те сұрады. Содан кейін Даникті қайтып алып келді. Дәрігер Даниктің аяғын созғаны сондай, тіпті Даник аяғының ауырғанынан айқайлап жіберді. Осы кезде Даниктің аяғына тіпті де ұқсамайтын суретті алып келді. Бірақ ол дәрігерге ұнаған секілді. Дәрігер оны зейін қоя қарап, бір нәрсені түсінгендей басын изеді. Содан соң ол Даниктің әжесіне қарап:

— Сіздің балаңыз ауруханада қалуы керек. Оның аяғының сынығы күрделі екен, — деді.

Әкесі бұған мүлдем қарсы болды. Ол өз ұлын

мына қара сақалды, гүрілдек дауысты, қолы да дөрекілеу кісіге тастап кетуге сенбеді.

— Біз Даникті үйде бағып-күтеміз, — деді ол, — олай етуге болады ғой, солай емес пе?

Дәрігер иығын қиқаң еткізді.

— Олай етуге болады, — деді ол, — бірақ осында қалғаны тіптен жақсы болар еді. Мен сіздерге бара алмаймын. Ал сіздерге әрдайым баланың аяғын таңуға әкеліп тұруларыңыз керек болады.

— Оны әкеліп тұруға ерінбеймін, — деп әкесі нық айтты.

Ал Анита болса, өзінің кішкене қолдарын әкесінің үлкен қолдарының үстіне салып, келіскендік сыңай танытып, қысып қойды. Ол да Даниктің үйде болғанын қалады.

Дәрігер тағы да иығын көтеріп, қолын екі жаққа жайды.

Даникті тағы да екінші бір бөлмеге алып кетті. Одан ол жарты сағаттан кейін ғана оралды. Оны алып келгенде оның ештеңемен жұмысы жоқ, өзі ұйқылы-ояу секілді болды және оғаш иістен басқаны есіне түсіре алмады. Анита інісінің жамбасынан тізесіне дейін гипс салынғанын көрді. Ол осыны Даникке көрсетіп еді, ол, аяғына таңырқай қарады.

— Неліктен мен осы қатты ақ шалбарды киіп жүруім керек? — деп сұрады ол абыржыған кейіппен.

Жауапты ала алмаған ол, көзілдірік киген қара сақалдының оған ұнамайтынын және үйге кеткісі келетінін мәлімдеді. Қара сақалды Анитаға да ұнамады. Ал үйге қайтуға бәрі де асық еді: Анита қарны аш болғандықтан; Даник — әбден шаршағандықтан; ал әкесі өз сиырларын ойлағандықтан. Дәрігер баланың аяғын екінші рет рентгенге түсіру үшін келгенде,

бұлардың орнын сипап қалды. Тек алыста, жол үстінде, көк аттың шаршаған үш жолаушыны арбасымен желе түсіп, әкетіп бара жатқанын көрді.

— Ақылсыз адамдар, — деп мінгірледі дәрігер. — Олар, мен оларға бармайды деп ойлаған ғой. Енді мен қымбат уақытымды жоғалтып, балаға бару үшін тауға көтерілуім керек. Тіпті олар қашан келетіндерін де сұрамады ғой.

Шынын айтқанда, бұл туралы дәрігерден сұрауды олар ұмытып та кеткен еді. Әкелерінің есіне бұл жағдай ат тізгінін дуалдан шешіп жатқанда түсті.

— Анита, — деді ол, — Даниктің гипсте қанша жататынын да сұрамапыз-ау.

— Ештеңе етпейді, — деп жауап берді Анита, — алдағы аптада бәрібір қалаға ірімшік алып барасың ғой. Сонда дәрігерге кіріп, сұрарсың. Енді саспауыңа болады. Даниктің гипста көп болуына тура келеді. Біздің мектепте Лео деген баланың қолына осындай гипс салынғанда, ол тура онымен алты апта жүрді.

— Рас па? — деді әкесі аздап көңілі орнына түсіп. — Олай болса, қайта оралмай-ақ қояйық. Кеш болып қалды ғой. Ал дәрігер болса еш жерде көрінбейді.

Ол арбадағы өз орнына жайғасып:

— Жүрейік, кәрібоз жануарым! — деді.

Дұрыс бағытқа түскен ат, желе жөнелді. Олар сағат бесте үйге оралды. Даниктің іші пыспас үшін, төсекті оған залдағы диванға салып берді. Түнде Даник оянған жағдайда қасынан табылу үшін, Анита еденге қалың көрпе төсеп жатты.

Даник апта бойы залдан шықпай, аяғының астына жастық қойып, диванда жатты. Үйдегілердің бәрі де оның қасынан шықпады. Анита мектепке баруды мүлдем қойып, Даникті күтумен айналысты.

Өзіне белгілі оқиғаларды күні бойы қайта-қайта айтып, бар уақытын Даниктің қасында өткізді. Әжесі болса онсыз да тәбеті тартылмаған немересінің тәбеті ашылсын деп, тәтті тағам әзірлеумен болды. Диванның үстінде жатқан ол, бұрынғы жүгіріп жүре алатын кезіндегідей көңілі де шат-шадыман және ашқарақ болды.

Егер Анита далада бір іспен айналысып қалса, інісі терезені ашып тастап, күн нұрына бөленіп, боз торғайша шырылдап, өлең айтады. Өзін бақытты сезіну үшін шын мәнінде оған бүкіл жағдай жасалды. Оған тек өз отбасы ғана емес, елді мекеннің бүкіл баласы қамқорлық көрсетуде. Оның көрікті де сүйкімді анасы осында өсті, бүкіл тұрғындар оны жанындай жақсы көруші еді. Ол қайтыс болғаннан кейін жұртшылықтың көңілі оның балаларына, әсіресе бота көзді, құстың дауысындай ашық дауысты Даникке ауды. Даник өте сүйкімді, бес жаста екеніне қарамай, өте зерек бала болды.

Ал Даниктің өзі, өзіне деген жақсы ілтипаттарға тиесілі заттарға қарағандай қарады. Қанша еркелеткенмен, ол тентектік жасамай өсті. Ол өзіне келгендерден көптеген жақсы сыйлықтар алды, сондықтан орнынан қозғала алмағанына көңілі онша құлазыған жоқ.

Оған балалар келіп тұрды, бұған соғар алдында олар ең әдемі гүлді табу үшін тауды кезетін еді. Көп кешікпей оның кереуетінің жанындағы столдың үсті гүлдер бағына айналды. Даник балалардың келгеніне қуанғандықтан, әжесі олардың айқай-шуына да, бәтеңкелерінің батпағына да көнді. Біраздан соң дәліз — Даниктің өзі басқаратын балалар ойынының алаңына айналды. Мұғалім оған суреті көп қызықты кітап, ал

құс фермасының иесі түрлі түсті жұмыртқа жіберіп тұрды. Наубайшы қарақаттан көз салып, жаңғақтан түйме тағып, ашыған наннан ойыншық бейнесіндегі тоқаштарды пісірді. Анита нанға келгенде ол көзін қуақылана қысып, оның себетіне осыларды салып жіберетін. Мұны білетін Даник себетті өзі ақтарғанды жақсы көруші еді. Өйткені себетте оған арналған сыйлық жататын еді.

Бірақ бәрінен де хат тасушының ойлап тапқаны тіпті өзгеше қызық болды. Бурни хатты өте сирек алатын, сондықтан да хат тасушының бұл үйге келуі үлкен бір оқиға болып саналатын. Мейірімді адам әр апта сайын Даникке табиғат көрінісі салынған ашық хаттарды әкелуді әдетке айналдырды. Ол жотаға көтеріліп, ашық хатты Даникке қолма-қол тапсырып жүрді. Ол әр аптаның әр түрлі күндерінде келетін болғандықтан, Даник ол кісіні күнде, таң атысымен тосатын еді. Хат тасушы ешқашан асыққан емес, сәлемдеменің сөмкесінің түбінде жатуын қатаң қадағалайтын. Даниктің қуанышты да дегбірсіз түрін көріп, ол сөмкесін ақтарып, өзге хаттардың кімге жіберілгенін түгел оқып, ашық хатты іздеген сияқты болатын. Бұл күні елді мекендегілердің біреуі де келген хаттарының аздап умаждалғанына титтей де ренжімейтін еді.

10 – Тарау

ЖАҢА ДОС

Елді мекеннің барлық адамдары Даниктің қамын ойлады. Оның көңілін көтеру үшін адамдардың бәрі де қолынан келген жақсылығын жасап бақты. Екінші жағынан олар бұл арқылы Лұқаны жек көретіндерін білдірді. Бәрі де одан теріс айналды. Алғашқы күндері байғұс шын мәнінде қыспаққа түсті. Мектепте мұғалім оны класстағылардың алдына шығарып, бұзақы, қорқақ деп ұялтты. Балалар оны қуып, оған балшық лақтырды. Тіпті бара-бара оған көңіл аударуды қойды. Лұқаны бұрын да жұрт ұнатпаушы еді: ол ашуланшақ, икемсіз және ажарсыз болатын. Бірақ соған қарамастан ол басқа балалардан оқшау кетпей, олардың ойындарына араласып жүретін. Енді оған жалғыздықты басынан кешіруге тура келді. Ешкімнің де онымен ойнағысы келмеді. Мектепте ол партада состиып жалғыз отырды. Өзгелері екі-екіден отырса, бұл — жалғыз. Ал кішкене балалар оған тіпті жақын жоламайтын болды. Шешелері Лұқаға жақындама деп құлақтарына құйған балалар, оны көрісімен алыстан-ақ жолдан бұрылып кететін болды.

— Ол оңбаған бұзақы. Бурнидің кішкене Данигіне істегеніндей, сендермен де санаспайды, — деп шешелерінің айтқан сөздерін әбден ұққан балалар, Лұқаны кісі жегіш жалмауыз деп түсініп, ол жақындағанда, жан-жаққа қашатын.

Елді мекендегі дүкенде оған ешкім үндемейтін.

Сүт сатушы оған қажетті мерзімнен көп көңіл бөлмейтін, ал нан сатушы әйел, басқа балаларға бергендей, оған печенье бермеді. Әрине, ешкім онымен қатты сөзге келмесе де, оны байқамаған сыңай танытып жүрді. Ал Лұқаның өзінің ұнжырғасы түсіп кеткені соншалық, тіпті жек көрушіліктен құтылудың жолын қарастыруға шамасы да келмеді. Сондықтан ол тұйықталып, ешкімге жоламай жалғыздыққа мойын ұсынды.

Мектепке жалғыз барады, үйге жалғыз қайтады, дүкенге де жалғыз барады, далада да жалғыз ойнайды. Оның мінезі өзгелермен араласуға мүмкіндік бермеді. Ол айналасындағы адамдардың жүздерінен өзіне деген өшпенділікті ғана көріп, бәрі де тек жарақаттанған Даник туралы ойлайды деп, өзін-өзі сендірді. Бара-бара ол бәрінен де тайсақтап, сүт тасушы қариядан бастап, мектептегі ең кішкентай балалардан да қорқатын болды. Ол бұлардың мазағы мен келемежінен қорықты.

Лұқаның өзі Даник туралы жиі ойлады. Бұл ой оны ылғи мазалайтын. Дәрігердің не дегенін Анитадан білгісі де келді. Бірақ Анита оған қарағысы да, онымен сөйлескісі де келмеді. Ал өзі сұрауға батылы жетпеді.

Үйдегілер де Лұқаның бұйығы бола бастағанын, бірақ жұмысқа ынталы бола бастағанын байқады. Ол жұмыс кезінде ғана жалғыздық жайлы ұмытуға болатынын түсінді. Міне, сөйтіп бұрынғы жалқау Лұқа ерінбейтін еңбеккерге айналды. Шешесі оны әлсін-әлсін мақтап, ал әпкесі онымен сыпайы сөйлесетін болды. Мариямның өзі елгезек, еңбек сүйгіш қыз болғандықтан, інісінің жалқаулығын ұнатпаушы еді.

Алайда Лұқа өзін бақытты сезінетін бір ғана орын

болды. Ол орман еді. Биік ағаштар оны бауырына алып, жабырқаушылықты қуып шығатындай көрінетін. Лұқа қолы титтей бос бола қалса, осында келіп, өзінің сүйікті ісі — ағаштан түйін түюге берілетін, осылайша ол жарық дүниедегінің бәрін ұмытатын. Оның қойны қуаныш пен бақытқа толғандай болатын. Қоршаған орманның тыныштығы мен әдемілігі оны жұбатып, жанын жадырататын. Айнала мерекедегідей сәулетті, әрі жарық. Қарағай бұтақтарындағы кішкене бүршіктер жақсылап тегістелгендей, ал ағаш жапырақтарының жұқалығы соншалық, олар жарықты ұстағанынан гөрі, қайта сәулені молырақ етіп жіберетіндей. Ағаш астында отырған Лұқа күннің мейірімді сәулесі шашынан сипағандай, жұмыс істеп отырған қолынан сүйгендей күй кешетін.

* * *

Тауда, жоғарырақта, бойшаң түзу қарағайлар арасында, кішкене жалғыз үй тұрған еді. Онда бір қарт адам өмір сүрді. Ол онда жападан-жалғыз тұратын және оның ол үйге қашан қоныстанғанын ешкім білмеді. Шалдың серіктері — ешкісі, мысығы және бірнеше тауығы ғана еді. Ол өзі аздап ағаш мінезділеу қарт болатын. Елді мекендегілердің бәрі одан аулақ жүріп қорқатын. Ақсақал анда-санда тамақ сатып алуға төмен түскенде, балалардың зәре-құттары қашып, қораларына тығылатын.

Барлығы да оны „тау қариясы“ деп атайтын. Біреулері ол туралы „сараң екен“ десе, басқалары — „ол биікте полициядан бас сауғалап тұрады“ екен деп бөсті, ал үшінші біреулері оны „ақымақ және есалаң“ десті. Неше саққа жүгірткендерімен, ешкім оның

лашығына бас сұққан емес, оның үйінің жанынан өтетін соқпақпен ешкім жүрген де емес.

Бірде Лұқа орман арасына бұрынғысынан арырақ еніңкіреп, түбір үстіне жайғасып, ағаш ою жұмысымен беріле шұғылданып отырды. Ол кішкене ағаш кесіндісінен алдыңғы аяқтарымен жаңғақ ұстаған тиінді ойып жасады. Бір уақытта ол өзінің сырт жағынан біреудің ауыр дем алған дыбысын естіп, жалт қарап еді — тау қариясын көрді. Оның түрі қандай қорқынышты десеңші! Кең жайылған ақ сақалы бүкіл омырауын жауып тұр, ал имек келген дәу мұрны өз олжасына көз салған жыртқыш құсты елестетті. Алғашында қорқып кеткен Лұқа жоғары қарауға батылы жеткенде, шалдың көздері мейірімді де ашық екенін және өзіне қызығушылықпен қарап тұрғанын

көрді. Лұқа одан қашып кете алмады. Өзінің жалғыздығына орай, ол бұл адамнан онша қорқа да қоймады. Бұл қарт оғаш мінезді, жаман да шығар, бірақ ол Лұқа туралы ештеңе білмейді ғой, сондықтан Лұқа батыл да сыпайы:

— Сәлеметсіз бе, мырза, — деді.

Ол бұл сөздерді асықпай және батыл айтты, енді бұдан әрі не болар екен деп күтті.

Қарт қолын созып, баладан ойылған тиінді алып

көрдi. Ол оны ұзақ қарады, әрi-берi аударып көрдi, содан соң қарлыққан дауысымен:

— Сен өз жасыңа лайық өте жақсы ояды екенсiң. Ұстазың кiм? — деп сұрады.

— Мырза, — дедi Лұқа, — менде ұстаз жоқ. Өзiм үйрендiм.

— Онда сен жақсы шебер екенсiң, бұл iс үшiн саған нағыз құрал-жабдық керек. Ендi бiршама шеберлiгiңдi шыңдасаң, сен осы арқылы ақша да табатын боласың. Сенiң тиiнiң тiрi сияқты көрiнедi екен.

— Мырза менiң құрал жабдықтарым жоқ. Оларды сатып алатын ақшам да жоқ.

Қария жауап берудiң орнына жоғарыға тартқан жалғыз аяқ жолды көрсетiп, Лұқаға өзiнiң артынан жүрудi ұсынды. Лұқа ұйқылы-ою адамдай орнынан тұрып, шалдың артынан қалың жынысты орман iшiмен iлесiп жүре бердi. Тау қариясының кiшкене үйшiгi тұрған жотаға жеткенше, бұлар бiр-бiрiне тiл қатқан жоқ. Үй жанына ешқандай қора салынбаған, тек тауықтар үшiн салынған кiшкене күрке бар екен. Ешкi қариямен бiрге ас үйде тұрады екен. Мысық та солардың қасында едi. Шалдың өзi болса, ешкi үшiн қысқа дайындаған шөптiң үстiндегi төсекке жататын көрiнедi.

Лұқа жан-жағына қарады. Ас үй мен бөлме өте жұпыны, аздап оғаштау жабдықталған. Ас үйде кiшкене пеш, стол және бiр орындық қана бар. Қол созым жерде сүт сауатын шелек, кiрлен мен iрiмшiк сығатын пресс қана тұр. Бiрақ онымен бiрге бүкiл қабырғаға, ешкiнiң бойы жетпейтiн биiктiкке, сөрелер iлiнген. Олардың үстiнде қолдан ойып жасалған ағаш мүсiндер қойылған. Бiрқатары өте әдемі, ал кейбiреуі

әдеттегіден тыс ерекше етіп жасалған. Дегенмен мұның бәрі ағаштан түйін түйетін нағыз шебердің қолынан шыққаны мәлім. Аю, сиыр, қой, ешкі, ит, тиін дейсіз бе — бәрі де осында. Кішкене кісілердің мүсіндері бөлек қойылған: еркектер мен әйелдер, гномдар, ергежейлілер мен билеп жүрген балалардың бейнелері. Бұл жерде қақпағына түрлі гүлдер ойылып жасалған қобдишалар мен масақ шоғы салынған ағаш тарелкалар да қойылыпты. Бірақ бәрінен де оған Нұх пайғамбардың кемесіне тізіліп кіріп бара жатқан кішкене жәндіктер мен жануарлардың мүсіндері ұнады. Лұқа бұл бейнелерден көзін ала алмады. Ол қарай берді, қарай берді...

— Бұл менің әуес ісім, — деді қария. — Бұлар маған қыстың ұзақ күнін қысқартуға көмектеседі. Тыңда, балақай, егер сен анда-санда маған келіп тұрсаң, мен саған ағаш оюдың неше түрін үйретер едім.

Лұқа қарияға таңырқай қарады. Баланың жүзі қуанғаннан бал-бұл жанды, енді оны көріксіз деп ешкім айта алмас еді.

— Ата, сіз менің жуық арада ептеп-септеп ақша таба алатынымды айттыңыз ба? — деп сұрады ол аздап ұялыңқырап.

— Кезінде әрине, таба аласың, — деп жауап берді қария. — Менің бір танысым жасалған мүсіндерді жақсы бағаға өткізе алады. Мен оған өзімнің жасағандарымды сатуға беремін. Бірақ кейбіреуіне жұмыс кезінде әбден үйреніп кеткендіктен, оларды өзіме қалдырамын. Менің танысым менікімен бірге сенің жасағандарыңды да сатар еді. Өзіңнің бәкіңе қарағанда менің құрал-саймандарыммен сен әлдеқайда жақсы да, тез оясың ғой.

Лұқа қариядан көзін айыра алмады. Оның жүрегі

оған деген алғысқа толды. Осында, алыстағы тауда, Лұқаға жылы шырай танытқан, бала өзінен қорықпайтын және ол туралы пікірі дұрыс адам табылды. Лұқа қарияның қолынан ұстап:

— О, рақмет сізге, мырза, — деді ол ашық дауыспен. — Сіз маған сондай ілтипат танытып тұрсыз!

— Рақмет айтудың қажеті жоқ, — деді қария. — Мен жалғызбын, досым да жоқ, екеуміз бірігіп, көп істер атқарар едік.

— Мен де жалғызбын, — деді жай ғана Лұқа, менің де достарым жоқ.

Лұқаны енді жаңа ойлар мен ықыластар бойлап алды. Соның ішіндегі ең маңыздысы да, ардақтысы да: таудағы қариядан көргеніндей көп бейнелер — арыстан, піл, түйе, сиыр және қойы бар Нұх кемесін жасап, Даникке тарту ету. Ол сонымен бірге Нұх пен оның әйелінің бейнелерін де ағаштан ойып жасайды. Кеме дайын болғаннан кейін, ол Бурнидің үйіне барып, оны Даникке сыйлайды. Бұған дейін ешкім де Даникке бұдан артық сыйлық беріп көрген жоқ қой. Содан кейін үлкендер оған Даникпен аз-кем ойнауға рұқсат та беретін шығар.

Осы ойлардан кейін Лұқаның жүрегі жиі-жиі соғып кетті. Екі сағат бойы ол өзін нағыз бақытты адамдай санады. Оның бұл бақытты шағы орманнан шығып, өз мекен-жайын көргенше сақталды. Ертең ол тағы да мектепке баруы керек. Ертең тағы да ол өзінің жалғыздығын және бәрінің өзінен безінгенін сезінеді. Бірақ бүгін ол уақытын жаңа досымен өткізді.

11 – Тарау

СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ ЖЕҢІСПЕН ЖЕТУ

Енді Лұқа аптасына үш мәрте қарағайлы орман арқылы жалғыз аяқ жолмен қарттың үйіне барып, кемеңі жонып жасаумен шұғылданатын болды. Жақсы аспап, өткір пышақ және қырнауышпен жұмыс істеу дегеніңіз тіпті тамаша болды. Лұқаның ескі бәкімен жонғанынан, жұмыс әлдеқайда тез әрі жеңіл атқарылатын болды. Қария баланың табиғи дарынына қайран қалды.

Кеме әзір болғаннан кейін, Лұқа жануарлардың бейнесін жасауға кірісті, олардың қатары барған сайын көбейе берді.

Кеме жасаумен айналысып отырған кезде, Лұқаның басына кенеттен тағы бір жақсы ой сап ете түсті. Мектеп директоры қол өнерінен балалар арасында көрме жариялады. Қыздар жағы ілмекпен, бізбен тоқылған шілтер немесе басқа тоқымаларын, ал ер балалар ағаштан ойып жасаған бұйымдарын әкелуге тиісті болды. Балалардың көбі бос уақытында ағаш жонатын, кейбіреуінікі әжептәуір жақсы шығатын.

— Бірақ ешқайсысында дәл мендегідей дарын жоқ, — деп өзіне-өзі күбірледі Лұқа таудағы қариядан үйіне келе жатып. — Мен бірінші жүлдені аламын. Оқуым нашар болса да, ешқайсысының менімен ойнағысы келмесе де, сонда менің неге қабілетті екенімді бәрі де білетін болады.

Лұқа қуаныштан өлеңдетіп те жіберді. Ол бүкіл мектептегілердің назарын өзіне аударып, бірінші сый-

лық алуға бара жатқанын көз алдына елестетті. Мүмкін сонда бәрі де ол туралы көзқарастарын өзгертер? Ол жалы желбіреп, құйрығын көтере, танауын делдите шауып бара жатқан сәйгүлік атты жасамақ. Лұқа жылқыны жанындай жақсы көретін еді. Ол таудағы қарияның үйінен осындай жүйрік атты көріп, оны сүйсіне таңырқай қарағаны бар. Нұх кемесі жақында дайын болады, содан соң оның сәйгүлікті жасауға кірісуіне әбден болады.

Келесі күні ол жоғарыға, тау қариясының лашығына көтеріліп, өз ойын айтуға асықты. Осы ойын ақсақалдың алдына жайып салғанда, жаңа досы оның ойын мақұлдап, Лұқаның өзі ойлағанындай табысқа жететініне кәміл сенді.

— Бірақ сенің неге сәйгүлікті жасағың келеді? — деп сұрады қария.

— Нұх кемесін тапсыруыңа да болады ғой. Бұл өзі өте әдемі жасалды емес пе?

Лұқа басын шайқады.

— Бұл сыйлық, — деді ол шешімді түрде.

— Сыйлық? Кімге? Кішкене ініңе ме?

— Жоқ, бұл аяғын жарақаттап алып, жүре алмай жатқан бір кішкене балаға.

— Рас па? Ол қалайша жарақаттанды?

— Ол шатқалға құлады.

— Байғұс бала! Бұл қалай болды?

Лұқа бірден жауап бере алмады. Достасқандықтан қарияға ақиқатын айтқысы да келді, өйткені, ақсақал бұған өте қайырымдылық жасап отыр ғой. Лұқа оның бетіне қарады да, ақырын сөйлей бастады.

— Бұған кінәлы менмін. Мен оның мысығын тік жардан тастап жіберіп едім, ол оны құтқарып аламын деп мертікті.

Лұқа мұны айтқанына өкініп қалды. Одан да тілін тістеп тұрмады ма? Енді қария да оны жек көріп, өзгелері сияқты қасынан қууы мүмкін. Бірақ қария олай еткен жоқ. Керісінше, ол баланың басынан сипап, өте жұмсақ үнмен:

— Достарыңның неге жоғын енді түсіндім! — деді.

— Иә, — деп күрсінді Лұқа.

— Енді сен мына Нұх кемесі арқылы сол баланың алдындағы кінәңды өтемексің ғой?

— Иә.

— Сен жақсы іс ойлаған екенсің. Қайтадан сүйіспеншілікке жету — қиын жұмыс. Бірақ ұнжырғаң түспесін. Құр бекер келген сүйіспеншіліктен гөрі жеңіп алған сүйіспеншілік әлдеқайда көп бақыт әкеледі.

— Мен сізді түсіне алмай тұрмын, — деді Лұқа қобалжыңқырап.

— Менің айтқаным, — деп қайталады қария, — егер сен өзіңді ұнатпайтын адамды шын жүрегіңмен жақын тартамын десең, ол иіле қоймай, көбінесе, одан бетер шалқая түседі, сонда көңілің құлазып қалады. Соған қарамастан, егер сен оларға сүйіспеншілігіңді сақтасаң, онда олар сенің қылығыңа мән бере ме, жоқ па бәрібір, сен осы ісіңнен бақыт табысың. Қайдағы бір қаңғыған, ешкімді жақсы көрмейтін шалдың осындай сөздерді айтып отырғаны, мүмкін саған ерсі де көрінер. Ол солай. Мен бұған сенемін.

Сол күні кешке Нұх кемесі дайын болды да, жүрегі алып ұшып, толқыған Лұқа Бурнидің үйіне беттеді. Ол үйіне бармас бұрын сыйлықты сонда тастап кеткенді жөн көрді. Олардың үйіне жақындай беріп, жүрегі дауаламай тартыншақтанған Лұқа ағаштың тасасына тығылып тұрды. Қалай сөз бастамақ? Ол не айтпақ? Егер ол Даниктің бір өзін кездестірсе,

жақсы болар еді. Бірақ ылғи онымен Анита бірге болады ғой. Әрине, Нұх кемесін көргеннен кейін, олар оны кешіреді. О, шіркін, егер олар оны кешіре қойса ғой, ол өз өмірінің ақтығына дейін кінәсын қуанышпен өтер еді.

Қорқыныштан қалтыраған, бірақ үмітін үзбеген Лұқа ағаш тасасынан шығып, үйге қарай беттеді. Даниктің кереуеті үйге қайта кіргізіліпті. Анита дәлізде жалғыз отырып, әкесінің пиджагының жеңін жамап отырды.

Лұқа ауаны жанталаса жұтып, басқышпен жоғары көтерілді де, қызға Нұх кемесін ұсынды.

— Мынау... Даникке, — деді ол баяу үнмен.

Өзге сөздері тамағына тығылып қалғандай болды. Ол басын салбыратып, бұдан әрі не болар екен деп, тосып тұрды.

Анита оның қолынан Нұх кемесін алды. Оның жүзі ашуланғандықтан боп-боз болып кетті.

— Сен әлі де мұнда келуге батылың жете ме?! — деп айқайлай сөйледі ол. — Сен Даникке ұялмай сыйлық әкелесің бе?! Жаныңның барында табаныңды жалтырат, ендігәрі бұл табалдырықты аттаушы болма!

Осыны айтты да, ол бар күшімен Нұх кемесін дәліз жанындағы отын ағаштың арасына лақтырып жіберді. Кішкене ағаш бейнелер бөрене арасына кіріп-кіріп кетті.

Лұқа бір сәтке қаққан қазықша сілейіп тұрып қалып, қыздың бетіне сескене қарады. Содан соң бұрылды да, кібіртіктеп басқышпен төмен түсті. Ол тектен-текке әуреленген екен, оны ешқашан кешірмейді. Мұның бәрі босқа кеткен әурешілік болды.

Алайда, бір уақытта, қарияның айтқан сөздері оның есіне кішкене жарық сәулесін түсіргендей, қайта

оралды. Бұлар оның ашынған жүрегіне нұр түсірді. „Еңсесін түсірмей, сүйіспеншілікті жеңіп алғандар, оны тегін алған адамдардан гөрі анағұрлым бақытты болады“. Мүмкін бұл шындық емес шығар? Өйткені, ол қазір ешқандай бақытты сезінбеді ғой. Дегенмен, шынына келгенде, Нұх кемесін жасағанда, оны Даникке сыйлап, қуантам деп ойлағанында, ол өзін бақытты сезінді. Мүмкін, ол еңсесін түсірмей, өз ісін беріле атқарса, бір кездерде біреуі болмаса, біреуі оның ісін лайықты бағалап, осынысы үшін қадірлейтін болар? Алда не болары оған белгісіз болса да, ол онша торыға қоймады. Торығуға әлі ерте.

12 – Тарау

ЖАЙЫЛЫМДА

Даниктің аяғы аса жазыла қойған жоқ. Дәрігер бірнеше рет таудағы ауылға көтеріліп, тексеріп көрді, бірақ қабағы қатыңқы, жұмбақ өңі сыр бермеді.

Далада нарцистер гүлдеп, фермерлер сиырларды тауға айдауға келіскен кезде, Даникті ауруханаға салып, гипсін алды. Сонда ғана дәрігер ең басында жасырып айтпаған хабарды әкесіне айтты: Даник енді өзгелердей жақсы жүре алмайды. Зақымданған аяғы екіншісіне қарағанда қысқалау болды. Бурни мырза үйіне көңілі құлази оралды. Ол ағаш шеберіне барып, ұлына екі балдақ жасауға тапсырма берді. Содан соң етікшіге Даниктің бәтіңкесін ала барып, бір бәтіңкесінің ұлтанын екіншісінен үш сантиметрге биіктетуін өтінді. Ағаш шебері мен етікші жаңалыққа жабырқай қарасып, байғұс баланың қайғысына ортақтасуға тырысып бақты. Ағаш шебері болса, балдаққа аюдың басын ойып салды, онысы балақайдың көңілі көтерілсін дегені, ал етікші бәтіңкенің ішіне шоколадты конфеттерді толтыра салып қайтарды. Екеуінің де ісі табысты болды: Даник болса балдаққа жаңа ойыншық ретінде қарады. Онымен ол жүріп көргісі келді.

Ол бір немесе екі күн бойы үйді айнала шегіртке құсап секіріп жүрді. Бірақ содан кейін ол әкесі жақын арада сиырларды биік таудағы жайылымға айдайтынын естіп білді. Осы сөзден кейін Даник

отыра қалып, жылады. Ол өзінің „аю“ балдағымен бұдан былай әкесімен бірге сиырларды тауға айдай алмайтыны жайлы енді ғана түсінді. Даник бұрын бірдеңе туралы айтып, жылап көрмеген бала еді, ал бұл жолы оның жылағаны көңілді шын құлазытып тастады.

Анита, әкесі мен әжесі үшеуі үш жақтан оны жұбатып, құшақтап, сүйіп жатты. Мұндай әбігершілікті ұнатпайтын мысық арқасын күжірейтіп, мияулады. Даниктің жылауының себебін білгеннен кейін әрқайсысы өздерінше ақылдарын оған айтып жатты. Ақыр аяғында Даник әкесімен бірге кішкене арбамен базар алаңына дейін баратын болып шешілді. Ол сол жерде өріске шығатын сиырларды көретін болады. Содан соң есек жегілген арбамен табынның артынан жүріп отырып, тауға көтеріледі, сонда шөп үстінде ұйықтап, ертеңіне үйге оралады. Анита солармен бірге кетеді, ал әжесі мен мысығы үйді күзетіп қалады.

Міне, сиырларды шығаратын күн де келді. Бақтарына қарай күн ашық болды. Даник барлық оқиғаны өз көзімен көру үшін ерте оянды. Ол бәрін мұқият еске түсіріп, бір жырды айтқысы да келді, бірақ сөзін әлі білмеді. Сонда ол мысықты алды да, көрпесінің астына жатқызды. Даник оған бүгін не болатыны туралы айтып жатыр. Бірақ бұл әңгіме мысықты қызықтыра қоймады. Ол Даниктің қойнынан сытылып шығып, аулаға жүгіре жөнелді.

Араға бір сағат салып Даник төменге, елді мекенге қарай Анита сүйреген арбаның үстінде жатты. Анығын айтқанда, Анита төмен қарай құлдайлаған арбаны бар күшін сала, әрең дегенде ұстады. Жолдың екі қапталына хош иісті сары түстес нарцисс гүлінен жа-

салған кілеммен жабылған секілді. Кей жерлерде ашық сары күнгел ерекше көз тартады. Иісінің күштілігі соншалықты, тіпті шеткі үйлерге жеткенше Даникті қатты ұйықтатып тастай жаздады.

Сиырлардың мойындарындағы қоңырау үні оны оятып жіберді. Ауылдың кіре берісінен жан-жақтан сиырлардың мөңірегені, ер адамдардың дауысы, балалардың күлкісі естіліп жатты. Бірақ бұлар жақындаған сәтте Анита мен Даник түсіне алмаған көрініс ашылды. Бүкіл базар алаңына сиырлар мен бұзаулар толып кеткен. Әрқайсысының мойнында қоңырау. Сиырлар бастарын шайқаған сайын, бүкіл маңайды қоңырау үні жаңғырықтырып жібереді. Дүкенге кіре берісте еркектер бір бұқаның қасында топырлап қалыпты. Олар жан-жақтан айқайлауда, бұл мүйізімен дүкен терезесін сүзгісі келгендей әрекет жасауда. Сиырлардың арасында көптеген балалар да жүрді. Бұл күн балалар үшін үлкен мереке болды — мектепте сабақ өтпеді.

Швейцарияда, көктемде, жер жасыл көрпе жамылғанда, сиырларды тауға айдап, бүкіл жаз бойы сонда қалдырады, ал сай-сайлар мен далалардан оларға қысқа деп пішен дайындалады. Еркектер тауға табынмен бірге кетіп, сонда тұрды, ал әйелдер мен балалар үйде қалды. Сиырларды айдаудың алғашқы күнінде бүкіл табынды ауыл ортасына жиып, балаларға өз сиырларын тауға алып баруға және сонда түнеуге рұқсат етіледі.

Даниктің келуі барлық бала үшін қуаныш болды. Ауруханаға әрлі-берлі барғанын есептемегенде, бұл оның елді мекенге көптен бері бірінші рет аяқ басуы еді. Сондықтан әрқайсысы оны көруге, сөйлесуге ынтық болды. Балалар оның арбасын сүйреді, бір ғажа-

бы, осындай сапырылыста тас көпірден оны аударып алмағандарына тәубе. Әйелдер оны сүйіп жатты. Ал Даниктің есіл-дерті сиырларда, бірақ айналаны қоршаған адамдардың көптігінен ештеңе көрінер емес. Сондықтан ол қолын алдына созып, топталғандарды алдына келтірмеуге тырысты.

Уақыт өтіп жатты, көп кешікпей олар жолға шығуға тиісті болды. Фермерлер табынның алдында жүретін ірі сиырларды іріктеп жатыр. Әрбір отбасының алда жүрер бастаушысы бар, оның мойнына үлкен қоңырау тағылады. Өзгелері, қоңыраулары кішілері, бастаушының артынан ілеседі. Бурни мырза бастаушы сиырды тізгінінен ұстап алып шыққанда, басқалары табын арасынан шығып, оның соңынан ерді. Бурнидің бастаушы сиыры Буреньшка деп аталатын сарғыш-қоңыр түсті, ақ теңбілдері бар мама сиыр болатын. Оған аяғы әлі беки қоймаған алқызыл тұмсықты бұзау еріп келеді. Бұзауды Наполеон деп атайтын.

Бурни мырза сиырды ноқтасынан ұстап, Даниктің арбасына келді.

— Есек жегілген арба дайын, — деді ол Анитаға. — Ол бұрыш сыртында, етікшінің үйінің қасында тұр. Даникті соған отырғыз, ал ағаш арбаны мектептің бұрышында қалдырып кет. Енді біздің жүруіміз керек. Мен алға шыға берейін, ал сендер, Даник екеуің мені қуып жетіңдер.

Осыны айтты да әкелері алға кетті. Балалар да оның артынан жүгіріп кетті. Бүкіл бала Бурни мырзаны жақсы көретін. Анита есек арбамен көп кешікпей оларды қуып жетті. Ол алда делбені ұстап отыр, ал Даник балдағын сипап, артқа жайғасқан, ол балдағын бәріне мақтана көрсетіп, арттарынан жүгіріп келе жатқан балаларға бар дауысымен айқайлап

қояды. Даник осы жолғы тауға барған сапарын есінен ешқашан шығарған жоқ.

Айнала тымық та, таза. Аспан ашық және көкпеңбек, самал жел есіп тұр. Олар даланы басып өтіп, көптеген қоңыраулардың үнімен таңғы тыныштықты бұза, орманға келіп кірді. Сиырлар қарағай инесі төселген сүрлеумен үзік-созық келе жатты. Көп кешікпей бұзау табыннан қала бастады. Даник арбаның жақтауынан еңкейіп, бұзаудың мойын жібінен ұстап, алға сүйреледі. Мұны көрген әкесі жымиып қойды.

— Бұл кішкентай неме қалжырап қалған ғой, — деді ол, — біз оны сенің арбаңа салайық.

Ол тәлтіректеп тұрған бұзауды арбаға көтеріп салды, ал Даник оны мойнынан құшақтап, қуанып қалды.

Бұл сүйкімді бұзаудың көздері кішкене, құлақтары сәл көтеріңкі, маңдайында бірнеше бұйрасы бар. Бұлар осылай бүкіл жол бойы бірге болды, ағаштарды қызықтап, гүлдердің, қарағайлар мен шыршалардың хош иісіне елтіп келеді.

Біраз уақыттан кейін көш орман сүрлеуінен бұрылып, шетке шықты. Олардың көз алдарына жазғы жайылымның тамаша көрінісі ашылды. Ағаш шетінде шағын қора, оған жалғас салынған тұрғын бөлме тұр. Айналаның бәріне нарцисс гүлі қаптаған. Сиыр қора салынған жердің өзі, сол арада қоныстануға шақырғандай, өте тамаша. Қораға тақау тұста үлкен астау көрініп тұр, оған шағын құбырдан таза салқын су ағуда. Сиырлар соған барып, мейірлері қанғанша су ішуде.

Жалғаса салынған бөлме дымқыл әрі салқын еді, өйткені қыс бойы қар астында болды ғой. Бұлар өздерімен бірге ағаш ала келіп, пеш жақты. Анита тере-

зе қақпағын ашқанда, күн сәулесі дымқыл да қараңғы бөлмеге нұр болып құйылды.

Сиырларды сауатын мезгіл жетті. Малдар бірінен соң бірі қораға кіріп жатты. Сиыр сауғаннан кейін кешкі ас әзірленді. Әкесі мен Анита орындықтарға, ал Даник ыңғайлы болу үшін жердегі кілемше үстіне жайғасты. Олар нан, ысталған шұжық пен ірімшік жеп, үлкен ағаш тостағанмен кофе ішті. Бәрі де үн-түнсіз, көктемгі орманның иісіне елти отырып, тамақтанды. Соңғы түйірді жеп болған Даник эзер орнынан тұрып, әкесіне қолын созды.

— Ұйықтағың келді ме? — деп сұрады әкесі оны тізесіне отырғызып жатып.

— Жоқ, — деп жауап берді Даник, — мені таудың төбесіне апаршы.

Бурни мырза ұлына таңырқай қарады. Таудың ұшар басына жету үшін жарты сағат тік көтерілуі керек, ал Даникті көтеріп жүру оңай ма? Бірақ жарымжан ұлының бетінен ешқашан қақпаған әке, бұл жолы да оның көңілін қайтарған жоқ. Шаршағанын ұмытып, Даникті мойнына мінгізіп, бөлмеден шықты. Анита Даниктің пальтосын ұстап, олардың арттарынан жүрді.

Таудың бүкіл беткейіне сирек кездесетін әдемі гүлдер қаптап өсіпті. Анита жүгіріп жүріп гүлдерді теруде. Бурни мырза болса, ендікпес үшін алда аяңдап келе жатты. Төбеге шыққаннан кейін ғана Даникті жерге түсіріп, демін алды. Үшеуі де отырып, айналадағы тамаша көрініске көз салды. Қай жағына қараса да, таудың қарлы басы ұясына батып бара жатқан күннің қызыл шапағымен жалын құсап көрінеді.

Күн батты. Ақшыл көк ымырт қоюлана түсуде, ал таудың биік төбесі күннің соңғы нұрын ашқарақтана

ұстауға тырысуда. Олар қып-қызыл сәулеге малынғандай. Мұндайды ешқашан көрмеген балақай, Альпі тауы жанып жатыр деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ мұндай көрініске еті үйренген Даник тек қызықтаумен отыр. Олар осылай отырған сәтте күн төмен түсіп, көп кешікпей орман сыртынан көрінбей кетті. Енді қар жамылған салқын көгілдір таулардан басқа ештеңе бағдарланар емес. Аспанда алғашқы жұлдыздар көріне бастады. Біраздан соң тау сыртынан ай жүзіп шығады, сонда тау шыңдары күміс сәулеге малынады.

Анита күрсініп орнынан тұрды. Оған соңғы жарық сәулесі мен оның жылылығы тау сыртына еніп, жоғалған соң, мына бір кешкі суық ымырт оған ұнамады. Ымырттың түсуі оған әрқашан қайғы мен жалғыздық әкелгендей болатын. Ол осы бір сәтте осы әдемілікті мүлдем жоғалтып алғандай сезінді. Бұл сезім сол бір түнде, қараңғыда оны оятып, шешең қайтыс болды деген суық хабарды айтқандағыға аздап ұқсастау болды. Үйге оралып, каминдегі оттың ойнақы жалынын қызықтағанға не жетсін. Жанып жатқан шоқтың алдында отырып, түннен оңашалану қандай жақсы...

Бөлмеден сиыр қораға баратын есік ашық еді. Сол кезде от басында отырған үшеуінің қасына бұзау келіп, Даниктің қасына еденге жатып алды.

— Мен бұзаумен бірге ұйықтаймын, — деді батылдықпен Даник.

— Жоқ, Даник, — деп үзілді-кесілді айтты Анита, — одан бүрге жұқтырып аласың.

— Иә саған, егер Наполеонның бүргесі болса, ол әлдеқашан арбада-ақ жұққан шығар, — деді Даник. — Әке, менің Наполеонмен бірге жатқым келеді.

Сиыр қорасының артындағы, тау үстінде ай көрінді де, ол өзінің күміс сәулесін айналаның бәріне төгіп тұрды.

13 – Тарау

ЖАУЫЗДЫҚ ҚЫЛЫҚ

Үш-ақ сиыры болғандықтан және оны жаз бойы басқа табынмен баққандықтан, Лұқа тауға бармады. Сондықтан шөп шапқанша оның уақыты көп болып, мектептен кейін ол таудағы қарияға жиі соғып тұрды. Сәйгүлігі де дайын деуге болады. Оның жасындағы бала үшін бұл тамаша жұмыс еді. Лұқа бұрын жасаған өзге бейнелерге қарағанда — бұл өте әдемі бұйым болып шықты. Сәйгүліктің жалы желбіреп, ал тұяғы жерге тимейтіндей көрінеді. Оған қарап тұрып, шауып бара жатқан аттың тірі бейнесін көз алдыңа елестетесің.

Лұқа аймақтағы жылқылардың жүрісіне, дене бітіміне ерекше көңіл аударып жүрді. Көрме жазғы каникул аяқталатын мезгілге белгіленгендіктен, оның уақыты жетерлік еді. Алайда мектептегі балалар қазірдің өзінде-ақ көрменің қортындысы туралы өз жорамалдарын айта бастады. Көпшілік дауыс сүт сатушының ұлы Миканың жағында болды. Ол ағаштан бағанға жоғары қарай өрмелеп бара жатқан екі қонжықты ойып жасаған болатын. Оның өз ісіне берілгені соншалық, бейне өте әдемі болып шықты. Бірақ Лұқа бұл қонжықтардың итке немесе басқа да бір аңға ұқсастығын байқады. Өзге балалар өздерінің таңданыстарын қызу білдіріп жатқанда, ол бұл бейнеге үн-түнсіз қарап тұрды. „Ал менің сәйгүлігім — бұл тамаша сәйгүлік, — деп ойлады Лұқа. — Оны ешкім де басқаға ұқсата алмайды“.

Алайда балалардың бірде-біреуі Лұқа жасап жатқан бейнені көрмегендіктен, ол жеңіп шығады деп ешқайсысы ойлаған жоқ. Оның өзі болса, сәйгүлігі туралы ешкімге тіс жарған емес, жамандап тастай ма деп қорықты. Міне, енді Миканың қонжықтарын көргеннен кейін, оның арғымағы әлдеқайда жақсы екеніне және бірінші орын алатынына көзі жетті. Бұдан артық ешкімде таңдаулы жұмыс болмады. Ол өзінің жүлде алу үшін алға шыққанын да ойша шамалап қойды. Барлығының жанары оған таңдана да, тамсана да қадалған, сонан соң бәрі де оның сәйгүлігін көруге ұмтылысатын болады. Кім біледі, мүмкін осыдан кейін оған ден қойып, жақсы көретін болар.

Қыздар арасында жүлде жөнінде көп әңгімелер болды. Ата-анасы дүкенде істейтін Мариям әдемі шілтер тоқыпты. Ол бес жасынан бері тоқумен айналысып келеді. Жаклиннің шешесі тігінші болып істегендіктен, қызын қол өнеріне үйреткен еді. Анита да шебер тоқи алады. Ол мектепке бармай тұрғанда, әжесі оны әбден үйреткен еді. Даникті қарап-бағып отырған кезінде, кішкене орындығында отырып, өнерлеп түрлі бұйым тоқуды үйренген еді. Әжесі қасындағы креслода отырып, қажетті ақыл-кеңесін айтатын. Анита көрмеге, Даникке деп тоқыған көк свитерді тапсыруды ұйғарды. Інісі болса, мұны жексенбілер мен мерекелерде ғана киетін болады. Свитерге Альпі гүлдеріндей ашық өрнек тоқып салды. Әрине, әлі тоқып бітпесе де, оның тоқығаны қазірдің өзінде өте тамаша болып көрінді. Оның мектептегі үзіліс кезінде тоқып отырғанын көргендердің бәрі оны мақтады.

— Анита, сен бірінші жүлдені аласың деп ойлаймыз, — деді оған құрбылары. — Свитерге өрнек жа-

сап тоқу Мариям секілді шілтер тоқудан әлдеқайда қиын. Мұнымен әркім-ақ келісетін болады.

Анитаның арманы да бірінші жұлдені иемдену болды. Ол жеңіп шығатынынан үміт үзген жоқ. Бұл арифметикадан алған нашар бағаларын аздап болса да ажарлар еді. Әжесі, әкесі мен Даниктің риза болатындарын айтсаңшы! Онда бәрі де мұны мақтан ететін болады.

Алайда Анитаның мектептен кейін Лұқа сияқты көп уақыты болмады. Міне, оның үстіне пішен дайындау уақыты басталды да, барлық балалар үлкендермен бірге таңертеңнен кешке дейін далада жұмыс істеді. Осы шақта олар бірігіп, өзара бір-бірімен достасып та кетті.

Бурни мырза төмен түсіп өз учаскесінен шөп шаба алуы үшін, оның көршісі өзінің ересек балалары болғандықтан, тауға барып, Бурнидің де сиырларын қарай тұруға келісті. Өз шабындығындағы шөпті шауып бітіргеннен кейін, Бурни мырза ылғи да Марель ханымның учаскесіне барып көмектесетін. Марель ханым болса жесір, ал Лұқа шалғы ұстауға әлі жас еді. Трактор мына тік беткейге көтеріліп жүре алмады. Сондықтан тек қолшалғымен жұмыс істеуге тура келді.

Шалғышы еркектер шауып отырды да, әйелдер мен балалар шабылған шөпті олардың арттарынан ағаш тырнауыштарымен жақсылап жинады. Кішкене балалардың тырнауыштары да кішкене болды. Аяқтарынан тұра алатындардың бәрі шөп жинауға ата-аналарына көмектесті.

Анита мен әкесі бір қол үзбей жұмыс істеді. Олардың шабындығы көп болатын, ал кісі жалдауға жағдайлары келмеді. Олар әлі шық пен гүл үстінде

жалтырап, әтештер жаңа ғана шақырған сәттен, күн шыға тұратын. Бірнеше сағат өткен соң, оларға әжесі мен Даник қосылатын. Әжесі ақырын қозғалып, жиі дем алды. Ал Даник болса, қолына тырнауыш пен балдақты бірдей ұстауға мүмкіншілігі болмағандықтан, мүлдем жұмыс істемеді. Ол кенгуру секілді шөп жалдарының үстінен секіріп, шөмеле үстінде жасырынып ойнады. Шаршаған кезде шалқасынан түсіп, күнге қыздырынып жатып, шалғышылардың ән әуенін тыңдап, ұйықтап қалды.

Бурни мырза әуелі өзінің шабындығын бітіріп, отбасындағыларды пішенді аударыстыруға қалдырды да, Марель отбасының пішендігіне шалғы салды. Марель ханым оқыс оқиғадан кейін шөп шабудан ол бас тартуы мүмкін деп, аздап қорқыңқырап жүрді. Бірақ онысы бекершілік екен. Таңертең тұрғанда ол Бурни мырзаның участкада жіті шалғы тартып жатқанын терезеден көрді.

— Лұқа, тез тұр, — деп айқайлады ол, — Бурни мырза біздің пішендікті шауып жатыр. Тырнауыш алып, шөпті аударыстыр.

Лұқа ұйқылы-ояу пішендікке кетті. Бурнидің бетіне тура қарамай, оған қайырлы таң тіледі. Даник пен Анитаның әкесімен бірге оның жұмыс істегісі келмеді, сондықтан жұмысын одан аулағырақта істеді. Бурни мырза да баламен сөйлесуді аса ұната қойған жоқ. Көршісінің шөбін шауып берудің жөні бір басқа да, оның кішкене ұлын жарымжан еткен баламен сөйлесу — бір басқа. Түс болғанда Анита әкесіне тамақ әкелді. Ол да Лұқаға ешқандай көңіл аудармады.

Бурни мырза Марель отбасының пішендігінде үш күн қатарынан шөп шапты. Үшінші күні мектеп каникулы да аяқталды. Лұқа каникул аяғына дейін бәрін

бітіруге тырысып, әпкесімен және шешесімен бірге шөпті шөмелелеп, тоқтаусыз жұмыс істеді.

Осы соңғы күні Анита әдеттегідей әкесіне түскі тамақ әкелгенде, бәрі де пішен басында болды. Ертең барлық балалар өз қолтумаларын көрмеге ұсынатын болғандықтан, қыз үйге қайтуға асықты. Өйткені, свитерді тоқып бітіруі керек болды.

„Бірінші жүлдені ала алар ма екенмін? — деп ойлады ол үйге келе жатып. — Оны сондай алғым-ақ келеді! Тіпті, ала алмай қалсам ештеңе етпес, бәрібір Даниктің әдемі жаңа свитері болады ғой“.

Шабындық Марель үйінің сыртында болатын. Анита қайтып келе жатып, солардың есігінің алдынан өтті. Күн өте ыстық еді, сөйтіп оның су ішкісі келді. Ас үйге кіретін есік жартылай ашық екен.

„Мен ас үйге кіріп, қраннан аздап су ішейінші“, — деп ойлады ол басқышпен көтеріліп келе жатып.

Мұнда тұрған ештеңе жоқ. Даникпен болған оқыс оқиғаға дейін Анита мұнда, Марель отбасына, өз үйіндей келе беретін. Ол кіре берісте таңырқай тұрып қалды. Ол көзін кіре берісте тұрған столдан алар емес. Оның үстінде ағаш қырнайтын аспап, жоңқалар жатыр екен. Ал олардың ортасында жалы желкілдеп, шауып бара жатқан кішкене аттың бейнесі тұр. Анита тамаша көріністен көзін аудармастан қызыға да, қызғана да қарап, бес минут аялдады.

„Бұл сәйгүлікті Лұқа, әрине, ертең көрмеге апарды. Бәлесін қарашы, бұл неме көрмеге бірдеңе дайындап жатқанын ешкімге айтқан да жоқ. Балалардың ешқайсысы ол ағаш жона білетіні жайлы ойламаған да болар“. Ат тамаша жасалған. Лұқамен екі арада қара мысық өткеніне қарамастан, Анита мұны мойындауы керек болды. Егер Лұқа ертең кон-

курсқа атын апарса, сөз жоқ, бірінші жүлдені жеңіп алады — онымен еш нәрсені салыстыруға болмайды. Ал егер ол бірінші жүлдені алса, бәрі де оның жұмысын сөзсіз мақтайды, Лұқаның өзін мақтаныш етулері мүмкін. Сонан соң бәрі де оның Даникті мүгедек еткенін ұмытатын болады. Егер Лұқа бірінші жүлдені алса, оның жүзі бақыттан бал-бұл жанады: иегін жоғары көтеріп, маңғаздана жүлдені алуға алға шығады. Ал Лұқаның бақытты шағын көру — жоқ, бұған Анита шыдай алмас. Неліктен ол бақытты болуға тиісті? Ол өзін ешқашан бақытты болмайтын дәрежеге жеткізді ғой. Оның бақытты болуға құқы жоқ! Ал Анита болса, бұл жағын ойлап қарастыра алады.

Ол бұл араға дәл уағында келген екен. Стол мен кіре беріс сүйенішінің биіктігі бір деңгейде еді. Ағаш жаңқалар арасында жел гулеп тұрды. Демек, жел сәйгүлікті жерге ұшырып түсіруі ықтимал ғой. Сынған және балшыққа былғанған, тапталған ағаш арғымақты біреу тауып алса, оның желден құлап түскеніне ешкімнің шүбәсі келе қоймайды. Анита қолын созып, атты итеріп жіберді. Ол жердегі тастың үстіне барып түсті. Анита тез шығып, оны аяғымен таптай бастады. Желмен ұшып түскенді әркім-ақ байқамай, аяғымен басуы мүмкін ғой.

Сөйтіп, Лұқаның сәйгүлігі сынып жатты. Анита аяғының ұшымен баса үйіне беттеді. Бір уақытта ол, өзіне жарықтың сөнгенін, айналаны қоршаған ортаның бұрынғыдай тамаша болып көрінбейтінін сезді. Анита таңғалды: бұл неліктен? Аспанда бірде-бір бұлт күнді бүркемеді.

Ол үйіне жақындағанда оның алдынан қатты, қуанышты дауыспен Даник шықты. Жақсы бір іс болғанға ұқсайды. Егер дені сау болса, жүгіріп келіп,

әпкесінің мойнына асылар еді. Бірақ ол тек қана балдақты алшаңдай бастырып, үлкен адыммен алдынан шықты.

— Анита, Анита! — деп дауыстады ол, қуанышын білдіріп. — Біздің отынның арасына сиқыршы келгенге ұқсайды. Мен бөренелердің артында үй тұрғызып ойнап едім, сол жерден ұзын тұмсықты піл, қалқан құлақты қоян, бірнеше — сиыр, ешкі, жолбарыс, тіпті мойны ғажап ұзын жирафты да таптым. Жүр, мен саған көрсетейін! Олардың әдемілігі сонша, көз байлаушыдан басқа оларды ешкім де ол жерге қоймайды! Рас қой?

— Мен білмеймін, — деп жауап берді Анита.

Оның дауысынан ызғар байқалды. Даник әпкесінің қуанбағанына қайран қалды. Бұл болса, туылу мейрамы таңында кебісінен ақ мысық тауып алғанындай, мынау да сол сияқты тамаша ғажайып оқиға емес пе!

Анитаның ағаштан ойылған жануарлар мен аңдарды көргеннен кейін, сөзсіз қуанатынына Даник сенімді еді. Ол оны отын жатқан жерге дейін ертіп апарды да, өзі соның сыртына шығып, көрінбей кетті. Көп кешікпей ағаш бейнелер қаз-қатар қойылған тақтайшаны көтеріп алып келді. Даник әпкесіне қарап еді, бірақ өкінішіне орай, Анитаның жүзінен таңырқаушылықты да, қуанышты да көре алмады.

— Бұларды басқа бір бала осында лақтырып жіберген шығар, Даник, — деді ол ақыры тыныштығы кетіп, — осыншама қуанатындай олар сондай жақсы емес қой!

Ол осы бір сәтте өзіне-өзі кейіген сыңаймен бұрылып, үйге беттеді. Даниктің қуанышына ортақтаспай, қаталдық жасағаны сұмдық! Онымен мұндай түрде сөйлесуге бола ма? Не болды өзіне?

Анита өзіне не болғанын білді: ол жаңа ғана опасыздық, жауыздық іс жасап келді. Осы істеген қылығы үшін жүрегі қысылып, жарық дүние қараңғыға айналғандай болды. Бүкіл қуанышы мен көтеріңкі көңілі сап тыйылды. Анита бұл ойдан ешқашан арыла алмас, мұнысын ешқашан ұмыта да қоймас. Ол жоғары қарай, жататын бөлмеге жүгіре жөнеліп, төсегіне құлай кетті де, жылады...

14 – Тарау

ҚАРТТЫҢ ӘНГІМЕСІ

Жұмысты бітірген Лұқа, қуанышты жүрегімен, сол кеште-ақ үйіне жүгіріп келді. Ол бүгін жұмысты жақсы істеп, өте шаршады. Сондай-ақ оны үйде оның сәйгүлігі күтіп тұр ғой! Ертең ол оны мектепке апарғанда, оның ағаштан түйін түйетінін бәрі де білетін болады. Ол басқышпен кіре беріске көтерілді де, сонан соң өз көзіне өзі сенбей аз-кем аялдады: аты еш жерде жоқ, стол үстінде аспабы мен жоңқалар ғана жатыр.

Шешесі үйге одан ертерек келген болатын. Мүмкін, ол оны үйге апарған болар? Ол ас үйге жүгіріп барды.

— Мама, мама! — деп дауыстады ол. — Менің атымды қайда қойдың?

Шешесі шылапшыннан таңдана басын көтерді:

— Мен көрген жоқпын оныңды, — деп жауап берді. — Сен, мүмкін, өзің басқа бір жерге қойған боларсың.

Осы сөздерден кейін Лұқа боп-боз болып кетті, жүрегі бір нәрсені сезгендей алып-ұшты.

— Мен басқа жерге қойғаным жоқ, стол үстінде қалдырып кеткенмін. Мұны мен анық білемін. Ау, мама, ол қайда болуы мүмкін? Маған оны тауып алуға көмектесші.

Шешесі сол сәтте кір жууды қойып, оның соңынан кетті. Лұқаның бірінші жұлде алуын ол да қалаған еді. Бұлар бұрыш-бұрыштарды қарап, сәйгүлікті көп уақыт нәтижесіз іздеді.

Осы кезде Марель ханымға бір ой сап ете түсті.

— Мүмкін ол кіре берістегі сүйеніш арқылы жерге құлаған болар? — деді ол. — Бар, төменді қарап ізде.

Лұқа төменге жүгіріп кетті. Көп іздеп, әуреленудің керегі болмады. Төменде, батпақтың арасында тамаша сәйгүліктің қалдықтары, быт-шыт болған сынықтары ғана жатыр екен. Лұқа сынықтарды жинап, үйге шешесіне әкелді. Шешесі мұны көріп, қатты айқайлап жіберді. Оның дауысынан Мариям бөлмеден жүгіре шықты. Екеуінің де бірдеңе деуге дәрмендері жоқ, сынып, бүлінген бейнеге үрейлене қарап қалысты. — Мұны, мүмкін, мысық, түсірген болар, — деді ақырында Мариям.

— Oh Лұқа, маған өте аянышты! Көрмеге апаратын басқа ештеңең жоқ па еді?

Шешесінің тек:

— Oh, Лұқа-ай! — деп дауыстауға ғана шамасы келді.

Бұл үннен көп жайды ұғынуға болатын еді.

Лұқаның өзі болса, аузын да ашқан жоқ. Ол бөлмеге кіріп, қабырғадағы сағатқа қарады.

— Мен тауға кеттім, — деді ол сыбырлай сөйлеп, — тамақ піскенше келемін.

Ол басқышпен тез жерге түсіп, шабылған жермен жүгіре жөнелді. Шешесі артынан үрейлене қарап қалды. Лұқа ағаш ішіне кіріп, көрінбей кеткенше көзін алған жоқ, содан кейін үйге кіріп, шылапшын үстіне ауыр күрсініп, еңкейді. Жанарынан тамған бірнеше тамшы көз жасы сумен араласып кетті.

— Баланың жолы болмай-ақ қойды, — деп күбірледі ол. — Шынын айтқанда, түбінде оның бірдеңеге қолы жетер ме екен?

Лұқа орман ішін шаршағанша аралады. Кішкене

сары тиіндер бұтақтан бұтаққа секіріп, жаңғақтарды лақтырып жүр. Бірақ Лұқа маңайындағылардың бәрін сезер емес. Ол тек өзінің сынған сәйгүлігі туралы ойлап, қатты қапалануда. Шын мәнінде өзі ғана ие болатын бірінші орын енді басқа біреуге бұйырады. Ал одан бәрі бұрынғысынша безінеді. Ағаштан қалай бұйым жасайтынын бәріне ұялмай көрсететін мүмкіншілік енді оған тие де қоймас. Бірінші жұлдені жеңіп ала алмаған ол — енді ешкімге де керек болмайды.

Ол орманның шетіне шықты. Осы арадан, ағаштардың үстінен, таудың қарлы ақ шыңдарын көре алатын болды. Олар жасыл орман жамылған аласа тауларға қарағанда әлдеқайда асқақ көрінеді.

„Басқа бір жаққа қашып кете алсам ғой, шіркін! Алысқа кетсем ғой! — деп ойлады Лұқа. — Ешкім мені білмейтін, не істегенімнен бейхабар жерде өмірді жаңадан бастар едім. Егер мен басқа бір жерге кете алсам, онда мен ауылымдағыдай адамдардан қаймықпас та, қорықпас та едім“.

Оның көзі екі таудың ортасындағы, басқа үлкен қалаға апаратын асуға түсті. Сонда әпкесі Мариям жұмыс істейтін еді. Бұл асу әрдайым оны қызықтыратын. Ол бұған басқа әлемге апаратын, таныстарынан, таныс істерінен алыстататын жол болып көрінді. Ол жерде қайтпас қайсар жиһанкездер көз жұмды. Осы асудан өзі де екі рет өткен еді. Бірақ ол жазда, күн қыздырып, асуды гүл жапқан кезде болатын.

Қазір асу батып бара жатқан күннің соңғы сәуле-сімен қызғылттана көрінеді. Лұқаға ол абақтының азаттыққа шығарар есігіндей елестеп кетті, демек, күн бататын елде жеңілдік табу үшін, ол жерге ол жалғыз баруы керек.

Лұқа тау қариясын бірінші болып байқап қалды. Шал есік алдында қабырғаға сүйеніп, аңғардың ар жағындағы таудан көз алмай қарап отырды. Лұқа жақындағанда, ол да оны байқап қалып, жымыды.

— Ә, — деді ол өзіне тән жуан дауысымен. — Сен бе тағы келген? Ал жұмысың қалай, жүлденді қашан аласың?

— Маған жүлденің ауылы алыс, — деп тұнжырай жауап берді Лұқа. — Сәйгүлігім быт-шыт болып сынды. Меніңше оны мысық құлатқан болуы керек, ал біреу оны таптап жаншып кеткен.

— Аһ, қандай өкінішті! — деп қария өкінішін білдірді. Сен көрмеге басқа бір нәрсеңді апаруыңа болады ғой. Алдында жасаған елің қайда? Бұл өте жақсы бейне.

Лұқа жолдағы тасты аяғымен теуіп жіберді.

— Мен оны нағыз жақсы аспапсыз жондым ғой. Сонымен бірге өзгелер бұл оның ең таңдаулы жұмысы деп ойлайды. Жоқ, мен сәйгүлікті көрсете алмаған екенмін, басқа ештеңе де ұсынбаймын.

— Біреулердің сен туралы не ойлайтынында жұмысың қанша? — деп таңданды қария.

— Бар, — деп күбірледі Лұқа.

— Қалайша?

Лұқа жерге қарады. Ол не айта алады? Бірақ қария оның досы, жарық дүниедегі жалғыз досы еді. Мүмкін, барлығын айтса қайтеді?

— Бұл үлкен роль атқарады. Өйткені, балалар мені жек көреді, қолымнан ештеңе келмейтін ақымақ деп ойлайды. Егер мен жүлдені жеңіп алғанда, олар өзге балаларға қарағанда ағаштан өте жақсы бейне жасайтынымды білген болар еді, сонда мүмкін, олар мені жақсы көрер еді.

— Ал меніңше, жақсы көрмес еді, — деді қария. — Тек өз пайдаңа ғана пайдаланған мүмкіншілік есебінен ешқашан да өзіңді басқаға жақсы көрсете алмайсың. Мүмкін, қызыға да, қызғана да қарар, бірақ жүректеріне жол таппайсың. Егер сен осыны мақсат етсең, өз уақытыңды зая кетіргенің.

Лұқа әлі де жерге қарап, бас көтерер емес. Бірақ осы сөздерден кейін ол көзі жасқа толып, қарияға қарады да, сыбырлай сөйледі:

— Онда бәрі де зая болғаны ғой. Бәрі де мені жақсы көруі үшін барлығын жаңадан бастау мүмкіншілігі менде болмағаны ма? Адамдар, мүмкін, енді маған ешқашан жылы қабақ таныта қоймас.

— Егер сені барлығы ұнатсын десең, — деп сеніммен сөйледі қария, — сен оларға мынандай көмек жасауың керек. Сен өзіңнің мүмкіншілігіңді басқаларды жақсы көруге және соларға қызмет етуге пайдалануың қажет. Әрине, бұл ә дегеннен бола қоймайды. Мүмкін, бұған жылдар керек болар. Бірақ сен сүйіспеншілік көрсетуге және қызмет етуде табандылық көрсетуіңді жалғастыра беруің керек.

Лұқа басын көтеріп, қарияға телміре қарады. Тілінің ұшында айта алмаған сұрағы қалып қойды. Осындай жұртты сүю, жақсы көру туралы көп білетін қария басқалардың көзіне көп түспей жырақта, тауда неге тығылып отыр?

Қария баланың ойын аңғарғандай сыңай танытты. Мүмкін, Лұқаның маңдайының тыжырынуынан немесе көз алмауынан байқап та қалған шығар.

— Сен менің басқаға сүйіспеншілік туралы, қызмет ету туралы айтып, өзімнің тауда жападан жалғыз тұрып жатқанымға таңғалып тұрсың ғой, осы сөзім рас па? — деді қария. — Сенің маған осындай сұрақ

қоюың әбден орынды. Бірақ бұл сырдың ұзақ тарихы бар.

— Сіз дәл таптыңыз, — деп мойындады Лұқа. — Мен сізді адамдармен тіл табысу, оларды сүю мәселесінде қиын жан деп ойладым. Жалғыз тұрасыз, менен басқа ешкіммен сөйлеспейсіз де.

Қария батып бара жатқан күн сәулесіне бөленген таудың ұшар басынан көз алмай, бірнеше минут үнсіз отырды. Сонан соң ол былай деді:

— Мен саған өз тарихымды айтайын. Бірақ есіңде болсын, бұл екеуміздің арамыздағы құпия. Мен бұл туралы әлі ешкімге тіс жарғаным жоқ. Сен маған сенген екенсің, мен де өз әңгімемді саған сеніп айтайын. Мен сонау алыстан бастайын.

Мен әке-шешемнің жалғыз ұлы болдым да, әкем ештеңеден қолымды қаққан жоқ. Әрине, мен өте ерке болып өстім. Ойлау қабілетім де жаман емес еді, бірақ асқан өзімшіл болдым. Ержеткен соң бір банкке жұмысқа орналастым. Ынтамен жұмыс атқарып, біршама байлыққа да қолым жетті. Сонан соң бір қызды ұнатып, үйлендім. Құдай бізге екі кішкентай ұлды берді. Отау құрған алғашқы жылдары жақсы күйеу, жақсы әке болдым. Кейін жаман жолдастарға кездестім. Олар мені үйлеріне шақырды. Олар карта ойнап, көп ішетін еді. Мен оларға еліктеп, солардай болуды армандадым. Бара-бара ішімдікке салынып, оған барынша көп ақша жұмсауыма тура келді. Оның үстіне картадан ұтыла бердім. Күн өткен сайын құлдырай бердім. Үйге сирек соғатын болдым, онда да мас болып келемін. Менің екі кішкентай ұлым менен қорқатын болды, сөйтіп мені жақсы көруді қойды. Әйелім болса, жалынып, мен үшін дұға да оқыды, бірақ мен жаман әдетімнен арыла алмадым. Маскү-

немдік дегенің мені тырнағынан босатар емес, осы тұңғыықтан мені шығарып алатын ешқандай күшті таба алмадым. Тапқан ақшамыз өзімізге жетпей, жұрт біз туралы жаман сөйлей бастады.

Банк бастығы маған екі рет ескерту жасады. Үшінші ретінде, мені мас күйімде көшеден тауып алғанда, жұмыстан шығарып жіберді. Сол күні үйге сау оралып, әйеліме жұмыстан босап қалғанымды айттым. Ол жаймен ғана: „Онда маған жұмысқа орналасуға тура келеді. Біз ұлдарымызды әрдайым ұятқа қалдыра бермейік“, — деді.

Мен басқа қызмет табуға тырыстым. Бірақ бұл уақытта менің кім екенімді бәрі білетін, сондықтан еш жерге мені қабылдамады. Карта ойнап, ақша табуды да ойластырдым, бірақ онда да сәтім болмады. Ақыр аяғында қолымда барын түгел ұтқыздым. Әйелім күнде жұмысқа барып жүрді. Ол жұмысқа да, үй шаруасына және балаларға қарауға да үлгерді. Ал оның тапқан жалақысы өмір сүруге жетпеді. Бір күні үйге оралғанда ол біз қарыздар екенімізді, ал төлейтін ештеңе жоқ екенін айтты. Қарыздардан құтылып, ішімдік алу үшін маған ақша қажет болды. Банкте жоғары лауазымды қызметте істегенім тегіннен-тегін емес қой. Оның кіретін және шығатын жерлерін тегіс білетінмін, сөйтіп ақша ұрлауды ұйғардым.

Жоспарым табысты болды. Көп ақша алып шықтым. Бірақ көп кешікпей менің ұрлық жасағанымды білгенде — мені тауып алды да, соттады. Ұрлаған ақшам мол болғандықтан, оны қайтару қиынға соқты да, менің ұзақ уақыт түрмеде отыруыма тура келді. Қайғыдан әйелім қатты ауырып қалды. Ол балаларға жетсін деп, жарым құрсақ бола жүріп, көп жұмыс істеді. Ол үш рет түрмеге келген еді, сонда оның өте

шаршап жүргенін, жүдегенін байқадым. Бірде үлкен ұлым шешесі енді бұдан былай маған келе алмайтынын жазды.

Бірнеше аптадан кейін мені полициямен бірге үйге әйеліммен қоштасуға жіберді. Ол әл үстінде жатыр екен. Маған өкпе ауруынан өлгелі жатыр десті, бірақ мен кеселдің жүрек қайғысынан болғанын білемін. Оны өлімге душар еткен менмін. Мен оның қолын ұстап, төсегінің жанында тәулік бойы тапжылмастан отырдым. Ол маған Құдайдың сүйіспеншілігі мен қайырымдылығы және күнәны кешіретіні туралы айтты. Мен оның демі біткенше жанынан бір елі шыққан жоқпын. Сонан соң полицейлер мені қайтадан түрмеге алып кетті.

Ал одан кейін не болғаны — маған түс сияқты елестейді. Мен бәрінен үмітімді үздім. Тек бір ғана ермегім қалды, ол — ағаштан түйін түйю. Оны мен баяғыдан жақсы көретінмін. Сөйтіп жұмыстан бос кезімде маған аспабымды пайдалануға рұқсат етілді. Мен барған сайын өз ісіме машықтана түстім. Тіпті бір мейірімді қараушы менің жасағандарымды қалаға апарып, оларды сататын болды. Сөйтіп, мен ештеп ақша таба бастадым. Әрине, мардымсыз болса да, бір кезде өмірді қайтадан бастауға тура келер деп, ақшаны жинай бердім.

Ол сәт мен ойлағаннан ертерек келді. Мені бастыққа шақырып, жақсы тәртібім үшін ерте босатындарын, үш аптадан соң еркін азамат болатынымды айтты. Мен қайтадан казармама келіп, не қуанарымды, не өкінерімді білмей, дал болып отырдым. Көп кешікпей түрмеден шығатыныма қуануым керек еді. Бірақ қайда барамын, өмірді қайтадан қалай бастаймын? Бір нәрсені ғана табанды түрде шештім: ұлдарым мені ешқашан көрмеулері немесе қайда екенімді

білмеулері тиісті. Мен түрмеде отырғанда олар атасы мен әжесінің қолында тұрып, әбден мені ұмытқандай болды. Мен олардың ақылды, жақсы адам болып өсетіндеріне сендім, келешектері қамтамасыз етілген. Өзімнің өкінішті өміріммен олардың сағын сындырғым келмеді. Олар үшін менің барымнан жоғым жақсы.

Түрме бастығы жаңа өмір бастауым үшін маған көмегін ұсынды. Бірақ мен туралы біреу де білмесін деп, көмектен бас тарттым. Босанып шығу күні жеткенде, мен түрмеде азды-көпті жиған-тергенімді алып, бірінші поездбен „көз көрмес, құлақ естімес жер“ деп осында келдім. Мен поездан осы елді мекенге түсіп,

табын айдаған адамды жолықтырдым: сиырлар сынған дуалдан қарғып, біреудің жеріне түскелі жатыр екен. Мен оған сиырларын жолға салуға көмектесіп, маған бір жұмыс табылмас па екен деген сауал қойдым. Оған ешкімнің қажеті жоқ екен, бірақ таудың жоғары жағын нұсқады. „Анда, — деді ол маған, — баласы қалаға оқуға кеткен бір шаруа тұрады. Оған көмекші өте қажет“.

Мен сол күнді еш уақытта ұмытпаспын. Қораға келгенде, шаруа үй алдында отын жарып жатыр екен. Мен оның алдында қарным ашқандай, шаршағандай кейіппен үн-түнсіз тұрып қалдым. Жүрегім қайғыдан шаншып барады. Ешқандай сөз қоспай, оған бақташы керек екенін естігенімді айттым. Мені жұмысқа алар ма екен?

Ол мені басымнан аяғыма дейін қарап өтті. Жүзі жылы, көзі мейірімге толы көрінді. „Сен біздің елден емессің, — деді ол. — Қай жақтан келдің, кімсің?“ — „Мен Женевадан келдім“, — дедім оған. „Кім болып істейсің?“ — „Қазір жұмысым жоқ“. „Бұған дейін немен шұғылданып едің?“

Осы арада әдемі бір өтірікті келістіріп айтып жіберуге де болатын еді, бірақ бұл адам маған иманды жүзімен қарағандықтан, жалған айту жадыма да келмеді. Мен оған барлық шындықты айтуды ұйғардым. „Мен... мен жаңа ғана түрмеден босандым“, — дедім ақиқатын айтып. „Түрмеде не үшін отырып едің?“ — „Ақша ұрлағаным үшін“. — „Менің ақшамды ұрламайтыныңды қайдан білемін?“ — „Мен өмірді қайтадан бастағым келеді. Құдай үшін маған сеніңіз. Егер сенбесеңіз, мен кетемін“.

Ол тағы да мені көзімен басымнан аяғыма дейін шолып өтті, сонан соң қолын берді. Мен оның қа-

сындағы орындыққа отырып, жылап жібердім. Түрме адамды бұзады екен.

Мен осында бес жыл жұмыс істедім. Ешкіммен достасқаным да жоқ, демалыс та алмадым. Менің бір ғана қуанышым — өзім жақсы көрген адамға адал қызмет ету болды. „Неліктен бұл осылай істеді?“ — деп өзіме-өзім жиі сұрақ та қойып жүрдім. Бірде жексенбіде қаладан келген ұлымен сөйлесіп жатқанын естідім. „Әке, — деді ұлы, — неге сен мына ұрыны қабылдадың? Бұл сенің тарапыңнан ақылды іс бола қояр ма екен?“ — „Ұлым менің, — деп жауап берді шаруа, — Мәсіх күнәкарларды қабылдайды, ал біз — Оның шәкірттеріміз“.

Жазда біз сиырларды тауға шығарып, міне осы үйде болатынбыз, қазір енді жалғыз өзім тұрамын. Жан тыныштығы мен таудың тыныштығы мені аздап көңілдендірді, сондай-ақ тыныштандырды да, емдеді. Күнәкар мен үшін де, қасиетті ол үшін де шоқыда гүлдер гүлдеп, айнала жасыл торғынға бөленді, ертемен бізді ашық аспан аялады. Бұл байлықтар екеуімізге де бірдей берілді. Бірте-бірте мен де Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімділігіне сене бастадым.

Осы арадағы қызметіме төрт жыл толғанда шаруа ауыра бастады. Дәрігерлер ештеңе істей алмады. Мен оны бір жыл бойы күттім. Ұлы жиі келіп тұрды. Содан кейін шаруа өліп, мен тағы да жалғыз қалдым. Өлетін күні түнде ол маған, бір кезде менің әйелім айтқандай, Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімділігі және күнәны кешіретіні туралы әңгімеледі.

Сөйтіп, мен өзімнің жалғыз досымнан айырылдым. Шаруаның баласы маған өте жақсы қарады. Бұл кезде ол бай адам атанған болатын. Ол барлық сиырларды сатып, маған таудағы осы үйді сыйлады. Мен ешкі

және бірнеше тауық сатып алдым да, осы үйге көшіп келдім. Содан бері осында тұрамын. Менің бір ғана танысым бар — қаладағы сатушы, ол менің ағаш ойыншықтарымды сатып береді. Кейде ол менің ұлдарым туралы еміс-еміс естігендерін айтып тұрады. Балаларым жақсы болып өсті. Біреуі дәрігер, ал екіншісі — бизнесмен. Олар менің тірі екенімді білмейді. Онысы да жақсы. Менің оларға бере қоятын ештеңем жоқ қой. Ал менің атым оларға дақ түсіруі мүмкін.

Әйелім мен күні кеше дүниеден кеткен шаруаның өмірлері мен сөздері маған әсер еткені соншалық, мен де Құдайдың сүйіспеншілігі мен қайырымдылығына және күнәны кешіретініне сендім. Мен өзім тонаған адамдарға лайықты баға бере алмаймын. Олардың кім екенін, қайда екенін білмеймін. Соған қарамастан жұмыс істеп, ақша жинаудамын. Бір кезде ұрлағанымдай сомаға жақын ақша жинап та қойдым. Түгелдей жинап болған соң, бұл ақшаны біреуге жақсы іске жұмсау үшін беремін, сөйтіп, өз борышымнан құтыламын.

Сен, Лұқа, бәрін қайтадан бастауға мүмкіншілігім жоқ дейсің. Бірақ сенікі дұрыс емес. Мен саған қарағанда әлдеқайда көбірек, әрі әлдеқайда тереңірек күнәға баттым. Бұл үшін қасіретін де көп тарттым. Сен әлі баласың, мұның не екенін біле алмайсың. Бірақ Құдайдың мені кешіргеніне сенемін. Енді мен борышты болғандарыма борышымды өтеу үшін өмір сүрудемін. Құдай менің кім болуымды қаласа, сол болуға тырысамын. Бұл менің қолымнан немесе әрбір адамның қолынан келетін іс: бұрынғымыз үшін Құдай алдында ақталуымыз керек.

Ол үн-түнсіз қалды.

Ешкі қарияның қасына келіп, өзінің қоңыр басын

оның тізесіне салды. Содан соң сауу уақытының жеткенін білдіріп, аздап сүзгіледі. Лұқа орнынан тұрып, қайырымды қарияға қарады да, жымыды. Бұдан кейін теріс айналып, көңілсіз есікке қарай беттеді.

Лұқа үйіне асықпай аяңдап келеді. Оның құлағына қария айтқан: „Енді мен борышымды өтеу үшін өмір сүрудемін. Құдай менің кім болуымды қаласа, сол болуға тырысамын“, — деген сөзі әлі естіліп тұрғандай. Лұқа бұл сөз туралы көп ойланды, қапылыста қолдан шығарып алған жұлде мәселесі енді ол үшін өзінің мәнін жоғалтты. Ол, әрине, Даниктің аяғын қалпына келтіре алмас, бірақ бір кездері Даник үшін өте маңызды да айтарлықтай бірдеңе істеуі мүмкін. Өйткені, оның қолынан аз да болса, игі іс келеді. Міне, мысалы, оның шешесі сәйгүлік үшін қапаланды ғой. Бұл болса, ерлік жасап, ойыншықта тұрған дәнеңе жоқ деп, тағы да көңілі шуақ болғанын әлі-ақ көрсетеді.

Ағаш арасынан шыққан ол, өз үйінің терезесінен жылтыраған жарықты көрді, жанға жылы, еліктірер жарық маңайдағы ымыртты ыдыратқандай. Шөп ішінде шегірткелер секіріп жүрді, ал ауада жаңа шабылған пішеннің исі аңқиды. Жаңа туған ай шырша үстінде ілініп тұрғандай. Бәрі де қария айтқандай: түн жақсы балаға да, жаманына да бірдей мейірбан.

Ол баспалдақпен жоғары кіре беріске жүгіріп шықты да, шешесін сүйіп алды. Ол оны кіре берісте күтіп тұрған екен.

— Мама, сондай тамақ ішкім келді, — деп көңілді айтты ол. — Сен кешкі астан маған бірдеңе қалдырған жоқсың ба?

Сорпасы бар тостағанның шетінен сығалай қараған ол, шешесіне күлімсіреп қойды. Анасының жүзінен де шуақ төгіліп, ұлына жымия жауап қатты.

15 – Тарау

БІРІНШІ ЖҮЛДЕ

Келесі күні Даник күн шыға оялды. Бүгін қандай жақсы істер болар екен деп ойлап, біршама уақыт үн-түнсіз жатты. Бір уақытта бұл есіне де түсті. Ол төсегінде отырды да, Анитаны дауыстап шақырды:

— Анита! Бүгін мен сенімен барып, бірінші жүлдені қалай алатыныңды көремін. Менің кестелі иық бауы бар қара костюмді тез әкел! — деді.

Анита ұйықтап жатқан бөлмесінде оны естімегендей сыңай танытты. Даник бұл сөзді төрт мәрте қайталағанда барып, ол кереуетке отырды да:

— Тоқта, Даник, — деп бұйырды. — Бірінші жүлде аламын деп мүлде ойламаймын. Сонан соң, киінуге әлі ерте. Әкем жаңа ғана тұрды.

Даник демін ішке тартып, қайтадан жатты. Бірақ оған біреумен сөйлесу керек болды: „Сен білесің ғой, Аққаршық, бүгін мен арбамен мектепке барамын, — деп сыбырлады ол. — Балалардың көрмеге әкелетін бүкіл заттарын көретін боламын. Ал Анитаның заты ең таңдаулысы болады. Оның ең басты жүлдені қалай алғанын көремін. Мен алақанымды бәрінен де қатты соғамын. Бүгін мен ең әдемі киімді киемін“.

Аққаршық керілді, әлі ерте болғандықтан Даник те есінеді. Біраз уақыттан кейін, Анита төмен түскенде, екеуінің де қатты ұйқыға берілгенін көрді.

Араға бір сағат салғанда бәрі де жолға шықты.

Даник кестелі иық бауы бар ең жақсы костюмін киіп алған. Әкесі арбаны сүйретіп келеді, ал Анита болса, көңілін мұң басқан, қобалжулы, аздап ашуланған сыңаймен оның қатарында келе жатты.

Осындай таңсәріде оның ашулануына не себеп? Күн нұрын жарқыратып төгуде, күміс түстес өзен суы сарқырап ағуда, ал ол болса, бірінші сыйлық алу үшін мектепке бара жатыр. Даник тек аяғы ауырғанда болмаса, ешқашан мұңайып, ашуланып көрген жоқ қой.

— Анита, — деді ол мұның себебін білгісі келіп, — сенің ішің ауырып келе ме?

— Жоқ, әрине, Даник, — деп жауап берді Анита. — Менің ішім неліктен ауруы керек?

— Сен ашулы болғандықтан, солай ма деп ойлап едім, — деп түсіндірді Даник. — Анита, ананы қара: менің бәтеңкеме көк көбелек қонды!

Бірақ Анита көбелекке де қараған жоқ. Ол жерге қарап, жүріп келеді. Бұған не болған?

Олар мектепке келгенде, адамдардың көп жиналғанын көрді. Класстағы парталар қабырғаға қарай ысырылып, ал олардың үстінде оқушылардың жұмыстары қойылған. Көрме өте жақсы екен. Балалардың шешелері мен әкелері заттарды аралай жүріп көруде. Ал балалар бірін-бірі итеріп, даурығыса сөйлесіп жүр. Тоқылған бұйымдар столы, шілтерлер қойылған стол, кестелі бұйымдар қойылған столдар көрінді. Кластың екінші жағында ер балалардың жұмыстары қойылыпты. Мұнда ағаштан ойылған көптеген бейнелер тұр. Почта тасушының баласы Петрдің көзі от шашып, өз жұмысының қасынан тапжылар емес. Бұл — қасында аю екі аяғын көтере өрмелегелі тұрған ағаш сиясауыты. Аюдың тұмсығы

ептеп қисықтау, ал бүйірлерінің бірдей еместігі айқын көрініп-ақ тұр. Дегенмен аю екенін көріп тануға болады. Бұл бала қолынан шыққан жақсы жұмыс. Петр кіші пейіл бала болатын, оны достары мақтап, арқасынан қаққанға аздап қызарды. Бірақ ол өзінің аюына көңілі толғандықтан, бойын мақтаныш билеп, жақын тұрған шешесіне күлімсіреп қояды.

Лұқа да осында екен. Әдеттегідей ол әрлі-берлі жалғыз жүрді. Шешесі әлі пішен жиып үлгермегендіктен, бүгін мектепке келе алмады. Лұқа сиясауыт қасына қабақ шыта келіп, ойша өзінің сәйгүлігімен салыстырды. Егер өткен оқиға болмағанда, бүкіл бала Петрдің емес, оның қасынан шықпаған болар еді. Ол өзінде іштарлық сезімі пайда болғанын сезді. Петр ақылды, әрі сүйкімді бала ғой, түрлі ойынды жақсы ойнай біледі, енді міне, Лұқаға тиісті бірінші жүлдені де жеңіп алмақ. Ол бұрышқа қарай барып, айналаға жабырқаңқы түрде қарап тұрды.

Анита ауыздары сөзден құрғамайтын құрбыларының ортасында үн-түнсіз тұр. Бірқатары ол бірінші жүлде алатынын айтса, басқаларының ойы Дженни жағында болды. Бұл тақырыпта айтылған сөз көп, болжам көп, ыбыр-сыбыр да көп болды. Біреулері былай десе, басқалары басқаны айтты. Жайшылықта көңілді, әңгімешіл Анита ғана үндемеді. Әкесінің қолынан мықтап ұстап алған Даник айнала секіріп, заттарды көріп жүр. Ақырында ол жеңіскерді атағанда жақсырақ көру үшін, әпкесі тоқыған свитерге жақындау барып отырды. Даниктің бойы аласа болғандықтан, стол жанында отырғанын байқау да қиын: тек ақсары шашы өскен төбесі мен мөлдіреген көк көздері ғана көрінеді.

Осы кезде есік ашылып, жиынның шуы басылды

да, толық тыныштық орнады. Балалардың жұмысын көру үшін қаладан мұғалім келген еді. Биік бойлы мұғалім айнала жүріп, істеген нәрселердің әрқайсысын ұстап көріп, салыстырған кезде, балалар мен олардың ата-аналары қабырға жанында үндемей тұрды. Мұғалім әр жұмысқа өз бағасын беріп, кейбіреуін мақтады да.

— Тамаша көрме, — деп қайта-қайта қайталады ол, столдағы бұйымдардың қасынан өтіп бара жатып.

Сонан соң балалардың жұмыс дәптерлерін қарады. Ол бәрін асықпай, сыпайы, бірақ та баяу қимылмен жасады. Ал бәрінің көкейіндегі бір-ақ сауал: кім бірінші орынды алар екен? Енді мұғалім қыздар арасынан бірінші орындағы жұмысты бөліп көрсетуді ұйғарды. Ол

Мариямның шілтерін қайтадан қолына алып, мұқият қарап шықты. Сонан соң Анитаның свитеріне оралып, аударыстырып тағы қарады. Бөлмеде шыбынның ызыңы естілерлік тыныштық орнады. Бір уақытта тыныштықты баланың дауысы бұзды:

— Мұны менің әпкем тоқыды! — деді ол.

Дауыс анық естілді. Мұғалім аздап қолайсызданып қалды да, дауыс шыққан жаққа қарады. Ол көзі үмітке толы, кішкене беті күнге күйген баланы көрді.

— Олай болса, сенің әпкең өте жақсы қыз, — деді мұғалім.

Осы сәтте оның көзі баланың қолындағы кішкене балдақтарды шалып қалды.

— Бұл өзі ең жақсы жұмыс қой, рас емес пе? — деп сөзін жалғастырды Даник, маңайында тұрғандардың ешбірін қаперіне де алмай, тек Анитаның жеңіп шығуын тілеп.

Мұғалімнің әлі бір пікірге келмегені көрініп тұрды. Бірақ Даник айта бастағаннан кейін барып, шешім қабылданды. Сөйтіп мұғалім бұл істе баланың көмектескенін түсінбеді.

— Иә, бұл ең таңдаулы жұмыс деп ойлаймын, — деді ол.

Даниктің қылығына ұялып, қызараңдап тұрған әпкесіне ол балдағымен бұрылып, айқайлап жіберді.

— Сен жеңдің, Анита!

Бәрі күлісіп, қолдарын шапалақтады.

Осындай күтпеген және әдеттен тыс жағдайда қыздар арасынан жеңіскер аталды. Ер балалар арасында Петр жеңіп шықты. Бұл балалардың бірдебіреуі құлақ қоймаған салтанатты сөзде жарияланды. Содан соң бәрі отырып, самсамен және тоқашпен шай ішті.

Талабына таң қалған достары қоршап алған Петр үйіне беттеді. Бұдан кейін ол үйіне барып, шешесінің арнайы пісірген тортын тойғанша жеп, түнде ауырып қалды.

Лұқа мектептен үйіне жалғыз кетті. Ол жолшыбай нан сатып алу үшін дүкенге кірді де, таудағы үйіне қарай сылбыр баса аяңдады. Оның басын салбырата жүруіне себеттегі нан ауырлық келтірген жоқ, оның еңсесін басқан қайғы еді. Лұқа өте күйінулі. Батыл да көңілді жүретін күндерден кейін, бәрінің де қиюы кеткен осындай шақтардың болуы неліктен? Қыз-

ғаныш пен ашу — ызадан басқа ол ештеңені ойлаған жоқ. Кеше ол қарияның үйінен оралғанда, Петрдің бірінші жүлдені алғанына жаны ауырмайтындай күйде еді. Ал бүгін оны жек көруде. Қария оған өзін Құдай қандай күйде көргісі келсе, сондай болуға тырысу қажет деген еді. Бірақ қаншама солай етуге тырысқанымен, бұл оған өте ауыр болды. „Бірақ қария өзгерді ғой! Ол бұған қалай жетті?“ — деп сұрады Лұқа өзінен-өзі.

Осы арада ол қарияның Құдай туралы айтқанын есіне түсірді. Егер сұраса, Құдай жаман адамнан жақсы адамды жасауы мүмкін. Лұқа Құдай туралы өте аз білетінін мойындады. Шындығын айтса, Даникке қатыгездік жасағаны үшін, Құдай оған наразы болуы да ықтимал. Осындайдан кейін Құдай оны қайтіп жақсы көреді? Әрине, Ол мұндай күнәны тез кешіре қоймайды. Тіпті Құдай кешіргеннің өзінде, басқалары кешірмейді оны.

Қайғы оның жүрегіне шерменде болып енді. Ол қатты өкси жылап, жолда жатқан тасты аяғымен теуіп жіберді.

Лұқа сүрлеу екіге айырылатын жерге жетті, бұл ара Анитаның үйінен өте алыс емес еді. Өзінің үйіне апаратын жолға бұрылды, бір уақытта... Бір уақытта өлең айтып отырған баланың дауысын естіді. Ол дауыс шыққан жаққа қараса — ойын ойнауымен, айналадағы ешкімді байқамаған Даникті көрді. Өзінің жалғыздығын сезінген Лұқа Даникке қарай бірер қадам жасады да, тоқтап, баланың істегенін бақылады. Бір сәтте оның беті ризалықтан қызарып, жеңіл дем алды. Даник шөпті ойып, үңгір дайындап, Лұканың сондай ынтамен жасап берген ағаш жануарларын орналастырып отыр екен.

„Анита бұларды оған берген екен ғой, — деп ойлады ол бақыт құшағына бөленгендей сезініп, — бұлар оған ұнайды“. Сонан соң ол қатты дауыспен:

— Қолыңдағы не, Даник? — деп сұрады.

Даник аяқ астынан селк ете түсті де, жоғары қарап, бір кезде оның мысығын өлтіргісі келген баланы көрді. Оның бірінші ойлағаны — Аққаршықты ұстап алып, қойнына тығу болды.

— Кет бұл арадан, жаман неме, — деді ол.

Осыны айтқан ол, Лұқаның жүзінен қайғының ізін байқады. Ал оның кішкене жүрегі қайғыны көтере алмайтын. Сондықтан құтылуға тырысқан мысықты кеудесіне қатты қысып, былай деді:

— Мен өзімнің сиқыршы берген жануарларыммен ойнап отырмын. Анита маған сенімен сөйлесуге тыйым салды.

— Мен саған ештеңе істемеймін, — деп жұмсақ дауыспен жауап берді Лұқа. — Сенің аяғыңның мұндай болғанына өте қынжыламын, сондықтан мына жануарларды саған арнап жасадым.

— Ал мұның өтірік, бұларды сен жасаған жоқсың, — деп келекете жауап берді Даник. — Мен оларды отынның астынан тауып алдым. Мейірімді сиқыршылар сол жерге оларды қойып кетті.

Лұқа жауап беруге дайындалғанда, үй алдынан Анитаның қатты дауысы шықты:

— Даник, тез үйге кел, кешкі ас дайын!

Лұқа бұрылды да, өз үйіне қарай беттеді.

„Кім бергенін інісіне айтпаған екен“, — деп жаны қинала ойлады ол. Алайда ойыншықтардың Даникке ұнағаны, оның солармен ойнауының өзі оның жүрегіне қуаныш сезімін құйды. Бір кездерде ол оған бәрін түсіндіріп, бұлар достасып кетуі мүмкін.

Сөйтіп, аз-кем көңілін орнықтырып, ол үйіне қарай аяңдады.

Даник басқышпен тез көтеріліп, стол үстіне отырды да, аш қарнын сипалады.

Әжесі оған тарелканы толтырып сорпа құйып берді.

— Анита, — деді Даник, — Лұқа менің жаңағы жануарларымды өзі жасағанын айтты. Бірақ оларды ол жасаған жоқ, сол рас қой? Оларды отын арасына лақтырған сиқыршылар ғой, солай емес пе? Ол өтірік айтты ғой, иә, айтшы?

— Даник, мен саған Лұқамен ешқашан сөйлеспе деп ескерткен едім ғой, — деп, ашулана жауап берді Анита. — Ол жаман бала.

— Иә, — деді Даник, — мен онымен азғантай ғана сөйлестім. Анита, айтшы, ойыншықтарды ол жасаған жоқ қой, рас па?

Анита мүдіріп қалды, өтірік айтқысы келмеді. Бірақ екінші жағынан, Даник өте қайырымды бала болғандықтан Лұқаға бәрін кешіріп, оған рақмет айтуға жүгіреді, ал сонан соң... Мұның бәрі немен бітпек? Санаулы уақыт ішінде олар достасып шыға келеді, өйткені Даникті біреумен достаспа деп өмірі көндіре алмайсың. Егер ол мына ойыншықтар туралы бар шындықты білсе, онда өз жағында оны ұстап тұру Анитаға қиын соғады.

— Даник, сен бұларды үйілген отын арасынан таптың ғой, — деді Анита оған қарап. — Сондықтан ол бұларды қалай жасады деп ойлайсың? Ондай ақымақ болма, Даник.

— Бұларды мен жасадым деп оның өзі айтты, — деді Даник. — Бірақ мен ол жасамағанын білдім. Оны жасаған сиқыршылар, солай ғой, Анита?

— Оһ, мен оншасын білмеймін. Жайыңа отыршы,

Даник! — деп дүрсе қоя берді байғұс Анита. — Сенің сөзден аузың құрғамайды екен өзі. Одан да сорпаңды іш, суып барады.

Даник құлақ асып, тарелкаға еңкейді, бірақ сығырайған көзімен көпті аңғарып отырған әжесі, Анитаға қадала қарады. Ол да осы туралы естіген және отын арасынан табылған бұл жануарлардың хикаясын түсінбеген еді. Анита әжесінің өзіне қарап отырғанын байқап қалды. Ол қызарып кетті де, орнынан тұрып, тағы да аздап сорпа құйып алу үшін пеш қасына келді. Алайда сорпаны енді ішкісі келмеді. Көз таса етіп, аздап қана құйған болды.

Иә, ол ұзақ күткен осы бір күн аяқ астынан ала-сапыран болды да кетті. Ойлаған жүлдесін алғанымен, бұл оны қуанта қоймады. Керісінше, ол өзінің мүлдем бақытсыз екенін сезді. Үндемей жүріп, ыдысты жуды, содан кейін ұйқылы-ояу отырған Даникті бетінен сүйіп, орнына жатқызды да, ешкімге сездірмей үйден сытылып шығып кетті. Ол кешкі ымыртта осындай оңаша отыруды ұнататын, бір өзі ғана, айнала биік көгілдір тау, нені ойласа да, ойын бұзар ешкім жоқ.

Бірақ бұл кеште бәрі де басқаша болды. Өзен шалпылы, шегіртке шырылы, тіпті қоңыраудың үні — бәрі-бәрі оғаш күй танытқандай. Кешкі қара көлеңке жамылған дала да бүгін жалғыздықты басынан кешкендей. Анитаның ештеңені де ойлағысы келмеді, алайда осы кеште не ойласа да, қайта-қайта көз алдына өзі таптаған сәйгүлік және Даникті ренжіткеннен кейін, оның көз жанарының сөнгені келе берді.

„Мүмкін, мен ешқашан өзіммен-өзім болып, оңаша бір отыра алмайтын шығармын, — деп ойлаған Анита,

қайтадан үйге кірді. — Шіркін, осының бәрін біреуге жыр қылып айтсам ғой! Сонда, аз да болса, бойым жеңілдер еді. Анашым тірі болса ғой! Неге, неге ғана бұлай жасадым екен?”

16 – Тарау

ИСА МӘСІХТІҢ ТУҒАН КҮНІ

Білінбестен жаз — күзге, күз — қысқа ауысты. Даник өте тез өсті. Осы жылы ол балабақшаға барады. Бурни мырза оны арбамен балабақшадан үйге әкелгендері үшін, күнде екі ересек балаға бір франктен төлеп тұрды.

Тағы да Туылу мейрамы келді. Осы қыста қар өте көп түсті. Кішкене өзеннің беті қатып қалды. Анита мен Даник енді мектеп пен балабақшаға шанамен барып жүрді. Ертемен ылғи қараңғы болатын, аспанда жұлдыздар жымыңдайтын. Ал үйге оралғанда көгілдір көкте күн жарқырап, қар қымбат бағалы тастарша жылт-жылт ететін.

Даник үшін Иса Мәсіхтің туған күні ерекше мейрам еді, өйткені, оның өміріндегі барлық есте қаларлық оқиғалар осы Туылу мейрамында болды. Туылу мейрамының алдындағы кеште шешесі қайтыс болды. Даник оны білмесе де, әкесінің жүзінен қайғы табын көріп, оған және Анитаға деген аяушылық сезімін білдірді. Ол ана сүйіспеншілігін әжесі мен Анитадан алды. Ол шешесін тек әжесі оған Киелі кітаптан аспан туралы оқығанда ғана еске алатын. Осындай кездерде ол көздерін қабырғадағы фотосуретке қадап, өзінің інжу қақпасынан өткен кезде, Анитаға өте ұқсас осы ізгі жүзбен қалай кездесетіні туралы ойлайтын. Анда, аспанда, анасы оны тосуда, ол күлімсіреп, мұның алдынан әлі шығады.

Бұл күн сонымен бірге оның туған күні еді. Биыл ол алты жасқа толады. Алты жасқа толған күні не боларын ол жиі ойлайтын. Туылу мейрамы алдындағы таңсәріде ол жаңа бала болып оянатын шығармын дейтін. Сондықтан ол жылы, бірақ әлі қаракөлеңке бөлмеде ояғанда өзгермегенін көріп, аздап ренжіп те қалды: кешегіге қарағанда үлкеймеген де, күш те қосылмаған. Содан кейін ол бүгін шіркеуге барып, үлкен шыршаны көретінін есіне түсірді. Бұл ойлардың оны баурап алғаны соншалық, ол өзінің ренжігенін ұмытып та кетті.

Сонымен бірге, Туылу мейрамы күні Аққаршықтың да туған күні екеніне Даниктің күмәны болмады. Жалпы алғанда, Аққаршық Даниктің кебісіне кіргенде, ол екі апталықтай болатын. Бірақ Даник оны ешқашан есепке алған емес. Ол үшін Аққаршық мейрам күні туған болып саналды. Ол кебіске Аяз Атаның шанасынан келді ғой. Сондықтан да Анита осы күн құрметіне дүкеннен қызыл лента сатып алып, мысықтың мойнына үлкен бант байлап қойды. Сөйтіп, мысық бүгін ерекше әдемі болып көрінді, бірақ мысық үшін бұл қолайсыз еді. Бүгін ол өзіне ілтипат білдіргендердің бәрін тырнағысы келді.

Ал ең бастысы — бұл Иса Мәсіхтің туған күні! Даник бұл туралы аз айтса да, көп ойлады. Өзін Иса Тәңірім туған күні тудым деген ой, оны ерекше бақытты ететін.

— Иса Тәңіріме Оның туған күнінде не сыйласам екен? — деп сұрады әжесінің тізесіне шынтағын қоя, бетіне қарап...

— Сен Оған өзіңді беруіңе болады, — деді әжесі тоқып отырған ісін бірер минутқа тоқтатып. — Сен Одан өзіңді жақсы және тіл алғыш етуін өтін. Бұл Оны бәрінен бетер қуантады.

Сондықтан да Даник өзінің туған күнін бөліскен Нәрестенің көңілін табу үшін, күні бойы тіл алғыш және қайырымды бала болуға тырысып бақты. Оның сүйіспеншілігінде шек болмады. Ол әжесінің тоқуға қажетті жұмыс қорабын тазалап берді. Анита жуған бүкіл ыдысты сүртті. Түстен кейін қораға барып, әр сиырдың барқыт құлағына мейрам күнгі тілегін айтты. Ал күн батқанда дұға оқуға еңкейіп: „Кішкене Нәресте Иса! Мен Саған қуанышты туған күн сыйладым деп ойлаймын“, — деп күбірледі.

Иә, мейірімді балалардың әрдайым қуанатынындай, бүгін Даниктің де туған күні қуанышты болды. Күн кешкіргеннен кейін, шіркеуге бару үшін киінетін уақыт келгенде, оның жүрегі қуанышқа толғаны соншалық, басқа ештеңе симайтындай көрінді. Сөйтіп, шанада әкесі мен Анитаның ортасына отырған Даник, шіркеуге кетті.

Суық ауа мұрнын қытықтап келеді. Енді ғана толған ай қар жамылған тауларды күміс түске енгізгендей болды. Ормандағы бүкіл ағаш қармен қымтанған. Шана солардың түбінен өткенде, төмендегі бұтақтар қозғалып, Даниктің үстіне ұлпаны себеледі. Желіп келе жатқан аттың тұяқ дыбысы оған музыка сазындай естілді. Анита оны қолымен қатты құшақ-

тап отырды, бұдан жылылық пен қуаныш сезімі білінді.

Бұлар орманнан шығып, кішкене көпірді, содан соң қысқы ұйқыға кеткен даланы да артқа тастады. Алда көп май шамның қызғылт жарығына бөленген шағын шіркеу көрінді. Терезе мен үлкен есіктен жарық далаға шыққандай, ал аяздан беттері қызарған елді мекеннің тұрғындары бірін-бірі есік алдында құттықтап жатты. Даникті әкесі шіркеуге көтеріп кіргізіп, бастауыш мектептің балаларымен бірге бірінші қатарға отырғызғанда, оның қуанышында шек болған жоқ. Аяздан беттері қызарған отыз бала үлкен шыршаға ауыздарын ашып, таңырқай қарап қалды. Осыдан үш күн бұрын бұл жасыл шырша Даник үйіне жақын маңдағы ағаш арасында қар жамылып тұрған еді. Енді міне, гүл тізбегі, апельсин, шоколад, конфет және арнайы пісірілген қонжық бейнесінде пісірілген тәтті тоқаштармен безендірілген. Даник ең алдында отырғанына өзін бақыттымын деп санады. Осы арадан бәрі де жақсы көрінді.

Ересек балалар жаңа жырды айтып берді. Бұл Мәриям Ананың тамаша бесік жыры, бірақ аздап мұңдылау. Ол мұны тізесіне басын қойып ұйықтағалы жатқан Нәрестеге айтқан еді. Анита да мұны өзгелермен қосылып айтты, сонда оның ойы өткенге, Туылу мейрамы күнінде, қолына нәресте Даникті алған сол бір күнге кетті. Олардың бәрі оны тосып, ол туғанда оның айналасында болды ғой, ал кішкентай Құтқарушыға ешкім де есігін ашпады. Ол үшін қонақ үй шатыры астынан орын табылмағандықтан, Оны сиыр қорадағы ақырға жатқызды.

Бесік жыры аяқталып, ересек балалар өз орындарына келді де, кішкентайлар алға шықты. Балдақпен

жүрген Даник оларға, ілесе алмай, аздап артта қалды. Бірақ олар оны күтіп тұрды, ол соңғы рет секіріп, өз орнына тұрғанда қатысушылардың бәрі күлісіп, қуаныштан бал-бұл жанып тұрған оның жүзіне қарады. Балалар өлең айтты. Өлең айтып тұрған сәтте Даник үнемі безендірілген жасыл шыршаның ұшар басындағы жұлдызға қарады. Ол оның төменірек ілінген қонжық — тәтті тоқаштардың бетінде шағылысып, мың құбылып тұрғанын байқады. Ол тіпті ән айтуды ұмытып, өзіне қай қонжық бұйырау екен деп ойлаумен болды. Ол жоғарыдағы езу тартқан бір қонжықты байқап қалды. Наубай жаңылып, оның аузына көбірек бояу жағып жібергенге ұқсайды. Даник осы қонжық қолыма тисе ғой деп армандады, оған қарап тұрып, өзі де күліп жіберді.

Кішкене балалар да шыршадан көз айырмай орындарына оралды. Осы кезде мінбеге қарт пастор көтерілді. Оның осы елді мекенде пастор болғанына қырық бес жылдан асты, сондықтан оны елдің бәрі де қадірлеуші еді. Жылдар оның белін бүкірейткенімен, ол ауа райы қандай болса да тауға шығып, өз қауымдастарына барып жүретін. Оның сақалының аппағы соншалық, Даник оны тіпті Аяз Атамен шатастырып, қызыл шапанның орнына қара костюм кигені несі деп таңғалды.

Пастор өзі бәрін жақсы танитын және өте жақсы көретін адамдарға тағы да бір қарап алды. Ол өте қартайып қалған еді, сондықтан мүмкін, бұл оның соңғы Туылу мейрамы мен уағызы да болар. Ол келушілердің есінде қалатын сөзін айтуға көмек сұрап, Құдайға құлшылық етті. Анита ерекше назар салмай тыңдап отырды. Бұл тарихи әңгімені ол жатқа біледі десе де болады. Бір уақытта қарт, Анитаның

әрбір Туылу мейрамы күнінде тынышын кетіретін сөздерді қайталады: „Оған орын, ешқандай да орын табылмады“, — деді. Ол бұл сөзді үш мәрте қайталады, әр қайталаған сайын, Анитаға олар қайғылы болып естілді. Ол болса, Оған өз есігін қуанышпен ашар еді ғой!

— Әйтсе де, — деп сөзін жалғастырды пастор, — Құтқарушы бүгін де әлі жабулы есіктердің алдында тұр. Әлі көптеген адамның жүректерінде Ол өз орнын таппай жүр. Міне, Ол былай деді: „Мен, есік алдында тұрып, қағып тұрмын. Кім Менің дауысымды естіп, есікті ашса, Мен соған кіремін“. Осы Туылу мейрамында Мәсікке не істейсің? Мәсікті кіргізу үшін есігіңді ашасың ба? Немесе Оны тағы есік сыртында қалдырасың ба? „Сенде Оған деген орын табылмады“ деген қапалы сөздер саған арнап айтыла ма?

„Ол менің жүрегімнен орын алсын деп өтінер едім Одан, — деп ойлады Анита. — Қызық, осының бәрінің мағынасы неде? Пастор Оның біздің жүрегімізде орнығуын Одан сұрай аламыз деді. Мен Одан сұрай алар ма екенмін?“

Анитаға бұл өте жақсы шешім болып көрінді. Ол басқалардың бұл жөнінде не ойлап отырғанын білу үшін жан-жағына көз салды. Осы сәтте ол Лұқаны көрді. Ол басқа жақта шешесімен және әпкесі Мариямен отыр екен. Оны көргеннен кейін, Лұқаға деген өшпенділігі басым болғандықтан, Құтқарушыға өз жүрегінен орын бере алмайтынын түсінді. Әрине, Құтқарушы кешіруді білмейтін жүректе, кекпен бірге өмір сүргісі келмейді. Анита не Лұқаны кешіріп, мейірімді болуы керек, немесе Құтқарушыны есіктің сыртында қалдыруы керек, — екінің бірі. Оның ке-

шіргісі келмеді және мейірімді болғысы да келмеді, әзірше олай бола алмады.

Анитаны тағы бір ой мазалады: ол Лұқа жасаған сәйгүлікті сындырып, оны жүлдеден жұрдай етті ғой. Ал Лұқа болса, мұны әлі де мысықтан көруде. Егер Иса Тәңірім жүрегіне ұяласа, онда ол Лұқадан кешірім сұрауға мәжбүр болады, бірақ мұны ол қаламай отыр. Уағыз айту аяқталды. Анита өз ойымен өзі әуре болғандықтан, ештеңені дерлік есіне сақтай алмады. Даник оны түртіп, қонжық алу үшін алға шық деп айтуына тура келді.

Зал іші сапырылыс пен әңгімеге толып кетті. Балалар сыбырласып отырды. Кішкентайлар топырлай шыршаға беттеді. Ағаш кесетін Пиллет мырза шыршадағы қонжықтарды таратуда. Даниктің кезегі келгенде, ол манағыда өзі көрген, ең жоғарыдағы қонжықты көрсетті.

— Рақым етіңіз, мен ананы алғым келеді, — деді ол, — анау жоғарыдағыны. Мен соны сондай алғым келеді.

Туылу мейрамының құрметі үшін және жарымжан болып қалған балаға жаны ашып, ағаш кесуші басқыш алып келіп, балаларды былай қарай шегіндірді де, Даниктің ұнатқан қонжығын әперу үшін, әрең дегенде жоғары көтерілді.

Даник жымыңдаған жұлдыздар мен жылтыраған қар арасында, езуіне күлкі үйірілген қонжықты қатты қыса, үйіне қарай келе жатты. Мезгіл-мезгіл қонжықтың қызғылт та көңілді тұмсығынан сипап, өзі де қуана жымияды. Екеуінде — өзі мен қонжықтың арасында, өзге ешкім білмейтін, Туылу мейрамының бір құпиясы бар сияқты көрінді.

17 – Тарау

„МІНЕ, ЕСІК АЛДЫҢДА ТҰРЫП, ҚАҒЫП ТҰРМЫН“

Туылу мейрамының күні де өтті. Даник өз керетуінде тыныш ұйықтап жатты, әкесі мал қорасына кетті, ал Анита болса, әжесі екеуі жылы пеш жанында отыр. Әжесі немерелеріне ақ жүннен ұйық тоқуда. Анита өзінің алжапқышын жамауға тиісті болды. Бірақ алжапқыш әлдеқашан еденге сырғып түскен, ал Анита қолдарымен иегін таянып, бір нүктеден көз алмай қадала қарап отыр.

— Анита, — деп сұрады әжесі, — сен Туылу мейрамын жақсы өткіздің бе?

Жауабым осылай болуы керек қой деген ниетпен:

— Рақмет, жақсы, — деп айта салды Анита. Содан соң ол аяқ астынан мынаны білмек болды:

— Әже, Киелі кітапта Иса біздің жүрегіміздің есігін қағады делінген, бұл не деген сөз?

Әжесі Анитаның сөзінің астарында жай ғана әуестік жатпағанын сезіп, тоқып отырған ұйығын былай-ырақ қойды.

— Мұның мәнісі, Тәңіріміз сенің өміріңде қаншалықты қастық істер мен күңгірт ойлар барын көріп тұр, — деп бастады ол. — Иса Мәсіх жерге келіп, осы қаскүнемдік пен жауыздық үшін сенің орныңа Өзін жазалап, айқыш ағашқа денесін кергізіп өлді. Сонан соң Ол сенің өміріңе ену және сенімен болу үшін қайта тірілді. Ол сенен бүкіл қатерлі ойды қуып

шығып, Өзінің жақсылықтарымен толтыруды қалайды. Мұны мына бір жаймен салыстыруға да болады: біреу қараңғы, кір-қоқыры және шаңы мол үйдің есігін қағып, үй иесіне: „Егер мені кіргізсең мен шаңды сүртіп, кір-қоқырды тазалап, қаратүнекті сейілтіп, үйіңді әдемі де жарық етер едім“, — дейді. Бірақ есіңде болсын, Тәңірім ешқашан үйге Өзі баса-көктеп кірмейді. Ол оны кіргізуді ғана өтінеді. Ал мына сен сұраған сөздің мәнісі: Иса жүрекке жол іздейді. Сонда сен Оған: „Иә, Иса, мен Сені қажетсінемін, Сен менің жүрегімнен орын алып, менімен бірге болуыңды қалаймын“, — деуің керек. Мәселе, бұл — сен Исаны ішке енгізу үшін, Оған есікті ашасың деген сөз.

Анита әжесінің бетіне қадала қарап қалды. Ол көп ойланды, содан кейін орындығын жақынырақ жылжытып, әжесінің тізесіне қисайып, былай деді:

— Әже, егер сен біреуді жек көрсең, онда Исаны жүрегімнен орын ал деп өтіне алмайсың ғой?

— Егер сен біреуді жек көрсең, — деп жауап берді әжесі, — мұның өзі Исаның жүрегіңнен орын алуын қажетсінгеніңді көрсетеді. Бөлме қараңғы болған сайын жарықты көп керек етеді ғой.

— Бірақ мен Лұқаны жек көруді тоқтата алар емеспін, — деді Анита ақырын ғана.

— Мен саған сенемін, — деді әжесі. — Ешкім де өз күшімен жаман ойды арылта алмайды. Бұл жерде ешқандай да тырысушылық көмектеспейді. Анита, егер сен терезесінің қақпағы жабық осы бөлмеге ертемен кіргеніңде: „Мен ең алдымен қараңғылықты қуып, одан кейін терезе қақпағын ашып, күн нұрын жіберемін“, — деп өзіңе-өзің айтасың ба? Қараңғылықты қууға күш жұмсамайсың ғой.

— Әрине, жоқ, — деді Анита.

— Онда, қараңғыдан қалай құтыласың?

— Мен жай ғана қақпақты ашамын, сонда жарық бөлмеге құйылады.

— Ал қараңғылық қайда кетеді сонда?

— Білмеймін. Жарық келген соң өзінен-өзі жоғалады.

— Сен Иса Мәсіхке жүрегімнен орын ал деп өтінгенде, сенің жүрегің дәл осындай күй кешеді, — деп түсіндірді әжесі. — Оның Өзі — сүйіспеншілік. Ал енді сүйіспеншілік жүрегіңнен орын алса, жек көрушілік, менмендік пен өркөкіректік, күн сәулесіне орын берген қараңғылық сияқты, одан жылысып шығуға мәжбүр болады. Қара түнекті өзің қуу — әбестік. Бұл — қараңғы бөлмеде көлеңкені қуғанмен бірдей. Тегін, зая кеткен уақыт деп осыны айтуға болады.

Анита бұған ештеңе де айта алмады. Ол жанарын бір нүктеге қадап, қозғалмай отырды. Содан кейін алжапқышын жерден көтеріп, үн-түнсіз ісіне кірісті. Көп кешікпей орнынан көтеріліп, әжесін сүйді де, оған қайырлы түнді тілеп, өз төсегіне кетті.

Оның көпке дейін көзі ілінбеді, қайта-қайта дөңбекшіді, оны сан ой мазасыздандырды. „Бұл шындық, — деп мойындады ол. — Егер мен Исадан жүрегімнен орын ал деп өтінсем, онда Лұқамен достасуым керек. Ал мұны жасағым келмейді! Онда мен оның сәйгүлігін сындырдым деп мойындауым керек. Ал мұны мен ешқашан істей алмаспын! Мен есік қағу дегенді ұмытуым керек. Бірақ маған сондай қорқынышты. Қандай мен бақытсызбын!“

Исаның есік қаққанын естіп тұрып, ашпаған адам да бақыттан қағылатынын Анита әлі білмейтін еді. Ол, болған іс ұмытылғаннан кейін, бақытты өзім тауып аламын деп ойлады. Сөйтіп ол өзінің жылы

жастығын екінші жағына аударып, ұйқыға кеткенше жайылымда жүрген ешкілерді ойша санай бастады.

Түсінде ол жарығы жоқ, есігі мықтап бекітілген қараңғы үйді көрді. Түн болатын, біреу қарды сықырлатып, осы үйге қарай келе жатты. Анита оның алыстан ізін көріп тұр. Жолаушы есік қақты. Ол ұзақ және сабырмен тақылдатып тұр, бірақ ешкім оған есік ашқан жоқ. Ол есіктің тұтқасын іздеп еді, бірақ тұтқаны таба алмады. Жел сүйектен өте азынай соғып, аспандағы қою бұлтты жөңкілте қууда, бірақ Жолаушы кетпеді. Ол есікті қаға берді. Оның есікті ұзақ қаққаны соншалық, Анита оянып кетті. Алайда Оған ешкім есікті ашпады, жағылған шам да терезелерден көрінбеді.

„Мүмкін үйде ешкім болмаған шығар“, — деп ойлады Анита. Бірақ ол онда біреудің болғанын, бірақ оның есікке жақындағысы келмегенін жүрегімен сезді.

Анита төсегінен тұрғанымен, іштегі ауыр жүк оны қалдырар емес. Ол киініп, ұнжырғасы түсе таңертеңгі асын ішуге ас үйге түсті. Төменде үлкен мазасыздық болып жатыр екен: Даник өзінің Аққаршығын жоғалтып, мысық табылғанша тамақ ішпей отыр.

— Аққаршық әрдайым мені оятатын, — деп түсіндірді ол абыржи сөйлеп. — Ол мен оянғанша келіп, басымен сүйеніп, пырылдап тұратын. Ал бүгін ол келген жоқ. Кеше кешке, ұйықтар алдында, ол далаға шықты, содан кейін оралмады.

Даниктің қайғысына қараудың өзі аянышты еді. Бәрі де Аққаршықты іздеуге кетті. Әкесі сиыр қораны сүзіп өтті, әжесі ас үйден қарамаған жер қалдырмады, Даниктің өзі де айналаны түгел тінткіледі. Анита жоғарғы қабатқа көтеріліп, жататын бөлмелерді қарады. Әкесі соңғы рет оның сиыр қораға ұлпа қарды

ақырын басып бара жатқанын көрген еді. Одан кейін ол ешкімнің көзіне түспеді. Бұл өзі бақытсыз күн болды. Даник түскі асқа келгенде, Аққаршықтың қарны аш жүргенде, өзі де тамақ іше алмайтынын түсіндіріп, еңіреп жылады. Көз жасы сорпаға тамшылап, ешқайсысы оны уата алмады. Әкесі мен әжесі мысықтың жоғалғанына онша мән бермеген сияқты.

— Ол тағы да оралады, Даник, — деді ақырын ғана әкесі. — Ол бүгін тығылып отыр.

Бұл күні күн де бұлт астынан шықпады. Сұр бұлт тауды жан-жағынан қоршап алған. Қар қалың жауып тұр. Ол түнде қатып, ертең күшті көктайғақ болғалы тұр.

Әкесі малақайын киіп, үлкен шананы алды да, орманға отын әкелуге кетті. Кемпір пеш қасындағы креслода маужырап отырды. Ал Даник болса, Анитаға барып, көзіне тура қарады да:

— Анита, — деді, — менің ұйықтағым келіп тұр.

— Неге? — деп таңырқай сұрады Анита. — Әлі ерте ғой, жаңа ғана ымырт үйіріліп келеді, ал сен болсаң кешкі тамағыңды да ішкен жоқсың.

— Оның несі бар, — деді Даник, — ұйықтағым келді, Анита. Дұға оқу үшін ұйықтасам деймін.

Анита күлді.

— Дұға оқу үшін төсекке жатудың қажеті жоқ, — деді ол. — Тап қазір-ақ дұға жасауыңа болады, сонан соң кешкі асты ішіп, әдеттегі уақытыңда ұйықта.

Бірақ Даник ақсары басын шайқады.

— Жоқ, мен төсекке жататын жейдемді киіп, шын мәнінде, құлшылық еткім келеді. Рақым етші, Анита, мені төсекке апаршы.

— Ал жарайды, — деп келісті Анита, сонан соң оны шешіндіре бастады.

— Білесің бе, Даник, — деп бастады ол тағы да, — сен төсекке жататын жейдедесің бе, жоқ па, оның ешқандай қатысы жоқ. Құдай сенің сөзіңді қандай киім кісең де естиді.

Ол інісін сүйді. Даник мұңды көрінді, еріндері жыбырлап тұр. Үстіне төсекке жатарда киетін ақ жейдесін кигеннен соң, ол тізесіне бүк түсіп отырды да, Аққаршық үшін дұға оқи бастады:

„Қымбатты Құдайым, рақым етіп, Аққаршығымды жарылқай гөр. Өтінемін, оны тауып, тезірек үйге алып кел. Оны суықтан, аштықтан және қорқу-үрқуден сақтай гөр. Бүгін оған үй жолын көрсет. Өтінемін, қымбатты Құдайым. Аумин“.

— Ал басқаларымыз үшін құлшылық еткің келмей ме? — деп сұрады Анита.

— Жоқ, — деді Даник орнынан тұрып жатып. — Жоқ, бүгін емес. Бүгін кешке Құдай Аққаршықтан басқа ешкімді ойламауын қалаймын.

Аздап ойланып алды да:

— Біраздан соң сен басқалар үшін құлшылық етерсің, — деді.

Аққаршықты Аспандағы Әкенің мейірімді қолына тапсырды да, бала шын сеніп, қолын басының астына салып, кереуетіне жайлана жатты. Содан соң тағы бір рет көзін ашып, ұйқылы-ояу дауыспен Анитаны шақырды:

— Анита!

— Иә, — деп жауап берді әпкесі.

— Анита, ол келгенде мені оят, жарай ма?

— Кім келгенде?

— Әрине, Аққаршық, — деп жауап берді Даник, сөйтті де ұйықтап кетті.

Анита бөлмеде тыпыршып жүре берді. Беті дуыл-

дап барады, ауа жетпей тұрғандай. Ол есікті ашып, балконға шықты. Қардың жаууы тоқтады. Батыстан соққан жел бұлтты жөңкілтіп айдап, даладағы қар құйындай үйірілуде. Үй іргелеріне күрткі тұрып қалған. Бірақ жел онша ызғарлы емес. Керісінше, ол оның қызған бетін салқындатты да, Анита өзен жаққа серуендеп қайтуды ұйғарды. Мүмкін, Аққаршықты да кездестірер. Ол пальтосын жамыла салып, үйден шықты.

Ай толған екен. Өзінің сәулесімен ол бүкіл алқапты жарқыратқаны соншалық, тіпті кітап оқуға да болатындай. Анита жайылымның жоғарғы жиегіне жеткенде, артына қарады да, қардағы өз ізін көрді. Бұл іздер оның түсіндегі Жолаушының ізінен бір аумады. Тек ол іздер одан да алысқа тартқан еді. Сөйтіп, Жолаушы кішкене қараңғы үйшікке жету үшін, бүкіл жерді жүріп өткендей болды.

18 – Тарау

АШЫЛҒАН ЖҮРЕК ЕСІГІ

Анита өзен үстіне салынған кішкене көпірге жеткенше жүре берді, жүре берді. Көпірдің таянышына сүңгілер тұрып қалған екен, ал өзеннің ағыны тоқтап қалды десе де болады. Тек қалың мұздың астыңғы жағынан еміс-еміс естілген судың сылдыры, өзен суының түгел қата қоймағанын білдіріп тұр.

Мұнда, үстінде, тыныштық орнаған. Жел басылып, аяз қатая бастады. Кішкене көпір тайғанақ екен. Алыстағы бірдеңені ойлап келе жатқан Анита, қар астындағы мұзды байқамай қалды. Ол қапылыста тайып кетіп, жан дауысы шыға айқайлап құлады. Сонан соң қайтадан тұруға тырысып еді, тағы да ауырсынып құлады: аяғын қайырып алғандықтан, ол тұра алмады. Аяғының ауырғаны Анитаның зәресін ұшырды. Ол алыстағы тау сілемінде жалғыз өзі ғана — осы түнде мына жалғыз аяқ жолмен кім жүре қояр дейсің...

Күн суытып барады. Егер қандай болса да бір баспана таппаса, үсіп қалуы да мүмкін. Бір уақытта жоғарырақта, жолдың бұрылысының алдында, ағаш кесуші өзінің әйелімен тұратын кішкене үй оның есіне түсті. Егер еңбектеп, сол үйдің есігіне жетсе, олар оны шанамен үйіне жеткізіп салар еді. Бұл үй алыс емес, сондықтан ол қазір-ақ онда жетеді.

Анита ісіп кеткен ауру аяғын сүйрете, қар үстімен қинала еңбектеп келеді. Әрбір қозғалған сайын жаны шығып кете жаздайды, біршама уақыттан кейін әлі

мүлдем құрыды: қолдарын қалың қардан шығара алар емес, көзі жастан қарауыта бастады. Мына қалпымен сол үйге жете алса игі.

Ол жол бұрылысына жеткенде, алда тұрған үйді көріп, көңілі сергіп қалғандай болды. Оған дейін тіпті алыс та емес. Анита терезеден күңгірт сәулені де байқады. Бірақ күші сарқылғандай. Күртік үстіне отырып, аздап дем алғысы келіп еді, алайда суық алға жылжуға мәжбүр етті. Мақсатына жетер шақ та алыс емес сияқты: үй алдына жеткенде, бірнеше сағат өткендей сезінді.

Анита ақырын ғана үйдегілерді шақырды, біреу болмаса екіншісі көріп, басқышпен көтерілуге көмектесер деп ойлады, бірақ ешкім шықпады. Сонан соң кіре беріске өзі көтеріліп, әлсіздене табалдырыққа құлады. Қолын созып, есікті қақты. Ешкім жауап бермеді. Кішкене үй қараңғы орман іші секілді үн-түнсіз. Анита қолын көтеріп, бұл жолы қаттырақ соқты. Ешқандай жауап болмады. Үйде біреудің жүрген дыбысы естілмеді. Қорыққаны соншалық, бір аяғымен тұрып бар күшін сала есікті жұдырығы ауырғанша соға берді. Ол бар дауысымен айқайлады, есік тұтқасын тартқылады.

Осы кезде санасына қатерлі шындық жеткендей болды, ол жұбанбай еңіреп, табалдырыққа құлады. Есік жабық, үйде ешкім жоқ екен. Жарықтың тұруы сырт көз үшін екен, ұры жуымасын дегені. Анитаны енді үрей тұмшалап алды. Ол осында, тауда өсіп есейгендіктен, қарда қатып қалған адамдар туралы талай естіген. Бірақ өзіне-өзі келіп, бәрін ақылға салып көрді. Жарықты қалдыруына қарағанда, тұрғындардың осы кеште қайтып келеміз дегені шығар. Егер төмендегі аңғарға кетсе, түн ортасында ғана оралады. Онда кеш болып қалуы мүмкін. Ол аяғы мен қолының тоңғанын сезіп отыр. Мүмкін аздап дем алғаннан кейін, қайта жылжуға мүмкіншілігі болар. Бірақ келесі үй бұл арадан қашықтау, ал күрткі жұмсақ та қалың. Қалай болса да ол аздап тосады да, содан кейін байқап көреді. Бұл оның бірден-бір үміті еді.

Ол қар жамылып жатқан жазыққа әлсіздене қарады. Оң жақта орман мен өзен, ал сол жақтағы жайылымдар төбе-төбе болып, сонау сайға дейін созылуда. Кішкене қоршаулар, тас қабырғалар мен дуалдар — бәрі де қар астында қалған. Анита көрген түсін тағы да есіне түсірді. Сол бір түсінде иесіз тұрған үйдің есігіне дейін жеткен шұбатылған ізді көріп еді. Ол есікті қаққанда жауап бермеушіліктің қандай екенін жаңа ғана түсінді де, бірнеше рет байыппен ойланып қалды. Ол есікті бірнеше минут қана қақты ғой. Ал Иса Тәңірім болса, апталап, жылдап қағатынын ол білетін. Өзі үйде ешкім жоқ болғанын білгеннен кейін, есік қағуды қойды. Ал егер Бердоф мырза мен ханым үйде тып-тыныш отырса ше? Олар дыбысты естігенімен, біріне-бірі қарап: „Біреу есікті қағып тұр, ал біз оны үйге кіргізбейміз.

Ештеңе естімеген болайық. Көңіл аудармайық“, — десе ше? Оһ, Анита оларға қалай ашуланар еді! Осындай рақымсыздық үшін, ол оларды сондай жек көрер еді. Ал оның өзі де Иса Тәңіріме осылай жасамады ма? Бірақ Ол мұнысы үшін оған ашуланбай, сүйіспеншілігімен одан әрі оның жүрегінің есігін қағуда. Мұны оған әжесі айтқан.

Анитаның ойға берілгені соншалық, ол тіпті қорқыныш пен жалғыздығын да ұмытып кетті. Бір мезетте ол басын көтеріп, айналасына құлағын түрді. Оның құлағы шын мәнінде бір дыбысты шалып қалды. Бұл тауда өскен әр балаға таныс, шаңғының жұмсақ қар үстіндегі сырылы еді. Сонан соң оның құлағына ер баланың ән айтқан дауысы жетті. Біреу орман ішінде шаңғымен таудан түсіп келе жатты. Бірнеше секундтен кейін ол жол бұрылысына жетеді де, үй қасынан өтеді. Егер ол тез сырғанаса, оны байқамауы да мүмкін. Бұрылыстан ұлпа қардың ұшқынына оранған кішкене адамның бейнесі көрінді.

Анита тізесіне көтеріліп, қолдарын аузына жақындатып, бар дауысымен айқайлады:

— Көмектес! Тоқтап, маған көмектес!

Шаңғышы дереу шаңғысын бұрып, тоқтады. Ол шаңғысын тез ағытып, үйге қарай жүгірді.

— Не болды? — деп сұрады ол. — Сен кімсің? Жарақаттанғансың ба?

Бұл Лұқа еді. Ол таудағы қарт досында болып, үйге қайтқан беті екен. Анитаның айқайы оны сескендіріп жіберді. Ай жарығымен тізерлеп отырған оны көргенде, ол оған рух көргендей тесіле қарады. Бірақ Анита келген адамның кім екенін ойламады да. Ол адамды көргеніне өте қуанды. Осы мезгілде ол бәрін ұмытып, тек қана: өзінің табылғанын, құтқа-

рылғанын ойлады. Лұқа Аспаннан жіберілген Періштеге ұқсады. Ол кетіп қала ма деп қорыққандай, Анита оның пальтосына жабысты.

— Oh, Лұқа! — оның дауысы дірілдей шықты. — Сенің келгеніңе қандай қуаныштым! Мен тобығымды шығарып алдым-ау деймін, жүре алатын емеспін. Бердоф мырза мен ханым оралғанша үсіп кетпесем игі еді деп ойлап отыр едім. Лұқа, сен мені үйге апара аласың ба? Тоңып қалдым.

Лұқа көзді ашып-жұмғанша оны өзінің пальтосымен қымтады. Сонан соң ол оның қасына жүресінен отырып, оның тоңған қолын ысқылады.

— Мен сені шаңғымен апара алмаймын, Анита, — деді ол жылы сөйлеп, — сен әжептәуір үлкенсің ғой. Бес минутта үйге барып, шана мен көрпе алып келейін. Жарты сағатта үйіңде боласың.

Лұқаны аяқ астынан қуаныш сезімі биледі. Оның бақыттан жүгіргісі және шаттана күлгісі келді. Жүрегінің қалауы орындалды. Ол Анита үшін бірдеңе істей алғанына қуанды. Анитаға оның көмегі қажет болды. Мүмкін, ол кешіріп, өткендегі сол бір араздықты мүлдем ұмытатын болар?

— Саған пальтосыз салқын болмай ма, Лұқа? — деп сұрады Анита шаршаған бәсең дауыспен.

Осы сөзден кейін Лұқа свитерін де шешіп, Анитаның басына орады. Жейдесін де шешіп берер еді, бірақ одан пайда жоқ. Бойын аяз қалтыратып бара жатқанын сезіп, Лұқа шаңғысына қарай жүгірді. Ол суық ауаны терең жұтты. Осы аяздың оған келтірген ыңғайсыздығы арқылы, ол үлкен бір күнәның өтелуін күткен сияқты болып көрінді.

Ол шаңғыны тез киіп, жылдам бұрылды да, төменге қарай ызғыта жөнелді. Қуаныш жанын жылыт-

қаны сондай, аязды түннің денені қарымақ болған әрекетін ол елемейді де. Ол ентіге үйге кіргенде, оның жалаңаш қолы мен көгерген мұрнын көріп, анасы шошып кетті.

Жалғыз қалған Анита Лұқаның пальтосымен қымтана түсті. Жиырма минуттан кейін ол оралуға тиісті. Осы уақыт ішінде ол көп нәрсені ақылға салып, бір шешімге келуі керек.

Бәрінен бұрын оның құтқарылғанын айтсаңшы. Лұқа дәл уақытында орманнан шығып, көмекке шақырған оның дауысын естіген екен. Демек, осы уақыт ішінде, ол мүлдем жалғыз қалғанда, Құтқарушы есік алдында тұрып, ол туралы қам жеді. Ол Лұқаны құтқару үшін жіберді.

Ең бастысы, ол жабық есіктің мәнін түсінді. Шынын айту керек, егер ол қазірдің өзінде-ақ жүрегінің есігін ашса, артынан не боларын әлі білмейді. Бірақ бір нәрсе шын мәнінде айқын: ол Құтқарушыны бұдан әрі жабық есік сыртында қалдыра алмайды. Ол басын есік алдындағы қар басқан бөгеуге сүйеп, көзін жұмды.

„Иса Тәңірім, — деп дұға оқи бастады Анита, — мен енді өз жүрегімнің есігін ашамын. Менің есігім ұзақ уақыт жабық болып, Сенің көп тосуыңа тура келгеніне мені кешір. Өтінемін, жүрегімнен орын ал енді. Лұқаны жек көргенімді кешір. Өтінемін, оны жақсы көруіме көмектес. Егер мен оған сол бір кішкене сәйгүлік туралы айтуға тиісті болсам, ол үшін маған қайрат-жігер беруіңді өтінемін. Сен мені құтқару үшін, Лұқаны жібергенің үшін, Саған алғыс айтамын. Аумин“.

Сөйтіп, Анитаның жүрегінің есігінің алдында ұзақ тұрған Иса Тәңірім, оның күнәсын кешіру және одан

жаңа адам жасау үшін ішке кірді. Осы бір ғажайып оқиғаға куә болатын маңайда ешкім болмады. Тіпті Анитаның өзі де ешқандай өзгерістің болғанын сезбеді. Бірақ сол түнде Анитаның есімі аспанда, Құдайдың өмір кітабына жазылды және Періштелер жерде тағы бір адам өз жүрегінің есігін ашып, онда Құтқарушыға орын бергеніне қуанысты.

19 – Тарау

КЕШІРУГЕ АПАРАТЫН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

„Иә, ең бастысын атқардым, — деп ойлады Анита. — Енді мен бұдан әрі не боларын білетін сияқтымын“.

Оның жүрегі дүрсілдей соқты. Ол биік тауға және өзіне жігер берген аспандағы жұлдыздарға қайта-қайта қарады. Бұлар не деген ұлы, өте көне және ешқашан өзгермейді десеңші! Оған қарағанда Анитаның өзі және барлық оның қайғылары ештеңе де емес. Оның барлық уайымы мен үрейленгені көп кешікпей басылады, жадынан да шығып кетеді. Ал таулар болса, маңғаздана тұра береді, жұлдыздар да аспаннан жымың қаға беретін болады.

Айналымнан кішкене қара бейне көрінді. Лұқа шананы сүйреп, жүгіріп келе жатты. Үстіне басқа пальто киген. Оның ентіккені соншалық, сөйлеуге де шамасы келмеді.

— Жүр, Анита, — деді ол ентіге, — сен аяғыңды созып отыру үшін үлкен шана әкелдім. Бірнеше минуттан кейін үйіңде боламыз.

Ол Анитаны орнынан көтеру үшін қолын созды, бірақ қыз асықпады.

— Тоқтай тұр, Лұқа, — деді ол тездете, дауысы жарықшақтана шықты. — Үйге барар алдында мен саған бірдеңені айтуым керек. Лұқа, сенің сәйгүліңді столдан мысық түсірген жоқ, оны жасаған мына мен. Оны мен сен жүлдені жеңіп алмау үшін әдейі істедім.

Мұның бәрі Даникпен болған оқыс оқиғаға бола. Кешір мені, Құдай үшін, өтінемін, Лұқа.

Лұқа тілі байланғандай бір орында тапжылмай тұрып, оның бетіне қарап қалды. Сол сәтте ол іштей қуанды да. Анитаға ренжудің орнына, оның бойында бір түрлі жеңілдік пайда болды. Өзі сияқты, Анита да қастыққа барған екен. Егер ол Анитаны кешірсе, Анита да оны кешіреді. Әрине, Даниктің жарымжан аяғымен салыстырғанда, сәйгүліктің сынғаны түк те емес, тәйірі. Соған қарамастан екеуін татуластыратын ортақ жағдай туды. Лұқа бұл туралы айтайын деп еді, аузына сөз түспеді. Ол қынжыла күлді де, ұялған пішінмен:

— Иә, ештеңе етпейді, Анита, қапаланба. Шанаға мін, — деді.

Ол оны қымтады да, өзі шананың алдына отырып, таудан төмен қарай құлдилап жөнелді. Қарды бората, олар Бурни үйінің алдына келіп тоқтады. Анита басқышпен әрең көтеріліп, бір аяғымен тұрып, Лұқаға бұрылып қарады. Ол кетейін деп шанасын ақырын бұрып қойды. Анита Иса Мәсіх сүйіспеншілігіне өз жүрегін ашты. Бұл Лұқаға да ашылды деген сөз, өйткені, Құтқарушының сүйіспеншілігі ешкімді алаламайды.

— Жүр, үйге кір, Лұқа, — деп шақырды ол. — Кір. Сенің мені тауып алғаныңа әжем қалай қуанар екен!

Анита есікті ашты да, Лұқа соңынан еріп, үйге кірді. Анитаны көрген әжесі қуана айқайлап жіберді. Бәрі де ол туралы мазасызданып, әкесі бірер сағат бұрын тау жаққа іздеп кеткен екен. Әжесі Анитаға ұрсайын деп оқтала бергенде, ақсаңдағанын байқап қалып, үндеген жоқ; оның диванға жетуіне көмектесіп, салқын компресс әзірлеуге кетті.

Қайтып келгенде Лұқаны көрді. Ол имене табалдырықта тұр екен. Бір сәт біріне-бірі қарасып қалды. Әжейдің көне көзі бала жүзінен оның іш-дүниесін ашық кітапша оқи білді. Ол Лұқаның жүзінен бұрын ешқашан көрмеген өкініштің, өтініштің, үміттің, ерліктің табын көргендей болды. Ол оған жақындап барып, қолын иығына салды да, оны жылы бөлмеге ертіп келіп, жылышырайлы дауыспен:

— Кір, отыр, бізбен бірге тамақ іш, — деді.

Біраздан кейін тағы да есік ашылып, Бурни мырза тұлыбының қарын қағып үйге кірді. Анитаны іздеп жүріп, екі бұлдыр кескін мінген шананың таудан сырғанап бара жатқанын байқағанда, ол Анитаның аман екенін пайымдады. Анитаның әңгімесін естігеннен кейін, түнде үйден алысқа ұзап кеткеніне аздап кейіді. Сонан соң ол да пешке жақын жайғасты. Әжей бәріне де бір-бір саптыаяқ какао мен май жағылып, үстіне қалың ірімшік салынған нан әкеліп берді.

Барлығы да үн-түнсіз тамақтанып отырды. Бұл жақсы отырыс еді. Орманның суық ауасынан кейінгі жылы пештің қасы тыныштандырып, маужыраған күйге түсірді. Лұқа жалынға қарап, көзін қысып отыр. Оған осы бір сәт ешқашан бітпесе екен деген ой келді. Алайда үнсіздікті есікті тырналаған дыбыс бұзып жіберді.

— Бұл Аққаршық қой, — деп айқайлаған Анита жүгіріп шығайын деп еді, бірақ ауырған аяғы қайтадан оны отыруға мәжбүр етті. Осы кезде әжесі, әкесі және Лұқа есік алдына бірдей барып қалған еді.

Құйрығын бұлғаңдата жоғары көтерген Аққаршық жаңа туған ала, әлі көзі ашылмаған баласын тісімен

ұстап, үйге кірді. Ол бұларға ешқандай көңіл аудармай, Даник ұйықтап жатқан бөлмеге маңғаздана өтіп кетті. Ол онда құстөсек үстіне секіріп шығып, өзінің аса бағалы баласын иесінің ұйпаланған сары басының қасына салды. Сонан соң есікке қайтадан келіп, мияулады.

— Ол екіншісін әкелуге оралды, — деді де, әкесі оны шығарып жіберді.

— Онда есікті ашық қалдырған жөн, — деп ұсыныс айтты әжей, шәлісін иығына жамылып.

Ол Лұқадан тізесіне жабу үшін, еліктің иленген терісін әкелуін өтінді. Сөйтіп, Аққаршық тағы да есіктен көрінгенше бәрі де желдің өтінде отырды. Бұл жолы мысық ақ, қара дағы бар баласын көтеріп әкелді де, тағы да қараңғыға сүңгіп кетті.

— Бұл енді соңғысы болар, — деп күбірледі әжей, жел өтінде отырғандарын және шағын үйде орынның аздығын еске салып.

Өзгелері үндеген жоқ. Олар есік жаққа қарап отырды. Аққаршық не істесе де, бұл үйде оның алдына шығар жан жоқ. Ол аяқтарын асықпай, байыппен басып тағы да табалдырықтан көрінді. Осымен жұмысы аяқталған сияқты. Бұл жолы, дәл өзіндей, әппақ мысық баласын әкелді. Ол балаларын алдыңғы аяғымен құшақтап, Даниктің кеудесіне ыңғайлана жатты да, мияулап, бәрі соған қарап тұрғандай балаларын жалай бастады.

— Лұқа, есікті жапшы, — деді әжей жеңіл дем алып. — Ал сен Петр, мысықтарға себет тауып әкелсең жақсы болар еді. Бала тұншығып қалуы мүмкін.

Бурни мырза мырс етті.

— Оны, шеше, ертемен жасаймыз, — деді ол. — Бүгін жатқан жерінен қозғамайық. Бұлар әдетте өз-

дерін жақсы көрген немесе жек көрген адамдарды айыра біледі. Ал Даникке ештеңе де болмайды.

Ол Аққаршықтың табанын Даниктің иегінен ақырын алды да, сиыр қораны жабу үшін сыртқа шығып кетті. Лұқа да үйіне кету үшін орнынан тұрды. Ол әжейге жақындады да, қолын созып:

— Енді мен кетейін, — деді. — Үйге кіруге рұқсат еткеніңіз үшін рақмет. Анитаның аяғы жуық арада жазылатынына сенемін.

Әжей оның көзіне тура қарап, біршама уақыт Лұқаның қолын қысып тұрды.

— Иә, кететін уақытың болды, — деді ол. — Бірақ тағы да кел. Сен әруақытта біздің қуана қарсы алатын қонағымызсың.

Анита Аққаршық оралғанда оятамын деп Даникке берген уәдесін басқа ешкімге айтпады. Әжесінің қаһарынан қорықты. Бірақ уәдеде тұруы керек болды. Әжесі ас үйге ыдыс жууға кеткенін тосып тұрған ол, баланың төсегінің жанына келді.

— Даник, — деді ол сыбырлап, інісінің терлеген маңдайын сипап, шашын жоғары көтеріп...

Даник демін ішке тартып, қолдарын көрпенің астынан сыртқа шығарғанымен, ояна қоймады.

— Даник, — деді Анита қаттырақ дауыстап, оны шымшыңқырап.

Ол көзін ашып, ұйқылы-ояу қалпында әпкесіне қарады.

— Міне, қарашы, Даник, — деді Анита, — ол оралып, саған сыйлық әкелді.

Ұйқылы күйімен ол онша түсіне алмады, — бұл түсінде ме, әлде жоқ па, — бұған әлі сеніңкіремей, Даник өз кеудесіндегі жұмсақ жүндерге қарап жатты.

— Ол үш егеуқұйрық әкелген бе? — деді ақырында.

— Жоқ, Даник, — деп дауыстады Анита. — Бұлар тышқан емес. Бұлар мысықтың үш кішкентай баласы. Аққаршық бұларды сиыр қорасында туып, енді саған әкелді. Бұлар сенікі, Даник. Аққаршықтың сыйлығы.

Даник көзін жыпылықтатты.

— Мен мұның келетінін білгенмін, — деп күбірледі ол. — Мен Құдайдан осыны сұрадым ғой.

— Бүгін мен де Иса Тәңірімнен жүрегіме кіруін сұрадым, — деп сыбырлады Анита інісіне еңкейіп. — Ол кірді.

Бұл бір кеште Құдайға жеткен екі дұға еді. Бірақ Даник енді ештеңе естімеді. Ол қайтадан тәтті ұйқыға кетті, сөйтіп Аққаршықтың құйрығының ұшы өзінің аузына кіргенін де байқамады.

20 – Тарау

ТОЛЫҒЫМЕН ТАТУЛАСҚАНДЫҚ

Әжесінің салған салқын компресінің пайдасы тиігені сондай, Анита төсектен таң ата тұрғанда, аяғының іскені мен ауырғанының басылғанын байқады. Бірақ жүріп кетуге әлі болмайтын еді. Түнде тағы да қар жауып, есік алдына күртік тұрып қалғандықтан, әжесінің сиыр қорасына кіруі үшін қарды қазып, жол ашуына тура келді. Мұндай күнде аулада ойнамайды. Алайда Анитаның, Даниктің және үш баласы бар Аққаршықтың іштері пыспады, қайта өте көңілді болды.

Түстен кейін әжесі бұларға шөп қораға барып ойнауды ұсынды. Даник жаңа жанұясын себетке салып, сонда апарды. Ол онда ұя жасап, шөп үстінде аунап-қунады. Ал Анита шет жаққа отырып, әжесінің үлкен Киелі кітабын ашты да, парақтай бастады. Ол пастор оқыған, Исаның жүрек есігін қағуы туралы ерекше жырды тауып алып, оқығысы келді. Мұны жаттап алғысы да келді. Ұзақ іздеуге тура келмеді: пастор бұл жыр Киелі кітаптың соңғы кітабында деген еді. Ол оны тез тауып алды. Жохан көрген Аян кітабының үшінші тарауындағы жиырмамыншы жыр еді: „Міне, есік алдында тұрып қағып тұрмын. Кім дауысымды естіп, есікті ашса, мен оған кіремін де, кешті онымен және ол Менімен бірге өткіземіз“. Анита осы сөздерді жаттап алғанша, ішінен қайталай берді. Оған осындағы бір ғана сөз: „кешті өткізу“

дегені түсініксіз болды. Оның мәнісін мүмкіншілігі келсе, әжесінен сұрап алуды ұйғарды.

Сонан соң ол басын қолымен таянып, Даникке қарап отырып ойға кетті. Інісінің тоңқалаң асып ойнағандағы қимылы оған оғаштау көрінді, — сау аяғы тізесінен бүгілсе, ауыратын аяғының тізесі тіп-тік қалпында қалып тұрды. Анитаның басына ойлар бірінен соң бірі келіп кетті. Ол Иса Тәңірге жүрегінің есігін ашты. Ол онда енді, қазір оның жүрегінде. Бәрі де әжесі айтқандай болды. Ол жүрекке кешірім және сүйіспеншілік рухымен бірге енді. Осы арқылы еңсені езетін жауыз ойлардың бәрі сейілді, енді Лұқаға кешірім жасау онша қиын іс емес. Тіпті оның бұл туралы енді ойлағысы да келмеді. Иса жүрекке енгенде, Ол қыздың менменшілдігін, сүйіспеншілік жасауға әзір болмағанын және қатыгездігін айқын көрсетті. Енді Анита басқа нәрсеге абыржулы: Лұқа оны кешірер ме екен? Өзі болса, қателігін мойнына алды ғой, ал ол бұған тіпті ашуланбағандай. Қалай болса да Лұқа жүлдесіз қалды, енді Анитаға басқа бір әрекет жасау керек шығар. Оның Нұх кемесіндегі жануарлары бар емес пе? Егер ол бұларды мұғалімге апарып, болған оқиғаны түгел айтса, мұғалім Лұқаның ағаштан бейнелерді өте жақсы жасайтынын көрер еді. Ол Лұқаға басқа бір жүлде беруі де мүмкін ғой?

Жоқ, олай ету дұрыс бола қоймас. Онда мұғалім оның өзі туралы не ойлайды? Басқа балалар ше? Анита жабулы қазанды жабуымен қалдыруды және бұл туралы бұдан былай ойламауды ұйғарды. Осы шешімді қабылдауы мұң екен, Киелі кітаптың дұғасы оны қуантпайтындай күй сезді. Ол көлденең салма ағаш үстінде тербеліп, әжесі сиыр саууға келгенше,

малдарға шөп жұлып берді. Анита сонан соң төмен түсіп, ақырдың үстіне отырып, әкесі сиыр сауып біткенше онымен әңгімелесті.

Қараңғылық ерте түсті. Балалар үйге кешкі ас ішуге кірді, одан кейін Даниктің ұйықтайтын уақыты болды. Даникті ұйықтатудың өзі үлкен әуреге айналды. Әжесі болса, мысықты балаларымен сиыр қорасында қалдырғысы келді, ал Даник бәрін де өзімен бірге төсегіне жатқызды. Ақыр аяғында бәрі бір келісімге келді. Сөйтіп, мысықтың балаларын кереует астында жатқызатын болды. Осының бәрі әңгімеге әжептәуір арқау болып, әжесінің әлі құрығандықтан, ол өз орнына әзер жетті.

Анита өзінің орындығын әжесінің жанына қатар қойды. Ол енді ғана жайланып отыра бергенде, есік қағылды. Оның тұрып, есік ашуына тура келді. Табалдырықта ұяла, жасқанып Лұқа тұр екен. Анита да сыпайыланамын деп, абыржыңқырап қалды. Екеуі бір-біріне қарады. Әрқайсысы сөзді кім бұрын бастайтынын күткендей. Бұл тұрыстарына қайран қалған әжей, басын көтерді.

— Лұқа, ішке кір, — деді ол. — Сенің келгенің жақсы болды. Анита, тағы бір орындық әкеліп, екеуің де отырыңдар.

Олар әже сөзін екі етпей жайғасты. Лұқа Анитаның аяғы туралы білгісі келгенін айтты да, одан әрі үндемеді. Ал Анита болса, әжептәуір жақсарып қалғанын айтып, ол да үн-түнсіз еденге қарады.

Әжесі екеуіне де көзілдірігінің үстінен үңіліп көз салды.

— Анита, Лұқа, — деді ол, — екеуің де түкке тұрмайтын жанжалды ұмытуларың керек. Әдеп сақтайтын уақыттарың жетті. Лұқа, сен әдейі болмаса да,

өте нашар іс жасадың. Сол үшін көп бейнет те көрдің. Көз жасыңды көл қылғанмен, қайғы-қасіретке көмектесе алмайсың, жоғалған қайтып табылмайды. Батылдық көрсетіп, бәрін қайта бастауға тырыс. Ал сен, Анита, кешірім жасауды үйренуің керек. Мейірімді бол, өзіңді өзгеден артық санайтын мінезіңнен арыл.

— Мен өзімді өзгеден артықпын деп санамаймын, — деді Анита ептеп таңырқап.

— Жоқ, сен солай ойлайсың, — деп жауап берді әжесі. — Әйтпесе, өзгенің қателігін кешіру онша қиындыққа соқпас еді.

— Мен оны кешірдім ғой, — деді Анита. — Анда, кеше кешке, тауда. Бұл маған қиын болмады, өйткені мен де бұған бір жамандық істедім ғой. Мен оған бұл туралы айтқанымда ол мені кешіретінін айтты. Солай емес пе, Лұқа? Сөйтіп, екеуміз де бірдей жаманбыз.

— Иә, — деп нығыздай түсті Лұқа, — бірақ сенің жамандығың менікіне қарағанда ештеңе емес. Әзер болса, мен тағы да бір сәйгүлік жасармын, ал Даникке сау аяғын қайтара алмаймын ғой. Оның үстіне сені жұрттың бәрі жақсы дейді, жақсы көреді, ал мені ешқайсысы ұнатпайды.

— Мүмкін, бұл сенің қылығыңды олардың білгендерінен шығар, — деді Анита, — ал менің не істегенімнен олар бейхабар. Лұқа, сен білесің бе, мен бүгін осының бәрін мұғалімге айтуға тиістімін деп ұйғардым. Бірақ соған батылым жетпей ме деп қорқамын.

Олар осылай әңгіме-дүкен құрды, ал әжей бұларды тыңдаудан жалыққан жоқ. Оның бірге болғанына балалар қысылмады, әңгімелерін жалғастыра берді. Сонан соң қария да сөзге араласты.

— Анита, Лұқаны аяқ астынан кешіруіңе не себеп

болды? — деп сұрады. — Осыдан екі күн бұрын, сен маған мұны ешқашан жасай алмайтыныңды айтып едің ғой.

— Білесің бе, әже, мен өз жүрегімнің есігін сен түсіндіргендей аштым. Сонан соң бәрі де өзің айтқандай болды. Исадан жүрегімнен орын табуды өтінгеннен кейін, кешірім жасау қиын емес екен.

— Бұл мені қуантады, — деді әжесі. — Сенің жүрегіңнің есігін ашқаннан-ақ осылай болатынын білгенмін. Иса Өзінің үлкен сүйіспеншілігімен және кешірімпаздығымен біздің жүрегімізден орын тапқанда, — көңілсіздік, менменшілдік және жауыздық ойлар біржола жоғалады. Мұның бәрі күн шыққанда қараңғылық қашатындай ғой. Бірақ Исаның сүйіспеншілігі тағы да бірдеңелерді қуады. Менің Киелі кітабымды әкелші, Анита.

Әжей кітаптың әр бетін ақырын аударыстырып, Жоханның бірінші хатының төртінші тарауын тапқанша, текстке мұқият көз жүгіртті. Ол Анитаға он сегізінші және он тоғызыншы жырларды көрсетті:

— Мынаны оқышы, Анита!

Анита ақырын және түсінікті оқыды: „Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Бірақ нағыз сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, өйткені, қорқынышта азап бар. Қорқатын адамда сүйіспеншілік жетілмеген. Біз Оны сүйейік, өйткені, Ол бізді алдымен сүйді“.

— Міне, осылай, — деді әжесі. — Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды. Тәңірім біздің жүрегімізге шынайы сүйіспеншілікті ұялатқанда, бұл сүйіспеншілік жүректен — көңілсіздікті, менменшілдікті, сондай-ақ қорқынышты қуып шығады. Түсіндіңдер ғой, Оның бізді жақсы көретініне біз шынымен сенген сәтте, біздің ештеңеден қорықпауымызға бола-

ды. Егер оның бізді жақсы көретінін білсек, онда біздің өмірімізде біздің игілігіміз үшін бәрі де болады.

Анита мен Лұқа терең ойға түсіп, бір-біріне қарап күлімсіреді. Анита орнынан тұрып, шкафқа барды да, одан Туылу мейрамында алған қонжық бейнесіндегі тәтті тоқашын шығарып, екіге бөлді де, жарастықтың, келісушіліктің белгісі ретінде жартысын Лұқаға берді. Олар қатар отырды. Лұқа өзін бақытты сезініп, тәтті тоқашты жеді, ал Анита әлі де ойлы және мазасызданғандай қалыпта қалды. Оған енді не істеу керектігін ол бұрынғыдан әлде-қайда айқын түсінді, бірақ оның олай жасағысы келмеді.

Лұқа енді үйдегілермен қоштасты. Ол шығысымен Анита әжесіне қайырлы түн тіледі де, жатуға ыңғайланды.

— Анита, — деді жақсы ниетпен әжесі, — мынаны еске сақта: Иса жүрекке кіргенде, Ол Мырза ретінде енеді. Сен енді өзіңнің қалауың бойынша емес, Соның айтқанын істеуің керек.

— Иә, әже, — деп күрсіне жауап берді Анита.

Ол жоғарыға, өз бөлмесіне кетіп, тізерлеп отырды: „Тәңірім Иса, — деп мінәжат етті ол, — мен Сен не айтсаң, соны істеуге тырысамын. Егер мен шын мәнінде мұны мұғалімге айтуым керек болса, онда маған, өтінемін, батылдық бер және қорықпауыма көмектес“.

Ол төсегіне жатып, жүрегі тыныштала көзін жұмды да, көп кешікпей ұйықтап қалды.

21 – Тарау

АНИТАНЫҢ БАТЫЛ ҚЫЛЫҒЫ

Келесі таңда Анита ерте оянды. Терезенің қақпақтары жабық болғандықтан, уақыттың қанша екенін ол шамалай алмады. Осы кезде ол кішкене жарық сәулесін байқап қалды. Ол терезенің қақпағының саңылауынан еденге жарқырап түсіп тұр екен.

„Таң атқан шығар, — деп ойлады Анита, — терезенің қақпағын ашып қарайын, аспан әдемі ме екен?“

Ол төсегінен тұрып, қақпақты сырғытып еді, бүкіл бөлме нұрға толып кетті. Алқапта әлі қаракөлеңке екен, бірақ тау басынан шығып келе жатқан күн бұлардың үйіне сәулесін шашып тұрды. Қар көз қаратпай жылт-жылт етеді, Таулардың бастары күн нұрынан жарқырағаны соншалық, тіпті қарауға көз шыдамайды. Бөлмеге түскен жарық, оны таңсәрінің салқын тазалығымен толтырғандай.

„Әжем дәл айтқан екен, — деп ойлады Анита, — алқаптағы көлеңкелерді серпілте алатын басқа жол жоқ. Тек оны күн қуғанша тоса тұру керек. Содан соң, тіпті біреу-міреу бұл көлеңкені сақтаймын деп тырысса да, оны жасай алмайтын болады. Күншілдік, жауыздық, кешірмеушілік пен шындықты айтудан қорқу — мұның бәрі де көлеңке. Исаны кіргізу деген — терезе қақпасын ашқанмен бірдей“.

Бұл ойдың оған ұнағаны соншалық, ол көрпенің астына тағы да тығыла түсіп, тұратын уақыт болғанша ойын жалғастыра берді. Біраздан соң киініп, аздап

ақсаңқырап, әжесі кофе қайнатып жатқан ас үйге түсті.

— Әже, — деді ол, — бүгін таңертең мұғалімге баруым керек.

— Аяғың қалай болды? — деп сұрады әжесі.

— Мен шанамен барамын.

— Ал содан кейін қалай қайтасың?

— Білмеймін, бірдеңе етіп, оралатын шығармын.

Қалай болған күнде де бүгін мұғаліммен сөйлесуім керек. Бұл кейінге қалдыратын іс емес.

— Нені айтып жатырсыңдар? — деп, табалдырықта бәтеңкесінің қарын сүртіп тұрған әкесі сөзге араласты. — Егер Анитаның мұғалімге баруы керек болса, онда менімен баруына болады. Мен бүгін поездға ірімшік апаруым керек. Мен оны шанамен мұғалімнің үйіне дейін жеткіземін де, қайтарда жолшыбай ала қайтамын.

Анитаның беті бал-бұл жанып, бұдан әрі тосып тұрудың ретін таппады. Егер ол істі тағы бір күнге кешеуілдетсе, онда оның бойын қайтадан қорқынышты үрей билеп алуы мүмкін.

Шанаға әкесімен қатарласа отырған ол, ерекше қуанышты сезіне қойған жоқ. Анита тізесінің үстінде орамалға ораған Нұх кемесіндегі жануарлардың бейнесін ұстап отырды. Ол мұғалімге не айтатынын дәл білмеді. Егер ол бұған қатты кейісе не істемек? Мұндай да болуы мүмкін ғой.

— Мұғалімге не үшін барасың? — деп сұрады әкесі. — Тапсырмасыз отырудан жалықтың ба, әлде?

Анита оның иығына таяна түсті.

— Жоқ, — деді ол именіңкіреп, — жай оған бірер нәрсе туралы айтайын деп едім. Бұл құпия, әке!

Ол қолын делбе ұстап отырған әкесінің жеңіне

тыққанда, ақылды әкесі жауаптың орнына жымылып, басқа сұрақ қойған жоқ. Ол жұмыс басты адам болатын. Отбасының қамы үшін таң атқаннан күн батқанша қиын шаруа еңбегімен айналысып жүрді. Балаларымен ақтарыла сөйлесетін уақыты да аз болды; — ол бұл істі әжейге тапсырды. Бірақ олардың жүздерінен, сөздерінен ол көңіл күйлерін білетін. Сиыр қорада немесе орман ішінде отын кескенде, ол өз балаларының келешегі туралы ойлап, солар үшін құлшылық ететін. Ол кішкене қызының көп уақытқа дейін қамығып жүргенін де білді. Кейінгі кездерде оның мінезінің өзгергенін де байқады. Қызының тағы да бақытқа кенелгеніне қуанып, ештеңе сұрамауды ұйғарды.

Енді мұғалім тұратын ақ үйдің қасына келгенше, бұлар жұмған ауыздарын ашқан жоқ. Жазда бұл үй шын мәнінде ақ болып көрінетін, ал қазір қардың түсімен салыстырғанда, ол кір және сұрғылт болды.

— Түсе ғой, — деді әкесі. — Шамамен жарты сағаттан соң қайтып келемін.

Ол жүріп кетті, ал Анитаның жүрегі дүрсілдеп, жалғыз аяқ жолмен үйге қарай беттеді. Ол есікті қағуға жүрексініп, біраз уақыт тұрып қалды. Егер мұғалім оны терезеден көріп, есікті өзі келіп ашпағанда, мүмкін, әкесі келгенше ол осылай тұра берер ме еді?

— Кір, кір, — деп ол оны өздері жиі отырып, сабақ оқитын кішкене бөлмеге жылы шыраймен шақырды.

Ол өз оқушыларын жақсы көретін. Каникул кезінде олардың болмағаны оның көңілін құлазытатын еді. Сондықтан біреуі болмаса біреуі келе қалса, ол қуанатын. Анита дереу столдың қасына келді де, орамалды шешті, ішіндегі заттарды шығарды. Ол столдың

үстіне Нұх кемесіндегі барлық жануарларды қатарлап қойды.

— Бұларды Лұқа жасады, — деді ол, пысықтай сөйлеп. — Әдемі емес пе?

Мұғалім столға жақындап, оларды көңіл қойып мұқият қарай бастады.

— Өте әдемі жасалған екен, — деді ақырында ол. — Жарайсың, Лұқа. Ол осындай жақсы жонып жасай алады деп әсте ойлаған жоқ едім. Оның конкрусқа ештеңе әкелмегені несі?

— Оның әкелгісі келді, — деді Анита нықтай сөйлеп. — Мен сізбен сол туралы сөйлескелі келдім. Ол тамаша сәйгүлік атты жонған еді. Лұқа жоқта мен оны сындырдым. Мен болған іске өте өкінемін, Лұқаның жұлде алуы үшін жағдайды түзетуге болмай ма екен деп, сізге келіп тұрмын.

Мұғалім оған үн-түнсіз қарады. Анитаның беті дуылдап, көзін еденнен алмады.

— Бірақ менде басқа жұлде жоқ қой, — деді мұғалім. — Бар болғаны екеу-ақ болатын. Біреуін Петр, ал екіншісін сен алдың.

— Онда Лұқаның Петрге тиген жұлдені алуы керек. Жұлде ең таңдаулы жұмысқа беріледі ғой, ал Лұқаның жұмысы Петрдікіне қарағанда әлдеқайда жақсы.

— Жоқ, жоқ, — деді мұғалім. — Мен мұны жасай алмаймын. Петр жұлдені еңбек сіңіріп алды. Біз оны қайта ала алмаймыз. Егер сен шынымен Лұқа жұлде алсын десең, оған өз жұлдеңді беруге тиістісің. Ол сенің кінәннан жұлдені ала алмады ғой, солай емес пе?

— Иә, солайы солай, — деп келісті Анита.

Үш минут бойы олар үн-түнсіз, ойланып отырып қалды. Оның жұлдесі — Швейцарияның бүкіл тау-

лары бейнеленген әдемі кітап болатын. Ол комодтың жылжымалы жәшігінде қағазға ораулы жатты және Анитаның ең бағалы игілігі болып саналатын еді. Әрине, оның болмайды деп айтуына да қақы бар. Мұғалім де кітабыңды бер деп оны ешқашан күштемес еді. Бірақ әжесі оған шынайы сүйіспеншілік туралы айтпады ма? Иса Тәңірім Өзінің нақты сүйіспеншілігімен оның жүрегінен орын алды, демек, Ол мұның бірдеңені өзі үшін ұстағанын қаламас еді.

— Мен келісемін, — деді ақырында Анита.

— Жақсы, — деп жауап қайтарды мұғалім.

Ол осы бір минуттарда Анитаның үлкен бір ерлік жасағанын білді.

— Сабақ басталғанда өзіңнің кітабыңды маған әкеліп берерсің. Мен оны бүкіл класс алдында Лұқаға табыс етіп, балаларға ол жонып жасаған жануарларды көрсетемін.

Анита келісті, бірақ ол туралы не ойлайды екен деген оймен, мұғалімге ұяла қарады. Мүмкін, ол оны сұрқия қыз екен деп ойлаған шығар. Бірақ мұғалім оған тек күлімсіреді, сөйтіп Анита мұғалімнің оған деген көзқарасының ешқандай өзгермегеніне аса сенімді болды да, қоштасып кетіп қалды.

Бос арба қар басқан ойлы-қырлы жолмен селкілдеп келеді, онымен Анита үйге қайтып келе жатты. Ол басқышпен кіре беріске көтерілгенде, есік алдында артына қарап, тоқтап қалды. Қасында мысықтың балалары бар Даник те онымен қатар тұрып қалды. Олардың алдында күн нұрымен шағылысқан тамаша алқап көрінді. Анита төменге, үйлердің жалтыраған шатырларына және мұз астындағы күміс өзенге қарады, Даниктің жылы қолын өз қолымен ұстап, кеудесін кере дем алды. „Бүгін таңертең ғана бүкіл алқап

қара көлеңке, құшағында еді, — деп ойлады ол, — ал енді бәрі де күн сәулесімен жарқырап тұр“. Ол өзінің жүрегінде де осындай күй болғанын білді. Иса жүрегінен орын алып, оны сүйіспеншілікке, жарыққа және ерлікке толтырды.

* * *

Лұқа мен Анита тауға қарай ширақ басып кетіп барады. Олар бұған дейін ешқашан мектептен үйлеріне бірге қайтқан емес еді. Енді бәрі де басқаша. Бұл күн Лұқа үшін ең бақытты күн болды. Көп түсіндіріп жатпай, мұғалім балаларға каникул кезінде ағаштан ойылған өте әдемі бейнелерді көргенін, сөйтіп ол тағы да бір жұлде беруді ұйғарғанын айтты. Бәрін таңғалдыра Лұқаның атын атады да, мұғалім оған жұлдені тапсырды. Мұғалім классқа бүкіл оқиға жайлы айтатын шығар деп тосқан Анита, талып қала жаздады. Бірақ мұғалімнің олай етпейтінін біліп, жеңіл дем алды.

Содан соң бүкіл бала Лұқаны қоршап алып, кішкене жануарларды мақтасып жатты. Бәрінен де бетінде секпілі бар Петр мээз. Оның бақытына мына бейнелер кеш тапсырылғанын, әйтпесе өзі бірінші сыйлықты ешқашан ала алмайтынын бүкпесіз айтты. Бәрі де онымен келісті. Бұдан кейін Лұқаға берілген кітапты көрді. Қыздар жағы:

— Анитаның алғаны да дәл осындай кітап болатын, — деп таңғалысты.

Лұқа мұның сол кітап екенін айтып қоймаса игі еді деп, Анита жүрексініп тұрды. Бірақ ол тек қана:

— Шын ба? — деп сұрап, Анитаға көзін білдірмей қысып қойды.

Енді екеуі мектептен үйлеріне бірге қайтып келе

жатты. Өзге балалар көрінбей кеткен кезде, Лұқа кітапты Анитаға қайтарып берді.

— Жүлде алғаным жақсы болды, — деді ол, — бірақ мұны өзімде қалдыра алмаймын. Шынында да, Анита, мен олай істей алмаймын. Бұл сенің кітабың, сондықтан оны сенен тартып ала алмаймын.

Анита басын шайқады.

— Жоқ, мұны сен өзіңде қалдыруың керек, — деді ол. — Мұғалім оны саған берді, бұл енді сенікі.

— Жақсы, — деді Лұқа, — олай болса, бұл екеуімізге ортақ болсын. Біз бірігіп ұстайық. Мәселен, менде бір ай тұрсын, келесі айда сен аласың, одан әрі тағы менде болады.

Анитаның жүзі бал-бұл жанды: оның бұл кітапты иемденгісі келіп-ақ еді.

— Өте жақсы, — деді ол. — Егер сен осыны қаласаң, онда мен келісемін. Әр айдың алғашқы күнінде біз айырбастасамыз. Сонымен солай ұйғарылды: әр айдың бірінші күні түстен кейін, сағат бесте кітап иесі оны көршісінің үйіне әкеліп, стол үстіне қояды. Бұл нағыз дұрыс шешім еді. Өйткені, қайтарып алған сайын, бұларға бақыттың қайнар бұлағы — кешірімділік, бір-біріне көмектесу, бір-бірімен бөлісу екенін еске салып тұрады ғой.

— Кел, — деді Лұқа, — мына жуан бөрененің үстіне отырып, суреттерін қарайық.

Олар бөрененің үстіндегі қарды түсіріп отырды да, кітапты тізелеріне қойып, беттерін аша бастады. Лұқа ешқашан мұндайды көрмеген еді. Енді ол Анитаға тауға шығудың түрлі жолдары жайлы айтып отыр.

— Мынау Матерхорнға шығудың ең жақсы жолы, — деді ол саусағымен соқпақты көрсетіп. — Мен осы жолмен бұл тауға шығатын боламын.

Аяғын салбырата шайқап отырған Анита, ер бала болсам Лұқамен тауға шығар едім-ау деп ойлады. Олар түскі ашық аспан аясында, қар жамылған шың етегінде күн нұрына бөленіп, көп отырды. Бірігіп суреттерді көрген қандай жақсы. Бұлар тіпті уақыт туралы ұмытқандай, бір кезде жақыннан ренжіген баланың дауысы шықты:

— Анита, әжем сенің алдыңнан шығуға рұқсат берді. Түскі тамақ әлдеқашан-ақ дайын тұр, мен тамақтанып та алдым.

Бұл Даник еді. Ол балдағына әрең сүйеніп, бұлардың қасына келді. Ол әбден шаршаған, көп жүрістен қызарып кетіпті. Өзін кінәлы сезінген Анита, бөрене үстінен секіріп түсті.

— Даник, — деді ол жаны ашып, — саған мұнша алысқа жүруге болмайды ғой. Енді үйге қалай ораласың? Қазір кейін қайтуымыз керек.

Үшеуі тауға ақырын аяңдай көтерілді. Даник өте шаршады, ол балдақпен ешқашан мұнша алысқа шығып көрмеген еді. Жолдың әрбір бұрылысында Анитаны кездестіремін ғой деп ойлаған ол — жүре берген, жүре берген. Лұқа оны аяп, иығына отырғызды да, Анита балдақтарын алды. Лұқа оны дәл есіктің алдына дейін көтеріп келді. Бірақ бүкіл жол бойы олар бір-бірімен сөйлескен жоқ. Анита мен Лұқаның арасында бір қырғи-қабақтық сезіле бастады. Бірінбірі кешіріскендеріне қарамастан, екеуі де: „Даник ақсақ болып қалды, оған енді кешірім де, келісім де жаңа аяқ бере алмайды“, — деп ойлады.

— Аяғым ауырып тұр, — деп ыңырысыды Даник, содан соң Анита оны көтеріп, үйге кіргізді. — Енді мені төсегіме жатқызшы, Анита.

Ол інісін кереуетіне апарып жатқызды да, оған

мысықтың балаларын берді. Содан кейін өзі оның жанына отырды. Әкелері тағы да қораға жұмыс істеуге кетіп, ал әжесі кешігіп қалғанына аздап кейіп, ас үйге кірді. Анита да оған қосылды. Әжесі стол жанында сүт бетіндегі кілегейін қалқып алып жатты. Анита оған көмектесе бастады.

— Анита, не болды? — деп сұрады кенет әжесі. — Сен неге мұңайып тұрсың?

Анита үндеген жоқ. Ақыр аяғында шыдамы таусылып, былай деді:

— Әже!

— Иә, құлыным!

— Әже, сен айтып едің ғой, егер Иса менің жүрегіме орнықса, Ол менің Лұқа туралы бүкіл жаман ойларымды қуып, оны жақсы көруіме көмектеседі деп. Өткен аптада бәрі жақсы еді. Ал Даниктің аяғының ауырғанын көргенде, оның бұрын қандай мықты бала болғаны есіме түсіп, өткен ойлар қайтадан оралады.

— Бұл мені таңырқата алмайды, — деп жауап берді әжесі. — Күн сайын сені жауыз, өзімшіл ойлар мазалайды. Олар сенің жүрегіңе қайтадан орнығуды аңсайды. Бұлардан өз күшіңмен арыламын деп талпынба. Исаға Өзінің сүйіспеншілігімен ол ойларды сейілт деп жалбарын. Қай жерде жүрсең де Иса туралы ойла. Киелі кітаптан Исаның сүйіспеншілігі туралы оқы. Егер жүрегің осы сүйіспеншілікке толса, онда жаман ойларға орын да қалмайды.

— Құдайдың сүйіспеншілігі жөнінде Киелі кітаптың қай тұсында айтылған еді? — деп сұрады Анита.

— Киелі кітап түгелдей сүйіспеншілік туралы сыр шертеді, деп жауап берді әжесі. — Кеш сайын біз Марқа жазған Ізгі хабарды оқып жүрміз ғой. Оның

әр беті Исаның сүйіспеншілігіне толы емес пе: Оның оқушыларды жақсы көруі, Оның дұшпандарын жақсы көруі, Оның бүкіл кедейлер мен қорлық көруші адамдарды жақсы көруі, Оның кішкене балаларды жақсы көруі. Иса жөніндегі бүкіл тарихты көңіл қоя оқы да, Ол адамдарды қалай жақсы көргені жайлы ойлан. Міне, сен Иса Тәңірімнен „жүрегіме ұялай гөр“ деп өтінгенде, осы сүйіспеншілік сенің жүрегіңе орныққанын ұмытпа.

— Жақсы, деді Анита жайбарақат қана, ал өзі ішінен: „Мен бүгін бастаймын, содан соң әр күні таңертең тұрғаннан кейін Исаның сүйіспеншілігі туралы бір әңгімені оқып отырамын“, — деп ойлады.

22 – Тарау

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

Ауыр ойға батқан Лұқа үйіне беттеді. Шаршаған Даниктің аянышты түрі оны өте ренжітті. Анитаға болса жеңілірек: ол өзінің әділетсіздігі үшін кешірім сұрап, бәрін қалпына келтірді. Ал мұның жағдайы мүлдем басқаша. Даниктің аяғын түзетудің мүмкіндігі жоқ.

„Неге бұл қыз мені кешіреді, неліктен мүлдем өзгеріп кетті?“ — деп Лұқа өзіне-өзі жүзінші рет сұрақ қойған шығар. Алдымен ол оны сонау жоғарыда үсітпей қар үстінен тапқаны үшін деп ойлады, бірақ содан кейін мұның астарында айтылмаған бір сырдың барын түсінді. Ол Исаға ашқан бір есік туралы айтып еді, ал әжесі болса, өзімшілдік пен қатыгездікті қуатын сүйіспеншілікті еске салды. Тау қариясының да қайырымдылық пен кешірімділік туралы айтқаны бар еді. Мүмкін, есікті ашқанда, — оның мәні не болса да, — қайырымдылық пен кешірімділік сүйіспеншілікпен бірге ішке енетін шығар? Әлде үшеуінің де айтып отырғаны бір нәрсе ме екен? Қалай болған күнде де, Анита Исаға есік ашқаннан бері мүлдем өзгеріп кетті. Бұрын өркөкірек және ымыраға келмейтін қыз еді! Ал енді ол жайдары және сыпайы болды. Бұл Иса Мәсіхтің ертеде, Киелі кітап тарихы кезінде өмір сүрген Біреу ғана емес, бүгінде де ғажап істер жасай алатын Тұлға екенін Лұқаның ойлауына түрткі болды.

Ол аяғын сылбыр басып, ақыры өз үйінің алдына жетті. Осыдан жарты сағат бұрын Анита екеуі бөрененің үстінде отырғанда, аспан көгілдір және тыныш болған еді. Ал енді қою бұлт тау басына төніп, суық жел жоға бастады.

— Дауыл болады, — деді Лұқа өзіне-өзі.

Малдар ауа райының өзгеретінін сезіп, қорада тыпыршуда. Лұқа тез үйге кіріп кетті.

— Столға отыр, — деді шешесі, — сен бүгін кеш оралдың ғой. Түстен кейін сабақ болмағаны қандай жақсы, бұлт қоюланып келеді, бұрқасын соғатын сыңайы бар. Анау кітабың не?

— Бұл жүлде, — деп жауап берді Лұқа. — Мұғалім оны маған жақсы жұмысым үшін сыйлады. Ол каникул кезінде менің бірнеше жануарларымды көрген екен.

— Рас па? Бұл өте әділетті шешім, — деді шешесі. — Ол сынған сәйгүлік жөнінде бірдеңе біле ме екен?

— Иә, — деді де, Лұқа әңгімені басқа тақырыпқа бұруға асықты.

Анитаны ұстап бергісі келмегендіктен, шешесінің сұрақтарынан қашқақтауға тырысты. Оның Анита туралы ойлары кейін де залда, газет үстінде ағаш жонып отырғанда да жалғаса берді. Шешесі ас үйде өз күйбеңімен жүргендіктен, ешкім оның мазасын алған жоқ.

„Мен Исаның енуін өтініп сұрадым“, — деді-ау ол оған. Бұдан кейін әжесі оларға Киелі кітаптан бірнеше дұғаны табуға көмектесті. Мүмкін, ол да мұны таба алар? Ол сөреге жақындап, шаң басып тұрған отбасының үлкен Киелі кітабын қолына алды. Шешесі оны сирек оқитын, сондықтан Киелі кітаптағы жазылған оқиғалар жайлы аз білетін, тек мектепте

үйренгендерін ғана Киелі кітаптан қарайтын. Ол Анитаның әжесі айтқан дұғаның қай тұста екенін білмеді, бірақ аяқ жағында дегенін есінде сақтап қалды. Сөйтіп ол таба алмады, бірақ оның орнына көптеген дұғаларды кездестірді. Ол Киелі кітаптан Ізгі хабарды және мектепте естіген Иса — Емдеуші, Оның — соқырдың көзін жазғаны, алапесті сауықтырғаны, өлгендерді тірілткені туралы оқиғаларды тауып оқыды. Иә, ол Исаның бір ақсақ адамды емдеп, оның еркін жүріп кеткені жөнінде жазылған жерді тапты.

„Тұр, төсегіңді ал да, бара бер“, — деді оған Иса.

Егер Иса шын мәнінде қазір де өмір сүріп, Анитаның жүрегін өзгертсе, Даникті неге емдемеске? Лұқа көптен бері құлшылық етпеген еді. Ол өте кішкентай кезінде, кейде шешесі екеуі жаттаған дұғаларды айтатын.

Енді ол сиыр қораға барып, сатымен пішен сарайына шығып алды. Ол осыдан бір жылдай бұрын жатып, көз жасын төккен жерге тізерлей отырды. Шынын айтқанда, Исаға есік ашу деген сөздің мәнісін ол әлі де түсінген жоқ еді. Бірақ Құдайдың осы жерде барын және оның дұғасын естіп тұрғанына ол сенді. Ол шын жүрегімен Құдайға сиынып, Даникті сауықтырып, бұрынғыдай жүре алатын етсін деп дұға оқи бастады. Лұқа жоғарыда ұзақ уақыт отырды. Содан соң төменге түсіп, сиырларды сауды. Ол сүті бар шелекті үйге апарайын деп қақпаны ашқанда, жел үйірген қар толқыны оны құлата жаздады. Шешесі терезе алдында тұрып, ұйытқып соққан боранға уайыммен қарады.

— Боран жақындап келеді, — деді ол, — саған фонарь алып, әпкеңнің алдынан шығу керек болар. Бүгін қараңғы ерте түсті ғой.

Оның осыны айтқаны мұң екен, есік ашылып, Мариям ентіге ішке енді. Қар шашына, пальтосына жабысып қалғанымен, ол күліп жіберді.

— Жоғарыға, төбеге қарай жүру маған өте қиын болды. Жел аяқ аттатқыздырмай, алыса-алыса әбден шаршадым, — деді ол су болған етігі мен пальтосын шешіп жатып. — Шаршағаным соншалық, сен, Лұқа, фонарь алып, алдымнан шығасың ғой деп ойлап едім. Мама, тамақ дайын ба? Қарным ашты.

Олар бәрі столға отырды. Мариямның беті қызыл алмаша әлі де бал-бұл жанып тұрды. Ол лепіре сөйлеп отырды:

— Бүгінгі аласапыран күнді айтсаңшы. Қонақ үйде адамдар өте көп болды, біреулері келіп, екіншілері кетіп жатты. Олар осындай күнде спортпен қалай шұғылданатынына миым жетпейді. Мен өте шаршадым. Кейбіреулерінің қалтасын қағуына тура келді. Қарашы, мама, — ол қалтасынан ассигнацияны алып, шешесіне ұсынды.

Марель ханым оны қуана-қуана алды. Жақын көршілері сияқты, ол да өзінің кішкене фермасын көп күш жұмсап, эзер ұстап отырған болатын. Мариям, жақсы қыз есебінде, қолына түскен ақшаны үйге қалтықсыз әкеліп тұрды.

— Мұнша көп қағазды саған кім берді? — деді шешесі.

— О, өте сүйкімді бір мырза, — деп шапшаң жауап берді Мариям, — ол өте белгілі адам деп ойлаймын. Қонақ үйдің директорының әйелі ол туралы маған түскі ас кезінде айтқан еді. Ол тамаша хирург, кез келген сүйек сынығын жаза алады. Ол төменде, көл жағасындағы ауруханада істейді. Бүкіл Швейцариядан оған адамдар келіп, жазылып кетіп жатқан көрінеді.

Осы сөзді естігенде, мазасызданғандықтан Лұқаның жүрегі тоқтап қала жаздады. Ол орнынан ұшып тұрды.

— Мариям, — деді жұлып алғандай, — бұл дәрігер Бурнидің Данигін емдей алар ма еді?

Мариям інісіне таңырқай қарады. Кішкене Даниктің тағдыры оған маза бермей жүргенін ол сезген де емес еді.

— Ол жағын білмеймін, — деп жауап берді әпкесі. — Дәрігерге қаралуы үшін, оны көл жағасындағы ауруханаға апару керек шығар. Бірақ оған Бурнидің ақшасы ешуақытта жетпейді ғой. Мұндай атақты дәрігерлер өте көп ақыны талап етеді ғой, Лұқа. Бурнидің бүкіл сиырларының бағасы оған жетпейді.

„Төменде, көл жағасындағы ауруханаға“, — осы сөз басында жатталып қалғандай. Өз алқабынан алысқа ұзап көрмеген Лұқаға бұл бір құрылық шеті болып көрінді. Дегенмен ол тағы да білмек болып:

— Мариям, олар Даникті ертең таңертең қонақ үйге апара алар ма екен? — деп сұрады.

— Дәрігер ертең ерте бірінші поездбен кетеді, ал оның жүгін вокзалға бүгін алып кетті.

— Онда Мариям, Даникті бүгін кешке апарса қайтеді?

Інісінің байсалдылығы Мариямның жүрегін жібіткендей болды.

— Жоқ, Лұқа, — деді ол аяныш білдіріп. — Мынандай ауа райында кім баланы апарсын? Оның үстіне соңғы поезд әлдеқашан кетіп қалды, ал асуды мынандай түнде қалың қар басып қалды. Бұл мүмкін емес. Жалпы, мен саған айттым ғой, Бурниде мұншама ақша жоқ. Даник үшін азаптануыңды қой, Лұқа. Сен оны әдейі итеріп жіберген жоқсың ғой. Былайша

айтқанда, ол балдағымен секіріп жүріп, әжесінен бәрін ала алатын бақытты бала.

Лұқа бұл сөзге ешбір жауап қайтармады. Әпкесі қонақ үйдегі басқа келушілер туралы және даяшы аула сыпырушыға, директор аспазға не дегенін айтуға кірісті. Лұқа мұның ешбір сөзін естіген жоқ. Ол жауапты шешім қабылдады.

Бірақ оның алдында үш кедергі тұрды: біріншісі — дәрігер көп ақша сұрайды, ал бұл болса, Лұқада жоқ. Осы сәтте ол тау қариясын еске түсірді. Оның ақшасы көп, тек оның тілін тапсаң, ол оны береді. Екіншіден — асуды қар басып қалған шығар, бірақ сынап көруге болады ғой. Егер бұл жоспары қиындық тудырса, ол басқа бір амалын қарастыра алады ғой. Үшіншіден — дәрігер мұнда келуге келісер ме екен? Өзінің атақты ауруханасына апаратын поездды тастап, осындай боранда қайдағы бір шаруаның баласына бару үшін, өзі ешқашан көрмеген баламен бірге қарама-қарсы жаққа жүретін жергілікті поездға міне ме?

Мұның бәрі әрине, өте күмәнді істер. Бірақ, келісуі де мүмкін-ау? Мариям оны өте жақсы дәрігер деп мақтады емес пе!...

— Мама, мен ішіп болдым. Рақмет, — деді Лұқа. — Мен өзіме жоғарыға кеттім.

23 – Тарау

ӘДЕТТЕН ТЫС ОҚИҒА

Лұқа өз бөлмесіне кіріп, тез жинала бастады. Ол шкафтан өз тұлыбын алып, қоян терісінен тігілген жылы құлақшынның құлағын түсірді де, аяғына мықты етік киді. Содан соң шешесіне таңертең оралатыны туралы қағаз жазды. Басқыш арқылы аяғының ұшымен ас үйге барып, қалтасын нан мен ірімшікке толтырды, тағы бір қорап сіріңке алды. Бұдан кейін есік сырмасын ақырын сырғытып, қораға кірді. Сонда қабырғада үлкен фонарь ілулі тұрды. Лұқа оны жаққанда фонардың жарығы аздап қайрат бергендей болды. Ол шаңғы алсам ба, алмасам ба деп, аз-кем ойланып тұрды. Бірақ қараңғыда шаңғымен жүру қиын деп шешті.

Қораның сыртқы қақпасын ашып, далаға шықты. Мұның кеткенін ешкім сезген жоқ, сөйтіп, әдеттен тыс оқиға әлқиссасы басталды. Күшті жел оны ұшырып жібере жаздады. Егер бұл арада жел мынандай күшті болса, асуда қандай болмақ? Жел оны бір жаққа алып кетіп, күртік қарға батырып қалмаса игі еді. Бірақ бұл жайлы ол әлі қорыққан жоқ. Бұл жайлы асуға барған соң ойлануға болады. Енді ең бастысы — қарияға жету.

Орман ішіне кіргеннен кейін желден құтылды. Ағаштар қатты шайқалып, бұтақтар сынып жатқанымен, мұнда Лұқа өзін қауіпсіз сезінді. Онымен бірге орман ішіндегі жолдың қары даладағы жолдың қары-

на қарағанда аздау екен. Лұқа тезірек жүре бастады. Ол омбы қарға батпағандықтан, алға жүру жеңіл болды. Сөйтіп, ол биік ағаштардың арасымен орманның ішіне кіре берді, кіре берді. Бір уақытта оның алдынан тау қариясының терезелерінен жарық түсіп тұрған үйі көрінді. Оның саяхатының бірінші бөлімі осымен аяқталуға жақындады.

Желге қарсы тұру үшін ол барлық күшін жинап, тағы ашық алаңға шықты да, үйге жетіп, есікті қақты.

— Бұл кім? — деді сақ дауыс іштен.

— Бұл мен, Лұқамын.

Есік тез ашылып, қария оны ішке енгізді.

— Лұқа, балам менің! — деп қария оған таңдана да таңырқай қарады. — Мынандай ауа райында және

жеті қараңғы түнде не айдап әкелді сені? Әлде бірдеңе болды ма?

Лұқа қабырғаға тақай қойылған орындыққа отырып, ентігін басты. Оған қариядан ақша сұрау өте қиынға түсті, бірақ амал жоқ.

— Сіз бірде көп ақшам бар, өте мұқтаж болған адамға оны беремін дедіңіз, — деп бастады сөзін Лұқа қарияның бетіне жалбарына қарап. — Мен сол ақшаға өте мұқтаж адамды таптым. Егер сіз ақшаныңызды маған берсеңіз, Даник Бурниді жазып алуға болар еді.

— Бұл қалай? — деді қария баланың жүзіне мұқият қарап.

— Әпкем жұмыс істейтін қонақ үйге дәрігер түскен екен, — деп түсіндірді Лұқа. — Ол ақсақ адамдарды емдейтін көрінеді және сынған сүйекті орнына сала алады екен. Енді мен Даникті келіп көріңіз деп өтіну үшін соған барамын. Әпкемнің айтуына қарағанда, ол көп ақша сұрайтын көрінеді.

— Сен оған қазір бармақпысың? — деп қайыра сұрады қария. — Мынандай боранда? Сен не ойладың? Сен есіңнен адасқан шығарсың, балақай! Мынандай ауа райында сен асудан өте алмайсың.

— Мен өтемін, — деп нықтай сөйледі Лұқа. — Қарлы боран басталғанына бірнеше сағат қана болды. Жұмсақ қар әлі терең бола қойған жоқ. Егер асықсам, өтіп кетуім мүмкін. Бірақ ақшасыз барудың пайдасы жоқ.

Қария бірден жауап бере қоймады. Ол өзімен-өзі кеңесіп отырғандай болды.

— Егер мен бұл дәрігерді аз да болса білсем ғой, саған ақшаны берер едім, — деді, ол ақырында. — Мен ақшаны тегін шашқым немесе жоғалтқым кел-

мейді. Оның адал адам екенін мен қайдан білемін? Ал оның есімі саған белгілі ме?

— Оны Гивет мырза деп атайды. Әпкемнің айтуына қарағанда, ол өте беделді кісі көрінеді.

— Гивет мырза, — деп, қария оның есімін қайталап айтты.

Осыны айтқанда оның дауысы күрт өзгерді. Басқа ештеңе демей, ол кейін бұрылып, өзінің бір жәшігінен кілтті алып, кереует үстінде ілулі тұрған шкафты ашты. Одан ол қағаз ақшаны толтыра тыққан ескі ұйықты алып шықты.

— Мынаны ал да, бәрін Гивет мырзаға бер. Оған айт, егер ол баланы емдей алатын болса, онда мына ақшаның бәрі соныкі болады де. Оған айт... Оған былай де, Лұқа, бұл қарыздың өтелуі де, осы соңғы сөздерді айтқанда оның дауысы дірілдеп кетті.

Лұқа қарияға қарады, бірақ таңырқай қарап отыруға уақыт тығыз. Бүкіл ақшаны қойнына тығып, жейдесі мен тұлыбын түймеледі де, есікке беттеді.

— Көп-көп рақмет! — деді ол тездете. — Мен кейін сізге келіп, істің немен аяқталғанын айтамын.

Қария баланы шығарып салу үшін есікке келді де, фонарын жоғары көтеріп, жолды көрсетті. Лұқа бірнеше қадам жасаған кезде, қария оны айқайлап шақырды.

— Лұқа!

Лұқа қайтып келді.

— Иә, ата!

— Менің аманатымды ұмытпа!

— Жоқ, жоқ, — деді Лұқа. — Мен бұл борыштың төлемі деп айтамын. Ұмытпаймын, сау болыңыз, ата!

Ол қараңғыға қарайлап, қайтадан жүгіре жөнелді. Бірақ қария оны тағы да шақырып алды.

— Лұқа!

Бала қайтадан қайтып келді. Бұл кедергілер оның төзімін тауыстыра бастады.

— Иә, тағы не?

— Оған мен туралы ештеңе айтпа, жақсы ма? Және оған менің есімімді айтушы болма, естіп тұрсың ба, Лұқа.

— Мен сіздің атыңызды да білмеймін ғой.

— Менің қайда тұратынымды да айтпа.

— Жоқ, ата, жоқ, — деп жауап берді Лұқа.

Асыққаны соншалық, қарияның бұл ерекше қылығына көңіл де аудармады.

— Мен оған бұл борыштың төлемі деймін. Қош болыңыз.

Лұқа қария қайта шақырып қалмаса екен деп, жұмсақ қар үстімен кейін қарай жүріп кетті. Орман шетінде артына бұрылып, фонарын бұлғап қойды. Қар жауып тұрғанына қарамастан, ол есігін ашып, табалдырықта фонарымен тұрған шалдың сұлбасын көрді. Лұқаның асығуы керек. Қар үсті-үстіне жауып тұрды, көп кешікпей асудан өту қиын болады, мүмкін, қазірдің өзінде өте алмайтын шығар? Әйтеуір жаяу адамға одан өту қиын. Сондықтан ол үйіне соғып, шаңғысын алуды ұйғарды.

Сүріне-қабына Лұқа соңғы шалғыннан өтті. Бақытына орай қора ашық екен, өте сақтықпен Лұқа ішке енді. Ол қабырғадан шаңғысын түсіргені сол еді, қарсы жақтан есік ашылып, қораға қолдарына фонарь ұстаған шешесі мен Мариям кірді. Лұқа жалма-жан шаңғысын қабырғаға сүйеді де, өзі үлкен сиырдың артына жасырынып, кір еденге етпетінен жата қалды.

— Ол мұнда да жоқ, — деді шешесі, жарықшақ-

тана шыққан дауыспен және қолындағы фонарымен айналаны жарқырата. — Менің ойымша, сенікі дұрыс болды, Мариям! Ол сол дәрігерге жету керек деген ойды миына әбден құйып алған. Ол мүмкін қазір тау жолымен кетіп бара жатқан болар. Ақылсыз неме, шаңғысын да алмапты. Мүмкін Бурни мырзаға айтсақ, артынан барар ма еді? Жаяу ол алысқа ұзай қойған жоқ шығар?

— Менімше, бұл дұрыс ақыл, — деп келісті Мариям. — Бурни мырза Лұқа қауіпті орынға барғанша артынан тез қуып жетеді де, тоқтатады. Жүр, қазір барып, өтінейік.

Олар қорадан жылдамдата шығып кеткенде, Лұқа орнынан тез тұрды. Оған уақытты зая кетіруге болмайтын еді. Шешесі мен әпкесіне пальтолары мен бәтеңкелерін кюлеріне екі-үш минут керек, содан кейін мынандай боранда Бурнидің үйіне жеткенше он бес минуттай кетеді. Болған оқиғаны айтқандарынша тағы да он минут өтеді, бұдан әрі Бурни мырзаның жолға шығуға дайындалуына тағы бес минут керек. Лұқаға осы жарты сағаттың өзі-ақ жетіп жатыр. Бірақ ол небәрі он екідегі бала, ал Бурни мырза әрі күшті, әрі білгір адам, шаңғымен де анағұрлым жылдамырақ сырғанайды.

Лұқа қорадан өте сақтықпен шықты. Ілгектің дыбысын естігенде, сөндіріп тастаған фонарын енді қайтадан жақты. Содан кейін ол шаңғысын аяғына байлап, жолға шықты. Фонарын алға ұстап, басын тұқыртып алған; қар көз аштырар емес. Көгал арқылы төмен қарай құлдилап орманға жетіп, жел өтінен құтылды. Осы арадан бастап ол басын көтеріп, алға қарауына жеңіл болды. Мұнан кейін ол елді мекенді қоршаған төменгі шалғынға тартты. Бұл жерде жел

қатты емес екен, сондықтан да Лұқаға тезірек жылжуға мүмкіндік туды.

Елді мекенде тірі жан жоқтай, дегенмен Лұқа өзін біреу-міреу байқап қалып, не істеп жүргенін сұрамасын деген күдікпен жан-жағына қарап қояды. Бірақ мынандай боранда түнде бәрі де үйде отырғанға ұқсайды. Елді мекен орналасқан төменгі алқапта жел ептеп саябырсыған, бала тыныштықта үй терезелерінен жарықты көргенде, өзін аздап сенімді сезінгендей болды. Көп кешікпей қатып қалған құдығы бар базар алаңын да кесіп өтті. Одан әрі сырғанап, сүт фермасын, вокзалды артқа тастап, өзен үстіне салынған көпірге жетті.

Осы арада аздап демін алуға аялдады. Ол алқаптың ең төменгі нүктесіне келді. Осы ардан жол екі биік таудың арасында жатқан асуға тіке тартады. Осы жерде Лұқа Бурни мырза өзін қуып келе жатқан жоқ па екен деп, артына қорқа жалтақтап қарады. Бірақ айналада тірі жан жоқ. Кенет ол өзін мүлдем жалғыз сезінді. Ол айналасынан елді мекеннің кішкене үйлерін, терезедегі жарықтарын көруді аңсады. Бірер уақыт тіпті Бурни мырзаның өзін қуып жетуін де қалады. Алайда ол дереу бұл ойдан безініп, тауға шыға бастады. Бұл жердің қары қалың емес екен. Шаңғысын иығына салған Лұқа, алға қарай еш қиындықсыз жүріп келеді. Ол орман маңында желдің гуілін естіді, бірақ боран басыла бастаған секілді.

Жоғары көтерілу оның күшіне түсіп, орманға жеткенде ол өзінің жаман қалжырағанын сезді. Мына орман оған таныс болмағандықтан, көңілі тағы да құлази бастады, орман оған жат және жұмбағы көп секілді болып көрінді. Лұқа тура жүріп келе жатырма, оны да нақты білмеді. Егер сәл жолдан тайса,

жардың жиегіне шығып кетуі де мүмкін. Алыстан жел гүліне қосылып, таудағы судың құламасының гүрілі еміс-еміс естіледі. Шаңғылары барған сайын ауырлай түсті.

Лұқа үш сағат бойы орман арасымен жоғары көтерілді. Барған сайын үрейі де молая түсуде. Өзі естіген таудағы қатерлер — қар көшкіні, алдамшы күртіктер және мұздақтың құлауы туралы оқиғалар ойға орала берді. Ол өлген жолаушыларды табуға үйретілген асыл тұқымды сенбернар иттер туралы ойлады. Бірақ мұндай иттер бұл өңірде қайдан болсын? Оның жүрегі атша тулай бастады. Ол аз-кем аялдап: „Мақсатыма жете алам ба, әлде тауда үсіп өлем бе?“ — деген сауалды өзіне-өзі қойды. Әлі де кейін қайтуына болады. Қас қағым уақыт ішінде ол отырып, таңданып қалды, өйткені бұрын мұндай ой миына келмеген еді. Аяғына шаңғыны байлап, орман ішіндегі ирелендеген жолмен төменге, үйіне қайту оңай-ақ. „Қолымнан келгеннің бәрін жасадым, бірақ дәрігерге бара алмадым“, — деп ақталар еді ол үйде. Бурни оның осы әрекетінің өзін міндетті түрде ерлікке санар еді.

Жел тағы да күшейді, үлкен ағаштар иіліп, сықырлай бастады. Лұканың тау басына шығуына аз-ақ қалды, бұл ара орманның шеті болатын. Ал егер асудың осы ашық қарлы тегіс жерінде жел оны құздан ұлпадай ұшырып жіберсе қайтеді? Ол тістері сақылдап, жылап жіберді.

— Бойымды үрей билеп алды, бұдан әрі бара алмаймын, — деп өкси жылады. — Егер алға аттасам, асуда адасып өлемін. Шіркін, Бурни мырза тауып алса ғой мені!

Еңкейіп, шаңғысын байлай бастағанда, оның есіне

Анитамен пеш алдында отырған бақытты шағы түсті, әжесі сонда үрей туралы айтып еді-ау. „Нағыз сүйіспеншілік үрейді үркітеді, — деген осы сөз оның миына сіңіп қалғандай. — Егер біз Мәсіхтің бізді сүйетініне шын мәнінде сенсек, онда еш қорқудың қажеті жоқ“. Лұқа еңсесін көтере ұстады. Бұл ой оны қайрай түсті. Демек, ол жалғыз емес. Әжей Исаның оны жақсы көретінін айтқан. Егер Ол оны жақсы көрсе, онда Өзінің баласын қараңғы қапас пен қауіпті жерде ешқашан жалғыз қалдырмайды. Лұқа түннен, долы бораннан және қорқыныштан да күшті Біреудің оған жақындап, қолынан ұстап, жоғарыдағы жолды көрсеткенін сезді.

Лұқа шаңғысын тағы да иығына салып, одан әрі жүріп кетті.

„Нағыз сүйіспеншілік үрейді үркітеді“, — деп қайталай берді ол. Шын мәнінде, бұл солай болды да. Бала өзінің жалғыз емес екенін сезінгендіктен, үрей де жоғалды.

Ол орманнан ашық алаңға шықты. Енді оның миында бір ғана ой бар: осы тегіс жерден қалай өту керек? Суық жел өңменінен өтіп, кері итерді. Оның аяқтары тізеден келген жұмсақ қарды омбылап келеді. Әйтеуір, әуірімдеп қардан шығып, ағаштардың түбінде шаңғысын аяғына қайта байлады. Содан соң, бетін қарсы соққан желден қорғау үшін еңкейіңкіреп, алға жылжи берді. Бақытына қарай қар жаууын қойып, аспан ашылғандай болды. Анда-санда жөңкілген бұлт арасынан ай көрініп қалады. Сол кезде Лұқа басын бір мезет көтеріп, бір бүйірінде жоғары көтерілген жартастарды көреді. Осы арқылы ол алға жүре берсе, тұп-тура асуға шығатынын шамалады.

Жүру бара-бара қиындай түсті. Күші де сарқылып

қалғандай. Бір уақытта күшті жел оны ұшырып түсіріп, ол ендіге қарға құлады.

„Мен енді ешқашан тұра алмайтын шығармын“, — деп ойлады Лұқа. Оның әлсірегені соншалық, оған тұрса да, тұрмаса да бәрі бірдей көрінді. Ол осы арада тағы да сүйіспеншілік туралы ойлап, Құтқарушының жақын екенін бала жүрегімен сезінді, дұғаның орнына қолын алға созып, Оның көтеріп алуын тосты. Арада бірнеше минуттар өткеннен кейін ол тағы да күшін жинап, орнынан көтерілді. Осы арада ол алды еңіс екенін байқады. Лұқа осылай асудан асты!

Оның жүрегі қуана соғып кетті. Бірақ әлі төменге түсу керек. Енді ол қарсы соққан желге рақметін айтып келеді, өйткені шаршап, сіресіп қатып қалғандықтан, иілуге келмеген аяғы шаңғыны игере алмады. Егер жел алдан соқпағанда, төменге қарай қатты құлдилап, қатерге ұшырар еді. Енді ол жүресінен отырып, ақырын сырғанап келеді. Бұдан оның аяғы мүлдем ұйып қалды. Ол енді шаңғының үстіне шанаға отырғандай жайғасты. Оның тоңғаны сондай, тіпті суықты сезбейтін болды. Оның тұла бойына ұйқы үйіріле берді, бір көңілсіздік бойын билеп алғандай. Осы сәтте қатты соққыны сезініп, ол бірден өзіне-өзі келді. Үлкен күртікке кіріп кеткен екен. Одан шыққаннан кейін үстіндегі қарды сілкіп, жан-жағына қарап алды. Ол тағы да орманға жақындаған екен. Мұнда қалай келіп қалғаны есінде жоқ. Асудан қалай түскенін де есіне түсіре алмады. Минуттер ме, сағаттар ма белгісіз, бірақ Тәңір Өзінің шексіз сүйіспеншілігімен Өзі оны осы араға әкелді.

Оның аяғының астында, ағаштардың арасынан ирелеңдей тартқан, жіңішке жол жатты. Ол дұрыс

келе жатқанын біліп, көңілі жай тапты. Айнала қараңғы болғанымен, ол онша қорықпады. Енді ол өте сақ болуы керек, бұралаңы көп жол оны күртікке немесе ағашқа соқтыруы мүмкін. Ашық алаңқайда жел аяғынан шалып, кеудесінен итеріп тұрды, ал орман ішінде ағаштар Лұқаға пана болды. Соған да шүкір, одан артық ешнәрсенің керегі де жоқ. Мұнда өте тыныш. Енді ғана Лұқа саусақтары мен башайларының қатты ауырып бара жатқанын сезді. Бірақ оған қарамастан, ернін тістеп, ол тек алға ұмтылды. Кейде біраз тоқтап, шаңғы үстіне дем алуға отырды.

Таң жақындап қалды. Аспандағы бұлт сейіліп, ай көрінді. Оның жарығы ағаштың қарлы бұтақтарынан өтіп, қар үстіне түсіп тұрды. Лұқа орман арасынан шыққанда, оның алдында тегіс жазық жатты. Алда күмістей жалтырап қарлы дала көрінді, ал одан әрі... Одан әрі қараңғыда қала көрінді. Енді жарты сағаттан кейін Лұқа сонда болып, қонақ үйдің есігін қағады.

24 – Тарау

ДӘРИГЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Бүгін Гивет мырза өте ерте оянды. Оның бәрінен бұрын ойлағаны: дала тыныштықта, яғни долы боран басылған. Екіншіден, оның ойына бүгін үйіне баратыны түсті. Бұл оны қуанышқа бөледі. Ол науқас болатын, сондықтан дем алу үшін бір аптаға тауға келген еді. Енді ол өзін тыныққан, жұмысқа шығуға әзір адамдай сезінді. Бүгін алғашқы поездбен ол төменге, көлге барады да, түс кезінде үйінде болады. Бұл қандай кездесу болады десеңші! Балалары шуылдасып, дуылдасып алдынан шығады! Балаларын есіне түсіріп, ол күлімсіреді. Шымыр да дембелше денелі Марк, жайдары мінезді, бұйра шашты Эльза, байсалды да сабырлы Павел және жуырда туған Клара — бұлардың бәрі де оның қуанышы мен қазынасы емес пе! Бұдан кейін ол олардың шешесі туралы ойлады. Ол да Эльза сияқты жайдары, бұйра шашты, бірақ кешке қарай жайдарлылық шаршауға ұласушы еді. Егер үй ішіне оған көмектесетін көмекші табылса ғой, шіркін! Үйге оралысымен оның осы жағын қарастыруы керек.

Ол орнынан тұрып, киінді де, қырықтың қырықасына шыққанымен, қырынып тұрғанында балаша ысқырды. Қырынып бола бергенде, біреу ақырын есікті қақты.

— Кіріңіз, — деді Гивет мырза таңдана, өйткені сағат таңғы бес жарым ғана еді, таңертеңгі тағамды әкелу әлі ерте.

Есік ашылып, ішке түнгі швейцар енді. Оның жүзі абыржушылықты білдіргендей, ол түсіндірудің қисыны келмейтін бірдеңені айтқысы келгендей.

— Кешіріңіз мырза, — деп бастады ол, — сіз ешқандай мейманды күтіп отырған жоқсыз ба?

— Мейманды? — деп қайыра сұрады Гивет мырза, одан әрі таңырқай қарап. — Мынандай ерте уақытта және ауа райының ала сапыранында? Мен ешкімді күткен жоқпын.

— Білесіз бе, — деп тағы да бастады сөзін швейцар, — міне, жағдай мынандай. Осыдан он бес минут бұрын мен кіре беріс есікті біреудің қаққанын естідім. Есікті ашқанымда, табалдырықта, шаңғысын иығына салған он екі жасар шамасындағы ер баланы көрдім. Оның беті мына қабырға секілді ағарып кеткен, бала емес, елес дерсің. Ешқандай амандық-саулық жоқ: „Менің Гивет мырзаны көргім келеді“, — деді де, басын есік жақтауына сүйеп, отыра кетті. „Жігітім, — дедім мен оған, — мынандай ерте уақытта неге келесің, сөйте тұра қалайша біреуді сөйлесуге шақырасың тағы? Гивет мырза әлі ұйықтап жатыр“. — „Онда мен оны тосамын“, — деді ол маған, содан соң басын тізесіне еңкейте түсті. Мен баланың бұл жағдайын көріп, қалай қарап тұрайын? Шаңғысын алып, өзін бөлмеге кіргізіп, стол басына отырғыздым, „Сен қайдан келдің?“ — деп едім. „Придореіден“, — деп жауап берді. „Бұл қалайша?“ — дедім таңдана. — „Алғашқы поезд әлі келген жоқ қой“. — „Мен асу арқылы келдім“, — деді ол.

Бұл балаға қараған сайын, мен оның айтқанына сендім. Енді ол залда отыр. Мен сіздің есігіңіздің алдынан өтіп бара жатып, саңылаудан жарықты көрдім, содан соң кіріп, өзіңіз сөйлеспес пе екенсіз деп кіргенім ғой.

— Иә, иә, мен онымен сөйлесемін, — деп жауап берді Гивет мырза. — Бірақ оның асу арқылы келгеніне менің күмәным бар. Тіпті таудағы жол бастаушылардың өздері мынандай жеті қараңғы түнде асуға бара алмайды. Ал онда, жоғарыда, сұмдық болды ғой...

Швейцар иығын қиқаң еткізді де, Гивет мырзаны төменге бастап жүрді. Залға енгеннен кейін, екеуі де айқайлап жіберіп, балаға қарай жүгірісті: Лұқа орындықтан құлап, ес-түссіз еденде жатты. Дәрігер баланы қолына көтеріп алды.

— Мен оны өз бөлмеме апарайын, — деді ол қорқып кеткен швейцарға. — Маған бірнеше жылы грелкаларды, ыстық кофе жеткізіңіз, тек жылдамдатыңыз!

Ол жоғарыдағы бөлмеде баланы төсекке жатқызды. Су болған етігі мен ұйығын шешіп, сіресіп қатып қалған аяғын уқалай бастады. Содан кейін мұз болып қатып қалған киімін шешіп алып, үстіне көрпе жапты. Осы кезде ентіге басып, жылтқыштар мен буы бұрқыраған кофені алып, есіктен швейцар кірді. Дәрігер баланың денесін, жылытқыштармен қоршап қойды. Лұқа, көзін ашпастан, шаршағандықтан, қатты күрсініп дем алды.

— Осылай, жақсы, балақайым, — деді дәрігер. — Көп кешікпей өзіңе-өзің келесің.

Бірнеше минуттан кейін Лұқа көзін ашқанда, алдында әбігерленіп тұрған ер адамды көрді. Ол қайда жатқанын түсіне алмады. Жылынғандықтан, бұйығып ұйықтағысы келді. Оның қозғалғысы келмеді, бірақ жылы жүзді мына кісінің кім екенін білгісі келді.

— Сіз кімсіз? — деп сыбырлады ол.

Бірақ кісі жауап беруге асықпады. Ол Лұқаның

басын көтеріп, ыстық кофе ішкізді. Бала жайлап аздап жұтты, өйткені әрбір жұтқан сайын оның тамағы қатты ауырды. Кофені ішіп тауысқаннан кейін, ол тағы да:

— Сіз кімсіз... мен қайда жатырмын? — деп сұрады.

— Мен Гивет мырзамын, — деп жауап берді дәрігер. — Сенің мені көргің келген екен ғой?

Лұқа оған бажырая қарап қалды. Оның шаршағаны соншалық, мұнда неге келгенін де ұмытқан еді. Бірақ жылылық және кофенің әсерімен ол өзіне-өзі келе бастады да:

— Сіз әлгі ұлы және даңқты дәрігерсіз бе? — деп сұрады.

— Жоқ, мен қарапайым ғана дәрігермін.

— Бірақ сіз ақсақ балалардың аяғын жаза аласыз ғой?

— Бұл ақсақтықтың себебіне байланысты. Кейде жаза аламын.

— Ол ақсақ, — деді ақырын Лұқа, — өйткені, ол құздан құлады. Ол балдақпен жүреді, оның бір бәтеңкесінің ұлтаны екіншісінен өте қалың.

— Ол кім? — деп сұрады дәрігер таңғала.

— Кішкене Даник Бурни. Ол алты жаста. Ол менімен көршілес тұрады. Сондықтан мен сізден оны емдей алар ма екенсіз деп сұрағалы келдім. Сізге төлеуге ақшам жетерлік.

— Сен мен жайлы қайдан білдің?

— Менің әпкем сіз туралы кеше кешке әңгімеледі. Ол осы қонақ үйде істейді.

— Осындай қарлы боранда сен мұнда қалай жеттің?

— Мен шаңғымен асу арқылы келдім.

— Балақай, сен мұны істей алмадың. Мынандай ауа райында бұл мүмкін емес.

— Бірақ мен өттім, — деп қайталады Лұқа. — Басқа жол жоқ қой.

Мұнысы шындық. Түнде басқа жол шын мәнінде жоқ еді. Дәрігер өз құлағына өзі сенбей, балаға қарап отырды. Осы кезде Лұқаның қолы жейде ішіне сүңгіп, ақша толы ұйықты алып шықты.

— Міне, мырза, — деді ол, — оны емдеу үшін мынау жете ме?

Дәрігер ұйықтың ішіндегіні сілкіп түсірді. Мынандай көп ақшаны көргенде, ол таңырқай дауыстап жіберді.

— Балақай, — деді ол нық дауыстап, — ең алдымен мен бұл ақшаның саған қайдан келгенін білуім керек. Мұнда қанша барын білесің бе сен?

— Жоқ, — деп қалжыраған дауыспен жауап берді Лұқа, — бірақ әпкем сіз емдеу үшін көп ақша талап етеді деп айтқан еді. Мынау жете ме өзі?

— Мұнда өте көп, — деді дәрігер. — Бұлар саған қайдан келді?

Бұларды менімен достасып жүрген бір қария берді, — деп ұйқылы-ояу міңгірледі Лұқа.

Оның көздері жұмыла берді, бұларды ашуға ешбір күштің шамасы келмейтін болды.

— Ол сізге бәрін алсын, бұл борыштың өтеуі деген еді.

— Ол қандай қария? — деп сұрады Гивет мырза. — Осыны айтқаннан кейін ұйықтайсың. Оның аты кім?

— Мен білмеймін. Құдай үшін, — деді Лұқа, — бұл туралы сізге айтпауға оған уәде берген едім.

Осыдан кейін оның көзі жұмылып, ол басын бір

жағына қисайта қатты ұйықтап кетті. Дәрігер Гивет қиын жағдайда қалды. Қырық бес минуттан кейін оның поезы кетіп қалады. Ал алдында жатқан бала өмірін өлімге байлап, оған келіп отыр. Мұның бәрі қайғылы аяқталуы да мүмкін ғой? Енді ол батылдық

және ерлік көрсеткен кішкене жарымжан балаға көмектесудің ретін қалай келтіретінін де ойластырды.

Ол бөлмеден ақырын ғана шығып, төменге түсті де, әйеліне телефон соқты.

— Бұл сенбісің Марта? — деп бастады ол. — Қымбаттым, маған өте өкінішті-ақ, бірақ мен тек қас қарая ғана үйге жете аламын. Әдеттен тыс бір оқиға болып тұрғаны...

Сөйтіп, әйелінің ізгі жүрегіне ол осы бір әсерлі тарихты сеніп тапсырды.

Бөлмесіне қайтып келе жатқанда, оған қарай құстай ұшып келе жатқан қыз оны құлата жаздады. Оның көздері қызарып кеткен, беті қан-сөлсіз аппақ құдай. Ол оның білегінен жан ұшыра ұстай алды.

— О мырза, — деп жылап жіберді ол, — швейцар жаңа ғана маған менің інішегімнің дені сау, жоғарыда, сізде екенін айтты. О мырза, біз шешеміз екеуміз оны бір күртіктің астында жатқан шығар деп ойлап едік. О мырза...

Дәрігер оны залда өзімен қатарластыра отырғызды да, оның барлық жағдайды толықтай түсіндіруін өтінді. Бірақ ол үйдегі шешесі екеуі бастан кешкен қатерлі түннен басқа, жарытып ештеңе айта алмады. Бурни мырза түні бойы Лұқаны іздеді. Бұлар Лұқа жаяу кетті дегеннен кейін, ағаш түбін, бүкіл күртікті сүзіп, көп уақытын кетірген еді. Баланың жаяу қарлы даламен жүріп, асудан өтуі ақылға сыймайтын іс емес пе? Жел мен бұрқасын бүкіл ізді жауып тастаған. Орман ішіндегі жолдан Бурни мырза бірнеше ізді көрді, бірақ орман шетіне шыққан соң олар зым-зия жоғалып кетті. Бурни мырза таң атқанша бүкіл күртікті кезіп, таң ата нәтижесіз үйге оралған екен.

Даник жөнінде Мариям Гивет дәрігерге мандытып ешнәрсе айта алмады. Ол бүгін берекесі қашып, жұмыс істей алатын емес. Енді Лұқаның табылғанын білгеннен кейін, оны дереу үйге алып қайтуды жөн көрді. Өзі елді мекендегі почтаamtқа телефон соғып, олардың біреуді үйге жіберіп, шешесін тыныштандыруы керек екенін ойлады. Бірақ дәрігер Лұқаның қайтуы жөнінде естігісі де келмеді. Ол Мариямның жалғыз қайтуын, ал бала оянған соң екеуі поездбен келетінін айтты. Және Лұқаның жаяу жүруге өте әлсіз екенін ескертіп, біреулерінің оны вокзалда көлік-

пен тосып алуын тапсырды. Мариям дәрігермен келісіп, тез кетіп қалды.

Гивет мырза өз бөлмесіне кірді. Лұқа сол баяғы қалпында ұйықтап жатыр екен. Бірақ беті аздап қызарыңқыраған, бұрынғысынан тәуірлеу көрінді. Гивет мырза онымен қатар отырып, ойға берілді. Бұл бала қалай ғана осыншама көп ақшаның иесі болды екен? Қария кім болды екен? „Борыштың өтемі“ деген оғаш сөздер не? Ол осының бәрін мұқият тексеруді ұйғарды.

25 – Тарау

ЕКІ КЕЗДЕСУ

Лұқа тек түске қарай ғана оялды. Ол тағы да көпке дейін қайда жатқанын есіне түсіре алмады. Оның бүкіл буын-буыны сырқырап ауырды, бірақ бұл аурудың жарасы жеңіл, тек қозғалмаса болғаны. Гивет мырза дыбысты естіп, кереуетке жақындады.

— Ал, — деп еркелете сұрады ол, — халың қалай?

— Жақсы, рақмет, — деп жауап берді Лұқа. Ол сол кезде өзінің ұйықтап қалғанын есіне түсіріп, үрейлене: — Сіздің мен айтқан кішкене баланы көруге уақытыңыз бола ма? — деп сұрады.

— Иә, — деді дәрігер оның қасына жақындай отырып жатып. — Біз түстен кейін барамыз. Мен қазір телефон соғып, екеуімізге тамақ алдырамын. Ал біз тамақ ішіп отырғанда, сен кішкене ауру бала мен саған ақша берген қария туралы білетініңнің бәрін айтатын боласың.

— Мырза, қария туралы мен сізге ештеңе айта алмаймын, — деп ақырын жауап берді Лұқа, — өйткені мен өзі туралы ештеңе айтпаймын деп оған уәде бердім. Бұл құпия, менен басқа оған ешкім барып тұрмайды. Сізге айтатынның бәрін мен айттым. Бұл — „борыштың өтеуі, төлемі“. Бәрі осы, мырза. Оның мен дегенде жаны қалмайды, сондықтан да мен өз уәдемде тұруым керек.

— Ал жақсы, — деді дәрігер. — Сен өз уәдеңде тұра бер. Ол жайында мен енді сенен ештеңе сұра-

маймын. Кішкене жарымжан туралы айтшы, ендеше. Бұл оқыс оқиға қашан және қалай болды?

Осы сөздерді естігенде, Лұқаның бөгеліңкіреп, өте қызарып кеткенін дәрігер байқап қалды. Ол бірден жауап бере қоймады. Бөгде адамға ол болған оқиғаны айтқысы келмеді. Бірақ дәрігер бәрібір Бурнидің отбасынан шындықты еститіндіктен, ол осы арада-ақ бәрін өз аузынан естіп, білсін деп түйді. Сөйтіп, Лұқа айта бастады:

— Бұл менің кінәман болды. Бәрі өткен көктемде болды. Мен оны ызаландырдым. Мен оның мысығын тау ағынына тастаймын деп қорқытып едім, ал содан соң оны байқамай шын мәнінде түсіріп алдым. Даник мысықты құтқарамын деп, өзі жартастан құлап кетті де, аяғын сындырып алды. Содан бері ол жақсы жүре алмайды, тек балдаққа сүйеніп жүреді. Сөйтіп мен ойлап едім, мүмкін...

Оның еріндері дірілдеп кетті, дауысы сыбырлай шықты.

Дәрігерге осының өзі жеткілікті болды. Ол балаларды жан-тәнімен өте жақсы көретін және түсінетін. Осы бір қысқа және үзіле-үзіле айтылған сөздерден ол осы бір аянышты оқиғаның қалай болғанын түсінді. Мынау — алдында, кереуетте шаршап жатқан баланың жасаған ісі үшін қатаң айыпталғанын түсінді.

— Лұқа, — деді ол, — біз Даниктікіне бірге барамыз. Мүмкін сенің көмегіңмен Құдай оны жазар. Сен білесің бе, Лұқа, сенің бойыңда жақсылығың мол екен, сол үшін Құдайға алғыс айтуыңа болады. Менің ойымша, Ол сені әсіресе өткен түнде қорғап сақтады, әйтпесе, ешуақытта асудан аса алмаған болар едің.

— Иә, мен оны білемін, — деп ұяла жауап берді

Лұқа. Өйткені мен кеше ғана Құдай Даникке көмектессін деп дұға оқыдым. Содан соң сіз туралы естігенде, мен бұл менің дұғама жіберілген жауап деп ойладым. Бірақ орман ішіне кіргенде маған өте қорқынышты болды, мен тіпті үйге қайтып кете жаздадым. Бірақ мен Туылу мейрамында естігенімді есіме түсіріп, алға қарай жүре беруді ұйғардым.

— Сен нені есіңе түсірдің? — деп еркелете сұрады Гивет мырза.

— Мен Даниктің әжесі Киелі кітаптан бізге оқып берген дұғаны еске түсірдім, — деді ақырын Лұқа. — Мен оны дәлме-дәл білмеймін, бірақ онда шүбәсіз сүйіспеншілік үрейді қуатыны туралы айтылады. Содан соң әжей Исаның сүйіспеншілігі шүбәсіз деген еді. Осыдан кейін мен қорқуды қойдым да, алға қарай жүре бердім. Жоғарыда не болғаны есімде жоқ, бірақ мен әйтеуір аман-есен төменге түстім.

— Иә, — деді дәрігер, — менің ойымша сені сол ұйытқыған боранда тек Тәңірдің шынайы сүйіспеншілігі ғана аман алып қалды. Ол сенің үрейңді басып, сені дұрыс жолға салып отырды. Ол саған мейірімін сондай көп төкті, Лұқа. Кел, қазір сол үшін Оған дұға жасап, алғысымызды айтайық.

Лұқа бетін жастыққа басып, ал Гивет мырза төсектің бас жағында отырып, дұға оқи бастады. Ол Тәңірге Оның ұйытқыған бораннан да күшті шынайы сүйіспеншілігі үшін, сол сүйіспеншіліктің қараңғы түнде Лұқаны дұрыс жолға салып, үрей мен өлімнен қорғап қалғаны үшін алғысын айтып, дұға жасады. Содан соң ол кішкене Даник жайлы, Құдайдың өзіне дәрігер ретінде оның қолын шипалы етіп, оған ақыл қосып, жас баланың ақсақ аяғын сауықтыруға көмегін көрсетсін деп жалбарынды.

Лұқа да төсекте жатып, ішінен дұға оқыды.

„Тәңірім Иса, — деді ол шын жүректен, — Сен тауда маған өте жақын болғандықтан, мен қорықпадым. Менен енді кетпе. Мен де Анита сияқты есігімді ашып қойғым келеді. Ішке кір, өтінемін“.

* * *

Вокзалға Бурни мырзаның өзі келіп, Лұқа мен дәрігер Гиветті көлігімен үйіне алып кетті. Елді мекеннің адамдары үйлерінен шығып, өтіп бара жатқан дәрігерге қарады. Бұл кезде бәрі де болған оқиғадан хабардар еді. Жаңалық ауыздан ауызға таралған сайын, дәрігердің даңқы биіктей түсті. Балалар, дәрігер қолын тигізсе болды, кішкентай Даник Бурни аяқ астынан жазылып жүре береді деп ойлады. Лұқаны ержүрек батыр есебінде сипаттады. Бірақ ол ешнәрсе де ести алмады — жегілген есек жылдам жүріп, оның қоңырауы қатты соғып сыңғырлады. Лұқа шанада арқасын Гивет мырзаға сүйеп отырды. Ол өздігінен бір адым да жасай алмады, вагоннан оны көтеріп түсірді. Оның бұлшық еттерінің жаны кетіп қалғаны соншалық, қимыл жасаудан қалғандай. Бірақ шаршағанына қарамай, ол қуаныш пен үміттің құшағында болды. Бурнидің үйіне жақындаған сайын, оның жүрек қылы қоңырауша шаттана соғуда.

Бурни мырза үн-түнсіз отыр. Ол мұның шанасына мінген атақты адамның алдындағы жауапкершілікті сезінгендей. Есегі түскір айналыстардың бірінде шаны аударып кетпесе игі еді деп, қорқыңқырап та отырды. Өзі жалғыз жүргенде мұндай оқиғалар болып тұратын. Шана өте жалпақ та, ал жол болса — тар. Ол беретін ақша туралы да тынышсызданды.

Әрине, Даниктің емделуіне ол соңғы соқыр тиынына дейін береді ғой, бірақ қолда бар қаржысы мынандай атақты дәрігерге аздық етіп жүрмесе. Мүмкін, дәрігер бұл ақысына оның жас өгізін алар?

Бақытына қарай, бұлар үйге ешбір оқиғасыз жетті. Бурни мырза дәрігердің шанадан түсуіне көмектесті. Содан кейін әдбен шаршап-шалдыққан Лұқаны күшті қолына алып, оны үйге кіргізіп, залдағы диванға отырғызды. Ол түнгі әбігерден кейін Лұқаны тірі көргеніне қуанып қалды. Әжесі, Анита және Даник пеш қасындағы орындықтарға жайғасыпты. Бұлардың бұл отырысы — суретке түскелі жиналғандай, біртүрлі көрінді. Олардың үстерінде мейрамда киетін киімдері болды және олар орындарынан тапжылар емес. Олар осы арада аса құрметті адамды тосып, көптен бері отырған секілді көрінді.

Гивет мырза залға енгенде, Анита мен Даник әжесіне қарап, орындарынан атып тұрды. Әжей сарп болғандықтан орнынан тұра алмай, сәлем ретінде басын изеді. Даникке дәрігер мүлдем ұнамай қалды. Ол осы атақты адам Анитаның кітабындағы ізгі көз байлаушыдай ақ сақалды, қызыл шапан киіп, ақ боз атқа мініп келеді деп күткен еді. Ал бөлмеге кірген мырза болса, қарапайым, кәдуілгі кісі. Даниктің көңілі қалып, өкпелегендіктен төменгі ернін тістеді.

Дәрігер бұл кекірейген топтан алыстау орындыққа отырды да, бәріне жымия қарады. Оның күлімсіреуінің өзі сондай жылы болғандықтан, манадан бері көңілі қалып отырған Даник бәрін ұмытып, бұл да оған жымыды. Гивет мырза қалтасына қолын салып, конфет алып шықты да, оны балаға ұсынды.

— Конфет жейсің бе, Даник? — деп сұрады ол.

Даник бақыттан бал-бұл жанып, ақсары басын

изеді. Конфет қызыл шапан мен ақ боз атқа қарағанда әлдеқайда жақсы ғой.

— Маған кел де, ала ғой, — деді де, дәрігер Даниктің бөлме ішінде сылти басып, оған келе жатқанын назар қоя бақылады.

Ол оны көтеріп, тізесіне отырғызып, конфетті ұсынды. Дәрігерге бұл отбасы өте ұнады. Өзіне сығырая қарап отырған әжей де оған ұнады. Әжейдің сол көз қарасынан дәрігер: „Бұл менің немерем, байқа, оны ренжітпе, әйтпесе, ісің менімен болады“, — деп айтып отырғанын ұқты. Оған жаны таза, өңі жылы, жұмыстан ептеп еңкейіп, жауырыны шыққан үй иесі де ұнап қалды. Сары шашты, ұзын бұрымды, жинақы қыз да ұнады. Бірақ бәрінен де оған өзінің тізесінде конфет сорып отырған көк көз бала ұнады. Ол бұл үйде үй иесі әйелінің жоғын да байқады, мына қарт кемпір мен кішкентай қыздың үйді сондай таза ұстап отырғанына таңғалды.

— Аяғың ауыра ма? — деп сұрады дәрігер Даниктен.

— Жоқ, — деп жауап берді Даник, тек балдақсыз жүргенде анда-санда ауырады. Менің балдағымның басында қонжықтың бастары салынған, — деп мақтанды ол. — Көргіңіз келе ме?

— Өте көргім келеді, — деді дәрігер.

Ол тағы да Даниктің бүкіл қимылына назар сала қарады.

— Мен балдағыммен алысқа секіре аламын, — деп, тағы мақтанды Даник. — Менің алысқа секіргенімді көргіңіз келе ме?

— Иә, секіре ғой, айналайын, — деді дәрігер.

— Ақырын, Даник, орындыққа арандап қалма, — деп сақтандырды немересінің үйде секіруін қаламайтын әжесі.

Анита еденнен мысықтың екі баласын тез көтеріп әкетті. Даниктің қай жерге дейін секіріп түсетінін кім біліпті. Секіріс өте сәтті аяқталып, дәрігер алақанын шапалақтады.

— Өте жақсы, — деді ол, — сен хайуанаттар паркіндегі кенгуру сияқты секіреді екенсің. Ал енді маған балдақсыз келші.

Даник жарымжан аяғымен сылти басып, күлімсірей, дәрігерге қарай жылжыды. Дәрігер де жымия жауап беріп, оны тізесіне отырғызып, тағы бір конфет ұсынды.

Осының бәріне көз алмай қарап отырған әжей, енді Анитаға бұрылды:

— Анита, — деді ол, — шай демдеп, қораптағы тәтті тоқаштарды алып кел.

Әжей мейманды дастарқанға шақырмас бұрын, ол бұл құрметке тұратынына көзін жеткізгісі келгендей болды. Анита шай дайындағанша, дәрігер Гивет Даникті столға жатқызып, баланың аяғын жан-жағына аударып қарай бастады. Ол қарап біткенде, шай дайын болды да, әжей оны бірге отырып шай ішуге шақырды. Ол шақыруды құптай қарсы алып, үй адамдарымен бірге дастарқанға отырды.

— Қалай, — деді әжей сенімді үнмен, — оған көмектесе аласыз ба?

Бәрі де жауап тосып, дәрігерге қарап қалды. Тек Даник қана тәтті тоқаштар салынған тарелкадан көз алар емес. Үлкендер оған тәтті тоқаш беруді ұмытып кетті, ал ол болса өзі қолын созып алуға әжесінен қорықты. Тоқаштар сондай тәтті болатын, оларды әжесі айына бір рет қана пісіретін.

Гивет мырза әжейдің сауалына бірден жауап бере қоймады. Жауаптың орнына ол Даникке қарады.

— Даник, — деді ол, — сен басқа балалардай жүгіруді қалар ма едің?

Даник жауап беруге аздап сасқалақтап, кідіріңкіреп қалды. Ол не айтарын білмеді. Өйткені, ол осы жердегі аюдың бастары салынған балдағы бар бірден-бір бала ғой, бұл оған өзгелерден ерекше маңыздылық береді деп ойлайтын. Бірақ содан кейін ол көктем жақындап қалғанын, көп кешікпей малдың тауға айдалатынын есіне түсірді. Ол мал айдауға өзге балалардай жүгіре алса ғана, бәрімен бірге бара алады. Ешкіні қуу дегеннің өзі бір қызық, әрі көңілді жәйт емес пе? Сондықтан Даник тағы да сау бала болсам, жаман болмас еді деп ойлады. Сол себептен ол былай деді:

— Иә, мен қалаймын. Әже, енді тәтті тоқаштан алуға бола ма?

Бірақ оған ешкім жауап бермеді. Лұқа мен Анита бозарып, шай туралы мүлдем ұмытып, қолдарына ыдыстарын қыса ұстап отырды. Бәрі де дәрігерден көздерін алар емес.

— Даник, — деді дәрігер тағы да. — Сенің әдемі мысығың қайда?

— Ол қорада, — деп жауап берді Даник. — Оны көргіңіз келе ме? Оның енді үш баласы бар.

— Иә, көрейін, — деді дәрігер. Сөйтіп Даник Аққаршықты іздеп кетті.

Стол жанынан өтіп бара жатып, ол тарелкадан екі тәтті тоқашты ала кетті, мұнысын ешкім байқамаған тәрізді. Даник сыртқа шығысымен, дәрігер әкесіне бұрылды.

— Мен сіздерге көмектесе аламын ғой деп ойлаймын, — деді ол сондай байсалдылықпен. — Анығын мен кейін, рентген суретін көргеннен кейін айтамын.

Менің ойымша, баланың сүйегі дұрыс қосылып бітпеген, сондықтан бір аяғы екіншісінен қысқа. Мен оны қайта сындырып, дұрыс жағдайға келтіруім керек. Бірақ бұл үшін операция керек, содан соң ауруханада ұзақ емделеді. Оны ауруханаға бересіздер ме?

Әкесі күйгелектене қолын сүртіп, алдымен әжейге, содан кейін Анитаға қарады. Тек „операция“ деген бір сөздің өзі өте қатерлі көрінді, сонымен бірге операция тым қымбатқа түседі деп естіген еді. Мұндай жағдайда оның ақысын да төлей алмайды.

— Бұл қанша тұрады? — деп сұрады ол ақырында.

— Операцияға шығындарыңыз шықпайды, — деді дәрігер. — Лұқа бәрін төлеп қойды. Бәрін түсіндіруге уақыт тығыз, қазір ұлдарыңыз қайтып келеді. Оны ауруханаға бересіздер ме? Біз оны дереу шешуіміз керек.

— Иә, — деп, әкесінің орнына әжесі жауап берді.

— Сонда қашан? — деді Анита білмек болып.

— Ертең, таңертең, — деп жауап берді дәрігер. — Мен бірінші поездбен жүремін және Даникті өзіммен бірге ала кетемін.

— Мен поездбен қайда барамын? — деді кенет жіңішке дауыс.

Даник сыртқы есіктен ақырын басып кіргендіктен, оны ешкім байқамаған екен. Ол енді мысықтың барлық балаларын ұстап, күлімсірей, дәрігердің қасында тұрды. Ол поездда өмірінде бір-ақ рет болған еді, оның өзінде он минут қана, соның өзін ұмыттар емес. Ешқайсысы оның сұрағына жауап бермеді, бәрі де дәрігерге қарап қалған еді.

— Қайда, әже? — деп тағы да сұрады Даник.

Дәрігер Даникке бұрылды.

— Даник, сен менімен бірге көлге баратын бола-

сың. Сен менің үйімде біраз уақыт болып, мен сенің аяғыңды түзеймін деп ойлаймын. Менімен бірге кетесің бе?

Даник дәрігерге күмәндана қарады.

— Анита да, әжем де, әкем де, Аққаршық та, балалары да ма? Олардың да менімен барғысы келеді ғой.

— О, жоқ Даник, — деді Анита, — біз бәріміз бірге бара алмаймыз. Сен осы жолы жалғыз баруың керек. Дәрігер мырза саған қамқорлық жасайды да, сен көп кешікпей үйге ораласың.

Осыны айтты да, Анитаның өзі жылап жібере жаздады. Оның сөзінің нәтижесі жүрек тебіренерлік болды. Даник мысықтарымен бірге Анитаның құшағына кіріп, аяқ астынан өксіп-өксіп жылады. Ешқашан Бурнидің үйі мұндай торығушылықты көрген емес еді. Анита оны құшақтап, сүйді, әжесі алақанын шапалақтап, оны сілкіледі, ал әкесі қолына тәтті тоқашты ұстатты. Бірақ ештеңе көмектесетін емес. Отбасының барлық мүшелері бір-біріне дәрменсіз күйде қарасып қалды. Дәрігер қазір бір шешім қабылдаса, айтқанының бәрі зая кететінін түсінді. Ол әжейге бұрылды.

— Қызыңыз балаларға қарай ала ма? — деп дауыстай сұрады.

— Ол Даникті өсірді ғой, — деп әжесі де қатты дауыстап жауап берді.

— Онда ол інісімен бірге барсын, — деп айқай салды дәрігер, Даниктің жылаған дауысынан басым түспек болып. — Ол менің әйеліме көмектеседі.

— Даник, — деді Анита оны бар пәрменімен жұлқылай, — мен де сенімен бірге кетемін!

Даник айқайлауын дереу қойып, үш рет өксіді де, сосын күлімсіреді.

Бұл жолы дәрігер балаға күлімсіреген жоқ. Ол баланы көтеріп, тізесіне отырғызды да, байсалды түрде былай деді:

— Сен өте ерке екенсің, Даник. Егер сен менің ауруханама келсең, онда ешқандай еркеліксіз, айқайшусыз айтқанды істеуіңе тура келеді.

Даник қуана алақанын шапалақтады.

— Анита да ма? — деп, тағы да жымыды.

Ол осы жолы да жеңіп шыққанын білді.

Дәрігер Даникті еденге түсірді.

— Егер сіз маған өзіңіздің шанаңызды берсеңіз, Лұқаны үйіне апарып тастар едім, — деді дәрігер. — Енді бәріңізге айтарым — көріскенше қош болыңыздар! Анита мен Даник мені ертең сағат сегіз жарымда вокзалда кездестіреді. Екі-үш айға жарарлық киім-кешектерін алсын. Анита ертемен менің әйеліме көмектеседі де, ал кешке мектепке баратын болады. Түстен кейінгі уақытын ол інісінің қасында өткізе алады.

Әкесі дәрігердің қолын ризашылықпен қысып, маңдайын сүртті. Оқифаның тез өрбігені соншалық, тіпті ол түсінбей қалғандай; енді ойласа, ертеңнен бастап толық екі ай бойы Анита мен Даниксіз қаңыраған бос үйде өмір сүруі керек. Аяғы шалына ол сиыр саууға кетті. Өзіне-өзі келуі үшін, оған үйреншікті ісімен айналысу қажет болды.

Әжей дәрігермен есік алдында қоштасты. Ол біршама уақыт оның қолын босатпай ұстады.

— Сіз жақсы адамсыз, — деді ол аяқ астынан. — Құдай сізге ізгілікті берсін.

Дәрігер Гивет осы бір ержүрек қарт әйелге қарап, көз алды бұлдырап кеткендей болды. Ол оны екі немересінің айналасында, таза, ың-шыңы жоқ үйде отырған сақтаушы періштедей бағалады. Ол одан

сүйіспеншілік пен тұрақтылықты көрді, бұлар оны еңбекке жігерлендіретінін түсінді. Ол игілік үшін балаларын жіберіп отырғанын сезді, өйткені бұл олардың пайдасы үшін жасалмақ. Содан ол Құдайдың қасиетті құлының бірімен бетпе-бет тұрғанын түсінді.

— Сіз де, — деп қосты ол, — мейірімді және сүйіспеншілігі мол адамсыз. Сізге бұл үшін міндетті түрде құрмет болады.

Гивет мырза Лұқаны үйіне өзі әкеліп, қолына көтеріп, шешесіне табыс етті. Ол өте қапаланған екен, ұлына ашуланған кейіп танытты.

— Сен тіл алмайтын баласың, Лұқа! — деді шешесі зығырданы қайнап. — Жайдан-жай кетіп қалып, бізді әуре-сарсаңға түсірдің! Мұны істеуге дәтің қалай барды? Сен менен көресіңді көресің әлі!

Ол Лұқаны дәрігердің қолынан алып, жоғарыға көтерілуге оған көмектесіп, төсекке жатқызды. Содан кейін қайтып келіп, стол басына отырып, бетін алжапқышпен жауып, жылап жіберді.

— Сабыр етіңіз. Ұлыңыз өте батыл екен, — деді Гивет мырза.

— Ол өте тілазар, — деп қарсы болды Марель ханым, бірақ ұлы үшін мақтанды. Ұлы үйге аман-сау оралғанына қуанған ол, бұрынғыдан да бетер жылап жіберді.

Олар Мариям екеуі таңертеңнен бері Лұқа жақсы көретін тәтті тоқашты пісірген еді. Үйдің ішін тәтті тоқаштың дәмді иісі алып кетіпті. Олар дәрігерді тамаққа шақырды, бірақ ол астан бас тартып, тағы да бір маңызды шаруасы барын айтты.

— Менің естуімше, Лұқа осында бір қарияны біледі екен, — деді ол сенімсіздене. — Оның қайда тұратынын сіз айтпас па екенсіз?

— Қарияны? — деп қайыра сұрады Мариям. — Иә, ол анау тау қариясы ғой, шамасы, ол Лұқаға ағаш жонуды үйретіп жүр. Олар көп уақытын бірге өткізеді. Лұқа бұл қариядан не тапқанын білмеймін. Адамдар ол өте түсініксіз қарт деседі.

— Оның үйіне қалай жететінімді түсіндірмес пе екенсіздер? — деп сұрады дәрігер.

— Әрине, — деп жауап берді Мариям таңырқай қарап. — Орман арасындағы сүрлеу арқылы жоғары тауға қарай тура жүрсеңіз, жол соның үйіне дәл апарады. Бірақ мен сіздің орныңызда болсам, қазір бармас едім. Бұл сүрлеуді бораннан кейін қар басып қалды ғой.

— Онда менің шаруам бар еді, — деп қысқа жауап берді Гивет мырза. — Мүмкін, маған сол сүрлеуді көрсетіп жіберерсіз? Қайтар жолда мен Лұқамен қоштасуға келемін.

Гивет мырза сүрлеу арқылы жоғары көтеріліп келеді, ол ешқашан мынандай тамаша орманды бұрын-соңды көрмегендей, таңырқай қарады. Ағаш бұтақтары мамық қарды көтере алмай иіле түскен, ал шыршалардың бүрлері мұзбен жылтырап, қоңырау секілді сыңғырлап қояды.

„Ақылға сыймайды, — деп ойлады ол, — бұл адам осында, мүлгіген орман ішінде тұрады, қалай күз-жазды, ал көктем-қысты ауыстыратынын байқап, тау мен орманның құпиясына құлақ түреді...“

Осы қариямен жолығысатынын ойлағанда, оның жүрегі атша тулап кетті. Ағаш ішінен шыққан ол, қар жамылған төмпешіктен кішкене үйшікті көрді. Қар үйді үстіне дейін басып қалған екен. Бірақ қария есігінің алдындағы қарды күреп, жол салып қойыпты. Ол қонақ күткен секілді. Гивет мырза үйге жақын-

дап, есікті ақырын қақты, содан соң жауап ала алмағандықтан, оны ашты.

Қария бұған арқасын беріп отыр екен. Пеш алдында еңкейіп отырып, ағаш жонуда. Ешкі мен мысық оның жанында жатыр. Гивет мырза оған жақындап, пештің екінші жағындағы орындыққа келіп отырды.

— Иә, немене? — деп сұрады қария, басын әлі де көтермей. — Бәрі де ойдағыдай болды ма, Лұқа?

— Бұл Лұқа емес, — деп ақырын жауап берді Гивет мырза.

Қария селк ете түсіп, басын көтерді. Бұлар бір-неше минут бойы бір-біріне қарап отырысты. Әрқайсысы бұл шындық екенін білсе де, алдында рухты көріп отырғандай сыңай танытты.

— Мен мына ақшаны сізге қайтару үшін келдім, — деді Гивет мырза. — Анау балаға көмек беру үшін мына ақшаның маған қажеті жоқ. Егер керек десем, мен оны ақысыз-ақ жасаймын.

— Лұқа уәдесін орындамаған екен ғой, — деп күркілдеген қария, иегін таяқ үстіне салып, отқа қарап қалды.

— Лұқа уәдесінде тұрды, — деп жауап берді Гивет мырза. — Ол бұл ақшаны оған бір қарт адамның „борыштың төлемі“ деп бергенінен басқа, маған ештеңе айтқан жоқ. Бірақ мен мұндай ірі соманы таза жолмен тапқанына көз жеткізбей, шаруа балаларынан алмаймын. Сіз кімсіз және қайда тұратыныңыз туралы басқалардан білу маған қиынға түскен жоқ.

Бұдан кейін тағы да көпке дейін олар үндемей отырды.

— Маған айтпақшы болып келген шаруаңыздың бәрі осы ма? — деп сұрады қария.

Кенеттен оның дауысынан қартайғандықтың, шаршағандықтың және үмітсіздіктің нышаны сезіліп тұрды.

Осы сәтте Гивет мырза орнынан тұрды да, қарт адамның қасына барып, оның аяғына басын соғып, отыра кетті.

— Бұдан әрі қылымсудың қажеті жоқ, — деді ол. — Біз бір-бірімізді таныдық. Әке, мен сені үйге алып кетейін деп келдім. Мен бәрімізге сенің жетіспей, орының ойсырап тұрғанын, бәріміздің сені күткенімізді айтуға келдім.

26 – Тарау

ҮЙДЕ ӨТКЕН СОҢҒЫ КЕШ

Жүннен тоқылған бас киім мен жылы кофта киген Анита, арада бірнеше сағат өткеннен кейін, Лұқаның бөлмесіндегі үлкен тербелмелі креслода отырды. Ал Лұқа болса, төсекте кеудесін көтеріңкіреп, жастық жастанып жатты. Жүзі боп-боз және шаршаған болса да, ол көңілді, әрі бақытты еді.

— Маған бәрін айтшы, — деп өгінді Анита. Оның үнінен таңданғандық пен масаттанғандық сезілді. — Бәрі де сен ерлік жасадың дейді. Лұқа, асуда не болғаны туралы басынан бастап айтшы?

Лұқа қуана-қуана дем алды. Оны батыл десті ғой, оны естудің өзі бір ғанибет. Ол бүкіл оқиғаны басынан аяғына дейін айтуға асықты. Бірақ бәрі де оған әлдеқашан өтіп кеткен алыстағы оқиға секілді болып көрінді де, өткен түнгі оқиғаны айтудың өзі оған оңайға соқпады. Бәрі де түс секілді. Лұқа шамадан тыс күш жұмсағандықтан, суыққа төзіп, шаршағандықтан, оның ақыл-ойы осы бір қауіпті жорықтың көп жерлерін жадында сақтай алмағанын түсіне қоймады.

— Сонымен деді ол, — алдымен қарияға барып, ақша сұрадым. Содан соң шаңғымды аяғыма байлап, алқапқа түстім. Одан әрі өзеннен өтіп, орман арасымен жүріп отырып, таудың басына көтерілдім. Онда жел күшті екен. Одан төменге екінші жаққа сырғанап түстім.

— Мұның бәрін түсінемін, — деп Анита оны асығыс үзіп тастады. — Әйтпесе, сен ешқашан ол жерге бара алмас едің. Бәрін болғанындай айтшы, Лұқа? Сенде айта қаларлық ғажайып оқиға болды ма? Бойыңды қорқыныш биледі ме? Қазір өлемін-ау деген ой келді ме саған? Сонау биікте бәрі қалай көрінеді?

Лұқа біршама уақыт үн-түнсіз отырды. Түстен кейінгі бар уақытын Анитамен сөйлесумен өткізуді армандаған еді. Енді оған осындай мүмкіндік туды, бірақ ол қалай бастарын білмей отыр.

— Иә, — деді ол саусақтарын көрпеге соққылап. — Жоғарыда, асуға жақын жерде маған өте қорқынышты болды. Мен үйге қайтуға да оқталдым. Анита мені жек көргенің есінде ме, содан кейін Исадан өз жүрегіңе орналасуды өтінгеннен кейін, Ол сенің өтінішіңді қабылдап, өшпенділігіңді сүйіспеншілікке ауыстырғанын айтып едің ғой.

— Иә, — деп жылдам жауап берді Анита, — әрине, бұл менің есімде. Ал неліктен сен мұны қазір сұрап отырсың, Лұқа?

— Өйткені, — деп сөзін жалғастырды Лұқа ептеп ұялыңқырап, — мені үрей жайлағанда, осы секілді жағдай менде де болды. Әжең бізге үйреткен: „Нағыз сүйіспеншілік қорқынышты қуады“, — деген дұғаны есіме түсірдім. Мен Исадан үрейді қуып шығуды өтіндім. Содан кейін мен қатты қорқуды қойдым.

— Шын ба? — деп сұрады Анита, ықылас қоя. — Онда Исаның менің жүрегіме енгені сияқты, сенің де жүрегіңе орныққаны ғой. Мен жек көрушілікті қалай қойсам, сен де қорқуды солай қойған екенсің ғой. Мүмкін, осының бәрі бірдей шығар, Лұқа: біз қорқамыз ба, әлде басқаларды жек көреміз бе, немесе алдаймыз ба — не болса да, егер Иса біздің жүрегі-

мізге кірсе, онда жүректе ана айтқандардың біреуіне де орын қалмайды.

— Иә, — деп келісті Лұқа, — сол дұғадағы „қорқыныш“ деген сөзді басқа сөздермен: менменшілдік, жалғандық, жалқаулық, жек көрушілікпен ауыстыруға болады. Бір сөзбен айтқанда, нағыз сүйіспеншілік барлық жауыздықты қуады. Иса жүрекке енгенде, Оның нағыз сүйіспеншілігі де Онымен бірге кіреді, солай емес пе?

— Иә, мен де солай ойлаймын, — деп нықтай түсті Анита.

Олар иектерін таянып, ақырын сөйлесіп отырды да, ымырт түскенін байқамай қалды. Осы бір ымыртта сөйлесу сондай жақсы болғандықтан, оларға шам жағу керектігі ойларына да келмеді.

* * *

Анита үйіне ай жарығымен шағылысқан қардың үстімен келе жатты. Оған мына құдіретті таулар оны өзінің кең құшағына алғандай көрінді. Бір уақытта бұл оның үйдегі соңғы кеші екені ойына түсті. Осы ойдан тамағына бірдеңе тығылғандай болып, көзіне жас іркілді. Ол үйге қарай жылдам жүре басып, ентіге ас үйге кірді. Әкесі әлі де сиыр қорасында екен, әжесі стол жанында Анитаның алжапқышына түйме қадап отыр. Стол үстінде оларға деп дайындаған екі бума киім жатыр. Даник кереуетте көрпесінің үстіне мысықтың балаларын жатқызып, қатты ұйқыға кеткен. Бұл оның үйдегі соңғы күні болғандықтан, оған мысықтың балаларын қойнына жатқызуға рұқсат етілген еді.

— Әже, — Анита көзі жасқа толып, әжесінің құшағына кіріп кетті.

Әжесі оның жылап алуына мүмкіндік берді. Содан соң ол кішкене орындықты өзіне жақындатып қойды да, Анита әжесінің тізесіне басын сала отырып, қарияның өзіне арнап айтқан сөздеріне құлақ салды. Ал әжесі Анитаның енді тұратын үйі туралы, ол істейтін жұмысы жөнінде, Даник жазылып кеткенде қалай қуанатыны туралы айтты. Әжесінің мұны сеніммен және қуана айтқаны соншалық, Анита оның әр сөзін ұйып тыңдады. Әжесі тіпті күні ертең не боларын: „Ертең кешке және одан кейінгі кештерде аяғымның астындағы орындық бос, бұрыштағы төсекке ешкім жатпағанда, мен не істеймін?“ — деп ойлап отырғанын оған сездірмеді.

Кеш түскелі қашан. Таңертең ерте тұрулары керек. Анита орнынан тұрып, сөреден үлкен Киелі кітапты алды. Ұйықтар алдында ол оны әжесіне дауыстап оқып беретін еді.

— Бүгін біз Қорынтықтарға жолданған бірінші хаттың он үшінші тарауын оқимыз, — деді әжесі, Анита үлкен кітапты тізесіне салғанда. — Осы тараудың әрбір сөзін өзің үйден алыста жүрген кезінде есіңе сақтағаныңды қалар едім.

Анита оқи бастады, оқып біткеннен кейін әжесі былай деді:

— Бұл тараудың төртінші шумағын сен жадыға түйіп, ала кеткеніңді мен қалар едім. Оны тағы қайталап оқышы, Анита.

Анита бұл шумақты тағы да ақырын және ойлана отырып оқыды: „Сүйіспеншіліктің төзімі ұзақ, қайырымдылығы мол, ол іштарлық етпейді, дәріптелінбейді, мақтанбайды“.

Әжесі қолын Киелі кітаптың ашық бетіне салып, Анитаға көзілдірігінің астынан қарады.

— Мені тыңда, — деп бастады ол. — Сен Құтқарушыны өз жүрегіңе кір деп өтіндің. Ол онда еніп, біз жаңа ғана оқыған Өз сүйіспеншілігін Өзімен бірге ала келді. Саған жас сәбилерге қарауға тура келеді. Бірақ сен өзің де әлі баласың. Олардың саған жақсы қарамайтын кездері де болады. Сен кей кездері ашуланып қалуың, төзіміңнің таусылуы, қызбалыққа салынуың да ғажап емес. Бірақ Исаның сүйіспеншілігі ұзақ төзеді және ізгілік көрсетеді. Исаға бүкіл жаман ойларың мен сезімдеріңді апаршы, сонда олардан сен тез арыла алатыныңа көзің жетеді. Онымен бірге, Анита, сен үлкен үйде тұратын боласың. Онда өзіңде ешқашан болмайтын тамаша дүниелерді көресің. Кейде сен іштарлық пен қастандықты сезінуің мүмкін. Бірақ, мынаны түсін, сенің жүрегіңде ұялаған Исаның сүйіспеншілігі ешқашан күншілдік етпейді. Егер сенің жүрегің Оның сүйіспеншілігімен кенелсе, онда сенің жүрегіңде жақтырмаушылық деген болмайды. Сен Гивет отбасының балаларына кішкене күтуші боласың. Олар сенің сөзіңді тыңдай қояды деп ойламаймын. Кейде олар сенің жұмысыңды көріп, сол үшін сені мақтағандарын аңсайтын боларсың. Бірақ, есіңде болсын, Исаның сүйіспеншілігі дәріптелінбейді, масаттанбайды. Оның сүйіспеншілігі өз жұмысыңды үндемей және адал атқаруыңа көмектеседі. Біреу оны байқады ма, байқамады ма, онымен ісің болмасын. Жүрегіңде Исаның сүйіспеншілігін сақта. Ол туралы оқы, сол жайында ойлан. Егер жаман ойлар келе бастаса, оларды өзім қуамын деп әуреленбе. Жүрегің Исаның сүйіспеншілігімен толы болғандықтан, жаман ойларға орынның жоқтығын өзің айтпай, Құтқарушының айтып әрекет жасағанын сұра! Сонда жаман ойлар кетуге мәжбүр болады.

Анита бұрымын саусақтарымен сипай отырып, әжесін мұқият тыңдады. Содан соң оның бетінен сүйіп, орнынан тұрды да, ұйықтар алдындағы соңғы жарты сағатты әкесімен бірге өткізу үшін, сиыр қораға жүгіріп кетті...

Таңертең ерте, әлі айналадағы тұман тарқамай, тек тау шыңдары ағарып көріне бастағанда, бүкіл отбасы вокзалға аттанды. Поездан қалып қоймайық деп, олар ертерек келді де, перронға жиырма минуттай кейінірек келген Гивет мырзаны тосты. Анита бір қолына үлкен қоңыр сөмкені көтеріп, екіншісімен әкесінің қолынан мықтап ұстап алған. Ал Даник болса, бүгін ұялып отырғандай үндемейді. Ол үнемі әкесінің артына тығылып, қоштасатын уақыт келгенде өзін құшақтатпауға тырысты.

Анита мұның сырын түсінгенде, поезд алыстап кеткен еді. Ол Даниктің пальтосының ішінде бірдененің қозғалғанын байқап қалды.

— Даник пальтоңның ішіндегі не? — деп сұрады ол таңданып, пальтоның көтеріліп келе жатқанын көргенде.

Даник қызарып кетті.

— Мен... тек біреуін ғана, Анита, — деп ол ұялған пішінмен күмілжіді.

— Біреуі ғана дегені несі? — деп сұрады Анита, дәрігерге имене қарап.

Бірақ Гивет мырза кі-

тапқа үңілгендіктен, бұлардың сөздерін ести қоймады.

— Тек мынаны ғана, — деп түсіндірді де, Даник пальтосының түймесін ағытты.

Қас қағым уақытқа мысықтың ақ баласының мұрты мен тұмсығы көрінді. Ол басын бір сәтке шығарды да, қайта өз панасына кіріп кетті.

— Даник, — деді Анита, — сен тыңдамайтын бала екенсің. Ауруханаға мысықтарды қабылдамайды деп әжем саған айтты емес пе. Енді мұны не істейтінімізді білмей отырмын.

Даник ештеңе демей терезеге бұрылып отырды. Ол өзінің тыңдамағанына ешқандай ақталу сөзін таба алмағандықтан, тек мысығын бауырына қыса түсті, ал ол болса, бұйығып, кішкене паровоз секілді пырпыр етіп жатты. Бұл істеген қылықтарына Даник те, мысық та өздерін кінәлымыз деп есептемеді.

27 – Тарау

ДАНИК АУРУХАНАДА

Бұлар қалаға келісімен, Даникті бірден ауруханаға салды. Оны өзіндей ақсақ балалар жатқан үлкен палатаға апарды. Бөлімде істейтін медбике өте шаршаған секілді. Даник айналасына қарады да, бәрінің көңілін көтерсе жаман болмас еді деп ойлады. Ол бүкіл палаталарды аралап, қалай балдағымен кенгуру сияқты секіретінін көрсетті. Сөйтіп оның ыждағаты жүзеге асты, ол жарты сағатқа жетпей-ақ бәрімен достасып алды. Ақ мысықты ас үйдегі себетке орналастырды. Тек үйден біреу-міреу келгенде ғана, оған мысықты ұстауға рұқсат етілді.

Анитаның қалаға келуі мұндай көңілді болмады. Гивет ханым оны өз үйінде жылы қарсы алды. Бұл жас және әдемі ақжарқын әйел болатын. Анита жоғарыдан өзіне деп бөлінген бөлмеде жалғыз қалғаннан кейін, терезе алдына келіп, көшеге көз салды. Терезе сыртында сұр үйлер, еріген қар және бұлыңғыр аспан ғана көрінді. Ол осылай аз-кем тұрды да, содан соң төсекке құлап, үлкен күрткі қарды, таудың әппақ ұшар бастарын және өз үйінің үстіндегі ашық аспанды көз алдына әкеліп, өксіп жылады. Анитаның қалай орналасқанын білмек болып, жарты сағаттан кейін келген Гивет ханым, оны осы жағдайда көрді. Ештеңе демей, білдірмей шығып кеткен ол, қолына кішкене Клараны көтеріп, қайтадан келді де, оны Анитаның қасындағы кереуетке салды. Осы бір сәтте

бұл оның ойлап тапқан ең бір жақсы шешімі еді. Арада бес минут өтпей-ақ Анита тізесіндегі гуілдеп отырған қызға қарап, күлімсіреді. Ал енді бірер минуттан кейін ол өзі де көңілдене күлді.

Оған Гивет ханымның үйінде жақсы әрі көңілді болды. Таңертең ол балаларды қарауға көмектесті, түстен кейін Даникпен бірге болды, ал кешке қарай өзінің сабағын дайындады. Әрине, балалар ылғи да оны тыңдады деп айтуға болмайды, кейде көмекке Гивет ханымды шақыруға да тура келді. Марқа бәтеңкесінің бауын байлаудан бас тартқан, немесе Эльзаның бүкіл еденге сүтін төгіп алғанда, ал Пауылдың итерісіп жүріп батпаққа құлағанына ашуланғанда немесе төзімі таусылғанда, Анита әжесінің: „Сүйіспеншіліктің төзімі ұзақ, қайырымдылығы мол“, — деген ақыл сөзін есіне алып, ішінен қайталап жүрді. Бара-бара Исаның сүйіспеншілігі оны төзімді, мейірімді, көңілшек етті. Ол енді көбінесе жұмсақ сөйлеп, ешқашан ашуланбайтын болды.

Даник ауруханада операцияны тосып бір апта жатты. Оны операция жасайтын орынға апара жатқанда, оның көңілі көтеріңкі қуанышты болды, ол тіпті наркоздан да сескенбеді. Бірақ операциядан кейін ояғанда ол өте қапаланды, өйткені кереуетінің аяқ жағы жоғары көтеріліп, ал оның аяғына темір жүк байланып қойылды. Аяғы өте ауырды, қызуы көтеріліп, жүрегі айныды. Ол Анитаны шақырып, қатты жылады. Оған медбике келгенде, Анитаның келмегеніне ызаланып, ол оны кішкене жұдырығымен бір қойып қалды. Осы апта бойы аяғындағы жүгімен Даник арқасында жатуға тиісті болды. Оның қайта-қайта қызуы көтеріліп, халы жаман болды.

Анита оған күнде келіп, кітап оқыды, палата тере-

зесінің сыртындағы көлдегі жүзіп жүрген ақ желкенді қайықтар туралы айтып отырды. Өзінің әңгімесі арқылы ол оның көңілін көтеріп, аяғының ауырғанын бір сәт болса да ұмыттыруға тырысты. Бірақ Даник осы апта бойы қиналды. Қою бұлттар көл бетіне төне түсті. Күндер өте ұзақ көрінді. Тек Даниктің көңіліне медеу болғаны — бөлменің қарсы қабырғасындағы ілулі тұрған сурет еді. Оның астында бірдеңе деп жазылған екен, алайда Даник оны әлі оқи алмайтын. Аяғының ауырғанынан, әңгімеден, тұнжыраған көлден және балалардан шаршағанда, ол осы суретке қарап жататын, ол оны ешқашан жалықтырмады. Бұл суретте Иса Мәсіх бейнеленген еді. Ол шалғын арасындағы үлкен тастың үстінде отырды. Оны әлемнің бүкіл түкпірінен жиналған балалар қоршап алған. Олар тура Оның бетіне қарауда. Оның аяғының қасында, шөп үстінде — қара бала, ал Оның тізесінде кішкене үнді баласы отыр. Исаның қолы көк көйлекті қыздың иығында. Ал айналасында Қытайдан, Африкадан, Ресейден және басқа елдерден келген балалар.

Операциядан кейін бір апта өткенде ғана Даник пен Анита осы сурет туралы ашық сөйлесе алды. Бұл күн де өте бұлыңғыр еді. Қара бұлт көл үстін тұмшалап алған, ымырт өте ерте түсті. Палатада шам жанып тұрды, өзге балалар ұйықтап қалған, ал Анита болса, әлі де Даниктің қасында отыр. Даник оны сағынып, жалғызсырағандықтан, Анита оның қасында ұзағырақ отыратын болды. Даник қолдарын басының астына салып жатты. Оның ақ сары шашы ыстық маңдайын ашып, жоғарыға таралған. Оның ұйқысы қатты келсе де, аяғы ауырып, мазасын алып, ұйықтатпағандықтан, ол сондай мүсәпір болып көрінді.

Даник тағы да суретке және оның астындағы жазуға қарады.

— Анда не деп жазылған, Анита? — деп сұрады ол.

— Онда: „Балаларды Маған келулері үшін жіберіңдер“, — деп жазылған, — деп жауап берді Анита.

— Мен бұл уақиға жайлы білемін, — деді шаршаған нәзік дауыс. — Әжем оны маған айтқан. Бұлар Киелі кітаптағы балалар ма? Олардың киімдері қандай күлкілі!

— Жоқ, — деді Анита. — Бұлар Киелі кітаптағы балалар емес. Бұл бүкіл әлемнен жиналған: Үндістаннан, Африкадан, ал көк көйлекті кішкене қыз, мүмкін Швейцариядан келген шығар.

— Неге? — деп сұрады Даник.

— Мен Исаға тек Киелі кітапта айтылған балалар ғана емес, әлемнің барлық балалары да келе алады деп ойлаймын.

— Ол қалайша? — деп, тағы да сұрады Даник.

— Мұны саған қалай түсіндірерімді дәл біле алмай тұрмын. Сен Исаға жай ғана, Саған келгім келеді деп айтасың, Даник. Сонда сен де сонда боласың. Сол кезде, Иса жерде тұрғанда балаларды қолына алғанындай, сені де қолына алады деп ойлаймын. Сен оны қазір де көре аласың.

— Иә, бұл жақсы екен, — деді Даник, тағы ілешала ол: — Ой, Анита, аяғым өте ауырып барады, ұйқыым келіп тұр! — деді.

Ол жылап, жастық үстінде аунақши берді. Анита оның жастығын түзеп, оған су берді, содан соң Даник тағы да жатып, шаршағандықтан солқылдап жылады.

— Маған бір өлең айтшы, — деп өтінді ол.

Анита айналасындағы балалардың біреуін оятып алмас үшін ақырын өлең айта бастады.

„Шаршадым ғой, дем аламын,
Көзімді, Құдай, жаба гөр.
Қасымда бол, кетпе алыс
Құтқарушым сақтай гөр.

Алдыңдамын, айыбым мол,
Кешіре гөр күнәмды.
Бір Өзіңе айтарым сол:
Тыншыта гөр жанымды!

Даник көзін жұмды. Бірнеше минуттан кейін шала ұйқыда жатқан Даник, сол суретті тағы да көргендей болды. Бірақ Исаның тізесінде енді үнді баласы емес, беті мен шашы күнге тотыққан жүдеу өңді бала Тәңірімнің көзіне тура қарап отыр. Ал оның аяғының астындағы шөптің үстінде қонжықтың басы ойылып жасалған екі балдақ жатыр.

— Бұл мен, — деп сыбырлады да, Даник күлімсіреп, ұйықтап кетті.

Даник ұйықтап жатқанда бірқатар маңызды оқиға болды. Біріншіден, Гивет дәрігер келіп, бір жүкті алып тастады. Екіншіден, Даниктің қызуы төмендеді. Ал үшіншіден, оңтүстіктен жылы жел есті. Ол бұлтты ыдырта қуып, аспан шайдай ашылды.

Даник ұйықтай берді, ұйықтай берді, ұйықтай берді. Ол ұйқысынан ояңғанда, өзін жаңа өмірге кіргендей сезінді. Ол бәрін ой сарапынан өткізіп, үнтүнсіз ұзақ жатты. Оның халі жақсарып, денесі салқындады, ал аяғы ауырғанын қойды. Палатаның үлкен терезесі ашық болғандықтан, Даник күн сәулесімен нұрланған көл суын, екінші жақтағы биік тауды, бірінші рет көрді. Бұл бұлттар оған қары еріп, үстінде нарцисс гүлдері гүлдей бастаған далада секіріп жүрген кішкене лақтарды есіне салды.

— Мен жақында жазыламын, — деді Даник өзіне-өзі, көктемгі таза ауаны сіміре жұтып жатып.

Далада жылы жаңбырдан кейінгі дымқыл жердің иісі келді. Даник көзін жұмып, таяуда көктем шығатынына қуанып жатты. Осылай жатып, құлағын түріп жатқан ол, құстың ән салған үнін естіді. Ол үлкен жандану туралы хабарлағандай, қатты да жарқын сайрады. „Келеді, келеді, келеді, — деп әндетті құс. — Саған енді жақсы, жақсы, жақсы болады...”

Палатаның есігі ашылып, ішке тез жүргендіктен беті қызарып кеткен Анита енді. Ол әдетте Даниктің жағдайын білу үшін таңертеңгі тамақтан кейін бір соғып кетіп жүрді.

— Даник! Бүгін қандай тамаша күн! — деп дауыстады ол. — Көлге, ар жақтағы тауға және желкенді қайықтарға қарашы.

Даник басын көтерді.

— Анита, менің аю басты балдағым қайда?

— Мында Даник, сенің шкафыңда. Оны қайтесің?

— Анау бұрышта жатқан кішкене баланы көрдің ғой, — деді Даник. — Оған балдақ ұнайды ғой деп ойлаймын. Соған берші оларды.

— Неге? Олар өзіңе керек емес пе?

— Иә, бірақ енді олардың маған қажеті жоқ. Мен жазылып, балдақсыз-ақ жүгіретін боламын!

Ол ақиқатын айтқан екен.

28 – Тарау

СӘТТИ ҚОРЫТЫҢДЫ

Көл жағасындағы алқап пен тау беткейінде уақыт зымырап өтіп, аптаны апта ауыстырып жатты. Қар ери бастады. Кішкене жылғалар суға толып, қатты ағынға айналды. Далада алғашқы гүлдер пайда болды. Қорадағы малдар еркіндікке шығуға сұранып, тыпырши бастады. Оңтүстіктен ескен жел алқап арқылы өтіп, қылқан жапырақтың иісін әкелді.

Көктем тауға көтерілді!

Әжесі көктемгі үй жұмыстарымен әбігер, әкесі жаңа туған бұзаулармен айналысуда. Бұл өзі тамаша болды, өйткені іспен шұғылданған олардың балаларды сағынуға да қолдары тимеді. Бірақ әрбір қызыл тұмсық бұзау әкесінің есіне Даникті түсіретін. Әжесі әлсін-әлсін қиялға берілді. Оған немересі балдағын тықылдатып, басқашпен көтеріліп келе жатқандай естіліп тұрды. Ол кішкене баланың көңілді дауысын естиді. Содан кейін селт етіп сергігенде, қаңыраған бос үйде жалғыз отырғанын көреді. Сонда олар қашан оралар екен деп, ол өзінен-өзі сұрап та қояды.

Лұқа да оларды бұлардан кем сағынған жоқ. Үйге қайтқан сайын ол қасында Анита келе жатса, қандай жақсы болар еді деп ойлайтын. Мектепте ол енді өзін жалғыз және бақытсыз сезінбеді. Асудан өтуі арқылы ол болған іске өзі де қиналып жүргенін дәлелдеп берді. Сөйтіп балалар оны сыртқа тепшей, қайтадан өз орталарына алды. Оған қоса Лұқаның өзі де өте

өзгерді. Құтқарушыдан өз жүрегіне орын алуды өтінген түннен бастап, ол өз өмірінде өзгерістің болғанын сезді. Бұрынғы ашушаңдығы, басыңқы көңілі және жатырқаушылық сезімдері оның Иса сүйіспеншілігі үшін ашылған жүрегінде бұдан былай қалмауы тиісті еді.

Егер ол Тәңірге жақын жүріп, дұға жасаса, күн сайын Киелі кітапты оқыса, онда ол сүйіспеншіліктің ашу мен бойкүйездіктен күштірек болатынын байқаиды. Ол енді оны ашуландырғанда кек сақтамайтын, лас жұмыстан жиіркенбейтін жаңа адам болып қалыптаса бастады.

Лұқа мектептен кейін Бурнидің әжейіне жиі соғып, оған үй жұмысына көмектесіп жүрді. Бұлар достасып кетті. Әжейдің де үйреніп алғаны соншалық, тіпті Лұқасыз бір іс атқара алмайтындай, оны іздеп отырды. Ол отын жарады, дүкенге барады және елді мекеннен почта әкеледі. Лұқа әсіресе почтаға баруды ұнатты, өйткені, хат көбінесе Анитадан келетін, әжей әрдайым оны дауыстап оқытатын. Кейде хат ішінде Даник жіберген суреттер де болатын. Әжей бұларды мұқият сақтап, Киелі кітаптың ішіне салатын. Ол жиі-жиі оларды столдың үстіне жайып, қарап отыратын болды. Ақпан айының аяғында: „Мен төсекте жатырмын“, „Мен төсекте емеспін“, „Мен ешкілерді қуып жүрмін“, „Мен дәрі ішіп отырмын“, „Мен және медбике“, „Мен және Анита“, „Мен және ақ мысық“, — деп аталатын суреттердің үлкен бір коллекциясын жинады десе де болғандай. Әжейге суреттегінің қайсысы „мен“ ал қайсысы „ақ мысық“ екенін түсіну қиын соққанымен, бұлардың бәрі де оған тамаша сұлу секілді болып көрінетін.

Лұқаның көңілі құлазырлық тағы да бір өкініші

болды. Тау қариясы тауды қалдырып, төменге, көлдің жағасына — өз ұлы Гивет мырзамен бірге тұруға жиналып жатты. Бұл туралы әкесі мен ұлы бір-бірімен бірнеше рет кездесіп, бірін-бірі таныған күні уәделесіпті. Қария наурыздың басында кетуді ұйғарған екен. Ол жүрерден бір күн бұрын, Лұқа оның заттарын буысуға көмектесу үшін қариянікіне барды.

Қария ешкісін, мысығы мен тауықтарын басқа бір шаруаларға беріп, өзінің ағаштан жасаған бүкіл дерлік заттарын сатты. Бірақ анда-санда осында соғып кету үшін, үйін ол сатпауды ұйғарды.

— Мен мұнда жиі келемін, Лұқа, — деп түсіндірді ол. — Мен тауларды көп уақытқа тастап кете алмаймын. Мен онда біраз тұрамын да, таудың шақыруын естіген соң-ақ, біраз уақытқа қайтып келемін.

Ол айналасына үн-түнсіз қарады, бір уақытта оның көзі үйшіктегі бос сөрелерге түсті.

— Бірнеше ойыншықтарды мен балаларға сыйлық ретінде ала кетемін, — деді ол. — Бұлар оларға ұнайды. Ал біреуін, Лұқа, мен саған арнадым. Мен бұдан ешқашан айырылмаспын деп ойлаушы едім. Бірақ, сонда да оны саған беруді ұйғардым. Мұны мұқият сақтап ұста.

Лұқа не екенін білгісі келіп, қарияға қарады.

— Атай, мен сізден ескерткіш ретінде біреуін алуға өте қуаныштымын, — деді бала. — Ол маған сізді есіме салып тұратын болады. Оның үстіне мен дәл сондайды жасай алатын шығармын.

Қария суырман ашып, одан Лұқаға деген сыйлықты шығарды. Ол бейнені баланың алақанына салғанда, Лұқаның оны зер сала қарағанын бақылап тұрды. Бір қарағанда бұл қарапайым ғана нәрсе еді: бұл екі бөліктен жасалған айқыш ағаш еді. Бірақ

оның көлденең салмасы тамаша ойылып өрілген жіппен діңгекке байланған. Көп жерлерінде ол түйіліп байланған. Бұл өте асқан шеберлікпен орындалған жұмыс еді. Лұқаның саусақтары аса сақтықпен және өте зор құрметпен шебер жасалған айқыш ағаш үстінен сипалап өтті. Содан соң ол көзі жайнай, өзінің қарт ұстазына қарады:

— Қандай тамаша сыйлық? — деп дауыстады ол. — Ағашты сындырып алмай мына жіпті қалай ойып жасағаныңызға мен қайран қалып тұрмын.

Содан соң ол аздап ұялықырап, былай деді:

— Иса осындай айқыш ағашқа керілген ғой, иә?

— Иә, — деп жай жауап берді қария. — Мен мұны өзім жалданып, жұмыс істеген шаруа өлген түні ойып едім. Сол түнде ол маған Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімі туралы айтты, сол түнде мен де Құдайдың кешіретініне сенген едім. Бірде екеуміз сүйіспеншілік туралы әңгіме еттік қой. Айқыш ағаш — бұл нағыз сүйіспеншілік туындаған орын.

Осы арада Лұқа бір нәрсені ойына түсіргендей болды.

— Шынайы сүйіспеншілік? — деп қайталады ол. — Әжейдің дұғасында да осы туралы айтылған еді. Бұл жөнінде біз Анита екеуміз олар аттанар алдындағы түнде айтқан едік.

— Бұл шындық, — деп келісті қария. — Сен сүйіспеншілік туралы әлі жиі еститін боласың. Шынайы сүйіспеншілік — бұл ақырына дейін, басқа істейтін ештеңе қалмағанға дейін жасалатын сүйіспеншілік. Бұл қайғы-қасіретке аяғына дейін төзетін сүйіспеншілік. Сондықтан да Иса айқыш ағашта көз жұмар алдында: „Жүзеге асты“, — деді. Кешірілмеген бірде-бір күнә, құтқарылмаған бірде-бір күнәкар қалмады.

Мұның бәрі Иса Мәсіхтің құтқарушы өлімінің арқасында орындалды. Оның сүйіспеншілігі — шынайы сүйіспеншілік еді.

Қария Лұқаның барын ұмытқандай өзімен-өзі сөйлесіп отырғандай сыңай танытты, бірақ Лұқа бәрін де тыңдап отырды.

Көп ұзамай ол қариямен қоштасты да, мектепке бара жатқанда чемоданын вокзалға апарысу үшін, таңертең келетініне уәде берді.

Оңтүстіктен соққан жылы жел ағаштардың арасында еркелей есуде, ал еріген қар тамшылары бұтақтардан көңілді дауыспен тамшылап тұрды. Лұқа Анитаға хат жазып, тау қариясынан беріп жіберу үшін үйге асықты. Ол алдымен өзінің айқыш ағашын кереуеттің басына іліп қойды, содан кейін ас үйге қалам мен қағаз алуға барды.

Ас үй әбден әлем-тапырық екен. Сиырлармен әуреленіп жүріп, шешесінің ыдыс жуып, қоқыс шығаруға уақыты да болмады. Лұқа оған ылғи көмектесуші еді, бірақ ол бүгін асыққандықтан ыдысқа көңіл аудармады. Сондықтан ол өз бөлмесіне барып, алаңсыз отырып, хат жазуды ұйғарды. „Шешем артынан бәрін өзі жинап алады“, — деп ойлады ол. Лұқа тез өз бөлмесіне көтерілді де, еденге жатып, жазуға кірісе бергенде, оның көзі қабырғада ілулі тұрған кішкене айқыш ағашқа түсті. Ол осы сәтте қарияның айтқан сөздерін есіне түсіріп, біраз уақыт айқыш ағаштан көзін алмады. „Шынайы сүйіспеншілік...“ Неге онда: „Басқа істейтін ештеңе қалмағанға дейін шынайы сүйіспеншілік ізгілік жасай береді“, — деген сөз оның ойына қайтадан түсті?

Лұқаның аз да болса, Құтқарушыға ұқсап, шынайы сүйіспеншілікпен жақсы көргісі келді. Лұқа қы-

зарып кетті де, ақырын орнынан тұрып, ас үйге түсті. Жарты сағаттан кейін шешесі үйге кіргенде, ас үй тап-тұйнақтай жиналған екен, ал өзін бақытты санаған Лұқа хат жазып отырды.

Келесі күні таңертең, әлі қараңғы болса да, ол орнынан тұрып, жоғарыға, қария үйіне кетті. Олар лашық үйді иесі қайтып келгенше жалғыз қалдырып, бірге төмен түсті. Бұлар орман ішінен шыққанда, тұман сейіліп, этештер шақырып жатты, күн биік тау шыңдарының басына сәулесін түсірді.

Қария қыста Анита мен Даникті алып кеткен поездға мінді.

— Мен нарцисс гүлдері гүлдей бастаған кезде қайтып келемін, — деп, Лұқаның есіне салды ол тауға қамыға қарап. — Олар осындағы алқапта гүл жара бастағанда маған хат жаз. Сонда олардың тау басында гүлденгендерін көру үшін уақытым жеткілікті болады. Ұмытпа, Лұқа!

Лұқаның жауабын жүріп бара жатқан поездың доңғалақ шуылы жұтып қойды. Бірнеше минуттан кейін поезд жол бұрылысынан көрінбей кетті.

Осыдан кейін көп кешікпей Лұқа әжейге почтадан хат әкеліп берді. Бұл хаттың Анитадан екенін білді, сондықтан тез табыс етуге асықты. Ол жақсы хабарды жеткізу үшін дәліз басқышына тез-тез көтерілді. Әжей оның алдынан шығуға асықты.

— Лұқа оны маған оқып берші, — деді ол күнге бетін бере отырып жатып.

Әжей назар қоя тыңдау үшін қолын бірінің үстіне бірін салып, көзін жұмды. Бұл өте жақсы хат еді. Лұқа оны бір демде оқып берді.

„Қымбатты әке мен әже! Даник пен мен бүрсүгүні үйге келеміз. Даник мүлдем жазылды. Сіздерді қайта

көретін күнді асыға күтудеміз. Даник Аққаршықты вокзалға ала келулеріңізді сұрап отыр. Сіздерді сүйөші Анита“.

Конверт ішінде Гивет ханымның кішкене хаты бар екен. Онда поездың дәл келетін уақыты жазылған екен. Сондай-ақ конвертке Даниктің „Мен поездбен үйге қайтып келемін“, — деген суреті қоса салыныпты.

Әжей аздап жылап алды. Ол көз жасын құрғатып, күш жинауды ұйғарды, өйткені немерелерінің келуіне үлкен әзірлік жасауы керек.

— Лұқа, мына хатты Бурни мырзаға апарып бер, — деді ол. — Содан соң келіп, маған аздап көмектес. Балалардың келуіне әзірленуіміз үшін, бізге жақсылап жұмыс істеуімізге тура келеді.

Әкесі хатты оқығаннан кейін, түсініксіз бір сөзді айтып қалды да, өз өмірінде бірінші рет сүті бар шелекті байқаусызда құлатып алды.

Күн ашық және жылы еді. Демалыс күні болатын, мектепте сабақ болмады. Лұқа күн шыға оянып, көктемгі гүлдерді теруге кетті. Ол оларды стол үстіндегі ыдысқа салып қойды да, вокзалға кетті. Ол ойға беріле ақырын жүріп келе жатты, өйткені, оның әлі көп уақыты бар болатын.

Әжесі, Бурни мырза және Аққаршық көлікпен кетті. Мынандай әдемі көктем таңы ешқашан болған емес. Дала жасыл көрпе жамылып, гүлдермен әшекейленген. Қысқы қоралардан шыққан малдардың қоңыраулары аспанды жаңғырықтырады. Орман іші жұпар иіске толы, таудың ақ бас шыңдары көгілдір аспан аясында күнмен шағылысып, көз қаратпайды. „Бұл күн былтырғы жылғы күнге мүлдем ұқсамайды“, — деп ойлады Лұқа. Шоқ гүлдер оған сол бір жаман күнді еске салады. Ол қандай қорқынышты,

қайғылы күн еді! Бір ғана еске түсірудің өзі оның қуанышын су сепкендей басты. Олардың бұл жерден кетуіне кінәлы осының өзі. Мүмкін, олар оны тағы көргеніне қуанбас та? Анита Даник жазылды деп жазды, ал бұған Лұқа сене алмады. Ол осы бір көп тосқан кездесуден қорқып, қолын қалтасына салды да, оқшауырақ барып тұрды. Тіпті ол мұнда келмей-ақ қойса да болатын еді деп ойлады.

Перронға адамдар көп жиналған екен. Әкесі бұрылыстағы поезд көрінетін бағыттан көзін айырап емес. Әжесі Аққаршықпен әуре: мойнына қызғылт бантик байлаған мысық қолдан шығып кетіп, поездың алдына жүгіретіндей.

— Келе жатыр, келе жатыр! — деп дауыстады әкесі.

Лұқадан басқаның бәрі алға ұмтылды. Ол болса, өзін бұрынғыдан бетер қысылғандай сезініп, ыңғайсыздана берді.

Поезд перронға келгенде, Анита мен Даник қуанышпен вагоннан түскенше байыз таппай, терезеден қарады. Даник өзін жақсы көретін адамдарға көзін тігіп, оқшаулау тұрған Лұқаны байқап қалды. Оның сүйіспеншілікке толы кішкене жүрегі бәрін де құшақтауға асықты. Ол поездан секіріп түсіп, тұрғандардың арасынан өтіп, тура Лұқаға қарай жүгірді.

— Қарашы, Лұқа, — деп айқайлады ол. — Мен жүре аламын. Сен тауып берген дәрігер мені жазды, мен енді ешқашан аяғын сындырмаған адамдай жүгіре аламын. Қарашы, әже! Қарашы, әке! Мен балдақсыз жүгіремін. Қарашы, Аққаршық, міне, сенің балаң. Әже бұл үлкейген жоқ па? Аққаршықтан аумай қалған.

Аққаршық пен баласы бірін-бірі ұната қоймады. Олар бірін-бірі тістеп, секіріп тырнасты. Даник пен

әжесі оларды әзер дегенде айырды. Жұрт күліп тұрды. Поезд перроннан жүріп кетті. Анита әкесінің қолынан мықтап ұстап алған: ол енді ешқашан одан айрылғысы келмеді.

Тек Лұқа көзіне келіп қалған жасын көрсетпеу үшін теріс айналып кетті. Оны бәрінен де көп қадірледі: оның күнәсы кешірілді және мүлдем ұмытылды. Даник ешқашан құламағандай жүріп кетті.

Кенет Лұқа перронда өсіп тұрған жаңғақ ағашының гүлдегенін көрді. Күні кеше ғана бұтақтары сидиып тұрған еді ғой. Иә, көктем өз күшіне енді де, жалаңаш ағаш ашық-қызғылт гүлдермен сәнденді.

Құтырған боран басылды,
Жерді гүлдер жасырды,
Құс әнін көкке асырды.

Патриция
М. Сент-Джон

ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР

Патриция М. Сент-Джон

ҚАРДАҒЫ ІЗДЕР

Анита жеті жасында анасынан жетім қалады. Сол сәттен бастап оған әкесі мен інісі Даникке қамқорлық жасауға тура келеді. Көрші бала Лұқамен жанжалдың соңы Даникті ауыр жарақатқа душар етеді. Анитаның ашуында шек жоқ. Кінасын мойындаған Лұқа, татуласу үшін бар амалын қарастырып бағады.

Мектеп жасындағы балаларға арналған.

Сендердің бұл кітап туралы ой-пікірлерің, немесе сұрақтарың болса, бізге мына адрес бойынша жазыңдар:

480114 Алматы — 114,
а/я 68
„Шығыс Сәулесі“ баспасы